

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КЕ АҚ

ӘОЖ 37.01:371"1915/1941"

Қолжазба құқығында

БЕКІШ АЗАМАТ ӘБДІЛҚАЙЛҰЛЫ

«Білім беру жүйесіндегі қазақ ұлттық мектебінің қалыптасуы мен дамуы» (1915-1941 жж. материалдар негізінде)

6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:
Қ.Т. Ыбыраимжанов,
п.ғ.д., профессор
Г.С. Майлыбаева
философия докторы(PhD).,
қауымдастырылған профессор м.а

Шетелдік кеңесші:
Л.В.Мардахаев
п.ғ.д., Ресей мемлекеттік әлеуметтік
университетінің профессоры

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2021

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1915-1941 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕРДІҢ ТАРИХНАМАСЫ	14
1.1 Қазақстандағы 1915-1941 жылдарда бастауыш білім берудің тарихи-әдіснамалық негізі.....	14
1.2 XX ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы оқу-ағарту жұмыстары жайында орын алған көзқарастар.....	37
1.3 Бастауыш мектептердің түрлері мен даму /1915-1941 жж./.....	53
1.4 1915-1941 жылдардағы бастауыш мектептердің педагогикалық жүйесі мен алғы шарттары.....	65
2 1915-1941 ЖЫЛДАРДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХИ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСТЕРІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ	72
2.1 Бастауыш мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы және қазіргі педагогикалық үдеріспен ұласымдылығы.....	72
2.2 Бастауышта білім беруді ұйымдастырудағы қазақ жазу таңбаларының өзгеріске түсуі.....	82
2.3 Бастауыш мектептегі білім мазмұнын анықтауға арналған бағдарламалар мен оқулықтар жүйесі.....	96
2.4 «Қазақстандағы бастауыш мектептердің тарихы» /1915-1941 ж.ж./ элективті курс пәнінің мазмұндық құрылымы.....	118
ҚОРЫТЫНДЫ	128
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	130
ҚОСЫМШАЛАР	141

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі: Бүгінгі еліміздегі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени өзгерістер халық санасындағы күрделі жаңғыру үдерісімен үйлесімділік тұрғыда орын алып отыр. Бұл білімдер жүйесін жаңартып, түрлі ғылым саласын қамтыған кең ілімдерді жүйелеп, толықтырып, саралау арқылы оның аумағын кеңейте түсуді және оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарында кеңінен қолдануды талап етуде. Яғни, ұлттық ерекшелігімізді және ұлттық мүддемізді әлемдік кеңістікке бағдарлауда қазақ мектептерінің, арнаулы кәсіби орта, мамандық дайындаудағы жоғары оқу орындарының және ондағы білім беру мазмұнының қосар үлесі үлкен. Мемлекетіміздің және қоғамдық құрылымымыздың демократиялық жолмен дамудағы бағытын дұрыс бағдарлау үшін Қазақстандық білім беру жүйесін соның ішінде, білім беру тарихында өзіндік орынға ие болатын бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуы жайындағы тарихи-педагогикалық білімдерді толықтыру қажет. Сондықтан да, өткеннің /1915-1941жж/ оқу-ағарту жұмыстарына ғылыми негіздегі ақиқаттық пен шындық тұрғысынан талдаулар жасап, әділдік көзқарастармен бағасын беру, болашақ білім берудің бағыт-бағдарын нақты анықтауға ықпалын тигізетіні анық. Мәселен, өткен кеңестік үкіметінің тоталитарлық жүйедегі Қазақстандағы халыққа білім беру жүйесіндегі бастауыш мектептерге байланысты орын алған кейбір – шындыққа жанаспайтын, жасанды пікірлердің орын алып келгендігі де анық. Бұл өз кезегінде қазақ халқының жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі мектептердің бар болғандығын және олардың өзіндік жүріп өткен тарихи жолын бұрмалау болып табылды. Қай кезеңде, уақытта болмасын мектеп – ғылыми-педагогикалық негізіне ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіріп, оның жеке тұлға болып қалыптасуы мен дамуына ықпал жасауда маңызды рөл атқарады.

Қазақстанның ХХІ ғасырдағы жалпы әлемдік дамудың деңгейіне жетуге бағытталған мемлекеттің саясаты кеңістігіндегі жаһандану қадамдарында қазақ мектептерінің қалыптасуы мен дамуы жайындағы тарихи-педагогикалық білімдердің ақиқаттық орын алу негізінде бетбұрыс жасауына жаңа мүмкіндіктер берілуде.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді. Ұлттық бірегейлікті сақтау: Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың

дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» - деген болатын [1].

Қазіргі берілетін білім мазмұндары арқылы ұлттық рухани құндылықтарды жаңғырту, салт-дәстүрмен, әдеп-ғұрып, тәлім-тәрбиелік мұраларды жастардың бойына дарыту, өз ұлтының өткен тарихы мен бүгінгі жетістіктерін құрметтеп, мақтанышпен дәріптеуге саналы түрде баратын ұлтжанды, қазақи таным-болмысы толық қалыптасқан намысқой ұрпақ тәрбиелеуге ерекше мән беру басты мәселенің бірі болып табылады. Бұл ХХІ ғасырда өркениетті дамудың талабы – ұлттық болмыс негізінде қоғамда, әлеуметтік ортада өзара қатынастарды ізгілік бағытта ұйымдастырудың басты қағидатының өзі ұлттық жартылыс болмысымен адами құндылықтарды меңгеру мақсатына жету құралы – зиялылықты қалыптастыру мен дамыту, сезім, көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеуді, өмірлік құндылықтар мен бағдарлардың белгілі бір жүйесін бекітуді көздейтін сан қырлы үрдіс – рухани жаңғырту.

Қазіргі жалпы білім беретін мектептерде оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын реформаланудың қарқынды нәтижелері мұғалімдердің кәсіби қызмет әрекетіндегі педагогикалық шеберліктерін дамытуға өзек болып, оқушыларға заманауи білімдер беру арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаларды дамытуымыз тиіс. Оған негіз болатын тетіктердің бірі – Қазақстандағы мектептердің құрылымдық жүйесі мен олардың қалыптасуы мен дамуы тарихындағы орын алған білім мазмұндарын бүгінгі ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талдаулар жасап, саралау бастауыш білім берудің болашақ даму бағыттарының дұрыс бағдарлауға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеу жұмысымызда қазақ жеріндегі бастауыш мектептердің қалыптасу, даму кезеңдері /1915-1941жж/ қарастырып, патшалық Ресейдің отарлық саясаты мен кеңес үкіметінің социалистік қоғам идеологиясы ықпалымен құрылған бастауыш мектептердің және қазақ ұлттық бастауыш мектептердің жүйесіне тарихи-педагогикалық талдауды ғылыми негізде жүргізіп, олардың қалыптасуы мен даму кезеңдерін негіздеуге білім философиясы, саяси-әлеуметтік, тарихи-педагогикалық, әлеуметтік психологиялық жағдайларды анықтап, білім беруді ұйымдастырудың ғылыми-теориялық және оқу-әдістемелік тұрғыдан сипаттама беруге талпындық. Анықталған кезеңдегі бастауыш білім беруге қатысты тарихи-педагогикалық ой-пікірдің орын алуына негіз болған саяси және мемлекеттік құрылым мен әлеуметтік-мәдени ахуалдың тікелей ықпалы болғандығын басшылыққа алдық және осы бағыттағы зерттеулерді қарастыруға негіз болды.

Біздің зерттеу тақырыбымыздың аумағындағы мәселелер бойынша ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы педагогикалық ой-пікірлер жайындағы қазақ зиялы қауымының білім тарихына байланысты еңбектерінің ғылыми-педагогикалық және әдістемелік мазмұндық жүйесінің топтамалық жиынтығы ретінде жазылған профессор Қ. Жарықбаев пен С. Қалиевтың «Қазақтың тәлімдік ой-пікірлері антологиясы» /2-ші том/ [2] атты еңбектерінде түпнұсқалық деректер көзі берілген. Жалпы біздің тақырыптық зерттеуге жақын келетін Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің

тарихына байланысты ғылыми зерттеушілікпен айналысқан ғалымдыр тобы С. Мусин [3], Қ. Бержанов [4], Ә. Сембаев, Г.М. Храпченков [5,6], Ж. Есекеев [7], К. Құнантаева [8], Қ. Жарықбаев [9], С.Қ. Қалиев [10], А.К. Тлебалдиева, [11], Е.М. Байзакова [12], А. Ильясова [13], Қ.Т. Ыбыраимжанов [14] және т.б. өз орындарын алады.

С. Мусин: өзінің зерттеу жұмысында Қазақстандағы кеңес үкіметінің алғашқы 1920-1936 жылдарындағы оқу-ағарту жұмыстарының барысында мектептердің құрылуы мен олардың сатылық деңгейі жайындағы мәселелерді қарастырып, жалпыға бірдей міндетті оқу заңының аясында орын алған білім беру мен оқыту жұмыстарын зерттеуші өз кезеңінің уақыты мен қоғамдық саяси-идеологиялық жүйесі тұрғысындағы көзқараспен қарастырып, ашып берген деуге болады. Қ.Б. Бержанов: оқу-ағарту жүйесіндегі қазақ-орыс халқының достық-ынтымақтастық қарым-қатынасын басшылық ала отырып, бірлескен білім беру мен оқыту жұмыстарының қоғамдық және әлеуметтік ортаға тигізген ықпалы жайындағы мәселеге зерттеу жұмысын арнап, арнайы монографиялық еңбек жазды. Ә. Сембаев пен Г.М. Храпченков: ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы орыс-жергілікті халықтың ұлттық мектептерінің қалыптасуы мен дамуы және кеңес үкіметі кезеңіндегі қазақ кеңес мектебінің тарихы жайындағы мәселелерді қарастырып, мектептердің типтері мен мазмұндық құрылымдарына және олардың қайта жаңғыруына ықпал жасаған саяси-идеологиялық және заңнамалық ережелер мен ресми құжаттардың мазмұнын ашып, білім беру мен оқыту және тәрбиелеу бағытындағы жұмыс жасайтын оқу-тәрбие мекемелеріне педагогикалық сиптамалар беріп, талдаулар жасап, жүйелеген. Ж. Есекеев: Қазақстандағы педагогикалық білім беруді жүзеге асыруда мектептерге педагог мамандарды даярлау мәселелеріне қатысты 1917-1930 жылдардағы жұмыстарға ғылыми зерттеу жұмысын арнаса, профессор К. Құнантаева: 1920-1977 жылдарда Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесінде қыз балаларға білім беру мен оқытуды дамытудың тарихи-педагогикалық мәселелерінің ғылыми негіздемесін дәлелдеп, ашып берді. Профессор Қ. Жарықбаев: Қазақстандағы қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі педагогикалық ой-пікірлердің дамуы және олардың қазақ халқы балаларының білім алуы мен оқуға деген ынта-ықыласын туғызуға жасаған әсері. Қазақтың көрнекті педагог-ағартушылары мен ағартушы, ақын т.б. көрнекті тұлғалардың тәлім-тәрбиелік мұраларындағы орын алған озық педагогикалық түсінік-тұжырымдардың мазмұндық мәнін ашып береді. Профессор С.Қ. Қалиев: Оқу-ағарту жүйесіндегі мектептерде білім беру мен оқыту және тәрбиелеу барыстарына қазақтың тәлім-тәрбиелік мұраларын енгізу мен педагогикалық үдерісте пайдалану ісінде ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлттық зиялы қауым өкілдерінің озық пікірлерін басшылыққа алудың қажеттілік мәселелерін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеп, жүйелеген ғылыми-зерттеушілік еңбек болып табылады. Ал, А.К. Тлебалдиева: Қазақстандағы бастауыш білім берудің қалыптасуы мен дамуына қатысты 1917-1941 жылдардағы оқу-ағарту мәселелеріндегі орын алған педагогикалық тәжірибеге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл тақырыптық зерттеудің біздің зерттеу тақырыбымызға өте жақын келетіндігі

анық, дегенмен бұл зерттеу жұмысының орындалу кезеңі кеңестік қоғамда орындалғандықтан Қазақстандағы ұлттық бастауыш мектептерінің мазмұны тереңнен ашылмағандығы және де, саяси-идеологиялық саясаттың басымдық рөлінен кеңестік жүйедегі бастауыш мектептердің мазмұндық құрылымын ұлттық мүдде тұрғысынан кең талдауларды автор ашып бере алмағандығын байқаймыз. Бұл сол кезеңдегі тоталитарлық қоғамдық идеологияның себеп-салдары деп түсінуіміз қажет. Е.М. Байзакова 1920-1930 жылдардағы бастауыш мектептерде жеке пәндерді оқытудың әдістемелік жүйесінің тарихын зерттеуге өзінің ғылыми ізденушілік жұмысын арнаған. Бұл сол кезеңдегі педагогика ғылымының дамуындағы орын алған оқыту әдістерін топтастырып, салыстырып қарап, жүйелік сипатын ғылыми-әдістемеліктің тарихы мәселесі тұрғысынан жазған еңбек ретінде тануға болады. Профессор А. Ильясова: 1900-1960 жылдардағы Қазақстанда педагогика ғылымы теориясының дамуын білім беру тарихы тұрғысынан қарастырып, XX ғасырдың басынан 60-жылдарға дейінгі кезеңде орын алған жалпы педагогикалық идеяларға және қазақ ұлтының зиялы өкілдерінің еңбектерін ғылыми тұрғыдан талдап, жүйелеп, білім беру мен оқыту және тәрбие беру жұмыстарына қосқан үлестерін зерттеу жұмысында негіздеп береді. Профессор Қ.Т. Ыбыраимжанов: 1861-1930 жылдардағы материалдар негізінде Қазақстандағы бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуы атты ғылыми зерттеу еңбегінде – зерттеуге алынған кезеңдердегі бастауыш мектептердің типіне талдаулар жасап, патшалық Ресей кезеңіндегі орын алған миссионерлік педагогиканың орыстандыру бағытында орын алғандығы және осы саяси-идеологиялық бағыт негізінде құрылған бастауыш мектептердің мазмұндық құрылымдарын ашып береді. Сондай-ақ, ұлттық бастауыш мектептерінің қалыптасуы мен дамуы және оның ыдырау және кеңестік жүйедегі бастауыш мектептерге жалпылама тоқталып, сипаттама береді. Дегенмен де, егемендік Қазақстанда бастауыш мектептердің тарихын жүйелеуде 1861-1930 жылдар аралығындағы негізгі кезеңдер бойынша нақты тарихи-педагогикалық зерттеушілік еңбектің бірі ретінде тануға болады.

Біздің қарастырып отырған кезеңдегі білім беру жүйесі мен бастауыш мектептер мәселесіне байланысты бұрынғы кеңес үкіметі құрамында болған қазіргі тәуелсіз мемлекеттер достығы /ТМД/ құрамындағы республикалар мен Ресейдің өз ішіндегі ғалымдарда Ресей құрамындағы аймақтар мен автономиялық республикалардағы оқу-ағарту жұмыстарының тарихына байланысты ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын арнаған. Мәселен, К.И. Султанбаева /Ресей, Москва/ 1917 жылға дейінгі Орта Еділ аймағын, Шығыс Сібірді, атап айтқанда Енисей аймағын, Хакасия Республикасын, Красноярск және т.б. қазіргі Саяно-Алтай аймағын [15], М.И. Усманов /Ресей, Дагестан/ 1917 жылға дейінгі Ресейдегі мектеп реформасының тәжірибесін [16], С.А. Усманова /Ресей, Тула/ XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы ұлттық, мәдени-білім беру қозғалысының идеялары және педагог, әдіскер, ақын, Ұлттық (Қырым татар) мектебін құрушылардың бірі – Бекира Чобанның педагогикалық мұралары жайында [17], А.М. Аллагулов /Ресей, Оренбург/ XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX

ғасырдың басында Ресей империясындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістері негізіндегі халыққа білім беру мәселелері [18], М.А. Назарова /Таджикистана, Душанбе/ 1929-1941 жылдардағы тәжік халқына ендірілген алфавиттің латындандыру кезеңіне және оның Тәжікстанның білім беру жүйесіне әсері [19], О.Л. Лукьянова /Ресей, Владикавказ. Сев.-Осетия/ 1931-1941 жылдары Солтүстік Кавказдағы бастауыш білім беру жұмыстары мен бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуы [20], А.Д. Сафарова /Ресей, Оренбург/ ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың 40-жылдар аралығындағы Орынбор өлкесіндегі сан жағынан аз ұлт өкілдерінің балаларына білім беретін түрлі типтегі мектептер [21], Джейла Гюндуз кызы Мамедова /Ресей, Москва/ ХХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы тарихи жағдайларға байланысты Әзірбайжандағы орын алған білім беру мәселесі [22], Е.Г. Карпова /Ресей, Москва/ 1917-1945 жылдардағы Якутияның білім беру және оқу-ағарту бағытындағы мәдени-ағартушылық мекемелерінің тарихи-педагогикалық қызметі мектептер жүйесіне арналған [23]. Тек біздер, өз зерттеу тақырыбымызға жақын келетіндерді және кейінгі жылдары жазылғын ғылыми-зерттеулік жұмыстарды ғана қарастырып отырмыз.

Зерттеу тақырыбымыздың зерттеу аумағына енетін кезеңдерде Қазақстан жеріндегі саяси-әлеуметтік және қоғамдық тарихи мәселеріне қатысты атаулы уақиқаттар мен оқу-ағарту және білім беру жүйесіне ықпал жасаушы түрлі факторларды тарихи-философиялық және педагогикалық мәселелеріне қатыстылығы жөніндегі тарих ғылымы саласындағы ғалымдарда зерттеу жұмыстарын арнаған. Мәселен, К.Е. Бендриков [24], Ж.Е. Утебадиев [25], Р.Б. Сулейменов [26], Х.И. Бисенов [27], Ш.К. Биткенбаева [28], Р.С. Таханова [29], Н.А. Константинов, Е.Н. Медынский [30], А.К. Игибаева [31] т.б. оқу-ағарту жүйесінің әлеуметтік-мәдени салаға ықпалы, оның ішкі бірлігінің білім, тәрбие, ұлттық мүддеге қатысты түрлі мәселердің тарихи жағдайын талдап, түрлі қоғамдық формацияның ықпалының әсерін тарих ғылымдарының негізінде мәнін ашып берген.

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ жеріндегі оқу-ағарту мен білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына өз заманында озық ойлы пікірлермен педагогикалық мұраларын қалдырған ұлт зиялыларының еңбектерінде ана тілінде бала оқыту, заманауи білімдерді беру, бала тәрбиесі мен мектеп құрылымы, оқытуға қажетті оқу бағдарламалар және оқу құралдарымен қамтамасыз ету т.б. мәселелер бойынша жазылған еңбектер мен қолжазбаларының педагогика тарихында алатын орындары анықталып, сараланып, талданды. Онда: Ы. Алтынсарин [32] А. Байтұрсынов [33], М. Жұмабаев [34], Х. Досмұхамедов [35], М. Дулатов [36], Ж. Аймауытов [37], Қ. Кемеңгеров [38], Т. Шонанов [39] т.б. және тақырыптық зерттеу жұмысымызда басшылыққа алып отырдық.

Еліміздегі жаңару үрдісі барысында өткен тарихымызды шындық пен ақиқаттық тұрғыдан бағалауға, оқу-ағарту саласындағы озық үлгідегі білім беру, мектеп құрылымы мен мазмұны, оқуды ана тілінде ұйымдастыру, ұлттық

құндылықтар мен мұралар негізінде тәрбие жұмысын жүзеге асыру, ғасырлар бойы жинақталған тәлім-тәрбиелік мұраларды егеменді елдің ұрпақ тәрбиесіне пайдалану. Осы тұрғыдан білім беру саласы тарихының бір бөлігі бастауыш білім берудің ХХ ғасырдың 1915-1941 жылдар аралығындағы қалыптасып, дамуын белгілі жүйемен зерттеу көкейкесті мәселенің бірі деп санаймыз. Сол кезеңдегі орын алған мәдени-әлеуметтік ортадағы оқу-ағарту саласындағы өзгерістердің тарихи тәжірибесін, тағылымын, жетістіктері мен сәтсіздіктерін және ұлт мүддесіне қайшы келетін арнайы бұрмалаушылықтардың халық санасына ықпал еткен зиянды әсерін ақиқаттық тұрғыдан зерделеудің танымдық бағыттағы тарихи-педагогикалық және саяси-идеологиялық мазмұндық жүйесін ашып қарастыруды қажетсінуде. Себебі, өткен тоталитарлық кезеңде жазылған зерттеулерде Қазақстандағы мәдени-ағарту жұмыстарына қатысты мәселелердің мазмұнына білім тарихы тұрғысынан келгенде саяси-идеологияға бағындырылған сыңаржақтық пікірлердің орын алып келгендігі анық. Бұған зерттеуші ғалымдар кінәсі деп қарастыру әділетсіздік болар еді. Өйткені, социалистік қоғам идеологиясына бағындырылған коммунистік партия өзінің теориясы мен тәжірибесінің жалғандық ұрандармен паш етіп, дәріптеп көрсетуді талап ететін.

Зерттеу тақырыбына арналған ғылыми ізденушілік жұмыста бізге дейінгі жұмыстарды яғни, 1915 жылдан қазақ ұлттық бастауыш мектебінің қалыптасуының негізі болған кезең ретінде ашылмағандығын қарастыру арқылы халықтық ерекшеліктер мен өзгешеліктерге негізделген жағдаяттарды ашып, бастауыш білім берудің жаңашыл мазмұндық сипатын талдауды басшылыққа алымыз. Екіншіден, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптарды мәдени-ағартушылық салада басшылыққа алу керектігі арқылы жаңашыл педагогикалық қозғалыстың орын алу жағдайын ғылыми тұрғыдан жүйелеу арқылы Қазақстандағы бастауыш білім беру тарихының қорын жаңа деректер көзімен толықтыру болса, үшіншіден қазақтың жазу таңбаларының өзгеруінің салдары халықтың оқу-ағарту саласына тигізген ықпалының оң және теріс әсерін ашу және оған ақиқаттық бағасын ғылыми-теориялық және әдістемелік жүйесін тарихи-педагогикалық тұрғыдан ашу. Ғылыми әдебиеттерге талдаулар жасап, зерттеліп отырған көкейкесті мәселеге қатысты ғылыми ізденушілік жұмыстарды қарастырғанда 1915-1941 жылдар аралығында Қазақстандағы бастауыш білім берудің қалыптасуы мен дамуын кейінгі кезеңдерімен сабақтастықта күні бүгінге дейін жетік қарастырылмағандығы байқалды. Ал, бұл қазіргі педагогика тарихындағы бастауыш білімнің ғылыми теориясы мен тәжірибесіне қатысты ғылыми деректік мәліметтерді толықтыру қажеттілігін анықтайды. 1915-1941 жылдары аралығы кезеңде орын алған Қазақстандағы педагогикалық ғылымның даму тарихын дұрыс түсінуге, қазіргі жағдайы мен болашағын болжай білуге септігін тигізеді.

Демек, аталмыш мәселенің қазіргі кездегі қажеттілігі мен оның педагогика тарихында бұрын-соңды жүйелі түрде қарастырылмауы арасында жоғарыда айтылып өтілген қарама-қайшылықтарды жою үшін және бастауыш білім беру тарихын жүйеге келтіріп, толықтыруға байланысты біздер зерттеу тақырыбымызды **«Білім беру жүйесіндегі қазақ ұлттық мектебінің**

қалыптасуы мен дамуы» (1915-1941 ж.ж. материалдар негізінде) деп таңдауға себепші болды.

Зерттеудің мақсаты: 1915-1941 жылдарында білім беру жүйесіндегі қазақ ұлттық мектебінің қалыптасуы мен дамуының тәжірибесін зерделеу, жүйелеу және бүгінгі мектептердің педагогикалық тәжірибесін жетілдіруге пайдалануға мүмкіндігін қарастыру.

Зерттеу нысаны: 1915-1941 жылдардағы білім беру жүйесі және бастауыш мектептердің құрылымдық жүйесі.

Зерттеу пәні: 1915-1941 жылдардағы қазақ бастауыш мектептерінің қалыптасуы мен дамуы.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Егер 20-ғасырдың 1915-1941 жылдар аралығында Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі қазақ ұлттық бастауыш мектептерінің қалыптасуы мен дамуының тарихын жүйелеудің ғылыми-педагогикалық негізін айқындауға мүмкіндік туғызылса, онда ол оқыту мен тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты жаңа педагогикалық идеяларды және зерттеліп отырған мәселенің одан әрі дамытуға болжамдық мәні бар мүмкіндіктерді ашып көрсетуге ықпал жасайды.

Зерттеу міндеттері:

1. Бастауыш білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуын тарихи-педагогикалық тұрғыдан жүйелеу арқылы талдаулар жасау (1915-1941 жж);

2. 1915-1941 жылдардағы қазақ ұлттық бастауыш мектептерінің ғылыми-педагогикалық жүйесінің негіздерін кезеңмен айқындау;

3. Зерттеу кезеңіне енген уақыттағы бастауыш мектептеріне арналған оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының мазмұнын ашу және қазіргі бастауыш білім берудің педагогикалық үдерісі мен сабақтастығын анықтау;

4. XX ғасырдың 1915-1941 жылдарындағы бастауыш мектептердің білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуындағы педагогикалық алғы шарттарын ашу.

Жетекші идея. Қазақ педагогика тарихы даму үрдісінде еліміздегі жинақталған тәлім-тәрбиелік жұмыстарды, соның ішіндегі 20-ғасырдың 1915-1941 жылдарындағы білім беру жүйесінде қазақ бастауыш мектептерінің дамуын зерттеп қорытындылау және бағалау, бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне арқау ету.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негізі: Жеке тұлғаны дамыту мен қалыптастыру жайлы тарихи диалектикалық даму заңдылықтары, тарихи педагогикалық құбылыстарды зерттеудегі ақиқаттық пен шындық, тарихи жүйелілікті сабақтастыру.

Зерттеудің базасы: І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 5В010200 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының білімгерлері.

Зерттеудің көздері: 1915-1941 жылдардағы мерзімді басылымдар, Қазақстандық және Ресей, Өзбекстан орталық мемлекеттік мұрағат материалдары, елдеріндегі педагогика тарихы, ғалым мамандардың ғылыми зерттеу еңбектері, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының сирек кітаптары мен қолжазбалар қорындағы материалдар.

Зерттеу әдістері: Зерттеу кезеңіне қатысты тарихи-педагогикалық еңбектерге, мұрағат құжаттарын салыстырмалы-тарихи талдау, зерттелетін мәселе бойынша нақты деректерді логикалық-тарихи, теориялық және жүйелік талдау, сұрыптау, жалпылау, жүйелеу және жалпы зерттеу нәтижелерін қорыту, бағалау.

Зерттеудің кезеңдері:

Бірінші кезең (2017-2018) зерттеу тақырыбы анықталып, ғылыми-педагогикалық және арнаулы әдебиеттерде бұл мәселенің зерттелу жайы қарастырылды. Тақырып бойынша тарихи, тарихи-педагогикалық, тарихи-этнографиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге шолу жасалды. Зерттеу нысанындағы оқу жоспарлары мен бағдарламалары, оқулықтармен танысып талданды.

Ғылыми және ұғымдық аппараттар белгіленіп, мұрағат материалдары жинақталып, олар бұрынғы баспаға жарық көрген еңбектермен салыстырылып, ғылыми дәйектелігіне көз жеткізілді.

Зерттеу материалдары негізінде бірнеше ғылыми еңбектер, мақалалар мен кітапшалар жарық көрді.

Екінші кезең (2018-2019) жинақталған деректер қазіргі педагогика ғылымдарының теориялық қисындары тұрғысынан талдауға алынды, 1915-1941 жылдардағы Қазақстандағы бастауыш білім беру кезеңдері белгіленіп, сипаттама берілді.

Үшінші кезең (2019-2020) жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері қорытындыланып, жүйеге келтірілді. Кезеңге бөлудегі қолданылған әдістер: талдау, жинақтау, тарихи салыстырмалы, тарихи генетикалық, құрылымдық және функционалдық ерекшеліктері айқындалды.

Докторанттың тікелей араласуымен педагогика тарихы пәніне қажетті зерттеу нысанын материалдары «Қазақстандағы бастауыш мектептердің тарихы» атты (1915-1941 жж.) элективті курс бағдарламасында дәріс, семинарларды жоғары оқу орындары студенттеріне ұсынылды және жүргізді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

1. Қазақстандағы бастауыш мектептердің тарихнамасын жүйеленіп, ұлттық мектептің құрылу себептерін арнайы талдап, шынайы баға берілді (1915-1941 жж.);

2. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ ұлттық бастауыш мектептерінің ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалып, ғылыми жүйеге келтіріліп тұжырымдамалық тұрғыдан кезеңдік талдауға алынды.

3. Патшалық Ресей мен кеңестік үкіметтің білім беру саясаттарының жүйесінде құрылған бастауыш мектептердің оқу жоспары мен оқу бағдарламаларына талдаулар жасау арқылы қазіргі бастауыш білім мазмұнымен сабақтастығының өзара байланысы анықталады (1915-1941 жж.);

4. Бастауыш мектептердегі білім беру жүйесінің 1915-1941 жылдарда қалыптасуы мен дамуының педагогикалық алғы шарттары анықталды.

Зерттеудің практикалық мәнділігі:

Диссертациялық зерттеу жұмыста қамтылған және арнайы дерек көздеріне сүйеніп белгіленген материалдар мен ой-тұжырымдар Қазақстандағы 1917 жылға дейінгі патшалық Ресей құрамындағы оқу-ағарту және кеңес үкіметінің қалыптасуы мен дамуы кезеңіндегі қазақ халқына қатысты білім беру тарихы жайындағы оқу, білім беру, зерттеушілік т.б. жұмыстарда қолданылуы мүмкін. Оларды Қазақстан мен Орта Азия аймағының халықтық білім беру тарихын жан-жақты зерттеуде; оқулықтар мен оқу құралдарын, жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларын әзірлеуде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында педагогика тарихы пәнінің курсына және отандық тарихы мәселелері бойынша элективті курстарды оқу кезінде пайдалануға болады. Зерттеудің көкейкесті мәселесі бойынша «Қазақстандағы бастауыш мектептердің тарихы» атты (1915-1941 ж.ж.) элективті курс бағдардағы түйінделген ой-пікірлер негізінде университетте педагогика тарихының білімдерін толықтыру бағытында пайдалануда.

Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар:

1. Қазақстандағы қазақ бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуының тарихи-педагогикалық негіздік мәселелерін зерттеу нәтижелері (1915-1941 ж.ж.);

2. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ ұлттық бастауыш мектептерінде білім беруді ұйымдастырудың ғылыми-педагогикалық негіздегі пікірлерді саяси-қоғамдық және ұлттық мәдени жағдайларын кезеңдермен анықтау;

- /1915-1917 жылдар қазақ жеріндегі бастауыш мектептердің орыстандырудағы миссионерлік саясат аясындағы педагогикалық жүйеден алшақтау және ұлттық жазу таңбасының /төте оқу/ түзілу негізінде ұлттық бастауыш мектептердің құрылу, оқушылардың ана тілінде білім алуының басты жылдары - 1 кезең /;

- /1918-1929 жылдар – ұлттық бастауыш мектептердің дамуы және ыдырауы. Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту міндеттеу, оқу жоспарлары мен бағдарламаларды, оқулықтарды жазу және мазмұндық құрылымының жүйелуді бір орталықтан басқару, кеңес үкіметі идеологиясына бағындыруды жүзеге асыру - 2 кезең/;

- /1930-1941 жылдарда кеңес үкіметінің орталықтандырылған білім беру жүйесінің дамуы, қазақ жазу таңбаларын /латынға көшу/ өзгерту, жасанды сауатсыздықты жою жұмыстары және орыстың жазу /кирилль/ таңбасына өту кезеңі - 3 кезең /;

3. Қазақ ұлттық бастауыш мектептерінде 1915-1941 жылдарда білім беруге арналған оқу жоспары мен оқу бағдарламаларының жүйесін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан талдау және қазіргі бастауыш біліммен сабақтастығын негіздеу;

4. 1915-1941 жылдардағы бастауыш білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуындағы педагогикалық алғы шарттарын дәлелдеу.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі: диссертациялық зерттеу жұмыстарында алынған нәтижелердің ғылыми-теориялық және әдістемелік негізде дәлелденуімен, Қазақстандағы бастауыш мектептердің

(1915-1941 ж.ж.) қалыптасуы мен келешек даму бағыттарын сипаттайтын тарихи-педагогикалық, мұрағаттық құжаттарға сүйену барысындағы деректердің теориялық тұрғыдан талдануы және зерттеу жұмысы қорытындысының жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие ісіне енгізілуімен қамтамасыз етіледі.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру: зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған журналдарда, скопус базасындағы ғылыми журналдарда көрініс тапты:

1. Ұлттық мектептердің дамуы және алаш зиялылардың ой-пікірлері. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4 (56), 131-134-б, 2017

2. XX-ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласындағы мұсылмандық жүйедегі бастауыш мектептер. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3 (59), 280-284-б, 2018.

3. Ұлттық мектептің қалыптасуы. С.Торайғыров атындағы ПМУ Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3 (56), 95-103-б, 2018.

4. The history of the Kazakh written signs. Opción, Año 35, No.89 (2019): 600-620
ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385. <http://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/issue/view/2728>

5. XIX ғ. Екінші жартысы - XX ғ. басындағы Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы білім жүйесі. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция «Жастар – білім, ғылым, қоғамның қозғаушы күші». Талдықорған, І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 85-90-б, 2019.

6. Системы начального образования на казахской земле и истории письменных знаков и алфавитов. Материалы V Международной научно-практической конференции «Качество Управление: поиск и решения». В двух томах. Том I – Сан-Франциско (Калифорния, США): Региональная академия управления, Стр.87-102, 2019.

7. Бастауыш мектептердегі білім беру жүйесі. Материалы V Международной научно-практической конференции «Членство в ВТО: Перспективы научных исследований и Международный рынок технологий». В двух томах. Том II – 21-23 октября 2020г. (Торонто, Канада), Стр.130-143, 2020.

8. Development of education in Kazakhstan late 19th – early 20th centuries. Қазақстанның ғылым мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал №11/1(144) 177-180-б, 2020.

Жарық көрген ғылыми еңбектер: зерттеудің негізгі нәтижелері мен қағидалары шет елдік және отандық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында (3) және ҚР БжҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда (4), Скопус деректер базасында саналатын ғылыми журналдарда (1) жарық көрді. Зерттеу нәтижелері зерттеу базасында көрсетілген білім беру мекемелерінде мамандарды даярлау тәжірибесіне ендірілді.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі тараудан,

қорытындыдан, әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының көкейкестілігі, ғылыми аппараты, мақсаты, объектісі, зерттеу пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, зерттеу кезеңдері, әдістері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық мәні, қорғауға ұсынылатын қағидалар баяндалады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1915-1941 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕРДІҢ ТАРИХНАМАСЫ атты бірінші бөлімде осы көрсетілген мерзімдегі Қазақстандағы бастауыш мектептердің типтері, дамудағы өтпелі кезеңдері мен олардың өзіндік ерекшеліктері, сол уақыттағы бастауыш мектепке ісінің тарихы және ілгері даму жағдайы қарастырылады.

1915-1941 ЖЫЛДАРДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХИ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСТЕРІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ атты екінші бөлімде зерттеу ауқымына енген кезеңдегі әр типтегі бастауыш мектептердің білім берудегі педагогикалық тәжірибесінің бүгінгі бастауыш білім беру кезеңімен ұласымдылық табуы, оқу бағдарламалары, оқу құралдары білім мазмұнына және осы бастауыш мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын баланың ана тілінде ұйымдастыру мәселелері бойынша пайда болған ой-пікірлерге талдау жасай отырып, тарихындағы педагогикалық құнды мұралардың мәні ашылды.

Қорытындыда зерттеу жұмысының нәтижесіне негізделген тұжырым мен ұсыныстар беріледі, көкейкесті мәселенің даму болашағы көрсетіледі.

1 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1915-1941 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕРДІҢ ТАРИХНАМАСЫ

1.1 Қазақстандағы 1915-1941 жылдарда бастауыш білім берудің тарихи-әдіснамалық негізі

Диссертациялық зерттеу еңбегімізде ХХ ғасырдың 1915-1941 жылдарындағы Қазақстандағы бастауыш мектептің даму тарихына және оның әдіснамалық мәселесін жаңа көзқарас тұрғысынан қарастырып, оған оң баға беру мен білім беру тарихында жаңаша ғылыми айналымға түсіруге арналған. Қазіргі мемлекеттік білім беру саясаты аясында Қазақстанның ұлттық мектептерінің дамуы, Қазақстандағы жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш білім беру кезеңінің жүйелі және сабақтастық пен ұласымдылықты құрайтын тарихи жүйесін қалпына келтіру – бүгінгі ұлттық мектептер жүйесін жаңаша деректермен толықтыру, тарихи әділдігін орнатуды көздейміз. Бұл жалпы білім беретін қазақ мектептерінің дамуындағы тарихи-әдіснамалық негізін ғылыми тұрғыда ақиқаттық пен шындыққа сүйене отырып жүйелеу болып табылады.

Біздің зерттеуіміздегі қарастырылып отырған 1915-1941 жылдар ауқымында қазақ жеріндегі білім беру жүйесінің патшалық Ресей өкіметінің кезеңіндегі қазақтарды орыстандыру бағытында ашылған орыс-қазақ мектептері және мұсылмандық білімнің ескі және жаңа жүйесі, сондай-ақ кеңес өкіметінің идеологиялық бағытқа негізделген кеңестік білім беру мазмұндағы мектептердің қалыптасуы мен дамуы, олардың мазмұндық құрылымдары жайындағы мәселелердегі ұлттық сипатқа бағытталған мектептің өзіндік орнына білім тарихы тұрғысынан ғылыми негіздеу болып табылады.

Зерттеудің мақсат пен міндеттерін және қойылған болжамдық ұсыныстарды, ғылыми зерттеу жұмысындағы жаңалық және қорғауға ұсынылған қағидаларға қол жеткізу барысында біздер философиялық диалектиканың даму заңдылығын басшылыққа ала отырып, қарастырған кезеңдердегі білім берудің мазмұндық жүйесінің түрленуі, даму жайындағы мәселені анықтау, талдау, сараптау, ақиқаттықпен дәлелдеу барысында білім берудегі тарихилығы, шындық пен ақиқаттық, жинақылық және жүйелілік қағидалық ұстанымдарды басшылыққа алдық және бұл тарихи-педагогикалық тәжірибенің ғылымилығын толық талдауға мүмкіндік береді.

Бастауыш білім беруге қатысты тарихи мәселелерін қарастырғанда бізге дейінгі қалыптасып, дамыған бастауыш мектептердің жүйесін өз алдына қарауға және олардың мазмұндық құрылымдары мен атқарған қызметтеріндегі жетістіктерін тарихи-педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан анықтау қажеттілігі туындайды. Қазақ жерінде бастауыш мектептердің тарихы жайында ғылыми-зерттеушілік жүргізгенде сол кезеңдегі мемлекеттік билік жүйесінің даму тарихымен тығыз байланыста болғандығы және ондағы құрылған педагогикалық жүйенің ерекшелігін басшылыққа алғанымыз ақиқат пен шындыққа жақын келеді.

Білім берудегі тарихилық – бастауыш білімді ұйымдастырып, беретін мектептердің қалыптасуы мен дамуына ықпал жасайтын табиғи байланысты анықтау мен білу және тануды іске асыратын қағидалық ұстаным. Бастауыш мектептердегі білім мазмұндарының тарихи даму жолын зерттеп және оның болашақтағы даму бағытын анықтауға табиғи шындық көрінісін түсінуге, заңдылықтарын ашуға мүмкіндік береді. Қазақстандағы бастауыш мектептердің дамуын тарихи-педагогикалық тұрғыдан талдау, оның тарихи хронологиялық аумағын анықтау белгілі кезеңдермен негізделген.

Ақиқат пен шындық – диссертациялық жұмыста пайдаланылған тарихи деректік мәліметтердің зерттеу жұмысына енетін кезеңдерге қатысты екендігін растау жайында мұрағаттық деректердің түпнұсқасын тексеру. Зерттеуге арналған тақырыптық жұмыста қолданылған деректік мәліметтерді бұрын қарастырылған ғылыми еңбектердің мағлұматтық және нәтижелерімен салыстыру, зерттеліп отырған оқу-ағарту саласындағы бастауыштағы орын алған педагогикалық үдеріс құбылыстарының ұқсастық пен ерекшеліктерін анықтау. Ғылыми-зерттеу жұмысының қарастырған кезеңдерінде әлеуметтік ортада оқу-ағарту саласындағы бастауыш білім берудің қажеттілігі, сұранысына талдаулық түсінік беру.

Жинақтылық – ғылыми-зерттеу аясына енген кезеңдегі оқу-ағарту саласындағы білім беру жұмыстарында бастауыш мектептердің жұмысы әлеуметтік-педагогикалық құбылыс ретінде мәнін түсіну және оған ықпал жасаушы сыртқы жағдаяттар мен оларға негіз болған алғышарттарды және тағы басқа мәселелердің байланыстылығын ашу арқылы топтастыру, жинақтау. Бастауыш мектептердің мазмұндық құрылымдарының өзара байланысын анықтау мен педагогика тарихында бастауыш білімге қатысты мұрағаттық деректерді кезеңдер бойынша жинақтау, мәліметтерді сұрыптап, талдау мен қорыту, философиялық, әлеуметтік-саяси, тарихи-педагогикалық, әдістемелік және психологиялық тұрғыдан ой-пікір түйіндеу.

Жүйелілік – тақырыптық зерттеу мазмұнында Қазақстандағы бастауыш мектептердегі білім беру мен оқыту және тәрбиелеу жұмыстарындағы педагогикалық тәжірибелерінің бүгінгі бастауыш білім беру жүйесіндегі педагогикалық жүйедегі теория мен әдістемелік жұмыстарының арасындағы сабақтастық пен жүйелілік негіздерінің бар екендігін ғылымилық тұрғыдан негізделуі. Тарихилық білім беру жүйесі мен бүгінгі педагогикалық үдерістердің ішкі үйлесімділігі және олардың ішкі байланысын біртұтастық негізде түсіну.

Бастапқы кезеңде патшалық Ресей өкіметінің қазақ жерін отарлау саясатында жергілікті халықтың діни-нанымына, сеніміне ерік беру болған. Мақсаты, жергілікті ұлт беделділерінің сеніміне кіру, отарлау саясатын тереңдету, бұл ұзақ мерзімді мақсаттарын жүйелі түрде жүзеге асырудың айласы еді. Қазақ даласына медреселер мен мешіттер салып, қазақтардың діни істерін Орынбор муфтилігіне беріп, ислам дінінің дамуына қолдау жасады. «Біздің даладағы үстемдігіміздің бастапқы кезеңіндегі саяси мүддеміз қазақтарға және Орта Азияда халықтары үшін олардың дініне қол сұқпайтынымыз жайында сенім қалыптастыру еді. Бұл хандар мен

сұлтандарды және даладағы ықпалды адамдарды тартуға ықпал жасады. Сондықтан үкімет орындары бастапқы кезде исламға төзімділік танытып, оған қамқорлық та көрсетті» [40].

Уақыт келе, орыстандыру саясатының тереңдей түсуін іске асырып, қазақтарды орыстандыру мақсатындағы саяси әрекеттерін жүзеге асыруда патша әкімшілігінің оқу-ағарту саласындағы халық училищелерінің инспекторлары және облыстық әскери губернаторлары мен округтың оқу ісі жөніндегі қызметкерлері мұсылмандық жүйеде білім мен тәрбие беретін мектептерді қатал бақылап, қадағалауға көшті.

Ислам діні негізінде қалыптасатын мұсылмандық дүниетанымның кең өріс алуына тосқауыл жасау үшін қазақтар арасында орысша білім беруді тарқату бағытында орыс-қазақ (орыс-түзем) мектептерін ашып, жұмыстарын жандандыру деп түсінді. Патшалық Ресейдің 1870 жылы халық-ағарту министрлігі «Ресейді мекендеген бұратана халықтарға білім беру шаралары» туралы қабылданған заң аясында жүзеге асырылды. Бұнда өзге ұлттарды орыстандыруды мақсат тұтқан миссионерлік педагогика жүйесін енгізу, себебі, отарлық саясаттың басты мақсаты – орыстандыру, шоқындыру. XIX ғасырдың екінші жартысынан Қазақстанда жаңа типтегі мектептер - орыс-қазақ мектептері ашылды. Бұндай мектептер патша үкіметінің отарлау саясатын жүргізу мақсаттарына барынша сәйкес келді. «Үкіметке жағымдысы – қол астындағы жұрттың жазу-сызу, тілі, діні, бір болу» [41] - яғни қазақ халқын асимилициялау, орыстандыру арқылы христиандық дінді қабылдатқызып, өзінің ата-баба дәстүрін ұмыттырып, ұлттық болмыстан айыру мақсатын көздеді. Бұның ең тиімді және ұтымды жолы халық ағарту саласы арқылы жүзеге асыру. Бастысы балалардың сауатын орыс тілінде ашуын ұйымдастыру мен жүзеге асыру болды. Демек, бұл мақсатқа жетудің құралы – мектеп, халық-ағарту ісі екені белгілі. Сондай-ақ, патша үкіметі қазақ даласындағы мұсылманша білім мен тәрбие беруде ағартушылық қызмет атқарушы татар молдалардан да қатты сескенді. Өйткені, бұл татар молдалар қазақтар арасында ислам дінін таратушыларын ғана емес, сонымен бірге Ресейдің Қазақстандағы және Орта Азиядағы ықпалының таралуына тежеу болатын және қарсылық білдіретін рухани күш ретінде орын алды. Оның негізі Қазақстанның аймағындағы орыс дүниетанымы жүйесімен білім беретін мектеп типтері бірдей болды және жалпы Ресейлік жүйедегі орыстандыру саясатына, ғылымдық танымға сәйкес келді. Дегенмен, Ресейдің ішкі аймақтары мен шет аймақтарындағы мектептерге қарағанда орыс-қазақ мектептерінің өзіндік саяси сипаттарға ерекшеліктері басым болғандығы анық. Мәселен, «...ішкі Қазақ ордасындағы мектептегі білім беру жүйесі Ресейдің басқа аймақтарында ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы басқа да елді мекендердегі мектептегі білім беру жүйесінен мазмұндық және құрылымдық жүйесімен де ерекшеленді» [42].

Қазақстандағы оқу-ағарту жұмыстары және оның жағдайы, сондай-ақ олардың даму сипаты патша үкіметінің саясатына сәйкес келді. Түркістан өлкесінің оқу орындарын басқару құрамына кіретін Сырдария және Жетісу

облыстары көп ұлтты болды. Сондықтан жергілікті тұрғындарға арналған негізгі оқу орындары «орыс-қазақ» мектептер болды [43].

Қазақстанға қадим – ескі әдісті діни мектептер жаңа әдісті жәдид /төте оқу/ мектептері ретінде қайта құрылуы қазақ балаларының ана тілінде білім алып, оқуы, әлем мен қоршаған ортаны қазақи дүниетаным негізінде ғылыми тұрғыдан танытып, тәрбиелеуін тереңдете түсті. Білім берудегі жаңа бағытта орын алған «төте жазу» атына ие болған ағым – «жадизм» деп түсіндірілді. «Жадизм» – ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезінде жаңаша білім беруді ұстанатын әдіс, әр ұлттың балаларына өз ана тілінде білім алуын жүзеге асырушы, оқу-ағарту саласындағы үздік орын алған саяси-мәдени ағам ретінде мәнге ие болды.

Білім беру жүйесінде заман талабына сай мұсылмандық оқудың қайта құрылуы – «жәдиттік оқудың» күшейуі патшалық Ресей өкіметінің құрамындағы түркі тілдес халықтары арасында мұсылмандық дүниетаным мен ұлттық қозғалыстың өзегіне айналған мәдени ағартушылық сипатта дамып, олардың балаларының ана тілінде сауат ашып, білімді меңгеріп, ғылыммен айналысуына үлкен ықпал жасады. ХІХ ғасырдың соңында түркі тектес халықтары арасында мұсылмандық оқудың «жәдиттік» қозғалысының басында Қырым татары – Ысмаил Бек Гасперинский тұрды. Ол өзінің Бақшасарайдағы оқу-ағарту саласында татар балаларына жадидтік жолмен білім беру мен оқытудағы педагогикалық тәжірибе экспериментінің оң нәтижесін өзге түркі тілдес халықтар арасында тартуымен үлкен мәнге ие болды және оны қолдаушы әр ұлттың зиялы тұлғалары өз ұлтының тіліне икемдеп, оңтайлы пайдалану жолдарын жүзеге асыруды бастады. Татар оқымыстылары ұйымдастырған «Тәржіман», «Уақыт» газеттері мен баспаханалар, олар бастап берген жаңа әдістік оқыту - белгілі дәрежеде жалпы түркілік азаттық идеясының қайта жаңғыруына қызмет жасады», -деп М. Қойгелдиев баға берді [44].

Бұл жәдиттік оқу жүйесінің кең өріс алып, танымал болуына ықпал етті.

Осы негізден оқу-ағарту жүйесіне жаңаша міндеттер қойылып, жергілікті халықтар арасындағы ұлт бостандығына қол жеткізу және осы бағыттағы мақсаттарды шешу мәселелері қолға алынды:

1. Мектеп пен медреселердің мазмұндық құрылымын жаңаша құру арқылы жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу арқылы әрбір ұлт өзін сақтап қалу шараларын басшылыққа алу керектігі;

2. Мектеп, медреселерде діни сабақтармен бірге заманауи ғылымдары – білім беретін пәндерді /математика, жағрафия, тарих, биология т.б./ оқыту;

3. Мектеп, медреселерде білім беруді жәдиттік жүйемен ұйымдастыру, араб алфавитінің қаріптік таңбаларын әр ұлттың тіліне икемдеу арқылы жаңа «усул-жәдикке» көшуді басшылыққа алды.

Бұл мұсылмандық оқу жүйесінің мазмұны күрделі өзгеріске ұшырауы болып табылды, яғни, заман талабына сай, ескі қадими оқудан жаңа жәдиттік оқуға көшуі болды. Түркі тілдес халықтардың арасында бұл тұрғыдағы «жәдиттік» оқу жүйесінің өмірлік тәжірибеге ендірілуі мен қолдануы және жүзеге асуы кең қолданыстар тапты. Осы негізде оқу-ағарту саласы

жұмысындағы қазақтар арасында «жәдидтік» оқуды жүзеге асырушы және көш басында – А. Байтұрсынов болды [45].

Ғасырдың бас кезіндегі оқу-ағарту саласында жаңа бағатты жүйенің керектігін түсінген Ахмет Байтұрсынов өз кезегінде «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «Қазақ балаларының бір парасы орысша оқып жүрсе, бір парасы ескі молдалардан оқып жүр, бір парасы соңғы замандарда ғана жаңа жолмен оқи бастады... Ескі жолдың оқуын сөз қылып қозғамаймын. Бүгін бар, ертең жоқ болатын нәрсе. Дүние тегеріші кейін айналмайды. Ескі әлі-ақ тозып, жыртылып, пара-пара болып, тұтылудан шығады», - деп жазған болатын [46].

XX ғасырдың бірінші жартысында жаңа әдісті мектептердің құрылуын реттеу және жалпы орыстық, мемлекеттік оқу-ағарту саясатына сәйкес болуын ұйымдастыру бағытындағы жұмыстарды жүргізу үшін арнайы ережелерді қабылдаулар жүргізілді.

I. Жаңа әдісті «жәдидтік» мектептерге байланысты:

1. Жаңа әдісті «жәдидтік» жүйедегі мектептердің ашылуына тек отарлаушы өкімет тағайындаған және оның өкілі болып табылатын халық училищелері инспекторларының рұқсаты керек;

2. Жаңа ашылған мектептерде білім алатын оқушылар мен мұғалімдер рулас болулары қажет;

3. Бұндай жүйедегі қалалық, ауылдық мектептерде балаларды оқытуда орыс тіліне енгізілу қарастырылған;

4. Жәдидтік бағыттағы мектептерді құрушы жеке тұлғалар оқу курсы бағдарламасын және оқытылатын пәндер тізімін көрсету керек болды;

5. Осы аталған нұсқаудың жариялануы уақытынан бастап жаңа әдісті мектептер осы ережелерге бағынуға міндетті.

II. Ескі әдісті «қадыми» мектептерге байланысты /мешіттерде немесе тек «Құран» негізінде шарифат негіздерін оқытатын мұғалімдері бар шектеулі оқу курсты мектептерге/:

1. Ескі әдісті «қадыми» мектептер училище инспекторларының қарамағандаға бақылауда болуы керек;

2. Ескі әдісті «қадыми» мектептерде жаңа әдістік жүйеге негізделген білім беру бағдарламаларына рұқсат берілмейді, балаларға заман талабына сай, үйлесімді оқытқысы келген ата-аналар өкіметтің қарамағындағы орыс және орыс-қазақ мектептеріне орналастыруға міндетті;

3. Бұл мектептерде білім алушы оқушылар мұғалімдермен рулас болуы тиіс, рулық жағынан жақын емес мұғалімдер жұмыстан босатылады.

4. Ескі әдісті және жаңа әдісті мектептерге байланысты орнатылған талаптарды орындамаған мектептер жабылады [47].

Сондай-ақ жеке ашылған, тіркеуден өтпеген мұсылмандық мектептеріне, яғни, оқу пәндерінің тізім мен атауын және бала саны жөнінде толық мәлімет бермеген мектептерді жабу, рұқсат бермеу [48]. Жалпы ережеде «Медресе және ескі әдісті мектептерді оқу ведомствосының қарамағына бағындырып, инспектордың ұсынысы мен рұқсаты берілгендерді сақтау, бірақ, жаңа әдіс негізіндегі білім беру бағдарламаны қолдануға рұқсат бермеу керек», - деген [49].

Бұл бағыттағы түрлі ереже, нұсқаулық құжаттарды мұсылмандық дүниетанымдағы тәрбие мен білім беретін ескі және жаңаша білім беруге негізделген мектептерге арнайы шығарудың себептері XIX ғасырдың ортасынан бастап ашылған орыс-қазақ мектептері отарлаушы елдің үмітін ақтамады, сондықтан кең сұранысқа ие болмады. Патша үкіметінің жергілікті халықтан орыс-қазақ және орыс-жергілікті мектептер арқылы өз отарлау саясатын жүргізушілерді дайындау мақсатына қол жеткізілген жоқ. Бұл мектептердің түлектерінің көпшілігі орыс тілінде оқып, патша әкімшілігінің отарлаушы саясатымен жақын танысып, заңсыз қысымға түскен халықтың мүдделерін қорғауға шықты, ал патшалық Ресейдің оқу-ағарту саласындағы саясатын терең түсінген жеке тұлғалар алдыңғы қатарлы қазақ зиялыларының қатарына кірді [50].

Қазақтың оқымысты тұлғалары жеке шығармашылық еңбектері арқылы халықты ана тілінде білім алуға, сол арқылы ұлттық сана-сезімін ояту, қазақ жеріндегі қоғамдық-саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани-мәдени мәселелерді жаңаша қалыптастырып, дамытудың қажеттігін көтеріп отырды. Бұндай жұмыстарды жүзеге асырудың басты жолы қазақтар арасындағы ұйымдастырылатын оқу-ағарту қызметтерін заман сұранысының талабына үйлесімді құру және жүзеге асыру болды. Жастарды болашақ өмірге баулуда терең білім беріп, ғылым игерту басты мәселе болып табылады. Ал оның нақты және тура жолы мектеп пен медреселерде, басқада білім мен тәрбие беретін орта және жоғары сатылы оқу мекемелерінде жаңа білім беру жүйесіне негізделген әрі жаңа әдісті оқыту жүйесін енгізуді, өмірлік тәжірибеде пайдалануды басшылыққа алу болып табылды. Өйткені, қолданыста жүрген мұсылмандық мектептердегі ескі әдісті оқу жүйесі және орыстандыру саясаты негізінде құрылған орыс, орыс-қазақ /аралас/ мектептердің оқу бағдарламалары мен оқу пәндері және ондағы дүниетанымдық білімдер мен тәрбие бағыттары заман талабы мен қоғамдық, халықтың рухани қатынастардағы түсінігі мен шәкірттердің сұраныстырын қанағаттандыра алмады. Жаңа әдісті білім беру жүйесін қолдаушылар мектеп, медреселарде діни нанымдық түсінік беретін сабақтардан бөлек заманның озық үлгідегі ғылым негіздерін беретін білімдер жүйесін қамтығын түрлі оқу пәндерініңде /математика, жаратылыстану, жағрафия, тарих, тіл, әдебиет т.б./ жүргізуінің қажеттілігін басшылыққа алып отырды.

Қазіргі «Қоғамның жаңару жағдайындағы ұлттық мектептердің» бағыт-бағдарын, құрылымын, өткені мен бүгінгісін және болашағын анықтап, ұлттық мектептерді бүгінгі күн талаптарына сай ұйымдастыру.

XX ғасырдың басында тарихи сахнаға шыққан ағартушылардың, педагогтар мен жазушылар буыны туралы ерекше атап айтқан дұрыс әрі қажет деп ойлаймыз. Олар қазақ халқының тарихи-мәдени өмірінде өзіндік із қалдырған, республикада халық ағарту ісі мен жоғары педагогикалық ұлттық мектепті қалыптастыруда және оның іргетасын қалауға белсене ат салысқан, жеке басқа табыну кезінде зорлық-зомбылық пен заңсыздықтың құрбаны болған, көп жылдар бойы есімдері ескерілмей келген халқымыздың адал перзенттері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов,

Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллиннің т.б. педагогикалық мұрасының бүгінгі таңда ғылыми мәні орасан зор. Олардың шығармашылық мұралары тек тәуелсіздік алғаннан кейін халқымызға қайтарылып, осы бағытта еңбектер жазылып, кітаптар жарық көре бастады. Өйткені олардың барлығы өз жолын таңдап, адамзаттың дамуына септігін тигізген өз дәуірінің өкілі ретінде қазақ үшін аса қажетті болған ұлы жандар.

XX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап Республикамызда қазақ мектебінің негізін қалауда оқу ағарту ісін дамытқан қазақтың педагог және ойшыл ағартушылары Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ғ. Қарашев, Х. Досмұхамедов, Ә. Бөкейханов, М. Шоқай т.б қазақ зиялыларының баға жетпес мұралары негізінде жеткіншектерді тәрбиелеу қазақ халқының болашағын қалыптастырушы күш деп білеміз [51].

«Рухани мәдениеттің бір белгісі – жұрт баласына жалпы оқу, газет, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп, адам баласына жақсылық ашу. Рухани мәдениет жолындағы алдыңғы басқыш-бастауыш мектеп...» - деп жазған болатын Ә. Бөкейханов [52].

Мұсылмандық мектеп пен медресе және түрлі типтегі оқу орындарының жаңа әдісті «жәдидтік» оқу жүйесіне өту қарқынының себептерінің негізі – заман талабынан туындаған мәселе екендігін толық түсінбеді немесе отаршылдық пен рухани басқыншылдық өмірде өздерін өркөкіректікпен жоғары бағалаудан шыққан мен-мендік түсініктің ықпалында болып, әлеуметтік-оқу-ағарту саласындағы кейінгі озық жаңалықтардан мақұрым қалғандықтарының себебі болды деуге болады. Мәселен, отарлаушы үкіметтің арнайы тыңшылық жасайтын бөлімдері «жәдидтік» жаңа оқу жүйесінде ашылған мектептердің себептерін – мұсылман дінін ұстаушы түркі елдердің өкілдерін, әсіресе, татарлардан көрді. Ал, негізінде бұл ұлттық сананың оянуы салдарынан пайда болған рухани төңкерістердің бейнесі екендігін түсінбеді. Бұл XX ғасырдың бас кезінде «педагогика саласында ұлт және ұлттық мектеп туралы идея өріс ала бастады» [53].

Сол уақыттағы жаңа әдісті «жәдидтік» мектептердің жаппай қолдау тапқандығын және олардың көптеп ашылуына мән бермей оны жоққа шығаратын шешім-түсініктері қате болды. Себебі, қазақтардың жаппай білім алуға деген сұраныс қажеттіліктері жыл санап өсе бастағаны және бұрынғы тар шеңберде білім беретін ескі «кадими» оқу жүйесіндегі мектептер мен орыстық дүниетанымдықты басым ұстанатын орыс, орыс-қазақ мектептері мен түрлі саладағы училищелер жергілікті халықтың әлеуметтік сұранысын толық қанағаттандыра алмады. Мысалы, «...соңғы он бес-жиырма жылғы уақыт ішінде байқалғаны жергілікті халық /мұсылман/ тұрғындарының білім алуға деген ұмтылысын тоқтату мүмкін емес. Оны өз қолымызға алып тиісті ағымына түсіру керек» - деген болатын [54]. Жоғарыдағы мұрағаттық деректердің мазмұндық мәніне ондағы мәліметтерге көңіл аударсақ, онда XX ғасырдың алғашқы он бес және жиырмамыншы жылдарындағы уақытта оқу-ағарту саласындағы орын алған жайттарға куә боламыз. Бұнда патшалық Ресей өкіметінің орыстандыру саясаты аясында білім беру мен оқытуға құрған

орыс және орыс-қазақ мектептері мен өзге типті оқу мекемелерінің халық сенімінен шыға алмай дағдарысқа ұшырай бастағандығына көз жеткіземіз.

Алғашқы жаңа әдістегі мектептер Орта Азияда және Қазақстанда ХІХ ғасырдың аяқ жағында ашыла бастады. Мұсылман халықтарының ескі оқу әдісін (усул-и кадми) жаңа оқу әдісіне (усул-и-джадид) көшіру ісі, бұл жаңа әдіс ислам мектептерінің оқу бағдарламасына енбей келген кейбір зайырлық пәндерді енгізді. ХХ ғасырда қазақ даласына оқу-ағарту саласы өз жаңалығымен аттағанды. Халыққа білім беру жүйесіндегі жаңа екпін, өзіндік ізі бар жаңашылдық ол – жаңа әдісті оқу-жүйесіндегі жәдидтік мектептердің халық өмірінен орын алып, араласуы еді. Бұл мектептердің жаңа әдісті жүйемен оқу жұмысын бастауы, мектеп құрылысындағы жаңа бағыт, түбегейлі өзгерістер жасаудың алғашқы бастамасы болды деуге болады. Себебі, бұндай мектептердегі оқу жұмысында мұсылмандық белгілерді сақтай отырып, сауат ашу әр ұлттың өзіндік ана тілінде болуы мен берілетін білім негіздері ғылыми шындық жүйесіне жанаса отырып, күрделене түсуінде еді. Оқу бағдарламаларының ауқымдылығы адам өміріне қажетті, заман талабына сай сұраныстарды қанағаттандыру бағытындағы білім түрлерінің кеңейуі мен жаңа пәндердің мектепте оқылуына әкелді. Бұндай жағдайды жәдидтік мектептер басшылыққа алды. «Жаңа мектеп ең алдымен пайдалы болуы тиіс. Онда ұсталынатын заңдар өмірде пайдалы, қолданылатын болуға тиіс». Яғни, жаңа әдіспен оқытатын мектептер ұйымдастырыла бастады. ХІХ ғасырдың аяғы, ХХ ғасырдың басында Қазақстанда қалың бұқараға білім беру конфессионалдық мектептер арқылы жүргізілді, жәдидшілдік ерекшеліктерімен реформаланды, сөйтіп мұсылмандық ағарту ісіне зайырлы оқу элементтерінің неғұрлым кеңінен енгізілуі, мәдени мұраға неғұрлым либералдық көзқарас, сонымен бірге неғұрлым ауқымды ғылыми-дүниетанымдық бағдар алу М.И. Ильминскийдің ресми мектебі тарапынан өршеленген қарсы әрекет туғызды. Ол: «Бақшасарайда И. Гасперинский біріншіден, Ресей империясының мұсылман бодандары арасында мұсылмандық негізде еуропалық оқу ағарту таратуды, мұсылмандық мұраттарды еуропалық білім беру арқылы қолдау, екіншіден, Ресейдегі барлық сан миллиондаған ала-құла және әр түрлі тілдегі мұсылман халқын біріктіру мен топтастыру мақсатын көздеп отыр».

И. Ильминский мектебі жәдидтік реформаны өте қауіпті деп білді. Ол бұратаналар ортасына империяда жалпы қабылданған мұсылманша білім беруге қарама-қарсы идеялар мен әдістерінің енгізілуінен қауіптенді. Өйткен, осы кезеңде Ресейдің отарындағы өзге халықтар арасында ұлттық сананың оянуы кең өріс алып, әр ұлттың бала оқытуға өз мектебі болып, діни біліммен бірге дүниені ғылыми негізде танытып оқытатын пәндер тізбегі анықталып жаңа оқу жүктемесіне, яғни, жәдидтікке бағытталған мектептер ашылды [55].

ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласындағы мектеп жүйелерінің мазмұндық құрылысы жаңаша сипатқа ие бола бастады. Оған негізгі себептері: біріншіден, қазақтарды орыстандыру мақсатындағы патша өкіметінің саясатын жүзеге асырушы құрал болып табылатын орыс, орыс-қазақ мектептерінің ықпалының төмендеуі, жергілікті халықтың сенімінен айырылу

болса, екіншіден, қазақ даласындағы араб тілінде білім беретін ескі (қадими) жүйедегі мектептердің жаңаша білім беретін жадидтік жүйеге ауысуы, үшіншіден, жаңа жадидтік жүйедегі мектептер негізінде қазақ ұлттық мектептердің қалыптасуы мен дамуының қарқындылығы болса, кейінен осы кезеңдегі қоғамдық құрылымның төңкеріске түсуі – капиталистік жүйеден социалистік жүйеге өту барысындағы кеңестік білім беру жүйесінің орын алуы мен дамуы төртінші себеп ретінде қарастыруға болады.

Сол кездегі қазақтың зиялы қауым өкілдері халыққа жаңа мазмұнда білім мен тәрбие беру мәселелеріне ерекше мән берді. Отарлаушы үкіметтің жергілікті халық үшін оқу-ағарту саласы бойынша шығарған заңдары мен ереже, нұсқауларының мазмұны қазақ ұлттың мүддесіне сай және үйлесімді болуы керек жайындағы жеке ой-пікірлерін нақты білдіріп отырды. Уақыт талабына сай жадидтік мектептердің саны жыл өткен сайын көбейе берді. Қазақ өлкесіндегі жадидтік мектептерге түркі мұсылман халықтарының балаларымен бірге қазақ шәкірттерінің де саны арта түсті. Сонымен бірге, қазақ даласында көптеген төте оқу жолымен білім беретін көшпелі мектептерін пайда болып, қазақ балаларына ғылыми-танымдық бағыттағы білімдерді игеруіне ықпалын тигізді. Қазақ даласында бұндай «жадидтік» оқыту жүйесіндегі көшпелі мектептердің кең қолданысқа ие болуына байланысты, қазақтарды орыстандыру бағытында жұмыс жасау үшін құрылған орыс және орыс-қазақ мектептеріндегі білім алушы қазақ балалары оларды тастап, төте оқу жүйесіндегі мектептерге ауысулары жиілеген болатын.

Яғни, бұл типтегі бастауыш мектептердің халық арасындағы сұранысы арта түскендігін білдіреді. Және бұл уақытта қазақтың ұлы ғалымы, тілші-әдіскер, педагог, Ахмет Байтұрсынов қолданыста жүрген арап қаріптерін қазақтың болмысына икемдеп, қазақ балаларының бастауыш мектептерде ана тілінде білім алуына мүмкіндіктерін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу барысындағы жұмыстарын жүргізіп жатқан болатын. Себебі ғалым, қазақ балаларының білім алу мен оқуда дүниетанымының дұрыс қалыптасып дамуының өзегі – оларды ана тілінде оқыту және оған лайықты қазақ тілінде оқу құралдарын жазу, ол үшін қолданыста жүрген арап таңбасындағы жазу қаріптерінің жүйесін қазақ тілінің заңдылық ереже жүйесіне мысалы, дыбыстық жүйесіне сәйкестендіру арқылы тілімізде қандай және қанша дыбыстар бар екенін аша отырып, соларға үйлесімді әріп таңбаларын айқындау қажет деп – реформалауды ұсынып қазақтың төл қарпін жасауды мақсат етті. Бұл – арап қарпінің таңбалану жүйесін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп қолдануды басшылыққа алған алғашқы ғылыми пікір болды. А. Байтұрсыновтың сол уақытта қазақ тіліндегі дыбыстарды анықтап, жүйелеуі қазақтар арасында жаңа «жадидтік» оқу жүйесінің негізін қалады. Бұл қоғамдағы халықтың, әлеуметтік сұраныс-талаптарын қанағаттандыратын жаңашыл педагогикалық жүйе ретінде орын алып, танымалдыққа ие болды. «Жадидтік» жаңа оқу жүйесі негізіндегі қалыптасқан төте оқыту қоғамда қалыптасқан ескі «қадими» және патша үкіметінің орыстан өзге халықтарды орыстандыру бағытын ұстанған отарлау саясатының аясында құрылған

миссионерлік педагогика жүйесіне қарсы рухани-идеялық күшке айналды деуге болады. Яғни, оқу-ағарту саласындағы бұл өзгеріс мектептердегі оқытуды жаңа ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарауға мәжбүр еткен жаңашыл педагогикалық жүйе болып енді және қазақ ұлттық бастауыш мектептерінің ірге тасының қалануына ұйтқы болған құбылыс ретінде тарихи мәнге ие болды. А. Байтұрсыновтың реформалауымен жасалған араб қарпінің негізіндегі қазақтың төлтума әліппесі дүниеге келді, бұл қазақтың төте жазуы ретінде өмірлік тәжірибеге еніп тек латын қарпінің жазуына көшкенге дейін қоғамның барлық саласында кеңінен қолданылды [56].

А. Байтұрсынов түзген жаңа қаріптік таңба және оның негізінде жазылған әліппе – «қазақ жазуы» деген атпен жалпы халықтық қолданысқа ие болуы 1915 жылдан басталады.

«Қазақ жазуы» қазақ даласындағы мектептердің мазмұндық құрылымын өзгертіп, қазақ мектептеріндегі білім мен тәрбие берудің жүйесін ұлттық болмыстық таным аясында жаңаша құруға алып келді.

Жазу-оқу таңба қарпіне реформа жасау, қазақ мектептеріне арналған білім беру бағдарламалары мен оқулықтар жазуға, жаңа педагогикалық жүйеге үйлесімді оқу-тәрбие жұмысын бағдарлау, қазақи ұлттық таным негізінде тәрбие беру, яғни, қазақ балалары үшін жаңа мазмұнды мектеп құру мәселелерін күн тәртібіне қойды. Қазақ зиялыларының оқу-ағарту саласына бағыттап жазған еңбектерінде әлеумет, халықтық рух, ұлттық болмыс мәселелері бірінші орында тұрғаны анық. Ағартушылық пен мәдениет, ғылым саласының өрісін кеңейтуде және ұлтты сауаттандырудағы оқу-ағарту ісінің кемшіліктерін жою бағытында ғылыми ізденістері көреміз. Қазіргі уақытқа дейін сол кездегі қазақ зиялыларының ғылыми шығармашылық еңбектерінің жоғары бағалануы – ғылымның алдыңғы қатарлы озық үлгілерінен білім беруді жүзеге асыру және білім қорын үнемі толықтырып отыру қағидаттарын басшылыққа алуында деп санаймыз.

Қазақ даласындағы оқу-ағарту жұмыстарының өзекті мәселелерін қазақ зиялылары өз кезеңіндегі бұқаралық ақпараттар құралдарында яғни, газет, журнал беттерінде үнемі жариялып, салалық барушы әкімшіліктерге пікірлерін білдіріп, осы саланы дамытуға және оған ерекше назар аудару керектігін айтып отырған. Бұндағы өзекті мәселелер ретінде біріншіден, қазақ бастауыш мектептерінің аздығын, екіншіден, қазақ мектептеріне арналған бағдарламалар мен оқулықтар және оқу кітаптарын баспадан шығару, үшіншіден, оларға білімді, арнайы даярланған жеке пән мұғалімдерінің қажеттілігі және олардың жетіспеушілігі, төртіншіден, заманауи білімді меңгеретін мұғалімдер даярлайтын оқу орынының қажеттілігін жүзеге асыруды талап етіп отырды.

XX ғасырдың бас кезі өзінің мемлекеттік қоғамының түрлі өзгерістерге ұшырауымен тарих қойнауынан өз еншісін алатыны анық. Бұл бастауы Ресейден тартқан үлкен державалық патша үкіметінің күйреуі оның орнына «жұмысшы табының ұйымдасуымен» құрылған жаңа ұранды, жаңа бағытты ұстанған кеңес үкіметінің орнығуы еді. Бүкіл әлемді дүрліктіріп орныққан кеңес үкіметі қазақ даласына да келгені анық. 1917 жылдың күзінде болған

өкіметтегі төңкерістер қазақтың зиялы қауымына да өзіндік ықпалдарын тигізді. Себебі, бұрынғы қоғамдық құрылымның орнына өзге қоғамдық құрылым пайда болды. Мемлекеттік құрылым жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап, жаңа қоғамдық құрылымдарды құру, жаңа бетбұрыс жасау идеялары орын алған тарихи кезеңдер келді. Осы уақытта яғни, 1917 жылы 20-23 мамыр аралығында Ташкент қаласында өткізілген мұсылман мұғалімдері съездіндегі халық-ағарту мәселесі бойынша ұлттық жүйе құру шешімдерін қабылданды. Съезге қатысушы жергілікті халықтың мұғалім өкілдері мектептердегі білім беру мен оқыту жұмыстарын ұйымдастыру шәкірттердің ана тілінде жүргізу жайында болу керектігін анықтап, бекітті. Съезд шешімінде қарастырылған тағы бір мәселенің бірі ол – білім берудің өзара бірлік сабақтастығын басшылыққа алу болды. Соның негізінен мектептік білім беру жүйесі үш сатыдан тұратынын анықталды: бастауыш мектепте білім алу 6 жыл болып белгіленді, онда тегін білім берілетін болды; Мектептер мемлекет, земстволық және қалалық өзін-өзі басқару ұйымдар тарапынан қаржыландырылатындығы келісіліп, шешілді; бастауыш білім алу жалпыға бірдей және міндеттілігі жарияланды [57].

1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін қарашаның 9-ыншы жұлдызында РСФСР Халық Комиссарлары Советінің «Халық ағарту істерінің мемлекеттік комиссиясын құру туралы» декрет жарияланды. Осы жылдың 11-ші қарашасында Кеңес Үкіметі атынан азаматтарды халық ағартудың жаңа жүйесінің негізгі қағидалық ұстанымдары белгіленді. Бұлар:

- мектептер ашу, халықты қысқа мерзім ішінде толық сауаттандыру;
- азаматтық білім беріп, ғылыми дүнитаным қалыптастыратын бір текті мектептерді құру;
- жалпы халыққа міндетті және тегін оқытуды енгізу;
- басты мәселелердің бірі – бастауыш мектеп мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын көтеруді қарастыру;
- жаңа мазмұндағы мектептерге мұғалімдерді даярлап шығаратын педагогика оқу орындарын ашу;
- халық ағарту ісіне бюджеттен жеткілікті қаржы бөлу;
- мәдени-ағарту жұмысының аясын кеңейту арқылы ересек адамдарды сауаттандыратын мектептерді ашу [58].

1917 жылдың желтоқсан айының 15 жұлдызында Кеңес үкіметі «Тәрбие және білім беру ісін халық ағарту Комиссариатының қарамағына беру» жайында қаулы қабылдады. Бұнда діни мекмелердің қарамағындағы барлық оқу орындары, соның ішінде бастауыш мектептер өздерінің бар мүлкімен халық ағарту Комиссариатының қарамағына өтті [59].

1918 жылдың мамыр айының 31-ші жұлдызында Халық ағарту комиссариаты ер балалар мен қыз балаларды бірге оқыту туралы қаулы жариялады. Бұл ұлттық шет аймақ халықтары үшін маңызды оқиға болды [5; -51 б.].

1918 жылдың қыркүйек айының 30-шы жұлдызында бүкіл РСФСР аумағындағы мектептерге арналған «Бірыңғай еңбек мектебі» жөніндегі ереже қабылданды. Ереже бойынша:

- ереже қабылданған күннен бастап барлық мектептер «Біріңғай еңбек мектебі» болып аталды;
- барлық мектептер халық ағарту комиссариатының құзырына өтті;
- мектеп екі сатылы болды (біріншісі – 5 жылдық 8-13 жастағы балаларға арналған. Екіншісі – 4 жылдық 13-17 жастағыларға арналған);
- мектептен білім алу тегін;
- ұл мен қыз баланы бірге оқыту;
- діннен сабақ беруді тоқтату т.б. мәселелер қарастырылған [60].

Қабылданған ереженің негізінде 1918 жылдың қазан айының 16-шы жұлдызында тағы екі құжат жарияланды: Біріншісі, «РСФСР-дің біріңғай мектебі туралы ереже» және екіншісі, оқу-ағарту істер Мемлекеттік комиссиясының «Біріңғай еңбек мектебінің негізі принциптері» декларациясы болды. Бұл құжаттарда кеңестік еңбек мектебінің негізгі ұстанымдық қағидалық бағыттары мен ұйымдастыру негіздері көрсетілді.

Халық ағарту мәселелері туралы Кеңес үкіметі қабылданған нұсқаулық ережелер бір бағытқа сәйкестендірілді. Бұл нұсқаулық ережелерде мектептің мазмұндық құрылымы мен міндеттерін және кеңес мектебіндегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жүйесін анықтап, бекітті;

- бастауыш мектеп, гимназия, реалді училище т.б. бөлу қысқарту;
- олардың орнына екі сатылы біртұтас еңбек мектебін енгізу;
- бірінші саты – 8-13 жастағы балалар үшін, оқу - 5 жыл;
- 9 жылдық оқу мерзімін белгілеу;
- ер балалар мен қыз балалар тегін оқыту;
- мектеп жасындағы балаларды міндетті оқыту;
- мектепте политехникалық білім беру;
- жоғары сынып оқушыларын шеберханада, фабрикада, зауыттарда, өндірістік шаруашылықтармен байланыстыра оқыту, еңбекке баулу;
- мектептің адамның еңбек өмірі мен байланысын арттыру;
- оқушылардың ізденушілік және шығармашылық әрекеттерін арттыру;
- мектеп ауласында тәжірибе жүргізетін егіндік жер телімдерін ұйымдастыру;
- мектепте дін сабағын жүргізуді тоқтату;
- оқушыларды жазалауға жол бермеу;
- оқушылар өз әрекеттерін басқаруға мүмкіндік алу, үйрену;
- оқушыларға жан-жақты тәлім-тәрбие беру, түрлі іс-шараларға қатыстыру т.б. мәселелер [5, 61]. Бұл мазмұндағы құжаттар Қазақ АКСР-на 1920 жылдан бастап күшіне ене бастады.

1918 жылдың қазан айының 31-ші жұлдызында РСФСР Халық комиссариаты «Аз ұлттардың мектептері туралы» қаулы қабылдады. Бұнда кеңестік үкіметінің құрамына енетін барлық ұлттарға өздерінің ана тілінде оқытатын екі басқышты бірыңғай еңбек мектептері мен жоғары оқу орындарын ашуға құқық берілді [5].

Қабылданған құжат Қазақ АКСР-ның құрамындағы қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек, қырғыз, тәжік, татар халықтарының бірыңғай еңбек мектебін дамыту

жұмыстарына мүмкіндік ашып, үлкен ықпал жасады. Қаулыға сай Орталық Атқару Комитеті мектептерде оқытуды ана тіліне көшіруді басшылыққа алды. Осы жылдың қараша айында «Түркістан мектептерінің құрылымы туралы ереже» жасалды. Бұл жасалған ережеде «Бірыңғай еңбек мектебінің негізгі принциптері» деген декларацияны басшылыққа ала отырып ұл балалар мен қыз балаларды бірге оқытуды ұйымдастыру мәселелерін Түркістан өлкесінде жүзеге асыру жолдары қарастырылды [62,61].

Қабылданған құжаттар негізінде барлық аймақтарда біртұтас еңбек мектептерін ашу туралы құқық берілді. Және мектепте оқытылатын пәндердің тізбегі мен мазмұндық жүйе-құрылымдарына да өзгерісте енгені анық. Мәселен, қазақ мектептерінде ана тілінен бастап орыс тілін, сондай-ақ арифметика, география, тарих, жаратылстану, сурет, ән-күй, т.б. пәндерді жүргізу және жаңа мазмұндағы сабақтар өтіле бастады. Қазақстанның Орталық, Солтүстік, Шығыс және Бастық кейбір аймақтарында жаңа мазмұнды қазақ мектептерімен қоса қазақ-орыс мектептері жиі ашыла бастады. Ал, Қазақстанның Оңтүстік облыстық аймағына енетін елді мекендерде қазақ, қазақ-орыс мектептермен қатар өзбек, ұйғыр мектептері де ашылды.

1918 жылы Ташкентте халыққа білім беру жөніндегі Бүкілресейлік съездің шешімдерін жете талқылап, Түркістан өлкесінің халыққа білім беру қызметкерлерінің съезі де өтті. Бұл негізінен орыс-қазақ 4 жылдық мектеп мұғалімдерінің бастары қосылған жиын болды. Съезде ресейлік – орыс тілінде жазылып, дайындалған оқу жоспары мен бағдарламаларын қолдады, жақтады және осының негізінде оқулықтарды мазмұндық тұрғыдан жаңарту қажетігі жайында басым пікірлер айтылды [61,62].

1919 жылдың наурыз айының 18-23-ші жұлдызы аралығында VIII съезд өтіп Коммунистік партияның болашаққа арналған бағдарламасы мақұлданып, 1917 жылғы оқу-ағарту жұмыстарына байланысты жолданған үндеуге және 1918 жылғы декларацияны басшылыққа ала отырып бірқатар міндеттер анықталып, белгіленген болатын. Онда:

- 17 жасқа дейін балаларды тегін және міндетті оқыту мен жалпы политехникалық білім беруді ұйымдастыру;
- балабақшалар ашу, балаларға қоғамдық тәрбие беруді жүзеге асыру;
- жас балалы аналарға қолдау көрсетіп, қамқорлық жасау;
- тәрбиеленушілерді мектепке дайындау;
- балаларды ана тілінде оқыту, бірыңғай еңбек мектебі принципін өмірлік тәжірибеде жүзеге асыру;
- мектепті діннен бөлу, дін сабағы жалпы мектепке жүргізуді тоқтату;
- барлық оқушыларды тамақпен, аяқ киіммен және оқу құралдарымен мемлекет есебінен қамтамасыз ету;
- коммунизм идеясын басшылыққа ұстанатын жаңа қоғамдық жүйенің өзегі болатын мұғалімдер дайындау;

- мектептерді коммунистік идея берік ұстанатын мамандармен толықтыру және қамтамасыз ету;
- жұмысшы-шаруа тобының өкілдерін өздігінен білім алуға ынталандыру, көмектесу;
- ересектер үшін сауаттандыру мектептер мен кітапханалар ашу және мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жүйелеу, жетілдіру;
- 17 жастан кәсіби білімге тарту, мамандық игеруге бейімдеу, баулу;
- жұмысшы-шаруа тобынан шыққан жастарға жоғары оқу орындарында білім алуына толық мүмкіндік жасау т.б. [63,64,65].

Осы 1919 жылдың наурыз айының 18-23-ші жұлдызы аралығында партияның VIII съезінде қабылданған бағдарлама нәтижесінде мектептердің, балабақшалардың саны өсіп және оқушылар мен балалардың да саны артты. Мысалы, Қазақ жерінде 1914-1915 оқу жылдарында 2006 орыс-қазақ бастауыш мектептерінде 105 мың оқушы оқып, білім алды. 1920-1921 жылдары 2410, бастауыш мектепте 144002 оқушыға жетті. Бұл алдыңғы жылдармен салыстарғанда мектептер 299-ға өсіп, оқушылардың саны 39 мыңға артты [66].

Жалпы қазақ съезі 1917 жылдың шілде айының 21 жұлдызы мен 26 жұлдызы аралығында Орынборда өткен болатын. Съезде Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарының өкілдері болды.

Съезд председателі Халел Досмұхамедов. Председателдің серіктері; А. Байтұрсынов, А. Көтібаров. Секреторы: М. Дулатов, А. Сейітов. Съездің бағдарламасында қаралып қаулы еткен мәселелердің бірі: Оқу мәселесі. Съезд қаулысында: I. Жалпы міндет. 1.Бастауыш оқу аса қажет. 2. Бастапқы екі жылда оқу баланың ана тілінде болсын. 3. Мектеп кітаптары болсын, өзге баспасөздер болсын, бәрі де «Қазақ емлесінен жазылсын» - деп бекіткен болатын. 1917 жылғы «Қазақ» газетінің 21 қарашадағы номерінде «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы ұсынылды. Сол бағдарламаның IX-бабында: «ғылым, білім, үйрету; халыққа білім беру бүкіл халықтың байлығы ретінде тану. Оқу орындарының барлық түрлерінде білім беру тегін болу. Бастауыш мектептерде оқытуды ана тілінде жүргізу. Қазақтардың ана тілінде орта оқу орындары, университеттері болуы тиіс. Оқу орындары оқу ісіне өкімет араласпау, ел ішіне кітапханалар ашу, ...» [67].

Жаңа қоғамдағы халыққа білім беру ісінде оқу-ағарту жұмыстарын жаңа жүйеге үйлесімді етіп құру жағдайында мектептің мазмұндық құрылымдары мен сатылық жүйесін қайта қарау және анықтау басты міндеттердің бірі болғандығы анық. Социалистік жүйедегі кеңес үкіметінің алғашқы күннен халыққа білім беру ісін жаңа қоғам мүддесіне лайықты етіп құру басшылыққа алынды. «Бастауыш мектеп – білім беру жүйесінің алғашқы сатысы. 1917 жылға дейін Қазақстандағы білім берудің бағыттанына сәйкес бастауыш мектептердің құрылымдық жүйесі әртүрлі болды. ...Олардағы оқу мерзімі 1-2, 3-4, 5-6 жылдық еді. 20 ғасырдың 30-жылдарынан бастап Кеңес Одағы елдерінде жаппай міндетті бастауыш білім беру ісі қолға алынды. 1919 жылдан жұмыс істеген 2-3 жылдық бастауыш мектептер 1941 жылдан 4 жылдық болып өзгерді. Сол кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға

байланысты халықтың көпшілігі үшін бастауыш мектептегі білім беру жүйесінің алғашқы әрі соңғы сатысы ретінде қызмет етті» [68].

Халықтың кең қолдауына ие болу үшін оқу-ағарту жұмысын жаңа жүйеде құру арқылы білім беруді ұйымдастыру маңызды әлеуметтік шара ретінде большевиктер түсінді. Оқу-ағарту жұмыстарының жаңа мемлекеттік құрылымға үйлесімді құру және саяси-идеологиялық жолда мектептің жаңа қоғам үшін маңыздылығын ескеріп, 1917 жылдың қараша айының 9-шы жұлдызында «Мемлекеттік білім беру комиссиясын» құру жайындағы жарлық шығарып, бекіту арқылы халықтық білім беруді жалпы басқару және халықтық білім беру туралы заң жобаларын әзірлеу тапсырылды [69].

Халық ағарту бөлімдері кеңестік атқару комитеттерінің құрамынан жаңа қоғамдық құрылымға негізделіп отырып қайта құрылды. Халық ағарту бөлімдерінің жұмыс мазмұнына мәдени-ағарту бағыттағы оқу-тәрбие жұмыстарының жаңаша міндеттерін жүзеге асыра отырып социалистік қоғамды құру мақсатында халықтың сауаттылығын арттыру, мектеп ісі, мектептен тыс білім беру мекемелері мен жаңа идеологиялық бағытта үгіт-насихат пен тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып, ұштастыру болды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қолға алынған мәселелердің бірі - сауатсыздықты жою болды. Сол себептен де 1918 жылы қыркүйек айында Бүкіл Кеңестік халық комиссарлары құрамындағы ұлттар халық-ағарту комиссариатының қазақ бөлімі мұғалімдерінің бірінші съезі шақырған болатын. Бұл 1918 жылғы шақырылған съезде «Шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден айыру туралы» декрет қабылданды: «Мектеп шіркеуден бөлу. Жалпы білім беретін пәндер оқытылатын барлық мемлекеттік және қоғамдық мектептерде мен жекеменшік оқу орындарында діни нанымдық-сенімдерді оқытуды тоқтату». Осыған орай 1918 жылдың қаңтар айының 21-ші жұлдызында «Шіркеуді мемлекеттен және мектептерді шіркеуден бөлу» туралы қабылданған декрет мектептердегі діни-танымдық білім негіздерін оқытудан бас тарту жүзеге асырылып, азаматтық білім беру жүйесі жалпы білім беретін мектептерде толық ендірілуі бастау алған кезең болды [70]. Шіркеулер мен мешіттер және осы жүйені ұстанатын басқа да мекемелер жабылып діни-танымдық білім беретін мектептер өз жұмыстарын тоқтатты. Халықты діни-танымдық болмысынан айыру жайындағы жұмыстар жүзеге асырыла бастады. Осы қабылданған декрет аясында жаңа мазмұнға ие болған кеңестік жүйеге негізделген мектептер құрыла бастады. Бұл бағыттағы жұмыстарды жүргізуге әр өлке өз құжаттарын жасады. Мәселен, 1918 жылы наурызда Түркістан өлкесінің Халық кеңесінің өзінің декретін жариялап, Түркістан өлкесінде халыққа білім берудің өлкелік кеңесін ұйымдастырып, халық ағарту жұмыстарын жүзеге асырудың жоспарын құрды [61].

Қазақ шәкірттері үшін ауылдық және болыстық ұлттық мектептер құру және ондағы оқу-тәрбие жұмыстарын жаңа қоғамдық құрылымның жаңа принциптеріне үйлесімді ұйымдастыру, мектеп жанынан балалар үшін жатақхана, демалыс үйлері мен лагерлер, кітапхана т.б. оқушылардың жетік білім алуы үшін толық жағдай жасау мәселелері де қарастырылып,

талқыланды. Мұғалімдер даярлайтын семинариясын ашу, мектептен тыс білім беру мекемелерін ұйымдастыру туралы пікірлер айтылған.

Съезд қаулысында:

- РСФСР Ұлттық Халық комиссариатының қазақ бөлімін Бөкей бөлімшесіне бағындыру және мектеп ісіне дін қызметкерлерінің арласпауы;
- Жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру енгізу. Мектепте бала саны 50 болатын жаңадан 550 ұлттық мектеп ашу. 1918 жылы ашылатын мектептерге қаржы бөлу және оған 3 адамнан тұратын /С. Меңдешов, Г. Бегалиев, т.б./ комиссия құру, оның 90-ын осы жылы ашу;
- 1918 жылдың қыркүйек айының 23 жұлдызына дейін 6 апталық мұғалімдер курсы өткізу /50 мұғалім/ үшін лекторларды шақыру;
- Қазақ ұлттық мектептері үшін оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу құралдарын жазуды қолға алу және оған 4 адамнан тұратын комиссия құру;
- Мектептерде оқыту жұмысын ұйымдастыруға қолданатын техникалық көрнекі құрал ретінде - 2 кинематограф алу және оларды жылжымалы түрде пайдалану;
- Далада 30 жылжымалы кітапхана – оқу залы ашылсын;
- Мұғалімдер үшін журнал шығарылсын, т.б. с.с. [71].

Кеңестік қоғам құрылымының қалыптасу кезеңдерінде қазақ зиялылары жалпы заңға бағына отырып бірыңғай оқу-ағарту жүйесінде қазақ мектептерінің қалыптасу жүйесінің дербес мектеп түрі – «ұлттық мектеп» құру және ашу мәселелерін басты міндеттердің бірі ретінде қарастырғандығы анық. Жаңа жүйеде қазақтар арасында құрылып жатқан мектептер ұйымдастырушылық және құрылымдық жағынан бір тектілікке жақын келгенімен де қазақ мектептері үшін жазылатын оқу жоспарлары мен бағдарламаларының ерекшелігі – ана тілін /қазақ тілін/ білім мен тәрбиенің басты тілі және құралы ретінде басшылыққа алу. Себебі, қазақ мектептеріндегі педагогикалық процесті ана тілінде ұйымдастыру мен жүзеге асырудың басты ұстанымында білім беру мазмұнында ұлттық салт-сана мен мәдениеттің негіздерін кеңінен қолдануын жүзеге асыру. Ұлттық болмысты бейнелейтін қазақи салт-дәстүрлер мен ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылық мәдениеттің негіздерін дидактикалық оқу материалдары ретінде пайдалануды талдап, сұрыптап, жүйелеу. Ондағы оқытудың мақсаттарын ұлттық тәрбие берудің бағыттарымен сабақтастыру арқылы білім беруді ұйымдастыру мен жүзеге асыруда біртұтастық байланыста іске асыру керектігіне мән берілгендігін көреміз.

Халық-ағарту жұмыстарын жаңа жүйе бойынша дұрыс жолға қойып дамыту үшін басты қажеттіліктердің бірі – кәсіби мұғалім мамандарын дайындау және қайта даярлау болды. Өйткені, жаңа қоғамдық жүйенің сұраныс-талаптарына және ондағы оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұндық ерекшелігін басшылыққа алатын ғылыми-әдістемелік дайындығы бар мұғалімдер тапшы болды. Арнайы дайындығы жоқ мұғалімдерсіз социалистік құрылымдағы кеңес қоғамына негізделген мектептерді құру жүзеге аспайтындығы анық. Келесі бір себеп – азаматтық соғыстың өріс алуы еді.

Бұндай қоғамдық әлеуметтік жағдаяттар Қазақстанның түрлі аймақтарындағы мектептердегі білім беру мен оқыту жұмыстарына кері әсерлерін тигізгендігі анық. Мәселен, «1918-1919 оқу жылында осы аймақта (Семей) 154 орыс мектебі, 125 ауыл мектебі және орыс-қазақ мектебі /училищесі/ - барлығы 279 мектеп жұмыс істеген. Ал, 1919-1920 оқу жылының басында 89 мектеп жұмыс жасаған [71].

1919 жылдың қаңтар айында шақырылған мұғалімдердің екінші съезінде білім беру мен оқытуды заманауи талаптарға сай ұйымдастыру бағытында материалдық техникалық базасын жетілдіру, мұғалім мамандардың кәсіби мүмкіндіктерін арттыру, ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жаңаша дамыту арқылы сауатсыздықпен күресті жүзеге асыру мәселелері кеңінен қарастырылды.

1920 жылы сауатсыздықпен күрес жұмыстарын нәтижесі оң бола бастады. Бұндай жетістікке негіз болған ол: Халық Комиссарлары Кеңесінің 1919 жылғы желтоқсан айының 26 жұлдызында мақұлдап, қабылдағын «РСФСР халықтары арасындағы сауатсыздықты жою туралы» декреті болды. Декретте 8 жастаға балалар мен 50 жасқа кірген ересек адамдар арасындағы сауатсыздықты қазақ тілінде немесе орыс тілінде мемлекеттік мектептер арқылы жою және жазу-оқуға үйретуді жүзеге асыру мәселесі қарастырылып, бекітілген болатын. Сондай-ақ, декретте төмендегі қағидаларды басшылыққа алып жұмыс жүргізуді ұсынған: «32 әріпті танитыны, 20 әріпті танитынды, 20 әріп танитыны 10 әріп танитынды, ал 10 әріп танитыны әріп танымайтынды оқытсын» деген өсиетін басшылыққа алуда. Бұндай жұмыстардың ұйымдастырылуы мен жүргізуілуін және уақытын жергілікті Кеңестер құзырына берді. Халық ағарту комиссариатының келісімен жергілікті басқару Кеңес органдары жаңаша хат танитын адамдарды сауатсыздықты жою жұмысына тартты [72,73].

Халықтың мүддесі үшін жаңа қоғамдық бағытта жаңаша хат танып, жазу-оқуды үйрету жұмыстарын реттеуге – Халық ағарту комиссариаты мен жергілікті кеңестік басқару әкімшілігінің арнайы бұйрық немесе нұсқаулықтарын және мемлекеттік деңгейдегі құжаттарды басшылыққа алғандығы негіз болады. Ал бұндай күрделі және идеологиялық маңызға ие жұмыстарды өмірлік тәжірибеде жүзеге асырушылар – халық ағарту саласында қызмет атқарған қазақтың көрнекті зиялы қауымы еді.

Бұл бағыттағы ауқымды жұмыстың нәтижелі болуына жергілікті халықтың түсінушілік қалауы мен білім алуға деген өзіндік ниет-көңілдерінің болуыда ерекше орын мәнге ие болды. Мәселен, Ә. Сембаев: «Бір ғана Темір уезінің өзінде не бары бір айдың ішінде 1920 жылғы қаңтарда – халықтың өзінің бастауымен 40 шамалы мектеп ашылған екен», - деп келтіреді зерттеулерінде [5].

1920 жылдың шілде айында сауатсыздықты жоюға арналған комиссия құрылып, осы жылдың қазан айының 4-ші жұлдызында Орынборда «Қазақ АКСР кеңестерінің төтенше құрылтай съезін» өткізіп, мәлімдемелер жасап, қаулы қабылданды. Онда:

- қазақтың еңбекші-шаруа тобы өкілдерінің білім алуына қолайлы жағдай жасап, шаруалар мен жұмысшы қауымға және жалпы бұқара халықтың толық, әрі қолжетімді және тегін білім беру алуын міндеттеу;

- жалпы халықтың сауатсыздығын жою және жастардың толық дамуына ықпал жасап, физиологиялық денсаулығының жақсы әрі рухани болмысының қоғамдық-әлеуметтік ортаға үйлесімді дамуын қамтамасыз ету міндеттерін басшылыққа алу [5, 61, 74].

Сол кезеңдегі қазақ зиялыларының Қазақстандағы бастауыш білім беретін мектептердің құрылымдық мазмұндарын жаңа заманауи талаптарға үйлесімді құрулары арқылы және халықтың талап-тілегінен, сұранысынан шығатын білім жүйесін құра отырып, оқу-ағарту мен мәдениет жұмыстарын мазмұнды және жүйелі жүргізіп жаңа ашылған «ұлттық мектептердің» дәрежесін көтеруге үлкен үлестерін қосып, бұл тұрғыдағы мектептердің маңыздылығын көрсетіп, көтере білді.

XX ғасырдың бас кезіндегі патшалық Ресей кезеңінде және кеңес өкіметінің бас кезеңінде де қазақ мектептерінде оқу, баланың ана тілінде болу мәселесі және оны дамуының басты мақсат пен міндеттері ретінде орын алды. 1926-1927 оқу жылында кейбір қазақ мектептерінің тіпті бесінші топтарында ана тіліндегі оқулықтар мен қажетті оқу кітаптардың және арнайы дайындығы бар қазақ мұғалімдерінің жетіспеушілігінен сабақтар орыс тілінде жүргізілді.

Түрікшілердің I құрылтайында «Ана тілін» оқытуға байланысты қабылдаған қарарға енген баптар:

1. Ана тілін үйрену жағын жақсылау үшін түрік жұрттарының әр тілі анық танылуы керек. Тіл іліміне жетік білімпаздар шығару үшін оқытушы даярлайтын орта мектеппен жоғарғы мектептердің тіл сабақтары елеулі орын алу керек.

2. Бірінші басқыштағы мектептерде тіл сабағы жүзінде халық әдебиеті басым болуы керек.

3. Екінші басқыштағы мектептерде тіл сабағы жүйелі ілім түрінде өз алдына оқытылуы керек.

4. Әдебиет 2-ші басқышта әлеуметтану ілімімен бірге кез-келген түрде де, жүйеленіп, әдебиет тарихы түрде де оқытылуы керек. Тарих түрінде оқылғанда ана тілінің әдебиетінен басқа ағайын жұрттардың әдебиеттерімен таныстыру керек.

5. Тіл білімі ереже жаттау түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрінде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағына, жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеуге тиіс – деп қарастырған болатын [75,76].

1926 жылдың мамыр айында Қазақ АССР Халық Комиссарлар Кеңесі «Қазақ АССР бірыңғай еңбек мектебінің жарғысын» қабылдады. Мектеп құрылысында бір жылдық және екі жылдық мектептердің үлес салмағын төмендету және «үш жылдық» пен «төрт жылдық» мектептердің санын арттыру бағыты алынды [77].

Бұл мектептерді ашу ісі жайында: «Бұрын Николай заманында бірнеше жыл ізденіп, шығынданып ашатын школды Кеңес үкіметі өзі-ақ ашындар деп

ұран шақырып отырғанда, халықтың үндемей отыруы – зор айып, күнә. Бұл жұмысты аяққа бастырып, орындап, ел арасындағы оқығандардың, учитель, мұғалімдердің мойындарындағы зор міндет. ... школдың керек-жарағына міндетті болып, жергілікті оқу бөлімдерімен договор жасап, школ ашу керек. Бұл қалыпта ашылған школдардың оқыту, балаларға тәрбие беру тәртіптерін сырттан оқу бөлімдері бақылауға тиіс... Оқу құралдарын: кітап, қағаз, қалам, секілді нәрселерді жергілікті оқу бөлімдері алуы тиіс. Жоғарыда айтылған бойынша школды бір ауылнай не бір болыс ел болып ұйымдасып ашпаса, жеке бір кісі, яки бірнеше кісі ел болып ашуға болмайды. Себебі, ондай школдарды ашушылар меншіктеніп, оқу-тәрбие жұмыстарын өздерінің дегенінше жүргізуге тырысып, үкіметтің школдар хақында шығарған жобаларын, тәртіптерін қолданбасы мүмкін. Сол үшін жергілікті оқу бөлімдері бұл жұмысқа өте шұғыл қарауы керек» - деп түсіндірілген болатын [78].

1928 жылы қаңтар айының 24 жұлдызында латын қарпіндегі әліппені мемлекеттік әліппе деп жариялау және бұл әліппеге көшу мерзімі белгіленді. Барлық мемлекет құрылымдары, кооперативтер және басқа мекемелер үшін – 1929 жылғы 1 қыркүйек; барлық газеттер мен журналдар және басқа оқу орындары үшін – 1930 жылғы 1 қаңтар; мектептер және басқа оқу орындары үшін – 1931/32 оқу жылдары аралығында көшірілуі анықталды [79].

Халық арасында жаңаша білім беру бағытымен мәдени жұмыстарды ұйымдастыру мен әлеуметтік ортада сапалы және мазмұнды жүруіне басшылық ету үшін жергілікті оқу-ағарту бөлімдері құрылып, халықпен үздіксіз қарым-қатынаста болып, оқу-тәрбие беретін мекемелердің: оқу үйлерін, кітапханаларды, сауатсыздықты жою мектептерін, ересек адамдар үшін қысқа мерзімді оқу курстары ұйымдастыру мен өткізуді жүзеге асырып отырды. Халықтың ана тілінде білім алып оқу-ағарту бағытындағы мәдени танымдарын арттыруда және қазақ балалар үшін ұлттық мектептердің ашылуының көптеп ашылғандығы шындық болатын. Мысалы, «1921-1929 жылдар ішінде Қазақстандағы бастауыш сынып оқушылар қатары 172 мыңнан 277 мыңға, оның ішінде қазақ балаларының саны 37,9 мыңнан 39,8 мыңға көбейді» [80].

Жоғары да келтірілген мұрағаттық деректерде қазақ оқушыларының артуы өз кезегінде біршама қиындықтарды тудырғандығын көрсетеді. Мектепте білім алушы балалардың санының артуы – мектептердің жетіспеушілігіне алып келді, сондай-ақ бар мектептердің оқу сыныптарының аз болуы және мектептердің талаптық ережеде салынбағандығы да оқу-тәрбие жұмыстарының толық жүруіне көптеген келеңсіз жағдайлар жасағандығы ақиқат. Бұл мектептердегі пән сабақтарының толық өткізбеуіне себеп болды. Өлкеде немесе аймақтардағы мектептердегі оқыту жұмыстарын тоқтатпас үшін жеке үйлерді жалға алды және кейбір мектептердің сыныптық жеке оқу бөлмелерінде үш ауысылымдық сабақтар жүргізілді. Ал кең, әрі жарық, жақсы салынған ғимараттарды әскери немесе әкімшілік басқару бөлімдері иеленген болатын. Сонымен бірге, азаматтық соғыстың салдарынан халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуі де ықпал етті. Оқу-ағарту саласының қарқынды жүруіне қарамастын оның сапалық мазмұнына кері әсер жасаған

салдардың бірі ретінде – оқу құралдарының, кітаптардың т.б. жетіспеушілігі оқушыларды толық қамтуға мүмкіндік бермеді. Осындай себептен мыңдаған бала, оқушы ретінде мектепке қабылданбай қалды. 1929 жылдың аяғында кейбір аймақтарды 1 басқыш мектептерді оқушылардың көрсеткіші 40 пайызды құраған болатын. Яғни, мектепке қабылданбаған балалар мен жасөспірімдердің есебінен сауатсыздар қатары артып отырды. Оның тағы басты себептерінің бірі ретінде қарастырылатын мәселе ол – 1929 жылғы білім беру мен оқытудағы жұмыстарын «Жалпығы бірдей міндетті білім беруді» бір орталыққа бағындыру заңы мен қазақ жазуын латын қарпіне көшірудің саяси-идеологиялық науқаны басымдық орынға ие болған тарихи кезеңнің орын алуы еді. Бұл уақытта кеңестік өкіметің басқару-әкімшілік жүйесінің билікке нық беки бастаған болатын. Соның салдарынан социалистік жүйедегі кеңестік қоғамның қанат жаюы арқылы барлық халықтарды Ресейдің орталығынан яғни, Мәскеуден басқарылатын бір мемлекеттік құрылымға кіргізу орын алған. Мемлекеттік саяси-идеологияның аясында қазақтарды латын жазу қарпіне көшіру – «қазақ жазуы» /1915 ж. А. Байтұрсынов реформалаған/ аталған төте оқу жүйесімен қалыптасып, дами бастаған оқу-ағарту саласындағы мәдени жұмыстарын керексіз етіп, латын қарпімен сауаттандыру жұмыстарының орын алған кезеңі еді. Бұл қазақ ұлтына жасалған зұлымдық ретінде орын алды. Бұған қазақ зиялылары да өздерінің наразылықтарын білідірген болатын. Дегенмен де, оқыған қазақтар арасында да идеологиялық саяси түсініктерде келіспеушіліктер мен қарама-қайшы пікірдегі өзара талас-тартыстар кеңінен орын алып тұрды. Өкінішке орай, бұл тартыстардың соңында көптеген қазақ зиялылары себепсіз және өтірік жала жабылу арқылы саяси құрбандыққа ұшырады. Ұлт мәселесін көтерген оқымысты – ғалымдар мен саяси белсенділерді кеңес өкіметіне қарсы, «халық жаулары» деген атпен сотталды.

А. Байтұрсыновтың араб таңбаларын қазақтың тілдік дыбысталу және жазу емле, ережелеріне үйлесімді етіп жасаған «төте оқу мен жазу» қазақ әліппесінен латын қарпіне негізделіп жасалған әліппе негізіндегі оқу мен жазуға көшуге қарсы болды. Себебі, неше ғасыр бойы түркі жұртының 90 пайызы араб әрпін оқу-жазуға пайдаланып келеді және мұсылмандық дүниетанымның өзегі ретінде орын алған қаріп – құралы. Осы мұсылмандықтың өшпес құнды белгісі болған жазу таңбалары арқылы қалыптасқан мәдениеті бар және одан айыру халықты рухани құнды болып табылатын мұраларынан алшақтату, жаппай сауатсыздыққа ұшырату деп түсініп, араб әріпінің негізінде жасалған әліппені сақтап қалудағы пікірлерін білдіріп, латын жазуына көшуге қарсы болды.

Әліппеге және жазу-оқу таңбасына қатысты ғылыми бағыттағы пікір таластары 1922-1928 жылдарда кең өріс алды. Қазақстандағы көрнекті зиялы қауым өкілдері екіге бөлінді – олардың бір тобы араб жазуы таңбасындағы әліппені «төте оқуды» қалдыруды жақтағандар болса, екінші тобы латын жазу таңбасындағы әліппеге көшуді қолдаушылар болды. Сол уақыттағы елімізде шығатын журналдар мен газеттер «Төте оқу», «Жаңа мектеп» т.б. баспа

құралдарының беттерінде латын жазуын алуға қарсылардың да, оны қолдаушылардың да мақалалары жарияланып тұрды.

Сол кездегі оқу-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізудегі мектеп мәселесі және ондағы оқу тілі жайында түрлі ой-пікірлер газет, журнал беттерінде жарияланып жатты. Мәселен:

1. Оқу тілі оқушының ана тілінде болсын деген жолын ұстау, қазақ мектептерінің оқу жұмыстарын қазақ тілінде құру.

2. Қазақ тілін зерттеп, емшелері мен ережелік заңдылықтарын жетілдіріп, ғылымға ие бола алатын мәдениетті тіл ретінде жасап шығару.

3. Осы бағытпен бастауыш мектептен және жоғары дәрежелі мектепке дейін қажетті оқу құралдарын, кітаптарды қазақ тілінде дайындау.

4. Бірінші басқыш мектебі қазақ тіліндегі кітаптармен жабдықталған оларды мазмұн, құрылымдық тұрпат жағынан дамытып, өңдеу қажет.

5. Екінші басқыш мектептер үшін қазақ тілінде кітап дайындау ісін жеделдету.

6. Кейбір пәндер оқытушының жоқтығынан, я қазақша оқу құралдарының жоқтығынан орыс тілінде оқытылса, қазақша кітаптарды да қарап, танысуға оқушыларға беріп отыру.

7. Қазақ мектебі оқушыларға орыс тілін жақсы үйретіп шығарған уақытта ғана толық кеңес мектебі бола алады... Қазақ мектептерінде орыс тілі міндетті пән болып, берік орын алуға тиісті.

8. Мұнымен қатар, орыс мектептерінде қазақ тілі де міндетті пән ретінде оқытылсын... Орыс мектептеріне лайықтап кітаптар жазылып, бағдарлама, оқыту жоспарлары түзілсін.

9. Қазақстандағы күншығыстық әр ұлттар мектептерінде оқу сол ұлттардың өз тілінде болсын. Бұл мектептерде орыс тілі міндетті пән ретінде оқытылсын. Батыстық аз ұлттар (украин, неміс, т.б.) мектебінде оқыту бұл ұлттардың өз ана тілінде болып, қазақ тілі міндетті пән ретінде оқытылсын деген бағыттағы ой-пікірлер айтылған болатын [81].

Бір оталыққа бағындыру саяси-әкімшілік жүйенің орныға бастауын және оның ықпалының күш алғандығын төмендегі мәліметтерден байқауға болады. Мәселен, 1930 жылдың қаңтарында өлкелік партия комитеті Оқу комиссариатының атқарған жұмыстарының талқылап, қаулы бекітті. Онда оқу-ағарту саласындағы кемшіліктерді жою мақсатында орындалатын міндеттер анықталды:

1. Қазақ бастауыш мектептеріне арналған оқулықтар шығару және мұғалімдердің біліктілігін жаңа жүйеге сәйкес арттыру;

2. Мектептегі оқу-тәрбие жүйесінің қалыпты жұмыс жасауына жағдай жасау, мүмкіндігін арттыру;

3. Аудан және халық көп орналасқан, адам саны көп өлкелік орталықтарда төрт жылдық қазақ мектептерін ашу;

4. Сауатсыздықпен күресті арттыру және жасөспірімдердің сауатсыздығын жою үшін арнайы бір жылдық мектептер ашу басшылыққа алынды.

Жиынның қаулысында бекіткен мәселелерді орталық басшылығының рұқсатынсыз ешбір жұмысты іске асыра алмайтындығы көрініп тұр. Мысалы, қаулы құжатында бастауыш білім беру жұмыстарын ұйымдастыру мәселесі аса қажеттілігі бар іс ретінде нақтыланып, көрсетілгенімен де, бірақ, жүзеге асыруда жалпыға бірдей бастауыш білім беру жұмыстарын бастау туралы нақты айтылмаған. Тек бұндай әлеуметтік-халықтық өзекті мәселе тек 7-8 айдан кейін Орталық басқарудың жұмыс тәртібіне қойылды және оның жүзеге асуы барысында атқарылатын міндеттер анықталып және орындалуға тиісті жұмыстары нақтыланды.

БКП(б)-ның 1930 жылдың 26-маусым мен 13-шілде аралығында өткізген XVI съезінде жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу мен сауатсыздықты жоюды басты міндет деп нақтылады.

Жергілікті тұрғындардың көмегімен Қарқаралы аумағында 70-ке жақын бастауыш мектеп ашылған. 1931 жылдың күзінде бұл аймақтағы 6911 мектеп жасына келген баланың 5529-ы мектепке оқушы ретінде қабылданып, қалған 1382 баланы оқытуға арнайы 56 мұғалімді даярлайтын курстар ашылған. Жаңа оқу-ағарту саласындағы басты міндеттердің бірі - бастауыш білім беру жұмыстарын 1932 жылы аяқтау болжамдалған [82].

1930 жылы 27-тамызда Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті мен Халық комиссариатының кеңесі «Жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуды енгізу» қаулысын бекітті. Қаулы 1930-1931 оқу жылынан бастауыш білім беруді адам саны көп, тығыз орналасқан жерлерде немесе қалалық немесе аудандық орталықтарды яғни, отырықшылық басым елді мекенде күзде бастауға, адам саны аз және көшпелі өмірге бейім аймақтарда 1931 жылдың көктемінен бастау анықталып, нақтыланды. 8-10 жастағы балаларды төрт жылдық бастауыш мектепке, ал, 11-15 жастағыларды, егер бұрын бастауыш білім алмаса, екі жылдық немесе бір жылдық мектептің арнайы курстарында оқытуға тарту керектігі айтылды. Бастауыш мектеп жұмысының мазмұндық сапасын жақсарту мақсатымен бір жылдағы оқу күні 225 – күн болып белгіленді. Міндетті бастауыш оқуды жүзеге асыруға Халық комиссариатының кеңесі, Оқу комиссариатының, кәсіподақтардың, өлкелік партия комитетінің үгіт-мәдениет бөлімінің, комсомолдың, өлкелік колхоз одақтық тұтынушылар қоғамының, «саужой» комитетінің өкілдері бірлесіп, бір бағытта жұмыс жасайтындығы анықталып, бекітілген болатын. Жергілікті жерлерде де осындай комитеттер құру қарастырылды. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы балаларға мемлекет есебінен тегін оқулықтар, жазу құралдары, киім-кешек беру. Жергілікті кеңестердің атқару комитеті ауылдағы ескі үйлерді мектепке бейімдеп алу немесе жаңа мектеп үйлерін салу, мектеп кеңейту міндеті қойылды, мектеп үшін жеке меншіктегі үйлерді жалға алуға рұқсат берілді [82].

Кеңестік үкіметтің 20-30 жылдары кезеңінде бастауыш білім беруді дамыту қоғамдағы саяси-идеологиялық және күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайда жүргізілді. Ауылдық елді мекендердегі қазақ мектептері ерекше қиындықтарға ұшырады. Шағын кешенді жинақталған мектептердің өзінде бастауыш сыныптардың толық болмауы мен

жабдықтардың жетіспеушілігі педагогикалық үдерісті талаптық деңгейде ұйымдастыру мен өткізуге кері әсерлерін тигізді, соның себептерінен мектептер толыққанды жұмыс жасамады, мектеп мұғалімдерінің кетуіне және балаларды оқуға тарту жұмыстарының тежелуіне алып келді. Бұл айтылған ой-пікірлердің шынайылығына 1934-35 оқу жылында ауылдық елді мекендердегі оқушыларды мектепке тарту және сыныптарды толтыру жұмыстары төмендегі келтірілген деректік мәліметтермен негізделеді:

Кесте 1

Мектептер	1 сыныптар	2 сыныптар	3 сыныптар	4 сыныптар
Қазақ мектептері	27,5 %	19 %	23,3 %	13,5 %
Басқа да	29,6 %	22,5 %	23,5 %	21,5 %

Жалпы білім беретін мектеп сыныптарының оқушылармен толық қамтылмауы мен қатар, шағын кешенді жинақталған бастауыш мектептердің, әсіресе қазақ тілінде оқытатын мектептерінің саны жайында мәліметтер төмендегідей келтірілген. Мысалы, Республиканың 4 облыстық аймағы бойынша: Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстанда жалпы деректер бойынша 24,3% - бір жылдық, 47,8% - екі жылдық, 16,8% - үш жылдық және 11,1% - төрт жылдық бастауыш мектептер жұмыс жасаған.

Мектеп жасына енетін барлық балаларды, жасөспірімдерді жалпыға бірдей міндетті оқытуға тарту мен шұғыл арада іске асыру және ересектер арасындағы сауатсыздықты жою мәселесі жалпы мемлекеттік маңызы бар науқанға айналды, әрі күн тәрбіндегі шешілуге тиісті басты міндет ретінде орын алды. Себебі, сауаты бар адамдарға ғана жаңа қоғамдық құрылыстың мазмұнын түсініп, осы бағыттағы түрлі ақпараттарға қол жеткізіп, саяси-идеологиялық тұрғыдан берік түсініктерін қалыптастыра алатындығын іске асыру болды. 1930 жылы КСРО Коммунистік партиясының XVI съезі жалпыға бірдей міндетті бастапқы оқытуды және сауатсыздықты жоюды «әскери» міндет деп таныды [83].

Қазақ Автономиялық Республикасының оқу-ағарту ісін жаңа қоғам жүйесінің бағытында құру жұмыстарының негізінде мектеп пен орта оқу орындарының құрылысын дамыту және жоғары оқу орындары үшін педагог мамандарды да дайындауды, Республикаға мамандар жіберудің қажеттілігін негіздеген 1933 жылдың қыркүйек айының 2-ші жұлдызында Республиканың Орталық Комитеттік партиясы мен КСРО ХКК-нің «Қазақстан үшін кадрлар даярлау туралы» қаулы қабылдап, жүзеге асырды. Осы қаулының негізінде 1939-40 жылдары Қазақ АКСР-да 44 мыңнан астам педагог-мамандар жұмыс жасады [64].

1930-31 жылдардың соңында республикада 5 мыңнан астам педагогтар мен басқа да өнеркәсіп бағыты бойынша арнайы мамандар даярлайтын 120 орта және арнаулы кәсіптік оқу орны болды. Республикадағы жазу

карпіптерінің реформалануларына қарамастан жалпы халықтың сауаттылық деңгейі 1939 жылы 65% - болса, соның ішінде тек қазақтардың сауаттылық деңгейінің үлесі 49 % - ды құрады. Алматы, Қарағанды, Әулие-Ата /Тараз/, Шымкент қалалары, Риддер, Қарсақпай, Степняк өнеркәсіптік кенттерінің халқы толық сауатты аудандар ретінде танылды. 1926 жылдан басталған сауаттылықты іске асыру жұмыстарын 1939 жылдың соңы 1940 жылдардың басындағы сандық статистика мәліметтерімен салыстыра отырып өсімнің деңгейіне 9-49 жас аралығындағы халықтың сауаттылығы 25,2% - дан 83,6% - ға дейін артқанын көрсетеді. 1940 жылы Қазақстанның халықтық білім беру саласында 5,3 мың адам жұмыс жасады, ал жеті жылдық және бастауыш мектептердің 1,8 мың жетсе, орта мектеп 700-ге жуықтады[84].

Осы бағыттағы бізге дейінгі зерттеулерде білім беру жүйесінің тарихи дамуындағы орын алған ойлар жайындағы ғылыми еңбектерде балалардың мектептегі оқуға қатысулары туралы мәліметтерде беріліп келді. Мәселен, А.К. Игибаеваның «История педагогической мысли и образовательной системы» еңбегінде:

- 1931-1932 жылдар аралығындағы ашаршылық салдарынан балалар саны азайып, жетімдер саны артты.

- 1932 жылдың күзінде 68 мың бала жетімдер үйіне орналасты.

- 1933 жылдың қаңтар айының 1-ші жұлдыздағы есеп тіркеуі бойынша 145 мыңнан астам панасыз қалған балалар тіркелді.

- 1932 жылғы ашаршылықтың алғашқы кезеңінде Шығыс Қазақстан облысының аймағында 1687 бала құрбан болған. Дегенмен де, оқу-ағарту саласы маңызды әлеуметтік іс ретінде қолға алынып, оның дамуына мемлекеттік тұрғыдан ерекше көңіл бөлініп, жалпы халыққа саяси-идеологиялық тұрғыдан ықпал жасау арқылы жаңа қоғамдық сананы қалыптастыру мен дамытудың құралы ретінде орынға ие болды. Ұлттық мектептерде педагогикалық үдерісті ұйымдастырып, жүргізуші арнайы дайындалған педагог мамандардың тапшылық мәселесі басты орында тұрды. Бар мұғалімдер қауымы педагогика, жеке пәнді оқытудың әдістемесі және психология ғылымдардың негіздерінен білімдерінің толық болмауы және сондай-ақ, ана тілінің ғылыми заңдылықтарын жетік меңгермегендер, яғни, талаптық деңгейде кәсіби біліктіліктері жетіспеді. Бұл 1930 жылдан бастау алған оқу-ағарту саласындағы жұмыстарды жетілдіру үшін бірқатар педагогикалық оқу орындары құрылды, дегенмен бұл бағыттағы жұмыстар 1940 жылдардың өзінде де толығымен шешілмегені анық [85].

1.2 XX ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы оқу-ағарту жұмыстары жайында орын алған көзқарастар

Қазақстандағы 1915-1941 жылдар аралығындағы бастауыш мектептердің құрылу тарихы мен оның даму заңдылығындағы педагогикалық жүйе мен алғы шарттарын анықтап, талдау жасау арқылы ақиқаттық шындық бағасын ғылыми тұрғыдан негіздеу керек. Себебі, қазіргі бастауыш білім берудің тарихи даму жолын анықтай отырып, бүгінгі теориялық негіздері мен болашақ даму бағытын анықтаудың өзегі ретінде сипатқа ие болатыны анық.

Бұнда өткеннің жіберген олқылық қателерін ескере отырып, сол кездегі озық ойлы ғылыми пікірлерін бүгінгі жағдайға үйлесімді пайдалану жолындағы сабақтастық жүйені анықтау – зерттеудегі тарихи және білім философиясы тұрғысындағы әдіснаманың басты ой түйінін басшылыққа алу болып табылады.

Бұл зерттеудің әдіснамалық негізін мыналар құрайды әлеуметтік даму мен білім берудің өзара байланысы туралы – мектеп қызметі сипатының тарихи шарттылығы және педагогикалық ой. Бұл жөнінде өткен кеңес үкіметі құрамында болған қазіргі тәуелсіз мемлекеттер достығы /ТМД/ құрамындағы республикалар мен Ресейдің зерттеуші ғалымдардың да ресей құрамындағы аймақтар мен автономиялық республикалардағы оқу-ағарту саласының тарихына байланысты ғылыми-зерттеушілік жұмыстарының мазмұндық құрылымына ақпараттық тұрғыдан салыстырмалы түрде қарастырып өткеніміз жөн деп санадық. Өйткені, біздің зерттеу жұмысымыздағы білім беру мен мектеп құрылысы, оқу-ағарту саласы өзара тарихы байланысты екендігі шындық.

Кесте 2

№	Авторлар және ғылыми-зерттеу жұмыстарының атауы	Ғылыми зерттеу жұмыстың мазмұны
1	<p>Султанбаева Клавдия Ивановна. Генезис этнокультурных образовательных концепций в отечественной педагогике во второй половине XIX - начале XX веков: дисс. док.пед. наук: 13.00.01. 2018. С-247. Москва. «Институт стратегии развития образования Российской академии образования».</p>	<p>1917 жылға дейінгі Орта Еділ аймағын, Шығыс Сібірді, атап айтқанда Енисей аймағын, Хакасия Республикасын, Красноярск және т.б. қазіргі Саяно-Алтай аймағын этногенезде ортақ белгілері бар тарихи және мәдени жақын түркі этностарының тұрғылықты жері ретінде танып, Н.И. Ильминскийдің миссионерлік педагогикалық идеялары мен оның ізбасарлары орыстандыру бағытындағы халық-ағарту жұмыстарын қалыптасыру мен дамыту мәселелерін қарастырған. Көрсетілген тарихи кезеңдегі мемлекеттік саясат аясында Ресей империясының барлық аймақтарына миссионерлік педагогика идеяларының дамуы нақты аймақтарда педагогикалық тенденциялары мен ғылыми-ағартушылық қызметін анықтаған.</p>
2	<p>Усманов Мовлди Ибрагимович. Теория и практика образовательных реформ в России в конце XIX - начале XX веков: диссер. канд. пед. наук: 13.00.01. 2018. С-151. «Дагестанский госу.педагоги. универ.».</p>	<p>1917 жылға дейінгі Ресейдегі мектеп реформасының тәжірибесін жан-жақты талданып, сол кездегі мектеп білімінің негізгі кезеңдері, принциптері мен ерекшеліктері қарастырған. Миссионерлік білім беру жүйесі жұмыстарының тарихи тәжірибесін қарастырылып, дәлелденген. XIX-XX ғасырларда Ресейде білім берудің теориясы мен практикасы жүйесі мен төңкеріске дейінгі Ресейдің (1915-1916 жж.) қалыптасқан ескі білім беру жүйесінің жаңа құбылысқа ұшырап, жаңаша түрге айналу жағдайындағы күрделі және маңызды кезеңін бастан өткізген кезең ретінде талданып, қазіргі заманғы</p>

2- кестенің жалғасы

		ресейлік білім беру жүйесі үшін білім беру реформаларының бай тәжірибесі мен әлеуметі ретінде түсіндіріледі.
3	<p>Усманова Сайде Аблякимовна. Просветительская и педагогическая деятельность Бекира Чобан-заде (1893-1937 гг.): дисс.канд.пед. наук: 13.00.01. 2016. С- 269. Тула.Тульский госуд.педагоги.универ. им. Л.Н. Толстого.</p>	<p>XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы ұлттық, мәдени-білім беру қозғалысының идеялары талданған. Тарихи сын-тегеуріндерге жауап ретінде көрнекті педагог, әдіскер, ақын, Ұлттық (Қырым татар) мектебін құрушылардың бірі, түркі тілі мен әдебиетін оқытуға арналған оқу құралының авторы, XX ғасырдың бірінші жартысындағы Бекира Чобанның педагогикалық мұраларына талдаулар жасап, қарастырған. Б. Чобанның қоғамдық-саяси, ағартушылық, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік жұмыстарына, Қырым татарларының тарихи, аймақтық, әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайларының, отбасылық қатынастардың, діни сенімдері мен ұлттық мәдениетінің дамытуға үлесі мен Қырым татар әдеби тілінің дамуына және ұлттық мектеп үшін кәсіби педагогикалық мамандар даярлау қызметі қарастырылған. Зерттеу бағыттары: 1-кезең (1893-1909 жж.); 2-кезең (1909-1919 жж.); 3-кезең (1920-1925 жж.); 4-кезең (1925-1937 жж.) қарастырылып, осы кезеңдердегі оқу-ағарту жұмыстарына талдаулар берген.</p>
4	<p>Аллагулов Артур Минехатович. Влияние педагогической науки на становление образовательной политики в России во второй половине XIX - начале XX века: дисс. док.пед. наук: 13.00.01. 2013. С-439. Оренбург. Оренбургский государ. педагог. универ.</p>	<p>XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Ресей империясындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси салалардағы өзгерістер барлық халықтар арасында білім беру мәселелері өзекті жұмыстардың бірі ретінде әлеуметтік ортада, қоғамда орын алғандығы талданып, қарастырылады. Сондай-ақ, Ресейде білім беру саясатының қалыптасуына педагогикалық ғылымның әсері осы жұмыста ғылыми білім объектісі ретінде орын алуы, ол оқу-ағарту ісіндегі педагогикалық идеялардағы білім беру саясатының қалыптасу тұжырымдамалары таңдалған. Көп ұлтты Ресейдің орыстан өзге ұлттар мен ұлыстарға әлеуметтік-мәдени жағынан ықпал жасаудағы православиелік педагогикалық дәстүрлерді таратуы және геосаяси жағдайдағы Ресейдің отаршылдық жағдайындағы басымдықпен басқару анықталды. Білім беру саясатының қалыптасуы педагогикалық ғылымына ықпалы, формалары мен тетіктерін, қарастырылып, тарихи-педагогикалық құбылыстың дамуының негізгі ағымдарын анықтау мәселелері қарастырылған.</p>
5	<p>Назарова Мунавара Абдуллоевна. Латинизация алфавита и ее влияние на образова-тельную систему Тад-жикистана: 1929-1941</p>	<p>Зерттеуде тәжік халқына енгізілген алфавиттің латындандыру кезеңіне және оның Тәжікстанның білім беру жүйесіне әсерін және оның ықпалы тұрғылықты халықтың оқу-ағарту жұмысына, танымдық болмысына, бала тәрбиесі жайына қатысты мәселелері</p>

2- кестенің жалғасы

	гг.: дисс. канд. пед. наук: 13.00.01. 2012. С-164. Душанбе. Академия образ. Таджикистана.	қарастырылған. Тәжікстан педагогикасы тарихында алғаш рет мектептерде латындандырылған әліпби негізінде сауатсыздықты жою, оқулықтар әзірлеу мәселелері жан-жақты және арнайы талдаудан өткізіліп, 1929-1941 жылдарға баға берілді.
6	Лукьянова Ольга Львовна. Развитие начального образования на Северном Кавказе: 1931-1941 гг.: дисс. канд. пед. наук: 13.00.01. 2009.С-185. Владикавказ. Сев.-Осет. гос. ун-т им. К.Л. Хетагурова.	Зерттеуде 1931-1941 жылдары Солтүстік Кавказдағы бастауыш білім беру жұмыстары мен бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуы жайындағы мәселелерді қарастырып, оның дамуына ықпал ететін тарихи-педагогикалық жағдайлар анықталған. Көп ұлтты аймақта бастауыш білім беруді ұйымдастырудың ерекшеліктеріне сипаттамалар жасалып, талдаулар берілген. Зерттеу жұмысын: 1-кезең (1931-1933 жж.) - бастауыш білім беру мазмұнының идеологиялық негіздемесі. 2-кезең (1934-1936 жж.) - бастауыш білім беру мазмұнының педологиялық негіздемесі байқалды. 3-кезең (1937-1941 жж.) - бастауыш білім беру мазмұнын жалпы педагогикалық негізде жүзеге асырылғандығы қарастырылған.
7	Сафарова Алия Дамировна. Развитие образования национальных меньшинств в Оренбургском крае: конец XIX века - 1940 г.: дисс. канд. пед. наук: 13.00.01. 2009. С-229.Оренбург. Оренбург.гос.пед.универ.	1918 жылға дейінгі кезеңде сан жағынан аз ұлт өкілдерінің балаларына білім беретін түрлі типтегі мектептер: «орыс, орыс-түзем мектептері», «конфессиялық мектептер», «казак әскерлерінің балаларына арналған мектептер» және 1919-1940 жылдар аралығындағы ұлттық оқу орындары I және II сатылы бастауыш, толық емес орта және сауатсыздықты жоюға арналған мектептер мен педтехникумдар сипатталды. Зерттеу кезеңдері: 1-кезеңде 1870-1918 жж. – өлкенің орыс және орыстан өзге ұлт балаларына арналған училищелерінің құрылуы мен үш жылдық педагогикалық мұсылман курстарының ашылуы; 1918-1923 жж. – Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Орынбор өлкесінде сан жағынан аз ұлт өкілдеріне оқу-ағарту жүйесінің құрылуы мен қайта ұйымдастырылуы сипатталады. Кеңес өкіметі билігінің бекуі (1919 жылдың екінші жартысы) және 1921-1922 жылдардағы жаппай ашаршылық); 1924-1940 жж. – аймақта сан жағынан аз ұлт өкілдеріне арналған білім беру жобалары жүзеге асыру және дамытуда көрініс тапқан үшінші кезең. Сан жағынан аз ұлт өкілдерінің балаларына арналған оқу орындарында білім беру үдерісінің мазмұнының ерекшеліктері – ана тілінде оқыту; орыс тілін екінші тіл ретінде оқу; есеп, тұрғылықты халықтардың мәдениеті мен дәстүрлері жайында білімдердің енгізілгендігі сипатталып, беріледі.
8	Мамедова Джейла Гюндузкызы. Становление и развитие	Зерттеудің хронологиялық шеңбері - XIX ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап Әзірбайжан мектептердің қалыптасуы мен дамуын қамтиды. 1917 жылғы

2 - кестенің жалғасы

	системы светского образования в Азербайджане в конце XIX - нач. XX в.в.: дисс. Канд.пед. наук: 13.00.01. 2008.С-144. Москва. Моск. пед. гос. универ.	төңкерістен кейін Әзірбайжандағы білімнің мазмұны түбегейлі өзгерістерге ұшырауы және төңкеріске дейінгі кезеңде құрылған көптеген оқу орындары қайта құрылды. Зерттеуде XX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы тарихи жағдайлар Әзірбайжанда діни және азаматтық білім беретін мектептер жайында тарихи-педагогикалық мәселелерді қарастырылып, сипатталады.
9	Карпова Елена Григорьевна.	Якутияның білім беру және ағарту мекемелерінің тарихи-педагогикалық тұжырымдамасы (1917-1945 жж.) дәуірдің
10	Культурно-просветительные учреждения Якутии: история, теория, педагогическая деятельность: 1917-1945 гг.: дисс. док. пед. наук: 13.00.01. 2007. С-381. Москва. Моск. гос. гуманитар. ун-т им. М.А. Шолохова.	мәдени-тарихи контекстіне енгізілген педагогикалық құбылыс ретінде қарастырып, XX ғасырдың бірінші жартысында Якутия МАМ-ның /мәдени-ағартушылық мекемелерінің/ аймақтық қызмет жүйесін құру мен дамытуды, әлеуметтік бағдар, әлеуметтік-мәдени қызметті жүзеге асырудағы жұмыстары мен білім беру мен оқыту мекемелері жүйесінің қалыптасуы мен дамуын қарастырған ғылыми-зерттеу жұмыстардың бірі болып табылады. 1917-1945 жылдардағы оқу жұмыс жоспарлары, оқу бағдарламалары және тәрбие үдерісінің бағыттарына арналған әдістемелік құжаттама мен ережелерді Якутия халқының ұлттық, өзіндік ерекшеліктерін мәдени-ағартушылық мекемелерінің қызметіне негіздей отырып жалған жолмен жақсарту әрекеттері талданады.

[15,16,17,18,19,20,21,22,23]

Яғни, педагогика ғылымындағы білім беру тарихының тұтастық өзек бірлігі мен жүйелік сипатын ашатын мәнге ие болу. Қай кезең де, не қандай қоғамдық құрылым болмасын ұрпаққа берілетін тәрбие мен білім мазмұнын анықтау, педагогикалық жүйе құру басты міндеттердің бірі ретінде қарастырады және оның өзегі – бастауыш білім беру болып табылады. Бастауышта оқыту мен ондағы білім мазмұны қоғам құрылысындағы әлеуметтік ортаның сұраныс талабына, қоғамдық құрылымның бет алудағы даму бағытдағы саяси-идеялогиялық, әлеуметтік-мәдени тағы басқа да салаларының қатынастық жүйесіне өзара байланысына тәуелді болады. Қоғамдық құрылымның идеологиялық бағытты дамуына орай білім берудің мазмұны және оны оқытудың әдіс-тәсілдері жетілдіріліп, жаңаша міндеттер ғылым мен техниканың дамуына орай анықталып, оны ұйымдастыру жолындағы формалары да заманауи сұранысқа лайықты шығармашылықпен жетілдіре отырып, сол кезеңде туындағын міндеттерді шешудің жаңа жолдары айқындалып отырған. Сондықтан да біз қарастырып отырған кезеңдегі мектеп жүйесінің жаңа қоғамдық құрылымның бағыттық идеологиясының аясында өзгеріске түсе отырып, дамуындағы заңдылықтар деп қарастырамыз.

Әрине, озық үлгілері мен сол тарихи кезеңдегі орын алған қоғамдық және әлеуметтік т.б. мәселелердің кері зардаптарының орын алғандығын және олардың ұлттық болмыстың сақталып қалуы мен дамуына келтірген залалында да жоққа шығара аламаймыз. Себебі, 1915-1941 жылдардағы қоғамдағы саяси-идеологиялық, құқықтық, қаржылық-экономикалық, әлеуметтік-мәдени т.б. саладағы өзгерістер оқу-ағарту жүйесін қайта құру жұмыстарымен негізделеді. Яғни, мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны, әсіресе, бастауыштағы педагогикалық үдерістердің ұйымдастырылуы мен өткізілуі сол кезеңде жаңаша құрылған қоғамдық құрылымының ықпалының аясынды жүргізілді.

Бүгінгі мемлекетіміздің даму бағытына орай халқымыздың басынан өткізген қоғамдық өміріндегі тарихи тәжірибелеріне қазіргі түсініктегі тұнық оймен қарап, жаңа көзқарастық тұрғыдағы пікір қалыптастыратын іздену мен зерттеушілік жұмыстарын жүргізу және оларды объективті түрде зерделеу заманауи қажеттілік. Өйткені, жас ұрпаққа тәрбие мен білім берудегі оқыту жұмыстаранда орын алатын бүгінгі және келешектегі туындайтын көкейкесті мәселелердің оң шешімін табуда – өткеннің оқу-ағарту салаласындағы тарихи тәжірибелерін жетік білу талап етеді. Тәлім-тәрбиеге қатысты барлық мәселелерді жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді.

Біздің қарастырып отырған 1915-1941 жылдар аралығындағы оқу-ағарту жұмыстарындағы бастауыш мектептердің даму кезеңдерін және педагогикалық жүйе негіздерін үшке бөліп қарастыруға болады.

1 кезең 1915-1917 жылдар қазақ жеріндегі бастауыш мектептердің орыстандыру пиғылдағы миссионерлік саясат аясындағы педагогикалық жүйеден алшақтау барысы және ұлттық жазу таңбасының /төте оқу/ түзілу негізінде ұлттық бастауыш мектептердің құрылу, оқушылардың ана тілінде білім алуының басты жылдары.

3 кезең 1918-1929 жылдар аралығы – ұлттық бастауыш мектептердің дамуы және ыдырауы. Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту міндеттеу, оқу жоспарлары мен бағдарламаларды, оқулықтарды жазу және мазмұндық құрылымының жүйелік сипатын бір орталықтан басқарылатын кеңестік қоғам құрлысындағы идеологиялыққа бағындырудың жүзеге асырылуы.

4 кезең 1930-1941 жылдар аралығы кеңестік қоғамдағы орталықтандырылған білім беру жүйесінің дамуы және қазақ жазу таңбаларын /латынға көшу/ өзгерту, жасынды саутсыздықты жою жұмыстары мен орыстың қолданыстығы жазу /кирилицаға/ таңбасына өту кезеңі.

Жоғарыда баяндалып берілгендей Қазақстандағы 1915-1941 жылдардағы бастауыш мектептердің тарихын қарастырғанда сол кезеңдегі оқу-ағарту жұмыстарының құрылымдық жүйесі мен деңгейлері өзіндік ерекшелік сипатқа ие және оларды кезеңдер бойынша жүйелеп, талдаулар жасап, мазмұндық құрылымын ашып беруге ұмтылыстар жасаймыз. Білім беру тарихындағы қазақ жеріндегі бастауыш мектептердің тарихын толықтыру және сол кезеңде жүргізілген оқу-ағарту жұмыстарының педагогикалық жүйесінің дамуын анықтау мен оған негіз болған алғы шарттарын қарастыруға, анықтауға мүмкіндік жасайды. 1917 жылғы қазан

төңкерісіне дейін патшалық Ресейдің орыстандыру-отарлау саясатының құрбаны болып, кейінгі жаңа қоғамдық құрлыстағы орын алған кеңестік жүйенің саяси-идеологиялық шырмауына ілігіп қазақ ұлтының өзіндік даму жолында жас ұрпаққа берілетін рухани құнды тәлім-тәрбиелік мұраларының өзіндік жүйесі жойылуы оырын ала бастады. Мәселен, бастауыш білім берудегі жадидтік, ұлттық, т.б. мектептер мен медреселер негізіндегі орта арнаулы және жоғары оқу орындарының мазмұндық құрылымы бұрмалауға ұшырады. Біз осы жағдайды ескере отырып, өз жұмысымызда Қазақстандағы 1915-1941 жылдар аралығындағы оқу-ағарту саласындағы бастауыш мектептердің құрылымдық жүйесіне және оның дамуы жайындағы мәселелерге тарихи-педагогикалық тұрғыдан объективті факторлерге сүйене отырып мазмұнын ашпақпыз.

Патшалық Ресей қазақ жерін толық өз қарамағына қаратып, жеке билігін күшейту негізінде ХІХ-ғасырдың 60 жылдарынан 1917 жылға дейін түрлі әкімшілік-саяси реформалар жасап, жүргізді. Патша үкіметі қазақ жерін бағындыру, отарлау саясаты ерте заманнан-ақ жоспарланып іске асырылып келді. Қарамғына енген қазақ және Орта Азиядағы халықтарды «тарихи емес» екінші санаттағы елдер қатарына жатқызып, өздерін олардан «артықшыл» идеясында ұстады. Қазақтардың көшпенді мәдениет пен тұрмыс тіршілігін «Алғашқы қауымдық», «жабайылық», «артта қалғандық» т.б. тұрғыдағы түсінік ойлар қалыптастырып, төмен санады. Отарлаушылық саясаттағы патшалық Ресей үкіметінің басқару әкімшілігіне қазақ халқының бағынышты және тәуелді болуының себептері оларды езгіге алу заңды деп қарастырылды. «Қазақтарды орыс билеушілері адам қатарына қоспай, оларды өмір сүруге құқы жоқ, жағымсыз тіршілік иесі ретінде қарады, сондықтан да түрлі зорлық пен зомбылықты бастан кешіруге тура келді», - бұл сол кездегі отарлау саясатының мазмұнын ашып береді [86].

Қазақ жерін жерін бағындыру арқылы жалпы Орта Азияға ықпал жасаудың саяси жүйесін жүзеге асырып отырды. Бұнда түркі тілдес халықтардың арасына ала ауыздық туғызу жоспарларын жүргізіп, оларды бір-біріне қарсы қойып, арандатып отырды, іштей іріткі салу арқылы түбірі бір туыс халықтардың бірлігін бұзу, жауластыру арқылы оларды тоздыру үкімет саясатының басты міндеті болды. Яғни, бөлшектеу арқылы билік жүргізу тәсілін басшылыққа алып отырды. Онда, жанашыр және қолдау ниетін білдіруші ретінде кейіп жасап, жасырын, астыртын арандатулар жүргізу. «Бұратаналарды орыстандырудағы отандық қарым-қатынас жасау орыс мемлекетінің міндеті және тағы бір міндет оларды орыс құрамына ендіру, яғни кіріктіру бір бүтін мемлекеттік саяси организмге айналдыру» - деп саяси-идеологиялық мақсаттағы миссионерлік пікірін ашық білдірген [87].

Яғни, қазақ халқына және Орта Азиядағы түркі тектес өзгеде халықтарға ұстанған мемлекеттік жүйенің саяси идеологиялық бағыты анық көрінеді. Патшалық ресей кезеңіндегі Ресейдің шет аймақтарында орналасқан халықтарды орыстандыру барысында ағарту министрлігінің білім беру жүйесіндегі миссионерлік-педагогикалық жүйесі қолдау тауып, мемлекеттік саяси идеологияны жүзеге асыру шараларында орыс, кейіннен ашылған орыс-

қазақ, ал кейбір еңбектерде аралас мектеп атауымен берілген типтегі мектептер құрылды. Бұнда орыс мектебінің педагогикалық қызметтегі атқаратын жұмыстарының мазмұны анық. Ал, орыс-қазақ немесе аралас мектептердің басты мақсаты мен ондағы педагогикалық қызметтің мазмұны миссионерлік болып, отарлаушы мемлекеттің мүделік саяси идеологиясы орындаушы және оны жүзеге асыратын құрал ретінде жұмыс жасады. Бұндағы айтылған миссионерлік-педагогикалық жүйені іске асырушы деп түйіндеген ойларымызға сол кездегі патшалық Ресей үкіметінің оқу-ағарту саласын басқарушы министірлігінің арнайы нұсқаулық ережелері мен құпия белгісі бар құжаттары мен жылдық берген есептерінің мазмұнында ашық жазылған. Мысалы, «Орыс державасының шет аймақтарында білім беру жұмыстары өзіндік сипатта миссионерлік бұл өзіндік сипатындағы рухани соғыс, соғысушы екі жақ өз жоспарларын жария етпейді», - дей келе, «Орыс мектебінің көмегімен Түркістан өлкесінде орыстандыру саясаты ұстанылды», - деп түсіндірмелер береді [88]. Бұл саяси идеологиялық бағыттың миссионерлік жұмыс қырларын отарлаушы елдің мүддесі аясында тамырлатуды мектептер жүйесімен жүзеге асырып отырғандықтарының дәлелі ретінде айтуға болады. Білім беру жұмыстарын басшылыққа ала отырып, онымен бүркемеленіп, миссионерлік педагогиканы жасырын тәсілмен астарлап іске асырып отырды. Қазақтың және өзге де түркі тектес халықтың беделді және оқымысты, білімпаз адамдарына білдірмеуге тырысқаны анық байқалады. «Мекемелердің мақсаты Семей облысы мен Сібір қазақтары арасындағы қабілеті бар адамдарды сұлтандық хатшылық және тілмаштық қызметке даярлау болды», - деген болатын [89].

Мектептегі педагогикалық үдерісте жергілікті халықтың балаларын орысша сауаттандырып, озық ғылым-білімге үйрету мақсатын көздемеді, тек күнделікті өмірде өзерінің саяси идеологиялық бағыттағы жұмыстарын іске асырушы, көмекші, орындаушылық қызметте жұмыс жасайтын төменгі сатылы мамандар даярлауды іске асырды. Бұған, «Қазақтардан нұсқауларды мүлтіксіз орындайтын пайдалы чиновниктер даярлау» - деп айтылған пікірлер дәлел бола алады [90].

Патшалық Ресей үкіметінің бұл бағыттағы жұмыстары 1917 жылға дейін жүйелі түрді іске асырылып келгені анық. 1917 жылғы ақпан төңкерісі қазақ ұлт зиялыларына өз ықпалын тигізді. Сол кездегі қазақтың оқымысты, білімпаздарына ұлттыққа тән білім беру жүйесін қалыптастыру жолында жұмыстар жасауға кірісті. Ұлттың жоғын жоқтаушы қазақ зиялылары бір мүддеге – қазаққа-ұлтқа қызмет жасау жайында топтасып, түрлі салалық бағытқа ортақтасты. Әсіресе, ұлттық мәдениетті көтеру жолында оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіру, жаңаша құру мәселесіне ерекше мән беріп, оны қазақтың жаратылыстық, танымдық, өмір сүру тәжірибесіне үйлесімді, ұлттың болмысқа тән мазмұнда іске асыру бағытында ғылыми ізденістік жұмыстарын үлкен ынталылықпен жасады. М. Жұмабаев бұл жайында: «1917 жылғы үлкен толқын қалғып отырған қазақ азаматтарын да қағып оятты. Саясат һәм шаруашылық жағынан елінің қолын жеткіземін деп ұмтылған азамат қазақ мектебін де жаңа, жайлы, таза негізде құрмақшы болды. Қала сайын дерлік

курстар ашылды. Көздерінде, көкіректерінде ұшқындары бар мұғалімдер шығарылды. Мектеп пен тірі дүние арасындағы Қытай қорғанын бұзып, мектепті білім беріп, тұрмысқа даярлайтын келешекте ел ісінің иесі болатын азаматтар шығаратын жер жасауға бет алды», - деп айтқан болатын [91].

Қазақ білімпаздары мен оқымыстылары топтасқан зиялылар билеуші елдің білім беру жүйесіндегі миссионерлік бағытынан айырылу үшін қазақ балаларының табиғи болмысына үйлесімді болатын педагогикалық жүйені қалыптастыру мен дамытуға кірісті. Бұнда қазақтың ұлттық жаратылысының негізгі болып табылатын тәрбие беру арқылы берілетін білім мазмұнын жүйелеуді басты қағидалық ұстанымдар ретінде алып отырды деуге болады. Бұл тұрғыдағы озық ойлы пікірлер қазақтың ғұлама ұстазыдарының бірі - Ы. Алтынсариннің өз кезеңінде қазақ балаларына арналған мектептердің жүйесі жайлы пікірлерімен үндесіп жатқаны анық. Ы. Алтынсарин: «Мектеп-қазақтарға білім берудің басты құралы..., біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі, осы, тек осы мектептерде» - деген ғылыми тұжырымдамалық озық ойы негізге алынды. Мектепте қазақ ұлтының тілі мен әдебиетін негізге ала отырып ана тіліде оқыту халықтың рухын көтеру, оның даму тарихы, географиясы мен әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, қалыптасқан дәстүлері жайында жүйелі білім беретін ошаққа айналып, халықтың қаны мен жанына жақын педагогикалық жүйенің қалыптасуына басты құрал болып табылатынын рухани құндылықтарды басшылыққа ала отырып құруды жүзеге асыру жүргілді деуге болады [92].

Қазақ жанына жақын педагогикалық жүйені жүзеге асырудың ошағы әрине, мектеп болып табылады. Сондықтан құрылатын мектептердің жаңа мазмұндық құрылымына қатысты озық ойлы пікірлер айтылып, соның аясында жастарды тәрбиелеудегі ұстанған бағыттары негізінде, педагогикалық жүйе жасалынды. «...Қазақтың тағдыры-келешекте ел болуы мектебінің қандай негізде құрылуына барып тірелді. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» - деп М. Жұмабаев, сол кездегі мектептің құрылымы мен мазмұны жайында айтқан болатын [91]. А. Байтұрсынов ұлт мектептерінің педагогикалық жүйесінің қалай болуы керек және ондағы ұйымдастырылатын оқу-тәрбие жұмыстарының қазақ балаларына жағымды, жандүние табиғатымен үйлесімді болудың басты шартының бірі ретінде оқытудың ана тілінде екендігін негіздеді. Мысалы, «Қазаққа керек оқу екі түрлі, бірі мұсылманша оқу, бірі русша оқу. Осы күні алты-жеті жыл русша оқығандарымыз дұрыстап русша сөйлей алмайды һәм жаза алмайды. Русша жақсы білуге он-он бес жыл керек. Ондай уақыт оқуға жалпақ жұрттың бәрінің қолы жете алмайды... Мұсылманша оқуға «мұсылманша болғанда қазақша оқуға, оншама көп жыл керек емес. Не үшін десеңіз, русша оқығанда уақыттың көбі тіл үйренуге кетеді. Қазақша оқығанда тіл үйренуге кететұғын уақыттар басқа нәрселерді үйренуге керек уақытқа ауысады. Сондықтан 6-7 жыл оқып білетұғын білімдерді қазақша үш жыл оқып білуге болады. Русша оқып дұрыстап хат жаза білуге аз болса 8-9 жыл керек. Қазақша дұрыстап хат жаза білуге бір-екі ақ жыл керек. Қазақша оқу

дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолымен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды (төте оқу) айтамын», - деп жоғарыда айтылғандарға түсініктеме береді [93]. Сонымен бірге, қазақ бастауыш мектебінің оқу мерзімі 5-жылдық болу керек деген болатын: «...3 жыл қазақтар ана тілінде, ал 2 жыл орыс тілінде оқу. Қазақ мектептерінің 3-жылында балалардың үйреніп оқитыны: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа кәсіп, жаратылыс жайлы ғылымдардың негізі. Енеді, 2-жылдық орысша гимназия немесе жалпы орыс мектептерінің бағыты. Бұдан әрі, қазақтардың қыстаулары жиі орналасқан жерлерге келіп оқитын мектеп керек» - деген пікіріне Қ.Т. Ыбыраимжанов төмендегідей түсінік береді. Сол кездегі қазақ бастауыш мектебінің алдыңғы 3-жылында қазақ балаларын ана тілінде оқыту, білім негіздерін оқушының туған тілінде қалыптастырып, беру деген құнды ойды айтып, өмірлік тәжірибеде жүзеге асырды ал, кейінгі 2-жылда орыс мектептері үлгілерімен оқыту дегені, қазақ балаларына Европа білім негіздерін меңгеруіне жол ашу деген пікірі тұрды деп негіздейді [94].

Мектептің мазмұндық құрылымының халықтың жанына жақын болуы керектігі жайындағы оң түсініктер сол кездегі айтылған ғылыми тұжырымдамалық пікірдегі көзқарастар газет, журнал беттерінде жарияланып отырды. Мәселен, сол замандағы орыстандыру саясатының жүйесімен құрылған мектептерден білім алған шәкірттер мен орта қол мамандардың даярлығы жайында: «Бұлардың 5-6 жыл оқып білгені шала-шарпы орыс тілі, шала-шарпы орыс жазуы. Білгендері шала шарпы мұсылманша хат біледі, білмегендері ол да жоқ... Санға саңлау түскендей я мұсылманша, я орысша жете оқыған жоқ... «аз білгенін көпсініп, көп қазаққа мінсініп», переводчик я хатшы болса пысықтап тікектейтіндер осылардан шығады» - деп «Қазақ» газетінде жарияланған болатын [95]. Бұл сол уақыттағы қазақ арасындағы орыс мектептерінің /ауылдық, болыстық, екі сыныпты мектептерде/ білім беру ісіндегі жұмыстары жергілікті халық үшін тиімсіз, жүйесіз, мазмұндық жағынан халықтың сұранысын қанағатандыра алмай отырғандығын және оны бітіруші қазақ балалары білімдерін жетілдіре алмайтындығын, бұндай мектептің пайдасы аз және орыстардың миссионерлік пиғылының аясында ғана жұмыс жүргізетіндігі жайында түсінікті нақты береді. Сондай-ақ, қазақ бастауыш мектептерінің құрылымдық және мазмұндық жүйесі жайлы педагогикалық бағыттағы көзқарастар мен жеке пікірлерде миссионерлік бағыттан алшақ кетіп, балалар сауатын ана тілінде ашуға толық жағдай жасап, оқуға керек құралдар, оқылатын пәндер тізбегі мен жоспарларын, оқу бағдарламаларын түзуде, жасауда ұлттық болмысқа бағындыра отырып, халық мүддесіне қызмет жасайтын міндеттерді атқару керектігін басшылыққа алып отырда. Сонымен бірге, алыс-шалғай жердегі тұрғындары аз елді мекенді жерлердегі балаларды топтастырып, оларға арнайы жатып оқитын интернат үйлерін, жатақханаларын салу жайындада ұсыныстар айтылған болатын.

Қазақ бастауыш мектебінің қалыптасуы мен даму тарихи жолына қатысты және үлкен ықпалдары бар ұлт зилыларының еңбектеріне мән беріп, өзіндік орнымен тануымыздың себебі, олардың оқу-ағарту саласына ат салыса отырып қалыптастырған педагогикалық ой-пікірлері, екіншіден, бастауыш

мектепте арналған оқу кітаптары мен оқулықтар және осы бағыттағы жұмыстарды жандандырудағы ғылыми-әдістемелік еңбектер жазуы, үшіншіден, 1920 жылы қазан айында Қазақ АССР-ның Халық ағарту комиссиаратына төраға ретінде А. Байтұрсыновтың тағайындалуы. Халық ағарту комиссариаты және жергілікті атқару бөлімдердің міндеттері айқындалды. Оқу-ағарту саласындағы өзекті мәселелердің шешілуін басшылыққа алып, мұғалімдер съезі, мектеп және білім берудің көкейкестілігіне арналған конференциялар ұйымдастырылып, қазақ ғалымдарының съезі шақырылып, оқу-ағарту жұмыстарын жандандыру мен баспа ісін дұрыс жолға қоюға мемлекет қазынасынан қаржылардың бөлінуін ұйымдастырып жүзеге асырып жатты. Бастауыш мектептерге арналған оқу бағдарламалары мен оқу құралдары жасалып, оларды басып шығару ісімен айналысатын арнайы мекемелер (Академиялық орталық), түрлі қоғамдар («Талап» т.б) баспа орындарын құрды [96, 97].

Қазақстандағы халыққа білім беру жүйесіндегі түбірлі өзгерістерді барлық жастағы жұртшылықты қамтыған ағартушылық және мәдени-тәрбие жұмысының жаңа түрлері құрылды. Жер-жерде ликбездер, курстар, кешкі мектептер, өз бетімен білім алу үйірмелері ұйымдастырылды. Барлық деңгейдегі және ведомстволардағы мектептер оқуға тілек білдірушілерді жасына, ұлтына, дініне қарамастан қарсы алды, оқуға деген талпыныс жоғары болды. Ал 1915-1916 жылдар аралығындағы білім берудегі реформа үш оқыту бағытына бөлінуді жобалады, ол жаңагуманитарлық, гуманитарлық және нақты білім беру болып табылды. 1918 жылдың 23 қаңтарындағы «Шіркеуді мемлекеттен және мектептерді шіркеуден бөлу туралы» деректер мектептердің еркін дамуының бастауы болды. Халыққа білім берудегі қайта құрулармен қатар басқа да шаралар аса үлкен маңызға ие болды [98]. Кеңестік идеология аясында Қазақстанға кәсіби даярлығы жоғары мамандар ана тілінде оқытатын мұғалімдер, дәрігерлер, механик, агроном, басқа да мамандық иелері керек болды. Бүкіл республикада ұлттық мамандарды даярлау, үш кезеңде жүрді: бірінші кезеңде 1918-1920 жылдары мамандар даярлау үшін қысқа мерзімді курстарда өткізілді. Бұнда негізінен мұғалімдер мен мәдени-ағарту қызметкерлері даярланды. Екінші кезең, 1920 жылдың басы мен соңы мамандарды даярлау орта арнаулы оқу орындары арқылы жүргізілді, арнаулы орта білімі бар жергілікті жастардан алғашқы мамандар тобы қалыптасты. Үшінші кезең, 1930 жылдардан Қазақстанда қалыптаса бастаған жоғары оқу орындар жүйесі ұлттық интеллигенция даярлаудың жаңа кезеңін бастады [99].

Яғни, қазақ зиялыларының бастауыш мектеп жайлы тұжырымды ой-пікірлерінде мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмысын ұлттық негізге жүйелеп құру, рухани жаңарту, жаңа белеске көтеру, оқушы жастардың сана сезімін ұлттық таным тәрбиелік құндылықтар мен қазақи дәстүрлі дүниетанымдар негізінде дамыту мәселелерін қарастырып, қамтитын педагогикалық жүйе ретінде орын ала басты.

Бұл қазіргі педагогика ғылымындағы білім тарихына қатысты өткеннің бай теориялық және тәжірибелік мұрасын түсіну қажеттігіне алып келеді. Оларды бүгінгі білім беру мен оқыту және тәрбиелеу жұмыстарына өзек ете

отырып оңтайлы пайдалану жолдарын іздеумен, осы салады өткеннің жіберген кемшіліктері мен қателіктерін қайламауға негіз болатындығымен сипатталады. Бұл біріншіден, жинақтаған ғылыми теория мен тәжірибе, екіншіден, ұлттық сана-сезімнің дамуы, ұлттық болмыс пен дүниетанымдықты беретін білімдердің тарихына деген қызығушылықты арттыру және қоғамдық сананың қалыптасуы мен дамуына білім берудің ықпал жасауының өлшемін анықтауға деген таным-түсінікті, қызғушылықты күшейтеді [100].

Қазақ жеріндегі халыққа білім беруді ұйымдастырудың жолдары жаңа қоғамдық жүйеде өзіндік сипаттары мен көріністер тапқанымен де, бұл саладағы басқару қызметіндегі бөлімдердің, мекемелердің сауатсыз және ойластырылмай жасаған қадамдарының арқасында оң нәтижелер бермей отырды. Солардың бірі ретінде, қазақтың төл жазу таңбасын /төте жазуды/ латын жазу таңбасына ауыстыру арқылы жасанды сауатсыздықты тудырып, соны халық болып шешуге жұмылдыру ісі болды. Бұл да ұзаққа бармады ол 1940 жылдың аяғында қазіргі біздің және орыстың пайдаланыста жүрген керилица жазу таңбасына өту болды және бұл саяси идеологиялық бағыттағы жұмыстар ретінде орын алғаны да тарихтан анық болып отыр. Кеңестік жүйеде жазу таңбаларын саясиландыру қазақ зиялыларының арасында өзара алауыздық пен түсінбеушілік және ортақ мәмілеге келмейтін талас-тартыстардың тударған құралы ретінде орын алды. Бұл кеңестік жүйенің басқару және халықтық қадағалау мен бақылау комитеттерінің большевиктік партиялық идеологиялық бағытты басқару қарамағына алуына мүмкіндіктер туғызды және қазақ зиялылары солардың құрбанына айналды [101]. Мысалы, 1924 жылы Қазақстанда латын жазу таңбасы негізіндегі әліпбиіне көшу және латын графикасын жақтаушылар мен араб жазу таңбасы негізінде жасалған қазақтың төлтума /төте жазу/ әліпбилерін қолдаушылар арасында ғылыми бағыттағы пікір таластар жүрді. 1926 жылы желтоқсан айының 10 шы жұлдызында өткізілген кеңесте орын алған пікір-таласта С. Садвакасов: «...Мәскеуде мен бұл мәселенің көптеген білгірлерін, профессорлар Жирков, Яковлевті және басқаларды көрдім, олар араб алфавиті жазудың және сауаттылықты игерудің оңай тәсілі мағынасында әртүрлі нүктелерінің көптігімен бүкіл әлемде бірінші орынға ие деп мәлімдеді» - деген өз ойында білдірген болаты [102].

Кеңес үкіметінің құрылған алғашқы кезеңдерінде Қазақстандағы халық-ағарту жұмыстарының басы-қасында қазақтың зиялы қауым өкілдері – А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Т. Шонанов, Х. Досмұхамбетов, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Ә. Бөкейханов, т.б. білімпаз, педагог-ғалымдар топтасып жұмыстар жасады. Қазақ ұлтының өркендеп дамуына, жастардың білім алып, оқымысты, білімпаз, ғалым болуларына өнеге көрсететін мәдени-рухани орта қалыптастырып, дамытты. Бұл тұрғыдағы рухани орта қазақ халқы жастарының оқу-білімге деген құлшыныс, ұмтылысын арттырып, оқу-ағарту жұмысын жаңа заман талабына сай жүзеге асыруға оң ықпалын тигізді. Мектеп құрылымы, ондағы білім беру мен оқыту мазмұны, пәндер-оқулықтар жүйесі және олардың ғылыми негіздемесі, білім берудің бағдарламасы,

оқытудың әдіс-тәсілдері, оқуды ана тілінде ұйымдастыру мен бастауыш білім берудің өзіндік ерекшеліктері мен ғылыми-әдістемелік құрылымына мән беріліп, көңіл аударылып отырды. Бастауыш мектептерге оқулықтар мен оқу құралдарын жазу, оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз ету мәселелері мен мектептегі педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда қажетті ғылыми-техникалық базамен, дидактикалық материалдармен толықтыру, жабдықтау және заманауи талапқа сай мұғалім мамандарын дайындау мен оларды оқытатын арнайы оқу орындарын құру жұмыстарына тікелей ат салысып отырды. Сонымен бірге орын алып отырған сауатсыздықта жою жұмыстарын жүйелі және сапалы орындауға мән беріліп, оларды шешуде өз үлестерін қосып отырды.

1926 жылы қабылданған «Қазақ АССР бірыңғай еңбек мектебінің жарғысында» оқу жылының ұзақтығы 8 ай болып бекітілді және бұл мектептерде оқу-тәрбие жұмысының жүйелі жүруіне негіз болды.

Дегенмен, оқу-ағарту саласындағы қол жеткізген жетістіктермен бірге бірқатар олқылықтар орын алғандығы шындық – бұны сол кезеңдерге тән құбылыстар ретінде түсінуге болады:

1. Мектептегі оқу қарашада басталғандықтан бірінші жарты жылдықтың оқу жоспары орындалмаған;

2. Мектептерде жазу-оқуға қиындық туған себеп – ескі орфографиямен жазылған оқулықтардың пайдалану болды, ол өз кезегінде оқушылардың білім деңгейі төмендеуіне себепші болды /оқу техникасы мен көркем жазуға/;

3. Мұғалімдер педагогикалық үдерісте оқытудың әдіс-тәсілдерін жетік пайдаланбады /сахналық әдіс, саяхат, лабораториялық, бақылау, тәжірибелік, қоғамдық-пайдалы жұмыс т.б./;

4. Клубтық-үйірме жұмыстар сапалы ұйымдастырылмады, өткізілмеді;

5. Мектептерде дене тәрбиесі мен әскери-патриоттық іс-шаралар жұмыстары нашар жүргізілді;

6. Оқушылардың ата-аналармен жүргілетін жұмыстар мектептің материалдық-техникалық жағынан жабдықталу мәселесі аясында ғана жүргізілді.

Бұндай кемшіліктер қай уақытта болмасын қоғамның даму мен заман талабына сай ғылым мен техниканың дамуына байланысты орын алып отыратын мәселе екендігі анық. Осыған орай Қазақстанның түрлі аймақтарында оқу-ағарту саласы мен мәдени өмірінің көрсеткіштері әртүрлі деңгейде болғаны анық. Жаңа қоғамдық құрылымның саяси-идеологиялық бағыты мен мазмұнына үйлесімді келетін, жаңа жүйе тұрғысында тұрақты ұстанымы бар көзқарастағы адамдар қажет болды. Өйткені, жасанды жолмен жасалынған сауатсыздықта жоюға ат салысатын, сол тарихи кезеңде жазу-оқуға және хат тануға үйретумен қатар, әрбір жеке адамды саяси-идеологиялық тұрғыдан қайта тәрбиелеу, жаңаша көзқарасын қалыптастыруды жүзеге асырып, қоғамның кез келген мүшесін социалистік идеологияның жаршысы болуы керек екендігін іске асыру.

Жаппай сауатсыздықты жою жұмысын қарқынды жүргізудің басты міндеті жалпыға бірдей бастауыш оқуды жүзеге асыру еді. 1930 жылдың

тамыз айының 27-ші жұлдызында Орталық Атқару комитеті мен Қазақ АССР-нің «Қазақ АССР-да жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беруді енгізу» қаулысы шықты [103, 104].

Бастауыш білім беру мен сауатсыздықты жою жұмыстары барлық жерде ауқымды өріс алады. Зерттеуші Ә.І. Сембаев 1930 жылдың жазы мен күзінде орындалған жұмыстар жайында өз ойын: «Әрбір ауданда жалпыға бірдей оқудың жұмыс жоспары жасалды, әрбір колхозда, жұмысшы поселкесінде, қалада, совхозда, басқа да елді мекендерде 8-11 жастағы балалар мен 12-15 жастағы жасөспірімдер саны анықталды, ұлты көрсетілді, қазақ халқы отырықшы болып қоныстанған аудандарға ерекше көңіл бөлінді, бұл аудандардағы халықтың келешекте қаншалықты өсіп, көбейетіні есепке алынды. Бұған 1926 жылғы халық санағының мәліметтері пайдаланылды. Мектеп жасындағы балаларды есепке алу материалдары негізінде барлық аудандық атқару комитеттері мен қалалық кеңестер 1930-1931 оқу жылына қарай 1-ші бастауыш мектептер санын бекіткенде, сегіз жастағы балалардың бәрін барлық жерде тегіс оқуға тарта алатындай етіп бекітті.

1-ші бастауыш мектеп жоғары-төменді төрт бөлімі бар төрт кешенді мектеп болды. Оқушылардың санына қарай екі кешенді және бір кешенді де бола алатын еді. Сынып-кешендердің саны бір мұғалімге 42 оқушы есебімен белгіленді. Қазақстанда тұратын аз ұлттар мектептерінің ойдағыдай дамуына көңіл бөлінді.

Бастауыш мектепті бітірмеген ересектерді барлық жерде міндетті түрде оқуға тарту үшін 1930-1931 оқу жылына қарай бастауыш жаңа мектептер ашу жоспары жасалды. Бұл мектептер ерекше оқу жоспары бойынша, оқытудың тездетілген формалары негізінде оқыта бастады. Ересектер мектептер аз кездегі жалпы мектеп үйлеріне орналастырылып, оларды толықтырды, дербес ауыл болып оқытылды. Кейбір көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың жағдайына сәйкес, бір мектептің қамтитын жерінің аумағы 3 шақырымға дейін кеңейтуге рұқсат етілді, бірақ мұнда да балаларды көлікпен апару, көлікпен алып қайту немесе интернат, жақсы жатақхана ашу, әлеуметтік жағдайы төмен отбасының балаларын тамақтандыру міндет етілді. Басқа мекемелер орналасқан мектеп үйлері босатылды. Әміршіл-әкімшіл жүйе күш қолдану, адам құқын аяқ асты ету әдісін де қолдана берді. Жергілікті Кеңестер мен халық ағарту бөлімдері байлардың тәлкіленген үйлерін, бұрынғы шіркеу, мешіт үйлерін есепке алып, мектепке пайдаланды, жеке меншіктегілерге мектеп үшін жалға алуға шарт жасасты [5, 105].

XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда бастауыш мектеп ашу мен құру және сонымен бірге жалпы сауатсыздықты жою туралы жұмыстар бірлесе жүргізілді. Қазақстанның өңірлерінде бұл бағыттағы саяси-идеологиялық және жалпы сауаттылық мәселесін бағытындағы жұмыстар барысы талқыланып отырды. Қазан төңкерісінен кейінде бұл тұрғыдағы жұмыс мемлекет алдында тұрған басты міндеттің бірі ретінде үлкен мәнділігін жоғалтпады. Дегенмен де, өз дәрежесінде нәтижелерге жете алмағандығы да шындық. Себебі, қазақ халқының көшіп-қону өмір салты және осыған байланысты елді мекендердегі оқу-ағарту, жаңа қоғамдық жүйедегі мәдени ошақтармен байланыстардың

тығыз болмауы әрі, мұғалім мамандардың тапшылығы, мектептердің материалдық техникалық базасының жабдықталуының төмен деңгейде болуында өзіндік кері ықпалын тигізіп отырды. «1920 жылғы санақ мәліметі бойынша жеке /Шығыс Қазақстан/ облыстағы бүкіл халықтың тек 12 пайызы, яғни 1565 адам ғана сауатты болды. Хат танымайтын ер адамдар – 84 пайыз, әйелдер – 92 пайызды құрады» [106]. Дегенмен, бұндай мәліметтердің кездесетіні анық, бірақ, бұндағы сауаттылықты орыс тіліндегі ме, жоқ әлде қазақ тіліндегі сауаттылық па және оның ішіндегі жеке ұлттар жайында да нақты ашып келтірілген деректер айтылмағандығы орын алып отыр. 1920 жылы желтоқсан айында осы жылдың қыркүйек айының 17 жұлдызында қарастырған: «8 бен 40 жас арасындағы тұрғындардың сауатсыздығын жою» туралы декреттің жүзеге асыруға бағыттаған Түркістан Республикасы халық комиссарлар кеңесі сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше комиссиясының ережесі бекітілді [107]. 1924-1925 оқу жылында бастауыш білім беру мен сауатсыздықты жою жұмыстары оң нәтиже бере бастады. Оған себеп, қолдан жасалған аштықтың аяқталуы және ауыл шаруашылық саласының жүйелі жұмысқа арнасына түсуі болды. Сондай-ақ, қазан төңкерісінің 10 жылдығына дейін Қазақстанда «Сауатсыздықты жою» мен мектеп және бастауыш білім беру жұмыстарын жүйелеу мақсатында 1924 жылдың басында құрылған Бүкілодақтық қоғамының қазақ бөлімшесі ұйтқы болды деуге болады [108]. Бұл 1924 жылы Орта Азия республикаларын ұлттық – территориялық ауқымын анықтау нәтижесінде ғана мемлекеттік құрылымдар қазақтар мол қоныстанған Сырдария және Жетісу облыстары мен Түркістан облыстары біріктіріліп Қазақ республикасы болып құрылуы еді [109].

Алайда, мектепке арналған ғимараттардың жоқтығы оқу-ағарту жұмыстарының басты қиыншылықтары ретінде орын алып отырды. Бар – деп саналған мектеп ғимараттары өте тар, мектептегі педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен өткізуге сәйкес келмейтін. Осындай себептен сан мың бала оқуға тартылмай қалды, мектепке бара алмады. 1929 жылдың аяғында жекедеген өлкедегі 1 басқыш мектептеріндегі оқушылар санының пайыздық көрсеткіші 40-қа жетті [110].

Сол кезеңдегі жаңа құрылымдағы қоғам мүшелері мен қазақтың зиялы қауым топтары білім беру мәселесі, соның ішінде бастауыш мектептерді дұрыс жолға қою жайында қаншама жұмыстар жасағанымен де бастауыш білім беру кезеңіне арналған күрделі мәселені түбегейлі шеше алмады, мектептер жетіспеушілігін әрдайым орын алып отырды. Ал, жаңа құрылған үкіметтің басқару орталығы мен өңірлік бөлім басшылары жаппай бастауыш білімді енгізу жайлы ережелер мен нұсқау және қаулы, шешімдерін жиі қабылдады. Бұл бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыру барысындағы орын алған түрлі кемшіліктер мен туындағын қыйындықтарды жоққа шығара алмаймыз және бұлар бастауыш білім беруді жүзеге асырудағы әрекеттер екендігін түсінеміз. Өкінішке орай, ұлт оқымыстылары мен білімпаздарының, яғни, ғалымдардың бірлесе күш салысып құрған қазақ ұлттық бастауыш мектебінің жойылуына алып келді, сонымен бірге қазақтың жазу таңбасын латын қарпінің жазу таңбасына ауыстыру іске асырылды. Бұл сол кездегі

кеңестік қоғам билігінің қазақ ұлтына арнайы жасаған тағы бір рухани соққысы болды деуге болады.

Оқу-ағарту саласындағы жұмыстарында – мектеп ашу, бастауыш білім беру мен сауаттылықты арттырулар – ұлттық мәдениет пен жеке адамға ықпал жасау барыстары саяси-идеологиялық үстемдікті жүзеге асыру аясында жүзеге асырылды. Халықтың мүддесіне емес, қоғамдағы билікті іске асыру бағытындағы ойластырып жасалған жазу таңбаларын /алфавит/ реформалауды жүзеге асыру осы саладағы жұмыстарды қиындатып, сауатсыздар санын көбейтті, мәселен, ХХ ғасырдың бас кезімен 40-жылдар аралығында бір адамның өзі үш рет сауат ашуына тура келді. Сол кезеңдегі 1915 жылдан араб әріптері негізіндегі қазақтың төлтума қарпінің /А. Байтұрсынов түзген/ жасалуы, 1930 жылдан латын таңбасына көшіру, 1940 жылдан орыстың жазу-оқуындағы кириллицалық әріп табасының енгізілуі. Оқу-ағарту саласындағы бұндай әрекеттер қазақтарға бір ортадан әкімшілік басқару жүйесін орнату және о бастан патшалық Ресей кезіндегі саяси-идеологиялық бағытты қоғам құрылымының атау мен сыртқы бейнесі өзгерген мен ішкі саяси билік бұрынғы қағиданы ұстанды. Ол қазақтарды орыстандыру, ассимиляцияға ұшырату, ұлттық болмыс пен дүниетанымына айыру, бір мемлекеттің құрамында бір тілде сөйлеу, бір идеологиялық саяси түсінік құрығанда ұстау, интернационализмді бетке ұстап еркіндігінен айыру, білім алуда тек қарапайым сауаттылықты іске асырып қазақтарды орындаушы және атқарушылық қызметтерге дайындау т.б. әрекеттерін іске асыру, асырды да. Қазақ халқына қолдан жасалған аштық оқу-ағарту саласы мен мәдени бағыттағы жұмыстардың дамуына тежеу болды. Мәселен, оңтүстік өңірге қарасты бір аймақтағы мәліметке сүйенсек, 1932 жылы есептегі тіркелген 174736 адамның толық сауатсыз 110682-сі, ал оның ішіндегі 51964 шала сауаты бар адамдардың 23801-і ғана оқуға тартылса, оқуды аяқтағандар саны төмендеп 55057 және 11336 адам болды. Оның 47640 – қазақтар, 6268 – өзбектер, 10309 – орыстар, 2176-сы басқа ұлт өкілдері деп көрсетілген. Ал 1933 жылы тіркелген 163753 адамдар сауатсыз және шала сауатты болып танылған, олардың 47643-і оқумен қамтылса, оқуды аяқтағандар 22264 адам болды [111]. 1933-1934 оқу жылында бастауыш білімді алғандар мен сауатсыздықты жою жұмысының жоспарына сәйкес орындалған 33,5 пайызды көрсетсе, сауатсыздардың тек 58 пайызы оқуға тартылғандығы жөнінде мәліметте берілген. Бастауыш білім мен сауатсыздықты жоюға арналып жасалған жоспарда тұрғылықты халықтың мекен-жайы мен орналасу жерлерінің ерекшеліктері ескерілмей жасалғандығы анық байқалады. Тек бастауыш білімге тарту мен сауатсыздықты жою мәселесінде көбінесе қағаз бетіне тіркеу басымшылық орын алғанды. Дегенмен де бұл бағыттағы жұмыстар халықтың оқуға деген құштарлығы мен ынтасы арқасында және кеткен кемшіліктер мен қателіктерді түзей отырып дұрыс атқарылған іс-шаралардың арқасында жақсы нәтижелер бере бастағыныда анық. Мысалы, 1926 жылы оңтүстік өлкедегі 9-49 жас аралығындағы халықтың сауатты бөлігінің арасалмағы 14,4 пайыздан 1939 жылы 79,1 пайызға дейін көтеріледі. Ерлер арасында сауаттылық пайызы 1926 жылы 20,1 болса, әйелдер арасында 8,1 ғана болады [112]. Ал, 1939 жылы

сәйкесінше 87,3 және 69,1 пайызды құрайды [113]. Сауатсыздықты жою міндеттерін шешуге мектеп жасындағы балаларды жаппай оқуға тарту да оң әсерін тигізді. Жалпы алғанда Қазақстан халқының сауатсыздығын жою кеңестік жылдардың айтулы табысы екені ақиқат. Оған мемлекеттік саясат өз ықпалын тигізді. Әрине, бұл істің 20 жылдан астам уақытқа созылғаны кемшіліктердің де аз болмағанын анық. Өйткені ересек адамды хат танытып шығу үшін екі-үш ай жеткілікті. Ал, бастауыш мектептегі әліпбиді игеру жүздеген мың адамдардың тағдырына оңтайлы әсерін тигізгені ақиқат.

1.3 Бастауыш мектептердің түрлері мен даму /1915-1941 жж./

Біз өз зерттеулеріміз де Қазақстан тарихындағы даму кезеңдеріне сүйене отырып, 1915 жылдан яғни, патшалық Ресей үкіметнің соңғы жылдарына бастау алып, Кеңес үкіметі орнағаннан 1917-1918 жылдар қазан төңкерісі мен жаңа қоғамдық құрылымның орнауындағы мәдени, оқу-ағарту жұмыстарының бастау кезеңі. 1918-1920 жылдары Қазақстандағы азамат соғысы және 1921-1923 жылдар аралығында жаңа экономикалық саясатқа көшу кезеңі мен 1924-1925 жылдар – Қазақстанның экономикалық, халықтың әлеуметтік жағдайын қалпына келтірудің соңғы кезеңі. 1926-1932 жылдар – социализмнің экономикалық іргетасын бекіту мен 1921-1932 жылдар – кеңестік мәдениет құрылысын дамыту [114] және кеңестік жүйенің беки түсіп, өз ықпалының күш алған кезеңдері 1933-1941 жылдар аралығындағы оқу-ағарту саласындағы түрлі іс-шаралар мен мектептердің құрылымдық жүйесінің жаңару және қайта құру орын алған кезеңдік уақыт ретінде өзіндік орын алады.

Зерттеліп отырған тақырыптағы 1915-1941 жылдар аралығында патшалық Ресей және кеңестік қоғам тұсындағы білім беру мен оқыту мәселелерін жалпы «халық ағарту» деп қарастырылып, ондағы мектеп және де басқа типтегі немесе сатылы деңгейдегі оқу-тәрбие мекемелерінің мазмұндық құрылымын сол кездегі қоғамдық құрылымның аясындағы саяси-идеологиялыққа бағындыра отырып екі атаулық сөз тіркестерімен негіздеп отырған. Осы тұрғадын келген де өмірдің, қоғамның даму заңдылығына сәйкес халыққа және түрлі топ өкілдерін сол қоғамның дамуына үлес қосатын әлеуметтік ортаны дайындауға мүмкіндік беру үшін білім беру мен оқытуды заманауи сұраныстарға үйлесімді ұйымдастыру табиғи заңдылық болып табылатыны анық. Бұл кез келген қоғамның дамуына ықпал жасаушы үлкен күш және дамудың бағытындағы саяси идеологияны жүзеге асырушы әрі өмірлік тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беретін құрал. Сондықтан кез келген қоғамның күрделі, әрі мәні үлкен салаларының бірі болып табылатын халық ағарту, яғни, адамдарға білім беру және оны ұйымдастыру түрлерін іске асыру жұмыстары. Халықты сауаттандыру, мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту, орын алып отырған сауатсыздықты жою, білім беруді түрлі сатылы деңгейде ұйымдастыру алқылы мамандар даярлау, сауатты жұмысшы тобын құруда барысында атқарылатын жұмыстардың мазмұнын «халық», «ағартушылық», «халық ағарту» деген қолданбалы атаулы ұғымдардың мағынасын ашып кету қажет деп түсінеміз.

Халық /тұрғындар/ – қандай да бір аумақта тұрақты дамыған немесе бүкіл жер шарын жайлаған адамдар жиынтығы [115]. «Халық» дегеніміз – жалпы бір елдің бүкіл тұрғын жұрты, қоғамдық дамудың әртүрлі сатыларында таптық құрамы түрліше болып келетін, тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топтардың бірлігі [116]. Ағартушылық – XVIII-XIX ғғ. дамыған идеялық ағым. Ағартушылық – қоғамдық-саяси ағым. Оның өкілдері ізгілік, әділеттілік идеялары мен ғылыми таным-білім негіздерін тарату жолдары арқылы қоғам кемшіліктерін түзетуге, оның талғам-талаптарын, саясатын, тұрмысын өзгертуге күш салды. Ағартушылар қатарына шетелдік және отандық ғалымдар мен ақын-жазушы, дангой-пәлшапылар енеді. Олар өз уағыздарын қоғамның барлық топтары мен жіктеріне, әсіресе билік иелеріне бағыштады. Қоғамдағы кертартпа көріністердің бәрі адамдардың надандығынан, олардың өздерін бағалай білмеуінен деп түсіндірді. Ағартушылық шіркеулік идеология ықпалына, діни наным-сенімдерге қарсы болды. Ағартушылар сол қоғамда әлеуметтік көзқарастардың қайта қалыптасуына ықпал жасады. Ағартушылар қоғам дамуындағы сананың айқындаушы рөлі туралы түсініктерге ден қойды. Ағартушылық 18 ғасырда әлеуметтік көзқарастардың қалыптасуына едәуір ықпал етті. Шығыс елдеріндегі ағартушылықтың өзіндік сипаты бар [115].

«Халық ағарту» ұғымы – қоғам және мемлекет мүддесі мен қажетіне сәйкес халыққа білім беру, тәрбие мәселелерін жүзеге асыратын іс-шараларының жүйесі. Халық ағарту жүйесін қамтитын білім беру орындарына мыналарды жатқызамыз: мектепке дейінгі тәрбие мекемелері; жалпы білім беретін мектептердің барлық түрлерін; кәсіптік-техникалық, арнаулы орта, жоғары оқу орындары; мамандық арттыру оқулар түрлері; мектептен тыс мекемелер; кешкі оқу; сырттай оқу - деп беріледі [116].

Зерттеу тақырыбының қарастырып отырған кезеңінде яғни, XX ғасырдың басында – патшалық Ресейдің самодержавиялық қоғамы мен кеңестік қоғам жүйесінің орнаған алғашқы жылдарында Қазақстандағы бастауыш мектептердің түрлері мен құрылымдық жүйесін және ондағы білім беру бағыттары бойынша топтастырылу төмендегідей:

I. Діни білім беретін бастауыш мектептер:

1. Мұсылмандық ескі жүйедегі мектеп (кадими). Ибтида – араб тілі, бастауыш, алғашқы білім беру сатысы, оқу орны.
2. Қарыхана – соқырлар мектебі. Діннің қарапайым негіздерін (дұға, құран оқу, т.б.) рететін оқу орны.
3. Орыстардың шіркеулік діни мектебі.
4. Приходтық мектеп.

II. Азаматтық білім беретін мектептер:

1. Прогимназия, гимназияның бастауыш білім беру сатысы.
2. Реалдық училищелер.
3. Орыс мектебі, қалалық училище.
4. Орыс-қазақ (аралас) мектеп.
5. Болыстық және ауылдық мектептер.
6. Жадидтік мектептер.
7. Қазақ ұлттық бастауыш мектебі.

8. Кеңестік жүйедегі білім беретін мектептер [117].

Арабтардың Орта Азия мен Қазақстанға ислам дінін тарату барысы жорықтарында біріншіден, жергілікті халықтың дүниетанымын мұсылмандық таным ережелерді сіңіру болғандықтан өздерінің оқу-ағарту жұмыстарын жүргізу шарасындағы мектеп, медреселерді салып, тұрғылықты халықтың қолданысына енгізді.

Арабтардың ислам дінін тарату, енгізу кезеңінде түркілік танымдағы тәңірлік түсінік негіздегі дүниетанымды беретін ойма жазу таңбалары жойылып, араб тілін халықтар арасында қарым-қатынас жасайтын құрал және мұсылмандыққа оқытып, тәрбилеудің өзегі ретінде пайдалану үшін араб әрпі таңбасының 28 қарпін бұзбай қоланысқа енгізу шараларын іске асырған. Осының негізінде мұсылмандық ескі жүйедегі – кадими мектеп, ол ибтида – араб тілі, бастауыш, алғашқы білім беру сатысы және Қарыхана – соқырлар мектебі – діннің қарапайым ережелерін (құранның басты сүрелерін жаттау, дұға оқу, т.б.) оқытатын.

Қадими мектептерде білім берудегі пәндер үш топқа бөлінген:

Біріншісі, улум-ул-арабия-араб филологиясы – таджив-фонетика, наху-синтаксис, аруз-просодия-өлең буындарының өзара сәйкестігі туралы білім.

Екіншісі, улум-аш-шария-шарият – исламдық дін құқықтықтары, заңға кіріспе, мұрагерлік құқықтық, аңыз, құранды түсіну және оқу ережесі.

Үшіншісі, улум-ул-хикмия – философиялық және эстетикалық білім мен тәрбие беру – логика, метафизика, эстетикалық білім, астрономия пәндері [118].

Арабтардың салған мектептеріндегі оқу мен жазуы алғашқыда «қадым», кейіннен арабтың жазу таңбаларын түркі халықтарының тілдік қарым-қатынас сөйлеудегі әріптерді дыбыстау ерекшеліктері негізінде реформалау арқылы «жадидтік» оқу жүйесі енгізілді бұл – «төте» жазу мен оқу деп түсіндірілді және қазақ ұлттық бастауыш мектебінің қалыптасуы мен дамуына өзек болды. Бұл тұрғыдағы жазу-оқу үлгісін басшылыққа алған мектептер Қазақстанда 1929 жылға дейін болды [119].

XIX-ғасырдың 60-90 жылдарынан бастап патшалық Ресей үкіметі қазақ өлкесін билеудегі өз үстемдігін арттырып, әкімшілік-басқару және саяси реформалар жасап, енгізді. Қазақстан және Орталық Азиядағы мемлекеттерді тұтастай бағындыру және жергілікті тұрғындар этникалық құрамы әр түрлі, қоғамдық құрылымы мен экономикасы, дүниетанымдық әлеуметтік ортасы өзіндік ерекшеліктері бар патшалық Ресейдің жеке ұлттық шет аймақтарын басқаруды жаңаша қарауға алып келді. Бұл жайында этнографтар В.П. Алексеев, Ю.В. Бромлей төмендегідей жүйе бойынша іске асырылғандығы жайында талдаулар жасаған: 1. Қарсыласудағы жеңіс; 2. Келімсектердің саяси билігін орнату, олардың тілдерінің билігін орнату деген сөз; 3. Билік аппараты деңгейінде әрбір аралас отбасындағы екі тілділік; 4. Автохтондардың тілін қолданыстан шығару, ресейдің шетаймағындағы халықтарға орыс тілін және орыстық дүниетанымды түрлі әдіс-тәсілдермен енгізу арқылы ассимиляциялық үдерісті жүзеге асыру және аяқтау [120].

Автохтонный – автохтон, байырғы /бір орынды ежелден мекендеп келе жатқан тұрғындар немесе белгілі елдің ең ежелгі халықтары/ [121].

Патшалық Ресей билігінің түрлі әкімшілік бөлімдерінің отаршылдық пыйғылдағы саяси-идеологияны ұстанған ортақ мүддесі – қоғамдық салалар жүйесімен басқару арқылы қазақ жеріне жіберілген келімсектердің көмегімен қазақтарды ассимилизацияға күштеп түсіру, орыстандыру болды. Келімсектер арқылы жеңіске жету. Бұл тұрғыдағы саяси-идеологиялық жұмыстар кезең-кезеңмен жүзеге асырылды. Мәселен, бірінші кезең – XVIII ғасырдан басталған бағындыру жергілікті халықтың толқулары мен қарсылық бас көтеру қозғалысын басу, жаңа өлкені мешіктеу қазақ және орыс халқының өзара байланысты конфронтациясымен сипатталады, қазақ халқының даму тарихын, өмір салтын түсіну және сол кезеңдегі жағдайынмен терең таныс болу. Екінші кезең – XIX ғасырдың екінші жартысы Ресей патшалығының қазақ халқының саяси тәуелсіздігінің қалдықтарын жою; Әскери бекіністер салу арқылы басқару әкімшілік реформасын іске асыру, қазақтардың саяси құқықтарын шектеу және эконмикалық тұрғыдан шикізатпен қамтамасыз етуші – аграрлық және малшарушылық аймаққа айналдыруды жүзеге асыруымен үш бағытпен сипатталады. Үшінші кезеңі – XIX ғасырдың екінші жартысы 1917 жылдар аралығын қамтиды. Бұнда екі этностардың проссмәдени контактісінде өтпелі кезең болды. Бірінші және екінші кезеңдегі отаршылықты басшылыққа алған саяси-идеологиялық, басқару әкімшіліктік бағыттағы жұмыстар жалғасын тапты. Келімсектердің ықпалымен орыстандыру мақсатын жүзеге асырып, христиандық ағартушылық саясатын енгізу арқылы екі ұлттың өзара байланысын басты факторға айналдыру.

Пашалық Ресей әкімшілігі қазақтардың өмір сүру салтын құрметтемеді, мәдениеті мен салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын саналы түрде төмендетіп, бұратана халық ретінде қарады, оларға орыстық дүниетаным мен мәдениетті дәріптеп, жергілікті халыққа сіңіртуді жүзеге асырып отырды. Отарлаушылық миссия «өркениетті» идеясын ұсынып, қазақтарды жаңа өркениетті дамыған еуропалық мәдениет өмірге бейімдеуді іске асырушымыз: «Шығыстағы үлесті жерге еуропалық өркениетті тасымалдап, тарқатушылық жүктеледі», - деп жазған болатын. Бұндай пікірлер шындықтан, ақиқаттан алшақ екендігін тарих дәлеледеп отырғандығы анық. Келімсектердің келуімен қазақтардың және түркі дүниесіне енетін халықтардың ғасырлық өмір сүру салтына жат келетін және рухани-адамгершілік тұрғысындағы құндылықтардың жұрдай, әрі тексіздігі басым: маскүнемдік, дөрекілік, үлкен-кішіге деген сыйласымды қарым-қатынастық тәртіптен жұрдай, мәдениет пен дүниетанымдық болмыстардың орын алғандығы анық болып отыр. Бұл жөнінде тарих ғылымдары бағыты бойынша зерттеушілік еңбектерде анықтап, айшылықталыпта жазылып жүр. Дегенмен де, сол кездегі отарлаушы үкімет әкімшілігінің әрекеттерін «...Ресей христиандық мемлекет ретінде бұратана халықтарға шын дінді ендіріп, білімділік пен азаматтықты орындатады», - деп айтқан болатын [122].

Бұл қазақ жеріндегі халық ағарту саласында отарлаушы елдің саясаты барысында қызмет көрсеткен әр типтегі мектептер жүйесіндегі білім беруді

ұйымдастыру қандай бағытта болғандығын көрсететіні анық. Қазақ жерінде христиандық дінді тарқату бағытында ашылған түрлі аймақтарда орыстық дүниетанымды тарқатушы мектептер қызмет атқарды. Осы бағыттағы ашылған оқу-тәрбие мекемелері сол кездегі патшалық Ресей қоғамының идеологиялық бағыттың ағымына орай ең бірінші құдай заңы оқытылды. Оның мазмұнына, алғашқы діни ұғымдарды түсіндіру, икон туралы, кеудедегі крест туралы болса, күнделікті құдайға сыйынуды түсіндіру және үйрету жалпы өзіндік ерекшелігін сақтап жүргізілді. Сонымен бірге орыс және христиан дінінің тарихы мен христиан діни сенімдеріне қарай оқитын мектептегі балаларға діни ерекшелікті сақтай отырып катехизие оқытылды.

Орыс идеологтары қазақ жерін отарлаудың «қажеттігін» дәлелі «артықшылық» идеясын ұстанды. Орыстарды қазақтардан жоғары қойып, бір ұлттың екінші ұлттан артықшылығын дәлелдеу самодержавияның басты идеологиясы болды. Бұл өтірікке толы жалған идея болса да, орыстық дүниетанымды басқа ұлттарғы сіңіру үшін «орыстық идеяның» құралы болды. Мысалы, «...Ресейдің христиандықты бағалауы және тарқатуы орыстың бүкіл тарихында жатыр», - жазған болатын [123].

Отарлаушы үкіметтің басқару жүйесіне жасаған реформалары қазақ өлкесін басқаруда толық билікке ие болып, миссионерлік саясатының аясында – қазақ халқын орыстандырып, орыс мәдениетін санаға сіңдіру жұмыстарын жүргізді. Себебі, мемлекет құрамына енген түрлі ұлттар орыс тілінде қарым-қатынас жасап, орыс мәдениетін бойына сіңірсе онда оларды басқаруға ыңғайлы болады және мемлекеттің біртұтастығын күшейте түсетіні анық. Бұл бағыттағы жұмыстарға түрлі типтегі мектептер өз үлестерін қосты.

Приходтық мектеп. Приходтық мектептер – губерниялық, уездік қалаларда және приходтық шіркеуге қарасты мекендерден ашуға мүмкіндіктер алды және уездік училищелерді аяқталған типтегі мектептер болып саналды. Мемлекеттік шаруалар өздерінің қаражат жинау есебінен училищелер құрып алуға құқылы болды. Бұл тұрғыдағы мектептердің өздерінің атқаратын қызметтері, материалдық базасы, оқу бағдарламаларында өзгешеліктері болған. Басқару бір орталықтан және халық ағарту министрлігі жанынан атқарылды.

Приходтық мектеп – 1917 жылға дейін діни қызметкерлер басқарған бастауыш мектептер болды. Епископтар үйлерінде /епископтар мектептері/ және монастырларда барлық сословиелік мектептер. Бұл мектептердің көпшілігінің курсы грамматикамен, праймер оқумен, арифметикамен шектелді. Және приходтық мектептерге ұқсас діни семинарларда типтік бастауыш мектептер құрылды. Бұлар коммуналдық бастауыш «сауат ашу мектептері» және ересектерге арналған жексенбілік мектептер де шіркеу бөліміне бағынышты болды. Оқу мерзімі 2 және 4 жыл болатын бір сыныптық және екі сыныптық мектептер. Оқу бағдарламасында Құдай заңы, шіркеу әні, шіркеу славяндық оқу, орыс тілі, арифметика және каллиграфия болды. Орыс және шіркеу тарихының басталуы екі жылдық мектептерде де оқытылды. Арифметикадан басқа барлық пәндер Құдай заңының дамуы және қосымшасы ретінде қарастырылды. Діни қызметкер оқытуды басқарды.

Шіркеу мектептеріндегі оқыту сапасы мен мұғалімдердің білім деңгейі зайырлы мектептермен салыстырғанда төмен болды. 1917 жылдан кейін шіркеу мектебі Халық Комиссарлар Кеңесінің 1917 жылғы 24 желтоқсандағы «Тәрбие мен білімді рухани бөлімнен Халық ағарту комиссариатының қарамағына беру туралы» қаулысымен приходтық мектеп таратылды [124].

Сондай-ақ, өзін-өзі басқаратын тәуелсіз земстволалық мектептерде болды. Бұл типтегі мектептер үкіметтен көмек алмады. Земстволық мектептер қаражатты өздері тапты. Олар оқу жоспары мен бағдарламаларының мазмұндық құрылымын кеңейтуге, оқу-әдістемелік кешендерінің жетілдіруге мүмкіндіктер алды. Земстволық мектептердегі оқыту жұмыстарының ерекшелігі діни мазмұндағы пәндермен қатар географиядан, тарихтан, жаратылыстану бағыттағы ғылыми білімдерінің мөлшері кемітілген.

Жоғарыдағы тарихи деректерге сүйене отырып, біздің қарастыратынымыз христиандық діни таным мен орыстық дүниетанымды қазақтарға сіңіру жолында оқу-ағарту жұмыстары арқылы да жүзеге асырды. Бұған сол кезеңде қазақ жерінде пайда болған – орыстардың шіркеулік діни мектебі, приходтық мектептері еді. Бұндай мектептердің түрлері жаңа қоғамдық құрылды, ұстанған кеңес үкіметінің 1918 жылғы «Шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден айыру туралы» арнайы шығарған декретіне дейін өздерінің қызметтерімен айналысып келген анық. Ал, кейбір өлкелерде Азамат соғысы аяқталғанға дейін жұмыс жасады, яғни Кеңес үкіметі толық орныққанша.

Сол кезеңдегі мектептердің тағы бір түрі – гимназиялық мектептер болды. Бұндай гимназиялық мектептер дворяндар мен чиновниктердің балалары білім алды, ал шарулар мен жұмысшылардың және т.б. төменгі сословиялардың балаларының оқуына тиым салынды және ақылы негіздеде қабылдамады. Бұл жоғары шенділердің ақсүйектік, мұралық заңдылықтарын сақтау мен тектілік жайындағы көзқарастық түсінік ұстанымдарына байланысты болды. Гимназиялық мектепті аяқтағандар жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндік алатын. Білім беру мазмұны шет тілдерді, латын тілі, математика, география, жалпы тарих, Ресей тарихы, жаратылыс тарихы, философия, саяси, экономика, әсемдік өнер, технология және коммерция оқытылады. Сонымен бірге, көне және жаңа тілдерді, математиканы оқыту күшейтіліп және кеңейтілді, Құдай заңы пәні кіргізілді. Бұл жүйе барлық гимназияларда бірдей болды.

Гимназиялық мектептер классикалық және реалдық болып екіге бағытты ұстанды. Классикалық гимназиялар оқушыларды университеттерге және басқа оқу орындарына даярлады сондықтан көне тілдер, орыстың шешендік өнері, жаңа шет тілдер мен тарихты оқытуға мән берді.

Реалдық гимназияларда азаматтық және әскери қызметке дайындап, көне тілдердің орнына математиканың төрт амалын оқыту басшылыққа алынды және заң негіздерінде білім берді. Реалдық гимназияны бітіргендер үшін жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндіктер берілмеді.

Прогимназия – гимназияның бастауыш сатысы болып табылады. гимназияның төрт сыныбына сәйкес келетін ұлдарға немесе қыздарға арналған

толық емес орта жалпы білім беретін оқу орны /түлектер гимназияда оқуын жалғастыра алады/. Гимназиядағы педагогикалық оқыту бағдарламаларын бекітуге, оқулықтарды таңдауға бағытталған құқық берілген. Гимназиялар мен прогимназиялар барлық сословиер үшін ақылы болды. Бастауыш пен орта мектеп аралығында ешқандай сабақтастық болмады. Бұл тұрғыдағы оқу мекемелері 1918 жылы жалпы еңбек мектептері болып қайта құрылды [125,126]. Кеңес мемлекетінің құрылуына байланысты мектептер жүйесін және оның ішкі мазмұнына қайта құру бағыттары қолға алынып, оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын социалистік қоғамның сипатына икемдеу жолындағы жұмыстарды іске асыру 1918 жылдың қазан айының 16-шы жұлдызында БОАК /Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті – (ВЦИК)/деректерімен бекітілген еңбек мектебі туралы Декларацияда айтылған. /БОАК РСФСР-дің 1917-1937 жылдар аралығында кеңестік мемлекеттік билігінің жоғарғы заң шығарушы, әкімшілік және бақылау органы/. Мектеп типтері анықталып; бастауыш, гимназия, реалды училище және т.б. бөлу қарастырылды: екі сатылы біртұтас еңбек мектебі енгізілді: біріншісі - 8 жастан 13 жасқа дейін балалар үшін 5 жыл оқу және екіншісі - 13 жаспен 17жасар асындағы балалар үшін 4 жылдық оқу.

Орыс-қазақ /орыс-түзем немесе аралас мектептер/ мектебі. Орыстан өзге халықтарға орыс тілін үйрету және оның қолдану аясын кеңейту бағытында орыстандырудағы миссионерлік педагогика жүйесін басшылыққа ұстанған мектептер болды. Бұл тұрғыдағы мектептер келімсек орыстар орналасқан жерлерден алшақ жатқан жергілікті халықтар үшін ашылған болатын, бірақ бұл типтегі мектептердің көпшілігі өзіне жүктелген қызметтерін толық орындай алмады, тиімсіз болды. Себебі, бұндай мектептерде педагогикалық қызметті атқаратын мұғалімдердің жетіспеушілігі және оқитын балалар санының аздығы ықпал етті деуге болады. Бұл жөнінде: «орыс-түзем мектептеріндегі материалдық базамен қамтамасыз ету жеткіліксіз, сондықтан ондай мектептерге ешкім оқуға бармайды» - деп жазылған мәліметтерді мұрағаттық дерек көздерінен кездердік [127]. Отарлаушы мемлекеттің құрған орыс-қазақ мектептері айтарлықтай оң нәтиже бере алмағандығы жайында: «Бұл мектептер орыстың үкіметтік мүддесіне қарай құрылды. Бұл жерде олар білім беру арқылы қазақтарды орыстармен жақындатуды, қазақтарды орыстандыруды меңзейді. Бірақ шындығын айтқанда, мұндай күрделі мақсатқа осындай әлсіз оқытумен жету мүмкін емес» - деп келтірілген [128].

Бұл тұрғыдағы орыс-қазақ немесе аралас мектептер өзіне жүктелген міндеттерді толық орындай алмағандықтан олардың орына шығын шағынан арзан болып келетін ауылдық мектептерді құруды қарастырған болатын, бірақ, жергілікті халық қарсы наразылығын білдірді. Яғни, келесі кезекте орыстандыруға бағытталған жұмыстарды жаңа атаумен құрылған болыстық түземдік мектептер арқылы жүзеге асыруға күш салды. Бұл мектептердің атаулары бөлек болғаны мен де оның мазмұн жағынан сол миссионерлік саясатты ұсанын халық жақсы түсінді. Мәселен, орыс-қазақ мектептерінде екі паралель оқу курсы жұмыс жасады. Бірі – қазақ тілінде, екіншісі – орыс тілінде. Әр курсқа сабақ жүргізетін жеке мұғалімдер болы, бірақ, өтілетін сабақ

сағаттарының саны бірдей. Сабақты жүргізу әдістері әртүрлі. Мұғалімдердің басты міндеті оқу мен жазуға үйрету арқылы қарапайым хат тану арқылы идеологиялық тұрғыдан сананы өзгерту болды. Онда мұғалім орыс тілін оқытудан бастап, жазу мен гимнастика пәндерінен сабақ өткізді. Сонымен бірге, орыс тілін жергілікті халықтың ересек адамдарына үйрететін сыныптарда ашылған болатын [128]. Мұғалім сабақ барысында оқушыларға патшалық Ресейдің күштілігі жайында және орыстық мәдениет пен дүниетанымды сіңірту мәселесімен шұғылдануға мүмкіндік берді. Ол қазақ балаларына орыс тілін үйретіп, орыс мәдениетінің өркендеуі, дүниетанымы туралы мәлімет беруді жүзеге асырды [129].

Бұл кезеңде патшалық Ресейдің отарындағы орыстан өзге халықтардың ұлттық сананың оянуы бастылды. Оқу-ағарту мәселесінде әрбір жеке ұлт ана тілінді бала оқыту, жеке мектептерін құру. Бала оқытуда заманауи білімдер мен діни дүниетанымдық сенімене қарай оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мен жүзеге асыру жайында жаңа ойдағы педагогикалық бағыттар орын ала бастады. Бұлар жәдидтік бағыттағы мектептер ретінде тарихтан өз орнын ала бастады және жаңа әдістегі мектептер деп танылды. Бас кезеңінде бұндай мектептер Қазақстанда жадидтік деп аталғанымен 1915 жылдан бастап қазақ ұлттық бастауыш мектептері ретінде орын алды. Оған негіз болған араб жазу таңбаларын қазақтың тілдік заңдылықтарының ерекшеліктеріне сәйкес реформа жасау арқылы қазақтың төлтума жазу таңбасын А. Байтұрсыновтың жасауы еді. Қазақ балаларын ана тілінде оқытуды жүзеге асырды және бұндай жаңа әдісті мектептерде берілетін білімдер – шарифат, ислам тарихы, қасиетті тарих діни танымдық пәндермен қатар ана тілі /қазақ тілі мен әдебиеті/ және араб тілі, тарих, география, арифметика, т.б. пәндері жүргізіліп заманауи білім беруді жүзеге асырды.

Бұл жаңа әдісті мектептер жайында «1884 жылы эксперименттік жәдидтік мектепте-кадимистік мектептер 5 жылда берілетін білімді 2 жылда беріп-тамаша жетістікке жетті» - деп А.М. Худайкулов өз зеттеуінде айтып өткен [130].

Оқу-ағарту саласындағы «жәдидтік» оқу жүйесінің орын алу әлеуметтік ортада және жалпы қоғамда түрлі пікірлердің орын алуына себеп болды. Олардың бір тобы – «усул-и жадид» – жаңа әдісті оқу жүйесін қолдаса, екінші бір тобы – «усул-и кадими» – ескі әдісті оқу жүйесін қолдады. Ескі оқыту әдісті қолдаушы кадимшілер заманауи біліми пәндер мен жаңалық енгізуге қарсы болды. Олардың түсінігінде халықты хирестиандыққа апаратын яғни, шоқындыруға итермелейді деп ұғынды. Бірақ бұл пікірдегі топтардың әрекеттеріне еш нәтиже шықпады олар жеңіліске ұшырады.

Қазақ жеріндегі жаңа әдісті «жадизмнің» оқу жүйесінің кең қолдау табуы отарлаушы елдің оқу-ағарту саласындағы өкілдерінің миссионерлік бағыттағы педагогикалық жүйесіне қатты соққы беруі болып табылды. Отарлаушы елдің миссионерлік педагогика жүйесін іске асырушы өкілдерінің жаңа әдісті оқытудың мазмұндық ішкі құрылымдарын жете таныс болмағандықтан бұндай мектептер орыс және орыс-қазақ мектептерінің дамуына оншалықты кері әсер ете қоймады дегендей пікірлер ұстанды. Бірақ

жадидттік мектептердің көптеп ашылуы орыстандыру бағытындағы оқу ісі жұмысын жүргізушілердің жұмыстарын тығырыққа тіреді.

Қазақ зиялылары отарлаушы елдің оқу-ағарту жүйесіндегі ұстанған миссионерлік педагогикаға қарсы, қазақ халқының ұлттық ерекшелігін ескере отырып, қазақ халқына тән, оның өмір тарихына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына жақын, жанасымды болуын ескеріп, халыққа білім беріп, сауатын ашуда, сол халықтың жас ұрпақты тәрбиелеудегі ұстанған бағыттары негізінде, педагогикалық жүйе құрылу керектігін басшылыққа алды, бұл педагогикалық жүйенің қазаққа тән болуын қарастырды. Бұл қазақ ұлттық бастауыш мектебінің қалыптасуының бастау бұлағы болды да – 1930 жылдарға дейін қазақ халқының оқу-ағарту саласында өз қызметін жасап, үлкен үлесін қосты.

1917 жылға патшалық Ресейдің орталығында орын алған төңкеріс жаңа идеологиялық қоғамдық құрылымның яғни, большевиктер бастаған Кеңестік өкіметтік пайда болуына алып келді. Қоғамдық құрылымның өзгеруіне байланысты түрлі салалар мен бағыттарда да қайта құру үдерістері орын алды. Оларды жаңа жүйеге бейімдеуге байланысты декрет, ереже, қаулы, қарар, заңды құқылық ережелермен негізделіп бекітілді. Жаңа құрылған өкіметтің алғашқы күнінен оқу-ағарту саласын мазмұндық жағынан жаңаша құруға негізделген іс-шараларды атқару үшін білімпаздардың арнайы шақырылған съездері ұйымдастырып, өткізілген болатын. Бұдан қазақ даласындағы оқымыстылар мен білімпаздарды да шет қалған жоқ. Мысалы, Мәскеу қаласында 1917 жылы мамыр айында «Бүкіл Ресейлік мұсылмандар съезін» өткізді. Съезі өтіп, онда төмендегідей мәселелер қарастырылды:

1. Ресейдің шет аймағы болып табылатын өзге ұлт тұратын қоныстарға орыстарды қоныс аударушылықпен орналастыру тоқтатылсын;

2. Ұлт аймақтарында оқу-ағарту жұмысы дұрыс жолға қойылып, мектептерде оқу әр ұлттың ана тілінде жүргізілсін;

3. Дін істері үкіметтен бөлінсін;

4. Ресей көп ұлттық федеративтік негіздегі демократиялық республика болсын деген мәселелерді қарастырды.

Бұл кезең біздердің осыған дейін айтып өткен Қазақстандағы мұсылмандық дінді негізге ала отырып оқытатын ескі әдісті мектептер мен отаршылдық саясат аясында орыстандыруды жүзеге асырушы орыс, орыс-қазақ немесе аралас мектептер және жаңашыл педагогикалық идеяны ұстанушы және енді ғана ұлттық бағыттағы тәрбие мен дүниетаным негізінде білім беруді жүзеге асырушы жаңа әдісті «жадидтік» мектептер қалыптасып, олардың арасында оқу-ағарту саласында өзара бәсекелестіктер орын алған уақыт болатын.

Кеңес үкіметінің орнығу барысында қоғамдық құрылымың түрлі салаларын қалпына келтіріп, дамыту және халықтың әлеуметтік жағдайын арттыру, экономика мен мәдениетті алға өркендетудің басты міндеттерінің бірі – жалпы сауатсыздықпен күрес, жалпыға бірдей білім беруді жүзеге асыру. Бұнда мәдени-ағарту, білім беру мен оқыту жұмыстары түрлі аймақтардың өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асырылды. 1917 жылы Қазақстанда халық ағарту ісінің тұңғыш Мемлекеттік комиссиясы

құрылып, оқу ісінің аймақтық халық ағарту комиссариатына басшы нұсқаушылары болып – С.Ж. Арғыншиев тағайындалса, өлкелік ағарту комиссариатының басшысы болып С.М. Меңдешов тағайындалып жұмыс жасады. Бұл салада жұмыс жасайтын комиссия құрамында П.Э. Лодэ, Г.И. Тарасевич, И. Әлімбаев, Т. Өтепов, М. Молдыбаев болды.

1917 жылдың желтоқсан айының 5-13 жұлдызы аралығында Орынборда «Алаш» ұлттық территориялық автономиясын құрған жалпы қазақ құрылтайы өтті. Бұнда қазақ елінің қоғамдық құрылымның барлық саласында өзін-өзі басқару, ұлттық сананы ояту т.б. өзекті мәселелерді көтере отырып басымдықта халықтың сауаттылығын арттыру арқылы көздеген мақсатқа жеруді керектігі басымдық орын алды. «Алаш» партиясының қоғам мен мемлекеттің барлық саласында байланысы нақты айқындамасы бойынша 9-бапта мына талаптар ұсынылған:

1. Ғылым, білім, үйрету;
2. Оқу орындарындағы білім ақысыз болу;
3. Жалпы жұртқа оқу тарату;
4. Бастауыш мектептерде оқуды ана тілінде оқу;
5. Ана тілінде орта мектеп, университет ашу;
6. Оқу жылы өз алды автономия түрінде болу;
7. Үкімет оқу ісіне кіріспеу т.б.с.с.[131].

Құрылтайда қаралаған мәселе – жастарды ұлттық болмыста тәрбиелеу мен заманауи ғылымдар негізінен білім беріп, оқытуға байланысты болды. Жаңа мектеп оқулықтарын жасайтын ғалымдардан, оқымысты білімпаздардан авторлық ұжымдық топ құрылды, оған А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Е.Омаров, Б.Сәрсенов, Т.Шонанов сайланды [132].

Қазақтың ұлттық тұтастығын сақтап қалудың басты кепілі – қазақ балалары үшін ұлттық мектептерді ашу болды. Бұл өз кезегінде болашақ қазақ қоғамына ұлттық зиялы қауым өкілдерін дайындау барыс ретінде түсінгендіктері деп тұжырымдаймыз. Жақсы игілі бастама ретінде бұл бағыттағы жұмыстарды жергілікті халық қолдағанмен де оның тез арада жүзеге асыруға кедергілер орын алып жатты. Мысалы, сол кезеңдегі көпшілік оқырманның қоданысында болған «Абай» журналында: «Бірінші, бастауыш мектептердің бәрінде мұғалімнің жоқтығы, екінші, оқу құралдарының болмауы; үшінші, ілгері оқитын мектептердің жоқтығы және жақын арада бола алмайтындығы» - деген қиындықтардың орын алғандығын жайында ашылып жазылған болатын [133].

Жаңа қоғамдық құрылымды дамыту барысында халыққа білім беру ісін жолға қойып, сауатсыздықпен күрес жайындағы қоғамдық бастаманы әлеуметтік ортада қолдап кетті. Қазақстанда халық ағарту ісін жолға қоюмен бұл бағыттағы міндеттерді іске асыру қазақ бөлімі 1918 жылы қыркүйек айының мұғалімдерінің бірінші съезін өткізді.

Мектеп ісін жаңа қоғам талабына сай қайта құру бағытында мектептерді діни мекемелерден /шіркеуден, мешіттен/ бөлу шаралары іске асырылды. 1918 жылғы «Шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден бөлу туралы» декрет: «Мектеп шіркеуден ажыратылды. Жалпы білім беретін пәндер оқытылатын

барлық мемлекеттік және қоғамдық мектептерде сондай-ақ, жекеменшік оқу орындарында діни сенімдерді оқытуға жол берілмейді» - деп негізделді.

Қазақ балалары үшін ұлттық мектептер құрылып, оқу-тәрбие жұмыстарын ана тілінде жүргізу іске асырыла бастады. Кеңестік жүйенің бас кезіндегі қазақ ұлттық мектептер ауылдық және болыстық мектептердің орнына жаңа жүйе негізінде жүзеге асырылды. Мысалы, 1918-1919 оқу жылында Семей аймағында 154 орыс мектеп, 125 ауыл және орыс-қазақ мектебі – барлығы 279 болған. Ал, олардың көпшілігі кеңестік жүйедегі қазақ ұлттық мектептері болып құрылуына байланысты 1919-1920 оқу жылының басында 89 мектеп қалды [134]. 1919 жылдың қаңтар айында өткен мұғалімдердің екінші съезінде оқу-ағарту саласын мен мектептегі педагогикалық үдерісті сапалы ұйымдастыру мен өткізу үшін материалдық техникалық базаны толықтыру және жаңарту мен мамандардың мүмкіндігін, әлеуметін нығайтуға ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру, сауатсыздықпен күресті күшейту мәселелері қарастырылды. Съезінде: «...Қазақ балалары үшін оқулықтар мен оқу құралдарын жазу, осы жұмысқа комиссиясын жасақтау. Қазақ даласында жылжымалы 30 кітапхана – оқу залын ашу. ... Мектептердегі балаларды көрнекі құралмен қамтамасыз ету үшін 2 кинематограф алу және оларды оқытуға пайдалануда ауыстырып, жылжымалы түрде пайдалану. ...Мұғалімдер үшін журнал шығарылсын» - деген нақты міндеттемелер айқындалды [135].

Қазақ жеріндегі оқу-ағарту ісінің дамуы барыстарында мәселен, 1919 жылдан бастап 1929 жылдардағы мектеп жүйесі екі сатыдан тұрды:

- бірінші саты бастауыш мектеп (4 сынып 8-12 жастағы балалар үшін)
- екінші саты орталау, орта мектеп, яғни:
- жеті жылдық мектеп (7 класс 8-15 жастағы балалар үшін);
- тоғыз жылдық мектеп (9 сынып 8-17 жастағы балалар үшін).

1923 жылдың күзінен бастап ауыл, селолық жерлерде жастарға арналған мектептер ашылды. Бұл олардың орта білім алуына негіз болды. [136].

Қазақстанда 1931 жылы БК(б) Партияның Орталық Комитеті және Халық Комиссарлар қаулысымен «Бастауыш, орта мектеп құрылымы туралы» мектептің бірыңғай жүйесі белгіленіп, енгізілді:

- төрт жылдық бастауыш мектеп (1-4 сынып);
- жеті жылдық (орталау) мектеп (1-7 сынып);
- он жылдық орта мектеп (1-10 сынып) [137].

Осы қаулының негізінде мектептер бастауыш, орталау, орта мектеп болып, сыныптың жүйемен сатыларға бөлініп, 1 сыныптан 10-шы сыныпқа дейін анықталып, оқушылардың жас ерекшелік кезеңдері басшылыққа алынды. Ал, мектеп алды дайындық сыныбына қабылданған балаларды 0-ші сынып деп атады. 1 мен 7-ші сынып аралығында білім алған оқушыларды училещеге ал, 10-сыныптық білім бар оқушыларды жоғары оқу орындарын қабылдауға және оқытуға болатын болды. Мектептің басшылық жұмысына мұғалімдік мамандықты бітірген және педагогикалық жұмыс өтілімі кемінде 3 жыл болған педагогтар тағайындалатын болды [138].

1935 жылдың қыркүйек айының 3-ші жұлдызында БК(б) Партия Орталық комитетімен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі «Оқу ісін ұйымдастыру: бастауыш, орталау, орта мектептің ішкі тәртібі» – тәртіпке келтіру мен реттеу үшін қаулы қабылданды. Онда:

- 1 қыркүйек оқу жылының басы болып анықталды;
- оқу жылы төрт тоқсанға бөлінді;
- оқу жылының аяқталу мерзімі белгіленді.

Сондай-ақ, оқу-ағарту жұмыстарының барысындағы мектептегі оқытуды ұйымдастырудағы орын алған кемшіліктер мен олқылықтар жайында да сын-пікірлер айтылды. Мысалы, оқушыларға берілетін білім мазмұнының сапасы заманауи талаптарға сай келмеуі; осыдан оқушылар білімінің төмендігі, үйге берілетін тапсырмалардың оқушылардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерінен ескерілмеу және тапсырмаларды өздігінен орындау үшін түсіндіру жұмыстардың талаптық деңгейде жүргізілмеуі, көмектің берілмеуі; апта күніндегі өтілетін сабақтардың шамадан тым көп болуы /күніне 6-7 сабақтың өтілуі/; мектептің ішкі ережелерінің сақталмауы яғни, тәртіп бұзушылықтың орын алулары; мектептегі оқу жоспарының жиі өзгеріске түсуі т.б. Қабылданған қаулы екі бөлімнен тұрды. Біріншісі, «Оқу жылын ұйымдастыру және мектеп режимі», екіншісі, «Мектеп уставы және оқушылардың тәртібі туралы» деп аталды. Онда: Мектепті бітірушілерді арнайы оқу орындары /училще, техникумдарға/ және жоғары оқу орнына қабылдау мәселелері қарастырылып, мектеп басшысы мен мұғалімдерді ата-аналармен жұмыс жасауда тығыз қырым-қатынастық байланысты орнатуды басшылыққа алу керектігі айтылып және оқушылардың білімін бағалаудың деңгейлік көрсеткішін анықтап белгіленді. Мәселен оқушылардың үлгерімдік көрсеткіштерін - «өте жаман», «жаман», «орта», «жақсы», «өте жақсы» деп бағалауды анықтады [139].

Қабылданған қаулының негізінде 1935 жылы Қазақстанда оқу-ағарту саласын дамыту жұмыстары үшін «Мектеп құрылымдарын ретке келтіру және қазақ орта мектептерін өсіру туралы» басты шешімдер қабылданды. Қаулы аясында орындалатын іс-шаралардың жоспарлары дайындалып, іске асырыла бастады. Мәселен, 9-12 оқушыдан саны аспайтын сыныбы бар шағын жинақталған мектептердің саны өсті. Ауылшаруашылығында жұмыс жасайтын отбасының балаларын мектеп қасындағы интернаттарға орналастырулар жиі орын алды. Халық ағарту комиссариатының деректік мәліметтерінде – 1934 жылы 24,259 оқушы мектеп жанындағы интернатқа орналыстырылған болса, ол 1937 жылғы жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуды жүзеге асыруда мектеп жасына кірген балалардың 96 пайызы қамтылды деп беріледі. Ана тілінде оқытатын қазақ төрт сыныптық мектептердің саны 537 ден 1190-ға көбейген, ал, орталау мектеп 143-тен 237-ге, орта мектеп 11-ден 48-ге жеткен. Дегенмен де, қазақ тілді мектептердің және онда білім алушы оқушылардың саны орыс тілді мектептерден төмен болды. 1939 жылы Қазақстандағы халық сауаттылығының деңгейі 79,3 пайызды құрады, бұл бірақ оқушыларды бірге қосқандығы мәліметтер. Ал, елімізде 1940-1941 жылғы оқу жылының басында 1 145 993 оқушы мектепке барса, қазақ

мектептеріне 441 бала қабылданды. Бұл жалпы балалар санының 38,4 пайызын көрсетті [140].

Түйіндей келе, 1915 жылдан 1918 жылға дейінгі Патшалық Ресейдің орыстандыру саясаты аясындағы миссионерлік педагогикалық жүйені ұстанған мектептер жүйесінің қызметі мен құрылысы өз алдына білім беру жүйесінде қызметтерін атқарды. Кеңестік жүйенің орнауы мен оның дамуы барысында, мысалы 1918 жылғы қабылданған міндетті, жалпыға бірдей тегін орта білім беруді іске асыруда «Бірыңғай еңбек мектебінің негіздері» құру құжатынан бастау алған жұмыстар арнайы «Ереже» бекітіліп, мектептің екі басқыштық жүйесі анықталып бекітілді. Бірінші басқышта – оқу мерзімі бес жыл, 8-13 жастағы балаларды қамтыса, екінші басқышта – оқу мерзімі төрт жыл болып 13-17 жастағы балаларды қамтыды. 1935 жылы БК(б) Партияның Орталық комитет пен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі «Оқу ісін ұйымдастыру: бастауыш, орталау, орта мектептің ішкі тәртібі» байланысты қаулыларды қабылдауы және осы жылы Қазақстанда «Мектеп құрылымдарын ретке келтіру және қазақ орта мектептерін өсіру туралы» шешімнің шығуы – оқу-ағарту саласындағы жұмыстардың күрделілігін және түрлі қиындықтарды жеңу шарасына байланысты мәселелерді жүзеге асыра отырып мектептердің құрылуы және олардың түрлі кезеңдерге байланысты мазмұндық құрылымдарын қайта қарастыру шаралары ретінде орын алады. Осындай әрекеттің нәтижесінде де 1937 жылға жалпыға бірдей міндеті бастауыш оқумен мектеп жасындағы барлық балалар толық қамтылуға тиіс болды.

1.4 1915-1941 жылдардағы бастауыш мектептердің педагогикалық жүйесінің жасалуындағы алғышарттар

Зерттеу тақырыбының аумағына енетін кезеңдердегі Қазақстандағы бастауыш мектептердің құрылуы жүйесіндегі орын алған педагогикалық жүйелер және оған негіз боларлық алғы шарттарды негіздеуді біздің диссертациялық жұмысымызда мүмкіндігінше білім тарихы бағытыны бойынша ғылыми тұрғыдан ашып береміз. Білім берудің дамуы мен өтпелі кезеңдеріндегі педагогикалық құбылыстардың орын алуы диалектикалық заңдылық. Бұл түрлі қоғамдық құрылымның пайда болуы мен ондағы басшылыққа алынған идеологиялық бағытқа және әлеуметтік ортаның сұраныс-талапынан пайда болатын жайттар ретінде орын алатыны белгілі. Сондықтан түрлі қоғамдағы сананың қалыптасуы мен түрленуі және даму барысында келешек ұрпақтың тәрбиесі мен олардың оқыту жұмыстарын ұйымдастырудағы мектептегі педагогикалық үдерісті рухани қажеттіліктің өзегі ретінде жүзеге асыру орындау болып табылады. Осы негіздегі білім тарихына қатысты бізге дейінгі зерттеулердің бірқатарында педагогикалық алғы шарттар мәселесі қарастырылып, айтылғандарда бар. Дегенмен де, біздің зерттеу тақырыбымызға жақын келетін білім тарихы бағытындағы ғылыми-зерттеушілік жұмыстарда мектептер мен оқу-тәрбие мекемелерінің құрылуы мен өмірлік тәжірибеде орын алуының алағы шарттары жайында келтіріліп, берілгендерді негізге ала отырып, біздер өз зерттеу тақырыбымыздың ғылымилығын негіздеу барысында бүгінгі күн көзқарас тұрғысынан 1915-

1941 жылдардағы бастауыш мектептердің педагогикалық жүйесінің жасалуындағы алғы шарттарын ашып бермекпіз.

1915 жылға дейін және одан кейінгі Кеңес үкіметінің орнаған уақытта арлығында оқу-ағарту жүйесіндегі оқыту мен тәрбие беру жұмыстарын жүргізу бағыты отарлаушы мемлекеттің саяси-идеологиялық ұстанымының басты іс-шараларының бірі болғаны анық. Мәселен, «білім тек қана орыстардың пайда мүддесін көздеуі керек...», сондықтан мектептерде қазақ тілін оқытуды тоқтату туралы жайындағы пікірлердің кең өріс алуы «орыс тілін оқытуды күшейту» басшылыққа алынған болатын [141].

Жергілікті халықтың наразылығы күшейіп, жаңа әдісті мектептерді ашу кеңінен орын ала бастады. Сондай-ақ, мектептерде оқыту пәндерін толықтыру, қарастырылды және әрбір мектепке жеке ережені белгілеп, жеке бағдарламасын енгізіп, мектептің алғашқы жылдарында бала оқуды өзінің ана тілінде оқитын болды. Осы негізден Патшалық Ресейдің халық ағарту саласындағы комиссиясы орыстан өзге ұлт өкілдері үшін жеке мектептердің қажеттілігін айтты. Және онда жеке ұлт өкілі болып табылатын балалар білім алудың алғашқы жылдарын өздерінің ана тілінде оқыту керектігі жайында мәлімдеген. Өйткені, қазақ-орыс мектептері өздеріне жүктелген орыстандыру жұмыстарын жүзеге асыра алмады. Себебі, қазақ ауылдары үшін орыс тілінің сұраныстық қажеттілігі шектеулі болды, мысалы, қазақ ауылына ұлттық салт-дәстүрді сақтау, ұстану, әдеп-ғұрыптың күнделікті өмірде кең қолданыста болуы және молдалардың да ықпалы әсер етті [142].

Сондықтан да, орыс-қазақ мектептері жанынан балаларға жатақханалар салу жүзеге асырыла бастады. Себебі, қазақтардың қазақ-орыс мектебіне деген сенімін арттыру. Күнделікті өмірдегі қарым-қатынаста орыстық дүниетаныммен жақындастыру, орыс тілін үренуге баулуды жүзеге асыру бағыттағы айла-шаралық әдістері еді. Осы тұрғыдан да, қазақ-орыс мектептері жанынан жатақханалар салуды басшылыққа алды және олар оқу бастығының қарамағында болды. «Интернаты бар қазақ-орыс мектептері өз міндеттерін толық атқара алды, әрі өте тиімді болады», - себебі, бұл мектептерде жергілікті халықтың балалары орыс мұғалімдерінің ықпалында болып, орыс тілінде сөйлеуге үйренеді деп түсінді [143].

Орыстандыру саясаты негізінде әрбі ашылған мектеп, медреселерде орыс сыныбын ашу және шәкірттерге орыс тілін үйрету жұмыстары жүргізілсе ғана жаңа әдісті мектеп, медресе ашуға рұқсат берілетін болды. Орыс сыныптарын ашқан жағдайда қазақ, орыс тілін жетік білетін мұғалімдердің тапшылығы орын алды. Қазақ тілін үйрететін арнайы педагогикалық курстарды ашу қарастырылған. Бұл әлеуметтік сұраныс еді, өйткені, қазақ тілі жергілікті тұрғын халықтар арасындағы кең қолданыстағы тіл болды.

Мектептердің педагогикалық жүйесін құруға байланысты ұсыныстар да болды. Мысалы:

1. Қазақ-орыс мектептерін орыстар орналасқан жерлерде интернатпен бірге салу. Қаржының жоқтығынан қазақ мектебінің ғимаратын және оған арналған интернатын салу жүргізілмеді сондықтан, бұл мектептерді орыстың

приходтық училищелерімен қосу, сонда мектепте екі тілді жүргізетін мұғалім тапшылығы жойылады.

2. Өзге ұлтқа арналған мектептер және жанынан интернаттарды салу.

3. Алыс аймақтағы мектептерді орыс ауылына көшіру және жергілікті халық жинаған қаржыға интернат салынса, балаларын оқытуға құқық беру. Егер ондай болмаған жағдайда далалық мектептерден интернат ашу қажет.

4. Қалалық училищелерде жалпы мұсылмандарға және қазақтар үшін интернаты бар дайындық орыс сыныптарын құру [143].

Орыс-қазақ және орыс балалары үшін арнайы ашылған орыс мектептеріндегі педагогикалық жүйедегі басты орын орыстық әрі христиандық дүниетанымды қалыптастыру мен сіңіру негізгі мақсат болғаны анық. Сондай-ақ, таза орыс мектебі болып табылатын мектептерде қазақтың және де жергілікті халықтың балаларыда оқығаны анық. Дегенмен де, бұл мектептер жергілікті халықтың сұраныстарын толық қанағаттандыра алмады, дүниетанымдық болмыстарына үйлесімді болмады.

Қазақ даласындағы оқу-ағарту жұмыстарында жергілікті халықты орыстандыруда орыс тіліне үйрету үшін мектеп және олардың жанынан интернаттар салу тұрғылықты халықтың санасын орыстандырудағы рухани ықпал ету шаралары еді [144].

Жергілікті халықтың діни нанымдық ерекшеліктерін ескермей, жеке ұлт мектептері мен медреселер оқу-ағарту саласындағы арнайы инспекторларға бағындырылып енгізілген ережелерді, қабылданған шешімдерді, берілген нұсқаулардың мазмұндарында орыстандыру мақсаты көзделгені анық білінеді. Мәселен, «Өзге ұлтқа арналған білім беру шаралары туралы» ережеде: «мұсылман қоғамы есебінен орыс тілі мұғалімдері болмаса, жаңа мектеп пен медреселерді ашуға рұқсат берілмеу». «Мешіт құрамындағы медресе және басқа жергілік халықтың ашқан мектептерінде орыс тілін енгізген жағдайда жаңа мектептерді ашуға рұқсат берілген және орыс тілін жүргізетін мұғалім орыс тілді оқу орындарын бітірген болуы керек болды». Бұл орыс тілін оқытуды жергілікті халықтың мектептеріне кіргізудің амалы болды. Осының нәтижесінде «әрбір жеке мектептердің оқу пәндері құрамында орыс тілі міндетті болды» [145].

Дегенмен жергілікті халықтың мектепке деген көзқарастарында сенімділік түсінік болмады. Себебі, мектептерде орыс тілі пәнін енгізу арқылы жергілікті халықтың өмір салтында қалыптасқан тарихи дүниетанымдық болмысы мен діни нанымдық түсінігіне кері әсерін тигізетін басымдықтың орын алатынына келіспеді. Сондай-ақ мектептерде исламдық діни нанымның негіздерінде мұсылмандық дүниетанымға тәрбиелеп, оқытатын пәндерді қысқартуы орын алды. Оған басты себеп, мұғалімдік семинария бітірмеген деп мектептерде молдалардың сабақ беруіне тыйым салды. Молдалардың сабақтары ұзақ уақытқа созылатындықтан орыс тілін жүргізетін мұғалімдермен ортақ тіл табыспады, мұсылмандық дүниетанымдыққа негізделген пәндер сабағының сағаттары көп болғандықтан орыс тілі пәнінің сабақтарын өткізуге жиі кедергі жасайды деп түсіндірілген болатын.

Қазақтарды және жергілікті өзге халықты патшалық Ресейдің азаматтығына, орысша дүниетанымдық рухқа бейімдеуге, мектептердегі педагогикалық жүйені бағындыру тиімді құрал ретінде қарастырып, орыстық саяси идеологияны шығын жағынан аз және қазақтардың шоғырланған ауылдарында болатын ауылдық мектептерді ашып оларды өздерінің ұстанған бағытына бұрып отырды. Қазақтарды ассимиляциялауға түсіруде оқу-ағарту саласы бойынша ықпал етуді басшылыққа алды. Өйткені, қазақтарға молдаларының ықпалы күшейе түсуіне, өздерінің ұлттық болмысын, дүниетанымын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, ұлт ретінде тарихи даму жолындағы жетістіктерін басшылыққа алып, оқу-тәрбие жұмыстарында кеңінен қолдауға мүмкіндік алатын мұғалімдердің де шығуынан қорықты. Бұндай жағдай орын алса, онда отарлаушы елдің оқу-ағарту саласы арқылы жүргізіліп жатқан жұмыстары оң нәтиже бермейтіндігі және мемлекеттік көздеген мүддесінің жүзеге аспай қалмауынан сескенді [146].

Арнайы деректік мәліметтерге сүйене отырып, жоғарыда талдаулар жасалып, баяндалып келтірілгендер қазан төңкерісінің орын алуына дейінгі яғни, кеңестік қоғамдық жүйенің орнағанға дейінгі уақыттағы оқу-ағарту саласындағы педагогикалық жүйенің басым бағыттарынан орын алған мәселелер ретінде қарастырамыз. Дегенмен де, қоғамның барлық саласында әсіресе, білім беру жүйесінде патшалық Ресейдің ұстанған саяси-идеологиялық бағыттағы ұстанымдары мысалы, орыс ұлтын өзге ұлттардан жоғары қою бағыттағы идеологиясы кеңестік қоғам жүйесінде де орын алып, орыстан басқа ұлттар екінші орындағы деген шовинистік көзқарастың басым болғандығы тарихта белгілі.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейінгі жылдары Қазақстандағы оқу-ағарту саласындағы оқыту мен тәрбиелеу, білім беру ісіндегі ережелер мен нұсқаулар т.б. ресми құқықтық-тәртіпке негізделген құжаттардың мазмұны, түрлі шешімдер мен қаулылар арқылы мектеп және ондағы педагогикалық жүйенің құрылуы кеңестік қоғамдық бағыттағы мемлекет құрлысымен тікелей байланыста болып, жүзеге асырылып отырды. Мәселен, 1918 жылы қазан айының 16-шы жұлдызында қабылданған екі тарихи құжаттарда «РСФСР-дің бірыңғай еңбек мектебі туралы ереже» мен «Бірыңғай еңбек мектебінің негізгі принциптерінде» кеңес мектебінің мазмұндық құрылысындағы негізгі бағыттары мен басшылыққа ұстанатын педагогикалық жүйесін анықтауға өзек болып оны ұйымдастыруға және жүзеге асыруда басты құжат ретінде негізге алынды. Бұл құжаттар аясында оқу-ағарту жұмыстарын жүргізу Қазақстандықтарға да міндеттелді және осы құжат аясында жұмыстар 1920 жылдан жүзеге асырыла бастады.

1930 жылы тамыз айының 27-ші жұлдызында жаппай міндетті бастауыш білім беру туралы заң қабылдауына байланысты және социалистік құрылысты дамытудың бір бағыты халықтың сауаттылық деңгейін көтеру мәселесіне қатысты 1930-1931 оқу жылында 8-11 жастағы балаларды бастауыш мектептегі міндетті оқытуға тарту жұмыстары жүзеге асырыла бастады.

1931 жылы қыркүйек айының 5-ші жұлдызында өткен БК(б)П Орталық комитетінің жиынында «Бастауыш және орта мектептердің оқу

программалары мен режимі» туралы мәселе қаралып, қаулы қабылданып, кеңестік қоғамдық жүйеге негізделген педагогикалық жүйесінің аясында оқу-тәрбие жұмыстарын жүзеге асыру бағытында жаңа оқу бағдарламаларын жасау, сынып-сабақ жүйесін социалистік құрылысты бекіту мен нығайту міндеттерін жүзеге асыруды жастарды тәрбиелеу арқылы бағытты жұмыстарды жүзеге асыру керектігі негізделді.

БК(б)П 16 съезінің шешімі бойынша, 1930-1933 жылдан бастып Кеңес Одағындағы барлық жерінде, яғни құрамындағы одақтас республикаларда соның ішінде, Қазақстанда да білім беруді жүзеге асыру үшін мектептер жүйесі жаңаша құрылып, ауылдық жерлерде 4 жылдық, қалалық жерлерде 7 жылдық оқытуды жүзеге асыруды міндеттеу жүргізілді.

Съездің шешіміне байланысты 1934 жылға дейін 8-12 жастағы балаларды бастауыш мектепке оқушы ретінде қабылдап – бірінші сатыдағы /1-4 сыныптарда/ оқыту жұмыстарына тартылып кеңестік жүйеге негізделген педагогикалық үдерісте білім алды.

Ал 1934 жылдан кейін уақыттарда жалпы орта білім беру жүйесі кеңейтіліп 3 және 17 жас аралығындағы жасөспірімдерді оқыту мен тәрбиелеудегі жүргізілген жұмыстар барысында 3-6 жас аралығындағы балаларды балабақшада тәрбиелеу, 6-7 жастағы мектепалды даярлықтан өткізіп, 11 жасқа дейінгі балаларды 4 жылдық бастауышта оқушы ретінде оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру басшылыққа алынды. Бұл кейінгі 12-14 жас аралығындағыларды орталау және 15-17 жас аралығындағыларды орта мектептерде оқытуға негіз болды.

Оқу-ағарту саласын дамытудағы негізделген заң және оны жүзеге асырудағы ереже, қаулы, шешімдер мен нұсқаулар жүйесінде кеңестік қоғам құрылысының саяси-идеологиялық негізінің аясындағы тәрбие мен оқыту және білім беруді ұйымдастырудың бағыттары 1941 жылға дейін жалғасын тапты, әрі осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесінде қазақтардың қолданыстағы латын қарпін орыстардың пайдаланып жүрген керилица жазуына ауыстарылды.

Зерттеу аясына енген уақыттағы кезеңдерде педагогикалық жүйенің қалыптасуына ықпал жасаған қоғамдық құрылым мен әлеуметтік ортаның сұраныстары негізінде орын алған алғы шарттарды төмендегі мазмұнда анықтау орын алды.

Бірінші шарты: Орыстандыру саясаты мен ескі мұсылмандық білім берудің ұстанған мектептегі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінің тұрғылықты халықтың бала оқытудағы сұранысын қанағаттандыра алмауының себептерінен «жаңаша оқыту әдісінің» - «жадизм» орын алуы – бар педагогикалық жүйенің өзгеріске түсуіне ықпал жасады, жаңашыл педагогикалық жүйе орын ала бастады;

Екінші шарты: Жергілікті халықты күштеп орыстандыру мен қатар білім беру мен оқыту жұмыстарында тұрғылықты халықтың мүддесін ескермеді, отаршылдық саяси биліктің жүйесімен жүзеге асырылды – қазақтарды ассимилизацияға түсірудегі әрекеттер мектеп жүйесінде ерекше қолға алынды. 1915 жылға дейінгі патшалық Ресейдің отаршылдық

саясатының негізінде құрылған миссионерлік педагогикалық жүйеге қазақ қоғамындағы әлеуметтік ортаның келіспеушілігі мен қарсылығының негізінде қазақ ұлттық бастауыш мектебінің негізі құрылды. Араб жазу таңбаларының қазақ тілінің ғылыми заңдылығына бағандырылуы негізінде қазақтың «төл жазу қарпінің» өмірлік тәжірибеге енуі мен педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы басты құралға айналып, бекуі.

Үшінші шарты: Қазан төңкерісінен кейінгі құрылған жаңа қоғам-социалистік жүйедегі білім беру мен оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын іске асырудағы әрекеттері мектептің құрылымы мен мазмұнын өзгеріске түсірді, оқу-ағарту жүйесі жаңа бағытты ұстанған саяси-идеологиялық бағытқа бағындырылды. Ескі жүйедегі педагогикалық үдерістерге жаңа сипат беру қолға алынды, ескіден жаңаға көшу барыстары орын алды.

Төртінші шарты: Кеңес қоғамында бастауыш білім беретін мектептерді құру мен халықты жаппай сауаттандыру жұмыстарының жүзеге асыру мемлекет тарапынан іске асырылды /қаулы, қарарлар, ереже, шешімдер, нұсқаулар т.б. ресми құжаттар негізінде/.

Бесінші шарты: Қазақ зиялылары мен оқымысты, білімпаздарының топтасуылары орын алды /оқулық, оқу құралдары, оқу бағдарламалары, тәрбие бағыты, оқу тілі т.б./, жаңа педагогикалық идеялардың мектеп өмірінің тәжірибесіне ендіріліп, қазақ балаларының ана тілінде білім алу мүмкіндіктері артты. Қазақ оқымыстыларының оқу-ағарту саладағы педагогикалық ой-пікірлеріндегі қазақ балаларын ұлтжандылыққа тәрбиелеу және жастардың ұлттық дүниетанымын кеңейту бағытындағы оқыту жұмыстарын жүзеге асырулары кең орын ала бастады.

Алтыншы шарты: Білім беру жүйесінде діни бағыттағы оқулар мен дүниетанымдық тәрбие мен оқыту тоқтатылды. Дін мектептерден ажыратылды.

Жетінші шарты: Мектеп құрылысын социалистік қоғам жүйесіне бейімдеу және педагогикалық үдерістегі тәрбие мен оқытуды кеңестік оқу-ағарту және мәдени-саяси құрылысы мен мемлекеттік өмір тәжірибесіндегі бүкіл рухани сала сталиндік түсініктегі марксизм-ленинизм идеологиясына бағындырылу жүзеге асырылды. Мәдени-саяси идеологиялық бағыттағы жұмыстардың мазмұны өзгеріске ұшырап, соның негізінде оқу-ағарту саласындағы мектептегі оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарының түрі мен оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері де жанаша сипатта құрылды.

Сегізінші шарты: Қазақтың төлтума жазу таңбаларының ендірілуінің басты себебі – ұлттық сананың оянуы мен қазақи әлеуметтік ортаның осы бағыттағы ықпалы және кеңестік қоғамдық құрылымдағы саяси идеологиялық бағыттың күштеп жасау ықпалының әсерінен латын қарпіне көшу, қолдан жасалған сауатсыздықтың орын алуы, ұлттық аймақтармен санаспай білім беруді бір орталыққа бағындыру жүзеге асырылды.

Зерттеу аумағына енетін кезеңде орын алған педагогикалық жүйенің негізі болған – қазан төңкерісіне дейінгі қоғамда орын алған оқу-ағарту жүйесіндегі ескі әдісті (кадими) мектептер мен медреселер, орыс және орыс-қазақ және т.б. патшалық Ресейдің орыстандыру бағытындағы идеологиялық

саясатының негізінде құрылған миссионерлік педагогикасы. Сондай-ақ, жаңа әдісті (жадид) мұсылман мектептері және оның негізінде құрылған ұлттық қазақ бастауыш мектебінің ұлттық дүниетанымға негізделген оқу-тәрбие жұмыстарының жүйесі мен қазақ білімпаздарың бала оқыту жайындағы озық ойлы пікірлері. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі социалистік құрылысты дамытуға құрылған бастауыш мектептер жайында мазмұндық талдаулар жасап, оларға ықпал етуші жағдаяттардың түрі мен мәнін ашып, түрлі қоғамдық құрылыстағы қазақ жеріндегі бастауыш мектептердің құрылуына, қалыптасып және дамуындағы орын алған педагогикалық жүйені негіздейтін алғы шарттары мазмұндық жүйесін ашып беруге тырыстық.

Қорытындылай келе, Қазақ жеріндегі 1915-1940 жылдар аралығындағы уақытта оқу-ағарту саласы бойынша халыққа білім берудің түрлі кезеңдерге орай жаңа жүйесі қалыптасып, дамып, түрленіп заман сұранысы лайықты құрылып отырғандығына көз жеткіздік.

2 1915-1941 ЖЫЛДАРДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСТЕРІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

2.1 Бастауыш мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы және қазіргі педагогикалық үдеріспен ұласымдылығы

Отарлық Патша әкімшілігі Қазақстандағы жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайының барлық салаларында, әсіресе білім және мәдениет мекемелерінің жұмысын құру қажет болды. Содан кейін зайырлы мектептер ашылды. Бұл жергілікті тұрғындарға көп мүмкіндік берді және ағартушылық, мәдениеттану мен ғылымды дамытудағы алғашқы мектептердің рөлі мен маңызының бар болғандығын жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен де, Қазақстан аумақтары арабтармен ХХ-шы ғасырдың басына дейін тарихи, мәдени және саяси-әкімшілік қатынастарда болған. Жалпы аймақтағы мұсылман мектептері исламның дәстүрлі білім беру жүйесіне – мектеп пен медреселерді еді.

Діни мектептерді реформалау туралы И. Гаспринскийдің идеялары мен практикалық істері мұсылмандық білім беру саласындағы бағдарламасы жалпы ресейдің ішкі және шет аймақтарындағы халықтар арасындағы ғылыми-педагогикалық қауымдастығына да белгілі болды. Қазақстан аумағындағы мұсылмандық білім беру жүйесіндегі реформалардан тыс қалған жоқ. И. Гаспринский – өз заманының толыққанды қоғамдық қозғалысына айналған теологиялық мектептер жүйесіндегі діни реформацияның авторларының бірі болды. Ол өзінің ұлттық және конфессиялық мәселелерін түсіну және шешу үшін Еуропалық ағартудың жемістерін пайдаланды, оған қоса жаңа әдістерді енгізуге және ішінара теологиялық оқу орындарының мазмұнының өзгеруіне бастамашы болды.

А.Е. Крымский: «Ресей мұсылмандары арасындағы мектеп, білім және әдебиет (мәдени-этнографиялық очерк)» еңбегінде – «Гаспринский енгізген жаңа дидактикалық әдістер мен оқытудың жаңа әдісі көпшілікке мәлім болғаны сонша – татарлар мен басқа түріктер Қырымның тыс жерлерінен Бахчисарайға сапарға шыға бастады: Ресей империясының әртүрлі аймақтарында 500-ден астам жаңа әдіспен оқыту мектептері жұмыс істей басталы. Тіпті Қытайдың қол астында болған Гүлжада да осындай мектептер болды» деп жазды. Мектептер мен медреселерде жаңа әдістің талаптарына сәйкес, оқу үдерісінің бар жүйесі өзгерді, жаңа оқу пәндері енгізілді: ана және орыс тілдері, тарих, математика (арифметика) және басқа да зайырлы пәндер енгізілді. Сынып жүйесіне көшу жүргізілді; сабақ кестесі енгізілді; өтпелі және қорытынды емтихандар өткізілді. Сабақ өтетін бөлмелер тақта және картамен толықтырылды. Химия және физика кабинеттері және табиғат бұрыштары пайда болды. Жаңа әдісті мектептер, сөзсіз, аймақтағы білімнің, руханият пен мәдениеттің дамуына айтарлықтай әсер етті және олардың көптеген түлектерінің қоғамдық өмірдегі санасы мен белсенділігінің артуына ықпал

етті. Осы мәдениеттен ұлттық мәдениетті жандандыруға және Ресей халқының басқа халықтарымен тең дәрежеде әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге мүдделі көптеген танымал жұмысшылар шықты [147]. Бұл кезеңдегі жадидтік оқыту жүйесімен білім беру біртіндеп ұлттық білім беру жүйесіне – қазақ ұлттық бастауыш мектептерінің қалыптасуына және кеңестік үкімет уақытысында қазақ бастауыш мектептерінің дамуына және бүгінгі күндегі бастауыш білім беру жүйесімен табиғи заңдылықта сабақтастықтарын тауып, өзара ішкі бірлікте жатқандығына көз жеткізуге болады.

Бастауыш білім беру кезеңі оқушылардың орта және жоғары сыныптарда білім алуының негізі болып табылады. Сондықтанда қай кезеңде болмасын бастауыштағы оқыту мен тәрбиелеу адам өмірінде қоршаған орта мен жалпы дүниені ғылыми тұрғыдан танып, білудің өзегі әрі бастауы бұлағы болып табылады. Яғни, адамның келешекте жеке тұлға болып қалыптасып, дамуына ең бірінші болып ықпал жасайтын және оның негізін қалайтын білімдер жиынтығы ол бастауыштағы білім болып табылатыны анық. Бастауыштағы білім беру кеше немесе бүгін жасалған ғылыми танымдыққа бағытталған адамдардың жасаған шығармашылық туындысы емес. Бұл әр кезеңдегі оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарына негізделген педагогикалық үдерістің өзіндік қалыптасуы мен дамуы жолы бар және әр заманның талап қою жағдайына байланысты дамуына осы бағыттағы ғылыми негіздерімен айналысқан жеке ғалым-әдіскерлер мен педагог-психолог және білім берудің пәлсафалық жүйесін негіздеуші жеке тұлғалардың шығармашылық еңбектері негізінде жетілдіріп, түрленіп, өмір тәжірибесіне ендіріліп отырады. Бұл білім берудің тарихи педагогикалық мәселесі ретінде мәнге ие болады. Біздің қарастырып отырған мәселеде Қазақстандағы 1915-1940 жылдар аралығындағы бастауыш мектептердегі оқыту мен тәрбиелеу және білім беру жүйесінің мазмұндық жүйесі бүгінгі бастауыш сыныптардағы орын алып отырған педагогикалық мәселелермен тығыз байланысты және оның тарихи педагогикалық негіз құрайтын құрамасы ретін орын алады. Бұл бүгінгі бастауыш білім беру кезеңінің тарихи тамыры және қазіргі бастауыш сыныптардағы педагогикалық үдерістермен ұласымды сабақтастығының бар екеніне негіз болады. Сондықтан Қазақстандағы бастауыш оқытудағы білім беру жүйесінің мазмұны заманауи талаптарға үйлесімді дұрыс бағытта қалыптасып дамуына, өткеннің педагогикалық жүйесінде орын алған келеңсіздіктер мен қателіктерді болдырмау үшін және оқыту-тәрбиелеу жұмыстарында болашақты болжап, сапалы ұйымдастыруға алғы шарттар ретінде орын алады. Бастауыш білім – ұлттың болашағын қалаудағы басты құрал болуы қажет. Қазақ мектептері соның ішінде, бастауышта оқытудағы білім мазмұнында қазақтың ұлттық болмысын беретін ерекшеліктер ауқымда ендірілуі керек. «Қазақ бастауыш мектебінің өз бейнесі – орыс тілінде оқитын мектептерден тек тілі жағынан ғана емес, ең бастысы білім мазмұны, оқыту сипаты жағынан ерекшеленуі тиіс» - деген педагогикалық ой-тұжырым құндылығын жоймағаны анық [148]. Білім беру мақсатын ұлттық дүниетанымға негіздей отырып жоспарлы түрде іске асыру оқушының

болашақта жеке тұлға болып қалыптасып, дамуының өзегі бола алады деген ойға алып келеді.

Қазақстанда жадидтік оқу жүйесіне негізделген реформа жүргізудің басы қазақтың төлтума жазу қарпін жасап, 1915 жылдан енгізіп, оны ресми түрде қабылдаған уақыттан жадидтік оқу жүйесіндегі бастауыш мектептер «қазақ ұлттық бастауыш» мектептері атына ие болды. Бұл бастауыш мектептер төңкерістен кейінгі кеңес үкіметі кезінде өз бағытын бастапқы кезде берік ұстады. Кеңес үкіметі өз билігін бір орталыққа бағындырған кезеңнен мектептердегі білім беруге негізделген оқу бағдарламаларының қамтитын білім мазмұны және оқылатын пәндердің тізімі міндеттеліп, нақтыланып беріліп отырды да, ал қосымша білім беру бағытын қамтитын оқу материалдары пәндеріне сағат саны жетпеді, оларды оқыту жергілікті оқу-ағарту бөлімдеріне тапсырылды. Осындай мәселелерге байланысты қазақтың ұлттық бастауыш мектептерінде оқу жоспары жүйесіне енгізілген пәндер тізбегін негізге ала отырып, жергілікті білім беру мекемелері өздерінің жер ерекшеліктері мен табиғат және шаруашылық бағытына қарай білім беретін оқу материалдарын түрлі тақырыптық жүйемен анықталған жеке пәндерге енгізу арқылы оқытқан болатын. Бұндай жоғарыдан түсірілген оқу жоспары негізінде құрылған оқу материалдары мен білім беру мазмұнын анықтауда және қосалқы пәндер жүйесін өмір тәжірибесіне ендіру мен қолдануға ұсынылған жеке пәндерді анықтап белгілеу жүйесімен жасалған оқу бағдарламалары Қазақстандағы қазақ ұлттық бастауыш мектептеріндегі пәндерді оқытуда аймақтық білім беруге алып келді.

Бастауыш мектептің немесе бастауыш білім беру кезеңінің басты міндеттерінің бірі – келешектегі орта және жоғары сыныптардағы немесе үздіксіз білім беру жүйесін жүзеге асырудағы алдыдағы білім беру буындармен сабақтас болу әрі, оны жүзеге асырудың баспалдағы ретінде негізгі мәнге ие болуымен анықталады.

Бастауыштағы оқыту оқушының ана тілінде сауатын ашып, білім негіздерін меңгеруі арқылы жеке ойлау қабілетін қалыптастырып, дамуына өзек болып жеке тұлғалық болмыс қырларының негіздерін сомбаудың жедел әрі, қуатты жүретін кезеңін басшылыққа ала отырып, оның жеке зияткерлігі мен өз бетінше білім алу дағдысына машықтануға үйрету керек. Бастауыш сыныптардағы ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістің міндеттері анықталған немесе белгілі білімнің қорымен оқушыны қамтамасыз ету емес. Мектеп оқушыларының оқу-танымдағы әрекетіне қызығушылығын арттырып, ықылас-ынтасын жандандырып, ғылыми дүниетанымдық ойлау қабілеттерін жетілдіріп отыруы басты мәселе болып табылады. Яғни, бастауыштағы оқытудың басты міндеттері – оқушыларды жазуға, оқуға, есеп шығаруға үйрену, қоршаған ортадағы заттарды немесе табиғат құбылыстарын салыстара отырып ажырата білуге, олардың өздеріне тән ерекшеліктерін танып, меңгеруге және қоғам және табиғат жайындағы басты білімдерінің қалыптасуы, қоғамды және әлеуметтік ортадағы мәдениеттілік сақтау қарым-қатынастық тәртіптегі әдептілік танытуға баулитын мінез-құлықтарға дағдыландыру.

1915 жылдан бері 1918 жылға дейінгі кезеңде бұрыннан қалыптасқан миссионерлік педагогиканың жүйесінде Қазақ өлкесінде жүргізілген отарлаушы елдің оқу-ағарту саласындағы құрылған орыс, орыс-қазақ мектептеріндегі оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарына жергілікті халықтың сұраныстық талап тілектерінің қойылуының басты шарты – бастауыштағы білім беру мазмұнының заманауи талаптарға сай үйлесімді болуы және оқу баланың ана тілінде жүргізілуі, орыс тілін бастауыштың соңғы сыныбында оқыту. Бастауыштағы білім мазмұны оқушының туған ұлттық болмысының табиғатына үйлесімді болуы және олардың қабылдай алу мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктеріне жақын келіп меңгерулері еш қиындықсыз, балаға зиян келтірмейтіндей болуы керектігін басшылыққа алу болды. Өйткені бастауыш сыныпқа барған бала өз ана тілінде емес, өзге тілде білім алса, онда оның жан дүниесі мен табиғи жаратылыс дүниесіндегі танымдық әрекетінде кері әсерлер болып, жеке дамуындағы тұрақтылыққа жағымсыз ықпалын жасайды. Мектептегі оқу ұлттық тілде болу және оқытылатын пәндерде қазақи дүниетаным беретін оқу материалдарының енгізілу қажеттілігі сол уақыттан бастап көтеріліп келеді. Бұны өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылғандығы тарихи құжаттар бізге дәлелдеме жасауға мүмкіндік берді және бұл мәселе бүгінгі күнде де көкейкесті мәселелердің бірі ретінде орын алуды. Сонымен бірге, бастауыш мектептен кейінгі орта білім алуы үшін жоғары сыныптарда білімдерін жалғастыру арқылы арнайы кәсіптік және жоғары оқу орындарында білім алып білікті маманға сәйкес білімдерін жоғарлату мәселелері сол заманнан-ақ айтылып келе жатқан мәселе екендігі анық. Бірақ, халықтың бұндай ұсыныстары мен өтініштері сол кездегі қоғамдық құрылыстың ұстанған саяси-идеологиялық және эконмикалық даму жағдайына байланысты жүзеге аспайтыны немесе әдейілеп асырмаулары орын алғын. Сол кезеңдегі қоғамдағы оқу-ағарту мәселесіне байланысты халық жанынан орын алған қарама-қайшылықтар қазақ ұлттының дүниетанымдық сипатын сақтап қалу негізінде көтеріліп, айтылған рухани қарсылығынан шықты. Білім беру жүйесін ұлттық тұрғыда құру, дамыту мәселелері болашақ ұрпақты мектептерде тәрбиелеу мен оқыту барыстарында оқушыларға қажетті білімдерді меңгеруді жүзеге асырудағы әдіс-тәсілдерді жетілдіру мәселелерін қарастыру басшылыққа алынды.

Төрт жылдық қазақ мектебіне арналған бағдарламалардағы ерекшеліктері орын алды:

1, 2, 3, 4 сыныптарда оқылатын арифметика, ана тілі, қоғамтану, 3, 4 сыныптардағы жағрафия және 4 сыныптағы оқылатын жаратылыстану пәндерінің бағдарламасы пәндік жүйеге негізделіп құрылды.

Ана тілі пәнінен – ауызекі сөйлеу арқылы тілін дамыту, кітап оқу, жазу және тіл заңдылықтарына негізделген емлені оқып, үйрену енгізілді және ана тілі пәнінің сабақтарын толық төрт сыныпта өту керектігі осы бағдарламада белгіленді. Сондай-ақ, қоғамтану пәнінің оқу материалдарын төрт жылға бөліп өту қарастырылған. Ал, жағрафия бағдарламаға жеке пән ретінде үшінші сыныптан кірігізілді. Дегенмен, осы мәселенің мазмұнына терең үңіле отырып, талдау жасасақ сол кездің өзінде бастауыш сыныпта оқушыларына

білім беруді ұйымдастырудың кешенділік әдістері орын алғандығын көре аламыз. Бұл, 1924 жылы маусымда өткен Қазақстан ғалымдарының бірінші съезінде талқыланып, төрт жылдық қазақ мектебінің қоданылуына берілген оқу бағдарламалар еді [5].

1924 жылдағы Қазақстан Халық ағарту Комиссариатының білім орталығы ұсынған қазақтың төрт жылдық мектептері үшін жасалған бағдарламасында:

1. Қазақ балаларының сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбалары (графика, «Әліп-би»)

2. Оқыту жүйесінің ұлттық болмысқа бейімдейтін жолы.

3. Баланың жас ерекшелігіне қарай берілетін білім мазмұнын бағдарламада жүйеленуі мен негізделуі.

4. Бастауыш мектеп қазақша «Әліп-би» және ана тілінде білім беретін оқулықтар жүйесі.

5. Оқытудың тиімді әдістерін анықтау және осы бағытта түрлі ғылыми еңбектер жазу [149].

1922-23 жж. ұлт мектептерін төл оқулықпен, бағдарламамен қамтамасыз етуде біраз шаралар іске асырылды, қазақ тілінде 14 оқулық шығарылды. Олардың ішінде «Физика», «Грамматика», «Педагогика», «Алгебра», «Мектеп гигиенасы», т.б. бар. Бұл оқулықтарды жазуға А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, С. Аспандияров, Жомартбаев, Қ. Сәтбаев, Ә. Ермеков, Т. Жолдыбаев, т.б. қатысты.

1920-30 жж. республика мектептерінің оқу базасын күшейтуге мемлекет тарапынан орасан мол қаржы жұмсалды. Осы жылдары ұлттық мектептер саны 333-тен 1864-ке жетті оның 1231-і қазақ мектебі, оқушылар саны 215,1 мыңнан 320,1 мыңға жетті. Қазақ мектепте оқитындардың 11%-ы ғана қазақ қыздары еді. 1928 ж. Қаз ОАК-нің 3-сессиясы бұл мәселеге ерекше тоқталып, қазақ қыздарын оқуға көптеп тарту туралы арнайы қаулы қабылдады. Бұл жылдары қазақ орта мектептерінің саны аз еді. 1927-28 жж. республикада үш-ақ орта мектеп (Ташкент, Орынбор, Қызылорда) болды.

1929 ж. республиканың ежелден ғылым, әдебиет, мәдениет тілі болып келген араб әліпбиінен латыншаға көшуі оқу-ағарту ісінің дамуына үлкен соққы болып тиді. Араб әліпбиімен шыққан мәдени бай мұралардың көбі отқа өртелді. 1940 ж. латын әліпбиінен кириллицаға көшу елдегі ағарту ісін тағы көп жылға шегеріп тастады. 1937 ж. қазақ бастауыш мектептерінің саны 537-ден 1190-ға, орта мектептер 11-ден 48-ге, орталау мектептер 143-тен 237-ге жетті. 1940-41 оқу жылында жалпы білім беретін мектептерге 1 млн. 145 мың 993 оқушы тартылды. Оның 441 мыңы қазақ балалары еді. Бұл 1925 жылмен салыстырғанда 6 есе көп. Оқуға тартылған қазақ қыздарының саны 20 мыңға артты, мұғалім кадрларының сапасы жақсарды. 1940 ж. жалпы білім беретін мектептерде 44597 мұғалім қызмет етті, оның 17,5 мыңы қазақ әйелдері еді.

Қорытындылай келе, оқу-білім ағартушылыққа үлес қосып келген ХХ ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының алдына қойған міндеті қазақ деген халқын ұлт деңгейіне көтеру, өз елін жат үстемдіктің тепкісінен құтқарып өзі-өзі басқаратын ел қылу. Алаш зиялылары оқу-ағарту саласында мектеп, оқу-

әдістемелік құралдар туралы зерттеу әдістерін жазып, бірін-бірі толықтырып отырған. «Қараңғы қазақ көгінен өрмелеп шығып күн болуды» армандаған алаш қайраткерлері өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу бір туар тұлғалары еді. Олардың бар өмірі ұлтты сүюдің, ел мүддесіне қалтықсыз қызмет қылудың нағыз үлгісі болады. Алаш зиялыларының көп салалы қызметінің бір қыры-ғылыми-педагогикалық іс-әрекетінің тамыры тереңге тарап, бүгінгі Қазақстанның зияткерлік ұлт қалыптастырудың түпкілікті негізінен бастау алғандығын байқаймыз [150].

Қазақ халқының тарихындағы 1991 жыл егемендікті алу оқиғаларымен орын алып, қоғамдық құрылымның өтпелі кезеңмен есте қалды. Бұрынғы Кеңес одағының құрамында болған барлық республикалар өз дербестіктерін алып, тәуелсіз мемлекеттер атанды. Тәуелсіздік алғанынан қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ретінде орын алып келеді. Сонымен бірге мемлекетімізде білім беру жүйесі де ұлттық сипат алып, оны жетілдірудегі түрлі реформалар жасалып, қоғамдық өмірдің тәжірибесіне ендіріліп, толықтырылып, жетілдіріліп келеді.

Қазақстанның егемендікке қол жеткізуімен ұлттық болмысымызды сақтап қалуға, 20 ғасырдың бас кезіндегі оқу-ағарту жүйесін ғылыми-әдістемелікті жетілдіруге үлес қосқан педагог ғалым әдіскерлеріміз – А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабайұлы, М. Дулатұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Х. Досмұхамбетов, Т. Шонанұлы және т.б. сол замандағы бастаған құнды ой-пікірлерін басшылыққа алып, жүзеге асырылу қолға алынды. Өйткені, тәрбие мен оқыту жұмыстарының барыстары ұлттық нышанға негізделуі жайындағы ғылыми еңбектері және олардың педагогикалық мұраларын жетік түсініп, талдау жасау арқылы қазіргі бастауыш білім беру кезеңінің қалыптасып, дамуына негіз болды деуге болады.

Алаш зиялыларының бәрін, өзінің жекелік мүддесі емес, халықтың тағдыры қызықтырды. Ұлт зиялыларының алдына қойған міндеті қазақ деген халқын ұлт деңгейіне көтеру, өз елін жат үстемдіктің тепкісінен құтқарып өзі-өзі басқаратын ел қылу.

Ұлттық мектеп – сол ұлттың тілін, ділін, салт-санасын, интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырушы басты құрал. Жас ұрпақты ұлттық мектепте оқытып, тәлім-тәрбие беру саяси мәнді мәселе. Адам мектеп жасынан туған ұлтының тілін, тарихын, ата-баба салт-дәстүрін біліп, одан рухани нәр алып жетілсе, ұлттық сана-сезімі биік болары сөзсіз.

Ұлт келешегі үшін қызмет еткен, бойындағы барын берген зиялы қауым өкілдерінің қазақ мектептері үшін пайдалануға тұратын көзқарастары мен тәжірибелері бүгінгі күнде өзектілігін көрсетіп отыр. XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ елінде педагогикалық психологияның қалыптасуына зор үлес қосқан зиялы қауым өкілдеріне назар аударып, зер салу аса қажет деп білеміз. Себебі, еліміз егемендікке ие болғалы ұлттық мектептің іргетасы қалана бастады. Ұлттық мектептер тарихын, тілін мәдениетін зерттей отырып, әлемдік деңгейдегі білімге ұмтылудамыз.

Қазіргі «Қоғамның жаңару жағдайындағы ұлттық метептердің» бағыт-бағдарын, құрылымын, өткені мен бүгінгісін және болашағын анықтап, ұлттық мектептерді бүгінгі күн талаптарына сай ұйымдастыру.

XX ғасырдың басында тарихи сахнаға шыққан ағартушылардың, педагогтар мен жазушылар буыны туралы ерекше атап айтқан дұрыс әрі қажет деп ойлаймыз. Олар қазақ халқының тарихи-мәдени өмірінде өзіндік із қалдырған, республикада халық ағарту ісі мен жоғары педагогикалық ұлттық мектепті қалыптастыруда және оның іргетасын қалауға белсене ат салысқан, жеке басқа табыну кезінде зорлық-зомбылық пен заңсыздықтың құрбаны болған, көп жылдар бойы есімдері ескерілмей келген халқымыздың ұлы перзенттерінің педагогикалық мұрасының бүгінгі таңда ғылыми мәні расан зор. Олардың шығармашылық мұралары тек тәуелсіздік алғаннан кейін халқымызға қайтарылып, осы бағытта еңбектер жазылып, кітаптар жарық көре бастады [150].

Осы негізден бастауыш сыныптарға арналған пәндер тізбектері жаңа атаумен және мазмұндық құрылымымен оқулықтар ретінде қайта қаралып, толықтырылып бүгінгі авторлар қауымымен жазылды. Бұндай үлкен жұмыстардың бастау алу кезеңі 1992-1993 жылдардан басталды.

1992-1993 оқу жылынан бастап бастауыш мектептер жаңа бағдарламаға көшті. Онда бастауыштағы пәндерді оқыту төмендегідей төрт мақсат басшылыққа алды:

Білімділік – бағдарламаға сәйкес жеке пәндік білім, білік және дағдылардың белгілі бір көлемін оқушылардың игеруі;

Тәрбиелік – шынайы ғылыми дүниетанымдық көзқарасты, жоғарғы ізгі игіліктер мен саналарды, еңбекке дайын болу және тағы басқа қасиеттерді қалыптастыру;

Дамытушылық – логикалық құрылымдар мен ойлаудың ғылыми стилін дамыта түсу;

Практикалық – жеке пәндерден меңгерген білімдерін нақтылы жағдайларда, жеке өмірлік тәжірибеде қолдана білумен байланысты білік қалыптастыру [151].

Қазақстан өзінің ұлттық білім жүйесінің деңгейіне байланысты өркениетке бағыт алған білім беру ісін реформаларды жүргізу асыру болды. Реформа кезең-кезең мен жүргізілді. Бірінші кезең 1991-1993 жылдарды Қазақстанның білім жүйесінің құқықтық негізі қалыптасып, «Білім туралы», «Жоғары білім туралы» Заңдардың шығарылуы. Екінші кезең 1993-1996 жылдар білім жүйесі тұжырымдамалық-бағдарламалық тұрғыдан жаңарып, бағыт-бағдар белгіленді. Үшінші кезең 1996-1997 жылдары білімді басқару мен қаржыландыру жүйесі жетілдірілді. Және де, жаңа білім мазмұнының ғылыми-теориялық және әдістемелік тәжірибеге негізделген құрылымы мен құрамын анықтау бағытталған қағидалық ұстанымдарында оқу пәндерінің жиынтығын мақұлдағанмен де оның базистік оқу жоспарға нақтылану деңгейінде кейбір мәселелер жайында пікірлер орын алды. Дегенмен де, 1996 жылы бекітілген базистік оқу жоспарындағы алғашқы екі сыныпқа, барлық пәндер бойынша төл оқу-әдістемелік кешен пайдаланып, мектептегі

педагогикалық тәжірибеге ендірілді, кейінен министрліктің ресми нұсқаулар бойынша толықтырулар жасалып, сол жылы /1996ж./ бекітілген нұсқасындағы ғылыми негіздемелердің дұрыстығы ресми орындарда мойындалды. Мәселен:

- екінші тіл ретінде орыс тілін оқыту мерзімін белгілеу;
- ана тілін оқытуға бөлінген уақыт көлемін көбейту;
- информатиканы жеке курс ретінде оқытуды күшейту;
- дене шынықтыру курсына бөлінген уақытты көбейту жатады.

Орын алған ғылыми пікір-тартыстар бағытында осы мәселенің әрқайсысы бойынша жинақталған ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік тәжірибелер бойынша түрлі көзқарастарды ескере отырып, ресми мекемелердің нұсқауымен базистік оқу жоспарына өзгерістер енгізу қажеттігі жөніндегі ұсыныстар, талаптар енгізілді.

Реформаның төртінші кезеңі 1998-2002 жылдары – білім беру жүйесін тұрақтандыру және стратегиялық бағдарлану кезеңі. Өйткені, «Білім туралы» Заңның жетілдірілген жаңа нұсқасы қабылданып, Білім саласы қызметкерлерінің съезінде «Білім туралы» Заң толықтырулармен қабылданды. Қазақстан егемен мемлекет мәртебесін алып, әлемге өзінің жеке елдігінің саясатын танытты. Қоғамдық өмірдің барлық салаларын жетілдіріп, дамыту соның ішінде, білім беру жүйесін заман талабына жариялылық негізінде ізгілендіру – мектепте ақыл-ойы терең, білімді, шығармашылық жағынан қабілетті, мектептегі тәрбие берудің мақсатын қоғамның мүддесінен туындайтын, әлеуметтік сұранысқа лайықты болуы мен қатар халық игілігіне жарайтын ізгілікті, жасампаз істерге жұмсалуды шартын анықтайды. Қазақстан Республикасы Конституциясы және «Білім туралы» Заңы – осылардың негіздерін қалаудың тірегі және кепілі [152, 153]. Бесінші кезең 2003-2006 жылдары Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастық орнату және ұлттық мектеп моделін құрудың алғашқы жобаларының тәжірибелік сыннан өткізілуі. Осы кезеңде білім берудің тұжырымдамалары (жаңа толықтырулармен) «2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасы» жасалып ұсынылуы – тәрбие және білім беру мен оқыту саласындағы жаңа белеске көтеру барысындағы, еуропалық білім беру кеңістігімен ортақтас іс-шаралардың өмір тәжірибесіне ену мерзімі. Он екі жылдық оқытуға көшуге білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын өзгерту, жалпы білім беруден кейінгі жоғары оқу орындағы білім алу сатыларда бакалавриат, магистрлік, докторлық бағдарламалар мен несиелік технология бойынша оқыту, еуропалық білім кеңістігімен ықпалдасудағы, Болон декларациясының талаптарына үйлесімділікті қамтамасыз ету. Орта білім берудің нәтижелерін жинақтау мен сараптау және олардың мониторингтік мәліметтерін талдау, қоғамдағы әлеуметтік ортаны қатыстыру жүйесін қалыптастыру. Білім беру жүйесін дамытудың бұл бағыты, Отандық білім беру жүйесін әлемдік және еуропалық білім беру кеңістігіне ықпалдастыру аясында іске асырылды және шетелдік педагогикалық тәжірибелерді зерделеу негізінде қабылданады [154, 155, 156].

«2011-2020 жылдарға және 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары» қоғамда білім саясатын жүзеге

асырудың құралы ретінде орын алып келеді. Қазіргі уақытта 2016-2017 оқу жылдан бастап Қазақстандағы барлық мектептерде Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесіне сәйкес жаңартылған білім мазмұнына негізделген оқу бағдарламалары мектеп өміріндегі педагогикалық тәжірибеге енгізіліп отыр [157].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік жалпыға міндетті жаңа стандартты оқушылардың дайындық деңгейіне, орта және бастауыш білім берудің мазмұнына, оқушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарды белгілейді. Жаңартылған стандарт орта білім беруде жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің келісілген мүддесін танытады. Стандарт негізінде мемлекет жалпыға мүмкін болатын, тегін орта білім беруге кепілдік береді [153,158].

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті жаңа стандарты келесі жалпы принциптерді ескере отырып жасалған:

- оқыту мен тәрбиелеудің өзара ішкі байланысы негізіндегі ұласымды үйлесімділігін сақтау;
- ұлттық және адамзатқа ортақ құндылықтарды басшылыққа алып, ескеру;
- білім берудің тұлғаны қалыптастыруға, оның рухани-адамгершілігі және зияткерлік дамуын қамтамасыз етуге бағдарлануы;
- білім берудің оқу нәтижелеріне жетуге бағдарлануы;
- оқушылардың оқу қызметінің жемістілігін бағалаудың айқын және әділетті жүйесін қалыптастыру;
- білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету;
- барлық оқушылар үшін қолайлы оқу ортасын құру;
- қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім беру үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайларды жасау жолымен, үштілді білім беру саясатын іске асыруға бағдарлану.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының деңгейлік жүйелерінің мазмұнын заманауи талаптарға сәйкес жетіліріп, толықтыру – заңды әрі табиғи құбылыс. Өйткені, білім беру стандарттары қоғамның үздіксіз даму жағдайында орын алатын ғылым саласындағы озық үлгілік білімдер жиынтығын өмірге, әлеуметтік ортадағы оқу-ағарту бағытында қолдану жағдайларын іске асырып отырады. Қолданыстағы білім стандарты өзінің жетілдірілу жолындағы толассыз даму сипатына ие болып, оның негізін беретін жаңа нобайы /моделі/ мазмұндық құрылым жағынан үнемі жаңарып, заманауи оқыту мен тәрбиелеудің талаптық жүйесіне негізделіп «Мектепте берілетін білім мазмұнының жаңару талаптары және оны қалай оқыту керек, әрі тәрбиелік мәні неде?» - деген сұрақтардың жауабын беруге негізделген құжаттар ретінде орын алады.

Жаңа білім беру стандартының мазмұндық мәнінде орта білім берудегі басты құндылықтары қатарына өмір бойы білім алуды жүзеге асыруды қарастыру. Мысалы, бастауыш білім берудің жаңа стандарты:

бастауыш білім беру кезеңінде оқушылар білімдерді шығармашылықпен қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарымен айналысуға қабілеті, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру, әлеуметтік ортада немесе өзгелермен қарым-қатынасты жасау тәсілдері мен тілдік дағдыларды қолдану, топта және жеке жұмыс істей білу қабілетін тұрақты жетілдіру қарастырылған [159,158].

Бастауыш білім беру кезеңі жалпы орта білім беру жүйесінде ерекше мәнді орын алады. Себебі, оқушының жеке қабілеттік қырларының қалыптасып, жетілуіне және тұлғалық болмысының үздіксіз дамуына, әлеуметтенуіне, ақыл-ой парасатындағы танымдық әрекеттері ғылыми негізге бағытталуы мен ұлттық мәдениет пен жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарды меңгеруі мен игеруінің бастау алатын кезеңі ретінде ерекшеленді.

«Жалпыға міндетті бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартында» жаңартылған білім мазмұнындағы Қазақстан Республикасы мектебі адамның қоғамдық мәнінің жан-жақты, үйлесімді дамуының негізін жасайды және осы ресми құжаттың аясында жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің міндеттерін орындауды қамтамасыз етеді. Бұл білім беру жүйесіндегі сатылық деңгейіне қарай оқыту талаптарын жүзеге асыруды басшылыққа алады [160, 161].

Қазіргі бастауыштағы жаңартылған білім мазмұны бағдарламасының мектептегі педагогикалық тәжірибеде орын алуда. Бұл жеке ғылымдар саласынан білім беретін пәндерді өзара байланыста оқыту арқылы оқушыны оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарының біртұтастық бірлікті сақтай отырып оларға кешенді түрде келуді қамтамасыз ету арқылы тізбектілік пен үйлесімділікті, бірізділікті құрайтын алаң ретінде жаңа педагогикалық құбылысқа ие болады.

Яғни, бастауыш сыныптардағы оқуды ұйымдастыру формалары мен пәндерді оқыту тізбегі де жаңа сипатқа ие болып, жаңаша тәсілдерді педагогикалық үдерісте қолдануды талап етеді. Бастауыш білім беру кезеңіндегі оқыту мен тәрбиелеуде жаңартылған оқу бағдарламаларының қолданылу ерекшеліктері жаңашыл тәсілдерді педагогикалық үдерісте шығармашылықпен пайдалана білу жолдарын меңгеру. Онда: 1. Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі; 2. Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы; 3. Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі; 4. Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру; 5. Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру; 6. Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою; 7. Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы; 8. Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу) ерекшеліктері орын алуда. Ал, оқытылатын пәндерді жүйелеуде оларды блоктарға /топтастыру циклдік пәндерге жатқызу/ немесе бөлімдер мен бөлімшелердің тізбектесуі негізінде білімдерді беруге байланысты: 1. Тіл және әдебиет: Сауат ашу, Қазақ

тілі, Әдебиеттік оқу, Қазақ тілі (Т2), Орыс тілі (Я2), Ағылшын тілі; 2. Математика және АКТ: Математика: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ); 3. Жаратылыстану: Жаратылыстану; 4. Адам және қоғам: Дүниетану, Өзін-өзі тану; 5. Өнер: Музыка, Бейнелеу өнері, Еңбекке баулу; 6. Дене шынықтыру: Дене шынықтыру – білім беру салалары бойынша пәндер мазмұндық байланыстар негізінде құрылған және сабақ беру кезінде де осы дидактикалық талаптардың сақталуы қарастырылады. Сондай-ақ, жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық үдерісте оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым дағдыларды жүзеге асыруды басшылыққа алып отыру керек қағиданы кәсіби әрекетінде ұстайды [162, 158, 160].

Қазіргі білім беру стандарттық жүйесін іске асыру – мемлекеттік білім беру саясатының басты ұстанымдары мен міндеттеріне бағындырылған. Сондықтан бастауыш білім берудің өзінде құзырлы оқушыны қалыптастырудың жаңа бағыттарын айқындап, жүзеге асыру барысындағы жұмыстарды жүргізуде жаңаша міндеттерін орындауды талап етеді және осыған сәйкес дидактикалық мәселелерді іске асырады. Бұның негіздері ретінде бастауыштағы жаңартылған білім мазмұны бағдарламасының қолданысқа енуінде «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» педагогикалық тәжірибелерінің үлгілері басшылыққа алынып, әлемдік және еуропалық білім беру кеңістігіне ықпалдастық үйлесімділікті сақтай отырып, жалпы білім беретін мектептердің оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын жүзеге асыру болып табылады. Яғни, құзырлы оқушының жеке тұлғасын қалыптасырып, дамыту, заман талаптарына үйлесімді жүру қажеттілігін басшылыққа алу.

1915-1940 жылдарда түрлі қоғамдық дамуда орын алған бастауыш мектептердегі педагогикалық үдерістердің үнемі жетіліп, дамуы әсерінен бүгінгі егемен мемлекетіміздегі білім беру реформаланың негізіндегі стандарттары, оқу бағдарламаларының жасалуына алып келген тарихи-педагогикалық заңды құбылыс ретінде түсінуімізге негіз болады. Бастауыш білім берудің ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік бағыттағы педагогикалық озық пікірлер мен тәжірибелердің дамып, жетілуіне өзек болатын нәрсе – оның дамуындағы жүріп өткен тарихи жолы болып табылады, яғни, оқу-ағарту сала жұмысындағы қоғамдық сұраныстағы талапты орындау бағытында педагогика ғылымының дамуындағы қол жеткізген нәтижелері ретінде орын алады.

2.2 Бастауышта білім беруді ұйымдастырудағы қазақ жазу таңбаларының өзгеріске түсуі

Мемлекеттегі қоғамдық құрылымның түрлі даму кезеңіне байланысты әлеуметтік орта қалыптастады. Саяси-әлеуметтік түсініктегі көзқарас және ғылымның дамуына байланысты біліми тұжырымдар, заңнамалық құжаттар өмірге еніп, қоғамдық дамудың бағытына орай танымдық әрі руханилықты қалыптастыру қайта жаңғырып, жаңа бағыттағы таным түсініктерін адамдар бойында бекиді. Мемлекетіміздегі саяси-экономикалық, ғылым мен техника және білім, әлеуметтік-мәдени бағытымыздың дамуы да күрделі өзгерістерге

ұшырауда. Бұндай өзгерістерге ұшыраудың бағыт-бағдары қоғамдағы жаңа саяси және әлеуметтік қатынастарды ұлттық мәдениет пен руханилық қасиеттерді жастарды тәрбиелеудегі жеке тұлғалық болмысын дамыту барысындағы жұмыстарда өзек етіп алуға алып келді. Ұлттық жаратылыстың ерекшелігін беретін салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, саналық болмысқа негізделген руханилыққа құрмет білдіру және дәріптеу – ұлттық тәлім-тәрбиелік мұраға, ғылымға баулу және білім мен тәрбие бағытындағы жұмыстарды бүгінгі көзқарас тұрғысында ұйымдастыру қажеттілігін туындатады. Мемлекетіміздің даму болашағын бағдарлаудағы рухани жаңғыру негізі – этникалық-мәдени білім мен тәрбиені, ұлттық болмыстағы рухани құндылықтарды жаңғырта отырып, жетілдіру, тарихи шындық негізін арқау ете отырып, ұлттық сананы қайта өрістету мен дамыту, ұлт мәселесіне қатысты ғылыми, танымдық білімдерді терең талдап, жүйелеп, ақиқаттық шындық тұрғысынан анықтап және дәлелдеп ғылыми айналымға түсіріп, ғалымдар мен көпшілік қауымға ұсыну қазіргі қоғамдағы, әлеуметтік ортадағы ұлтқа қатысты басты міндеттердің шешімін табуға ықпалын тигізетіні анық.

Мемлекетіміздің қазіргі рухани-мәдени даму барыстары қазақ жеріндегі бастауыш білім беру жүйесі және ондағы жазу таңбалары мен әліп-билерінің тарихына ерекше мән беріп зерттелуі – білім философиясының әдіснамасының жетекші идеясы негізінде білім тарихының тұтастық тұғырнамасының бірлігі мен жүйелік сипатына бағытталған маңызға ие болуы. Қандай қоғамдық-экономикалық және әлеуметтік-саяси құрылым болмасын басты міндеттердің бірі болып табылатын мәселе – бастауыш білім беру және оның мазмұны тарихи дамуындағы қоғам құрылысының сипатына, бағыты мен идеологиялық, саяси-әлеуметтік және басқа да қатынастардың бірлігіне тәуелді болып келеді. Қоғамдық даму заңдылықтарына орай білім берудің мазмұны, міндеттері және оны ұйымдастыру жолындағы формалары мен әдістері өзгеріске ұшырап отырады. Қоғамдық дамудың бағытына байланысты ұрпақ тәрбиесі жөніндегі идеялар сол тарихи кезеңдер мен жағдайларға негізделіп, бастауыштағы оқыту мен тәрбиелеу мазмұнының жүйесі шығармашылықпен дамып, тарихи-педагогикалық міндеттері жаңаша белгіленеді.

Бұнда бастапқы білім, сауат ашу, дыбыстар ақылы әріп таныту, жазуға үйрету және оқыту мен тәрбиелеу мәселесі, жалпы айтқанда бастауышта оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің құрылымдары мүлдем жойылмайды, жаңа қоғамдық құрылыстағы әлеуметтік ортаға үйлесімді болып, өзіндік жаңашыл бағытта дамуға түседі. Кез келген қоғамдық құрылымда немесе мемлекеттік жүйеде өзіндік саяси-идеологиялық бағытта оқу-ағарту жүйесін анықтап соған сәйкес жастарға тәрбие беріп, оқыту табиғи заңды құбылыс болып табылады.

Қазақстанда орын алған білім берудің тарихында қазақтардың қолданысында болған жазу таңбалары мен әліпбилердің түрі мен мазмұндық құрылымдарын мүмкіндігінше анықтаудағы басшылыққа алып, оларды білім философиясының әдіснамалық ұстанымдары негізінен тарихи-педагогикалық, ақиқат пен шындық, жинақтылық және жүйелілік болып табылатын негізден

және орын алған педагогикалық тәжірибелерді ғылыми тұрғыдан толық талдануына негіз болады.

Сондықтан білім мен тәрбие беру ісінің өткенін саралап, болашақты болжай алуға мүмкіндік алу үшін тәрбие мен білім берудің тарихи мұраларын жаңа көзқарас тұрғысынан қайта қарау күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Қазақстандағы 1915-1940 жылдар аралығын зерттеу жұмысымыздың аясында қазақтар арасында қолданыста болған жазу таңбалары мен әліп-билерінің тарихын, білім берудегі бастауыш мектептердің құрылымдық жүйесі жөнінде ғылыми зерттеушілік, тарихи сараптаушылық пен талдаулық жұмыстарды жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Бірақ, біздің зерттеушілік тақырыбымызда көрсетілген бұрынғы кезеңдерде қазақтардың өткен қоғамдық құрылымдарында болған жазу таңбаларының орын алғандығын жоққа шығармаймыз, тек тақырыптық зерттеушілік жұмысымызға енетін кезеңдерді қарастырмақпыз.

Қазақтардың бастауыштағы оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарының тарихи педагогикалық тәжірибесін тану – сол кезеңдегі жастарды тәрбиелеуде, дүниетанымдық түсінігін қалыптастыру жүйесінде орнын алған тарихи даму жолының бүгінгі күнменен сабақтастығын анықтау, түрлі қоғамдық құрылымда орын алған алғашқы білім беру жүйесі және ондағы сауат ашу мен жазу таңбаларының өмірлік тәжірибе мен оқу-тәрбие үдерістерінде қолданылуы және реформалануына ұшырауларының себептерін анықтау – бастауыш білім берудің тарихының алдында тұрған міндет.

Біз қарастырып отырған мәселеге қатысты зерттеу тақырыбымыздың аясына шыға отырып, бізге дейінгі жазу таңбаларына қатысты зерттеулерге шолу жасап кеткенді дұрыс деп ойлаймыз. Мәселен, қазақ жеріндегі бастауыш білім берудің даму жолына және оның алғашқы белгілік негіздеріне патшалық Ресей және Кеңес үкіметі кезінде қалыптасқан индетерминизмдік /себептіліктің жалпыға ортақ сипатын теріске шығару/ көзқарасына қарсы детерминизм және объективтілік даму принципін басшылыққа алып қарастыруға алып келеді. Ғасырлар бойы қазақ жеріндегі бастауыш білім берудің тарихы тереңнен тарихи шындық тұрғысынан қарастырылмады. Қазақтардың жазу таңбаларының жүйесімен алғашқы оқулық – әліпби төңірегіндегі айтылған пікірлер араб, латын, кириллица деп қазақтардың алғашқы білім алу жолында үш-ақ әліпбидің түрі болған деген әдейі әрі шындыққа жанаспайтын, жалған ғылыми пікірлер басымдық алып келді. Бұндай пікірлерді жоққа шығаруда түркі дүниесінің бесігі болып табылатын, қазақ даласын мекендеген түркі халықтарының көне заманынан деректік мәліметтер беретін тарихи, археологиялық және тіл ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихының зерттеулерін басшылыққа ала отырып, көне, алғашқы жазулар сыртқы нұсқасына қарай, «руникалық» деп аталған. «Руна /құпия/ немесе қазақтың ойма жазуы – бұл дыбыстық жазу, оның жазылу барысында түрленбейтін /өрнектеліп бір-бірімен жалғасуы/, яғни жеке таңбалар бірімен-бірі байланыспай жазылады. Тіл ғылымының фонетикалық саласынан алғанда руна жазуы түркі тайпаларының ерекшелігін дәл бере алады деп түйіндейді. Руна әліпбиінің жазылу стилін тақта жазу сипатына жатқызамыз да, оқылуын

оңнан солға қарай деп дәл баса айта аламыз. Тақталы жазу әліпбилерінің табылу аймағымен оның хронологиялық нұсқалық үлгілерін басшылыққа алғанда 40-тан аса жазу тақтасының түрі анықталған» [163].

Тақта жазуының таралу аймағы / Талас, Сыр бойы, Ертіс, Іле, Орхон-Енесей т.б./ қамтиды. Түркітанушы А. Аманжолов өз зерттеулерінде төмендегідей ғылыми қорытынды жасайды:

1. Түркі тілдес тайпалар бұдан 2500 жыл бұрын әліпбиі бар жазуды білген және кеңінен пайдаланған;

2. Көне түркі таңбалы құпия (руникалық) жазуы арғы ата-бабаларымыздың 1500 жыл бойы Х ғасырына дейін қолданған төл жазуы [164].

Бүкіл түркі дүниесінің бесігі болған қазақ жерін мекендеген көне тайпалардың алғашқы білімі мен сауаттылығы жөнінде ақиқаттық ғылыми түйіндер жасалаған. Көне түркі тайпалары таңбалы жазу мен сызуды қолданып оқи алатындығы /Д.Д. Васильев/, Орхон-Енесейді жеріндегі көне тайпалардың сауаттылығы жоғары болған /В.В. Бартольд/ және жазу таңбалары ешбір сырттан келген «кезбе миссионер – ағартушылардың» көмегінсіз жергілікті халықтың өздері жасаған төлтума жазу таңбалары болған және жазу мен оқуды жетік білген /С.Е. Малов/, бұл халықтарда сауаттылықтың негізі болатын алғашқы білімді меңгеру тек ақсүйектерге ғана емес, жалпы халықтық ортақ болған /С.В. Киселев/, мәселен, күнделікті тұрмыста пайдаланылатын қарапайым заттардағы жазулардың болуы, қазақ даласында өмір сүрген көне тайпалардың жоғары сауатты болғанына дәлел бола алады /А.Н. Бернтам/ десе, /Л.Н. Гумилев/ қазақ даласында өмір сүрген көне түріктерде дамыған қоғамдық дәуір болған және озық пікірлерді білдіретін даналық сөздер жайында ғылыми тұжырым жасайды.

Сауаттылық негіз болатын көне таңбалы жазулары мен көне түрік жазбасының негізінде жасалған әріп жүйесіндегі кітаптарды оқуға қазақ түркітанушы ғалымдар; А. Аманжолов, Ғ. Айдаров, Ә. Қоңыратбаев, М. Жолдасбеков, Н. Келімбетов, Ә. Қайдаров, Ә. Марғұлан, М. Оразов, Х. Сүйіншәлиев, Қ. Өмірәлиев, Е. Мұсабаев, Қ. Мырзалиев т.б. көне жазбалар мәтінінің мазмұндық жүйесін, тілі, әліппе іспеттес оқу кітабы құрылымын ғылыми негіздеулері Қазақстандағы түрлі ғылым бағыттарының ақиқаттық шынайылығымен бағытта дамуына әсерін тигізді. Түрлі ғылым саласындағы дәлелдемелік деректерді басшылыққа ала отырып, біздің зерттеу жұмысымыздың мазмұндық құрылымындағы бастауышта білім беруді ұйымдастырудағы алғашқы білім мен сауаттылықты игеруге негізделген қазақ жазу таңбаларының бұрын болғандығына негіз бола алады [164]. Әлемге танымал Орхон-Енесей жазба ескерткіштеріндегі түркі халықтарының әліппе соғды жазуы негізі. Дания ғалымы В. Томсен мен орыс ғалымы Е. Поливанов түркі әліпбиіне арамей әліпбиінің жанамасы жоқ идеограммалардың негізінде пайда болған десе, Н. Аристов түркі әліпбиіне ешбір бөгде әліпбидің әсерінсіз, түркі таңбалары негізінде туған төл жазу деп түйіндейді [165]. Қараханиттер мемлекеті, Алтын Орда, Қазақ хандығы дәуірінен 1915 жылға дейін қазақ халқы /6-7ғ./ Ж. Баласағұнның «Құтадғу білік», М. Қашқаридың «Диуани

лұғат ат-түрік», Қ.А. Ясауидің «Даналық кітабы» /ХІҒ./ және де ортағасырлық «Мухаббатнама», «Оғызнама» /ХІVҒ./ еңбектеріндегі жазба ескерткіштер қазақ жазу тілінің негізі ретінде орын алады [167]. Көне түркі жазуы дыбыстық жазудың ең көне түрі. Қазақ халқының жазу тарихы көне түркі жазуынан басталады /Н. Оралбаева,

А. Мамиева/. Түркі жазуында дауысты, дауыссыз дыбыстардың әрпі болған, кейбір әріптер екі дауыссыз дыбысты берген. Әріптер жуан, жіңішке дыбыстарды ажыратқан. Жазу таңбалары белгілі жүйеде қолданылған. Түркі халықтары кейіннен араб әліпбиін қолданған, бұл жазу мұсылман дінінің таралуымен бірге келген [168].

XII-XIII ғасырларда араб халифаты Орта Азия мен Қазақстанға, Шығыс түркі халықтарына ислам дінін тарату бағытында жергілікті халықтардың тілін, нанымдық сенім болмысын және дүниетанымы мен әдет-ғұрпын, жазуын, ата-бабадан келе жатқан тарихи мұра – ескерткіштерін мүлдем жоюға тырысты [169].

Арабтардың ислам дінін тарату жорықтары кезеңінде түркі халықтарының ойма жазу таңбасын халықтың қолданысынан шығару арқылы араб тілі мен жазу таңбаларын /28 әріп таңбасын/ қолданысқа енгізуге мүдделі болды. Өйткені, исламдық дінінің негізіндегі мұсылмандық дүниетанымды өздерінің басқаруындағы елдерге және өзге халықтарға жеке ықпалдарын жасаудағы негізгі құрал ретінде қолданды. Осының бағытында арабтандыру шараларын жүзеге асыруды жүргізді. Арабтардың ықпалымен түркі халықтарының ойма жазуы жойылып, төлтума жазу таңбасынан айырылып, орнына арабтардың жазу таңбасы қазақ тілінің ерекшелігіне икемдемей арабтарда қалай жазылып, оқылса сол күйінде қабылданған болатын. Араб әліпбиі қазақтың сөйлеу және жазу тіл ерекшелігіне сәйкес келмеді, тілдік ерекшелік мүмкіндігін толық сипаттап, ашып бере алмады. Қазақ тілінде кездесетін кейбір дыбыстарға қойылатын әріп таңбасының болмауы – жазу мен оқуға кері әсерін тигізді. Араб әріптерімен қазақ халқының сөздерін жазуда сәйкессіздік туғызды. Арабша жазу таңбаларын қазақтың тілі табиғатына жақын етіп икемдеу мәселесі орын алды және бұл жөнінде тіл және бастауыш білім беру саласындағы оқымысты, біліпаздар арасында түрлі ғылыми пікір-таластар туғызды. Дегенмен де, араб жазу таңбасын түркі халықтарының тілдік заңдылықтарына икемдеп, жаңа әліпбилер ұсынылған кезеңдерде болған, бірақ бұларды халифат өкілдерінің келіспеуінен қолданысқа ендірілмеді. Араб әліпбиімен білім алу шәкірттерге қиын болды. Мысалы, «...Әліпбисіз ешкім ғылым, білімді болмайды. Осы күнгі білімді халықтардың бәрі әліпбиі болғаны үшін ғылым, білімді болды. Қайсыбір халықтарда әліпбиі бар да, бірақ қиын шатағы көп. Сол себепті ғылым, білім түгіл хат жазуды үйренуге аса бай адамдардың, яки үлкен ұлықтардың балаларының ғана шамасы келеді,» - дей келе, «...Әліпби шықпай тұрып ғылым, білім жоқ. Онсыз бола алмаған. Әліпби шыққаннан кейін ғылым, білім де шықты. Әліпби бар болғанымен қиын шатағы көп болса, ғылым, білімге де көп бөгет қылады,» - деп бастауыш білім берудегі алғашқы оқулық «Әліппе» жөнінде педагогикалық ойлар түйінделген [170].

19-ғасырдың аяғы мен 20-ғасырдың басында қазақ жерінде «жәдидтік» мектептер ашыла бастады. Жәдидшілер ұлт жанашырлары ретінде қоғамды басты құрметке ие болды. Арабтың «усули-жадид» – «жаңа әдіс» деген сөзінен шыққан жадизм қоғамдық дамудың алғы шарттарының бірі халыққа білім беру деп есептеп, оның өкілдері осы мақсатта оқыту жүйесінде реформа жасауға кірісті. Ғылым мен мәдениетті дамытудың бірден бір жолы мектептер мен медреселерде жаңа әдіспен оқыту деп қарап, бағдарламаларын жасауды ұсынды. Себебі, бұрынғы оқыту жүйесіндегі бағдарламалар жаңа заманның, дамып келе жатқан капиталистік өмірдегі өндірістік, қоғамдық, рухани қатынастардың талабына сай келмеді.

Қазақ зиялылары халықты білім алуға ынталандырып, оқу арқылы ұлттық сананы ояту, қазақ жеріндегі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-діни мәселелерді реформалау қажеттігін қолға алды. Онда әрбір ұлт өзін балаларын ұлттық болмыстағы рухани тәлімдік мұралармен тәрбиелеуді жүзеге асыру. Мектеп, медреселерде оқуды жәдидтік жүйемен ұйымдастыру, іске асыру. Оқудағы дәстүрлі араб жазу таңбасын қазақ тіліне жүйелеп, дыбыстық естілу мен таңбалану ерекшеліктерін белгілей отырып бір жолға түсіріп, оқу-жазу ісін жаңа «усул-жадидке» көшірді. Бұл жол қазақ халқы арасындағы оқу ағарту жұмысын өмір талабына сай құру мен оны жүзеге асыруды ұйымдастыру болды. Сондықтан да патшалық Ресейдің оқу-ағарту министрлігі «Діни мектептерді қайта құру туралы» заң шығарып, өмір тәжірибесіне енгізуге мәжбүр болды [171].

Отарлау саясаты Ресейдің орталығынан шет жатқан халықтарға – бұратаналарға орыс тілін үйрету, орыс тілінде сауат ашу бағдарламасы жасалынып, осы бағытта орыстандыру жұмыстарының жүргізуіне қарамастан 19-ғасырдың аяғы мен 20-ғасырдың бас кезінде қазақ жеріндегі оқу-ағарту саласындағы бала оқыту мен тәрбиелеу ғылымында жаңашыл өзгерістер алып жатты. Мектеп оқушыларына арналған оқулықтар жадидтік оқу жүйесімен жасау мәселесі қолға алынды. Ұлт мектептеріне арналған ана тілін оқытуға бағытталған әліппе, оқу кітаптары мен хрестоматиялық құралдар жазу қолға алынды. Мұғалім, әліппе, төте оқу жүйесінің мәні жөнінде жаңашыл бағыттағы педагогикалық пікірлер бала оқыту жұмыстарына жаңа көзқарастағы ой-пікірлер мен келуге ықпал етті. Қазақ тіліне негізделген әліппе жасау жүзеге асырылып, алғашқы қазақ авторларының еңбектері жарық көре бастады. Бастауыш мектептердегі алғашқы оқулық – әліппені жәдидтік жаңа білім беру жүйесі негізінде жасап, «усул сотие» – дыбыстық оқыту әдісімен құрастырды [172].

Қазақ жерін отарлау саясатының негізінде орыстандыру жұмыстары оқу-ағарту саласында басым бағытқа ие болып, орыстан басқа ұлттар арасында білім беруді жүзеге асыру арқылы жүргізілді. «... барлық қазақ ісін және қазақ білімінің ерекшеліктерінің негізін және орыс мүддесіне бағытталған қазақ білімінің бастапқы түп қазығы қазақ тілінің еркіндігінде. Ол үшін қазақ тілін татар тілінің ықпал ету жолына тосқауыл қою керек. Оның дұрыс жолы – қазақ тіліне арналған орыс алфавитін жасау. Бірақ араб әліппесі қазақтардың қоладанысында болғандықтан татар тілінен ажыратуы қиынға соғады. Араб

жазу таңбаларының жүйесі қазақ фонетикасына жақын келмеуін, қазақ этимологиясының ерекшеліктерін жасыруын басшылыққа алып негіздеу қазақтарды араб тілінен алшақтауына алып келеді, ...ал біздер қазақ тіліне орыс алфавитінің икемділігін түсіндіреміз». Сондықтан орыс жазу таңбасының жүйесін қысқа мерзімде қазақ тілінің жағдайына бейімделген үлгісін дайындап, ұсыну оқу-ағарту саласындағы орыстандыру жұмыстарының ұтымды жолы болмақ деп қарастырды. Оқу-ағарту саясатын жүргізуші миссионер ғалымдар мен әкімшіліктері арасында қазақ тіліне негізделген жазу таңбалары /алфавит/ транскрипциясына байланысты үш түрлі пікір орын алды.

1. Қазақтарға оқулық құрастырғанда диакритикалық белгілері бар жаңа әріптерді транскрипциялаған орыс әліппесінің жүйесін енгізу, оның жазу нұсқасын басшылыққа алу;

2. Транскрипциялағанда алфавитке орыс әліппесінен ғана емес, грек және латын алфавитінің де әріптерін енгізу;

3. Транскрипциялауда тек таза орыс әліппесін алып, еш өзгеріссіз ендіру, орыс мектептерінде орыс әліппесін қалай оқытылса, сол нұсқауында беруді ұсынды.

«Түземдіктердің орыстармен және орыс мемлекетімен жақындасуының жолы – тікелей орыс транскрипциясымен байланысты болды. Орыс алфавитін ешқандай қысқартусыз және қосымша өзгертулерсіз алып, түбірі сақталып қолданысқа енеді» - деп айтылды [173].

Оқу-ағарту саласындағы Ресейдің миссионер-ғалымы Н.И. Ильминский оқу-ағарту министрімен кездесуінде орыстандыру бағытындағы саясатты жүзеге асыру үшін, қазақ тілінің қамқоршысы ретінде көрініп, бұл жұмысқа Ы. Алтынсаринді тартады.

Н.И. Ильминский; Орынбордағы қазақ мектебін бітірген Ы. Алтынсаринді білемін – «біз екі жыл бірге болғанбыз. Бұл өте жоғары дәрежеде талантты, білім құмар, сүйкімді, ақ көңіл, ақыл-ойы берік, патриот адам. Егер, Ы. Алтынсарин қазақтар арасындағы оқыту жұмыстар жандандыру жөніндегі сақтап қалса, онда ол қазақ мектептері үшін аса жарамды болар еді» - деген болатын. Өйткені қазақ мектептеріне жаңа оқулықтар жазу және бұрынғы жазылған оқулықтарды жетілдіріп, қайта шығару қажеттілігін қарастырып, әрине таза қазақ тілінде бірақ, орыс алфавиті негізінде орысша кітаптардың аудармасын беруді ұсынамыз. Ы. Алтынсаринді Қазанға шақырып, оған қазақтарға орыс алфавитінің қажеттілігін айтып түсіндірсек, онда ол қазақтар арасында үгіттеуші де болады. Бұл Ы. Алтынсариннің қазақ өлкесіндегі оқу-ағарту ісіне жасаған қызметі деп білеміз [174].

Отарлаушы елдің халыққа білім беру қызметкерлерінің қауымы тілді оқыту мәселесі жөніндегі өзара пікір-таласта өлкедегі бастауыш мектепте ана тілін оқытуды қолдаумен аяқталды. Бұл бағыттың орындалуына төмендегі жағдайлар себеп болған еді. Бастауыш орыс-қазақ мектептері қазақ тілі мен мұсылмандық дінді оқытпаған жағдайда жергілікті халық мұндай мектептерге сенімсіздікпен және дұшпандықпен қарады, ондай мектептерді құруға тікелей

қарсылық көрсетті. Бұдан басқа, оқыту әкімшілігі қазақтарды «татарландыруды» және «мұсылмандандыруды» тоқтатуды қарастырды, ол үшін оларды орыс тіліне оқытуға қазақ мұғалімдерін және араб емес, орыс шрифіндегі қазақ тілі мен қазақ тіліндегі оқулықтарды пайдаландыруды көздеді [175].

Қазақ тілінде оқыту мен білім беру және оқулықтар мен оқу құралдарын қазақ балаларының ана тілінде жазылуы керек жайындағы педагогикалық пікірлері жағымдылық және жақсылық нышанын бергенмен де негізінде, орыстандыруға бағытталған миссионерлік-педагогикалық жүйенің орын алып тұрғандығы анық байқалады. Бұл орыс жазу таңбасын қазақ тіліне икемдеп жасауы арқылы қазақ тілінде оқытуды жүзеге асыру негізіне, қазақтарды ассимиляциялауға түсіру болды және ол келешекте жүзеге асқаны анық. Оның салдары бүгінгі қоғамда орын алып келе жатыр.

«Қазаққа керек оқу екі түрлі, бірі мұсылманша оқу, бірі русша оқу. Мұсылманша оқуға «мұсылманша болғанда қазақша оқуға, оншама көп жыл керек емес. Не үшін десеңіз, русша оқығанда уақыттың көбі тіл үйренуге кетеді. Қазақша оқығанда тіл үйренуге кететұғын уақыттар басқа нәрселерді үйренуге керек уақытқа ауысады. Сондықтан 6-7 жыл оқып білетұғын білімдерді қазақша үш жыл оқып білуге болады. Русша оқып дұрыстап хат жаза білуге аз болса 8-9 жыл керек. Қазақша дұрыстап хат жаза білуге бір-екі-ақ жыл керек. Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолымен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды /төте оқу/ айтамын» - деп түсініктеме береді [176]. Оқытуды баланың ана тілінде жүргізу қажеттілігі жайындағы ой-пікірді қазақтың педагог-әдіскер, ғалымы А. Байтұрсынов: «...Өз харпі жоқ жұрттар үшін оқу кітаптары ана тілінде өз харпімен де, орыс харпімен да, яғни екі харіппен де басылмақ. Енді қате аңғармас үшін ашып айтылады. Ана тілін оқытатын кітаптар әр халықтың өз тілінде һәм тұтынған харпімен басылсын, орысша үйрететін кітаптар я орыс харпімен, я екі харіппен бірдей басылсын» - деп түсіндірген, ғалым – орыстандыру саясатының астарын жете түсінген [177].

Қазақша әліппе оқулығын жасауда не себепті араб таңбаларын алғандығы жайында: «араб әліппесінде 43-ке жететін харіф жоқ. Өзге әліппелерді қазақ қабыл алмайды. Араб әліппесі қазақ арасына дінмен бірге жайылған. Дінмен байланысқан әліппені тастап, қазаққа басқа әліппені алдыру-қиын жұмыс. Бұлай болған соң, араб харіптерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Араб харіфтерін тым бұзып жіберсек, халық тағы қабылдамайды» - деп түсініктеме берген болатын [178].

Біздің тіліміздегі барлық дыбыстарды сақтай отырып, дыбыс үндестігінің заңдылығы бойынша жаңа әріптер белгілеп, ана тіліміздің синтаксисі мен этимологиясын жасап шықты. Қазақ тілінде қолданылмайтын, мүлдем қажетсіз он екі араб әрпін әліппеден алып тастады. «Тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Жоқ, емле түріне қарай тілді ыңғайлау ма? Мен ойлаймын, емле-жазу үшін шығарған нәрсе, жазу-тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» - деп ғылыми тұрғыдан негізделіп берілді [179].

Жоғарыда аталған тарихи құжаттардың негізінде сіз жасай аласыз келесі қорытындылар жасаңыз:

- 90-жылдардан бастап қалыптасып, кең дами бастады XIX ғасыр Орта Азия мен Қазақстанда, жаңа білім беру жүйесі /жадизм/, жаңа бағытта дамуына үлес қосты қазақ жеріндегі бастауыш білім беру. Осыған құрылған оқыту жүйесі, бастауыш мектеп типі қозғаушы күшке айналды ұлттық сананы ояту.

Олар дамуды жүзеге асырды білім берудегі балалардың ұлттық ерекшелігі туралы дүниетанымы және ғылыми принципті ескере отырып, балаларды оқыту білім, дінді академиялық пән ретінде оқыту. Себебі, бұл жүйенің Қазақстанда кең қолданылғандығы, 1915 жылы қазақтың ұлттық бастауыш мектебінің іргетасы қаланды.

- ұйымдастыру жүйесіндегі қазақ әрпін реформалау бастауыш мектептегі оқу процесі ана тілі, қазақтың ұлттық жазу графикасын құру және жаңадан құру, оқу бағдарламаларын, оқулықтарды жазу оқу және білім беру саласында айтарлықтай өзгерістер енгізетін кітаптар ұлттық мәдениетті көтеру кезінде оның дамуын анықтайтын процесс халықаралық қозғалыстар бағыты бойынша әлемдік деңгейге және ғылыми тәжірибеде болғанының дұрыстығын растайды педагогика саласы.

- негізінде білім беру жүйесінде өзгеріс бар Кеңес өкіметі мен аударманың бір орталыққа бағыну саясаты латын әріптерімен жазылған таңбалар, қайта құру Оқу-ағарту жұмыстарын жүргізуге арналған қазақтар саяси-идеологиялық бағытқа негізделген шығармалар социалистік жүйе.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстанда мәселелер бойынша білім беруді жетілдіру және дамыту, қажеттілік туындайды оның тарихын, яғни педагогика ғылымының даму жолын қайта қарастырыңыз. Білім беруді кеңейту және жаңа бағыт қажет жылы бастауыш білім беру теориясы мен практикасын бөлек зерттеу педагогика тарихы. Бүгінгі уақыт жаңасымен зерттеуді қажет етеді педагогика тарихының әдіснамалық мәселелері мен әдістерінің көзқарасы бастауыш білім, техникалық қызмет көрсету жүйесін реформалау, жаңартылған бастауыш оқу бағдарламаларына негізделген білім беру және латын әліпбиіне көшуді таяу болашақта қолға алу және қазақ әліпбиін жаңадан құру, оларды енгізу уақыттың сұраныстары мен талаптарына сәйкес. Бұл жағдайлар, тарихи-педагогикалық процестердегі тәжірибеге негізделген Қазақтың өзіндік жолы бар белгілері мен әліпбілері дамыту, оларды көшбасшылыққа алу – олардың болатынын анық білдіреді болашақта көптеген қиындықтарға кедергі және ықпал етеді жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру және тиімді құру түрлі кедергілердің алдын алу [180].

Ресей патшалығының отарлау саясатындағы ұстанған бағыты шет аймақтағы халықтарға, бұратаналарға орыс тілін үйрету, орыс тілінде сауат ашуына бағдарлама жасалынып, жүйелі жүргізіліп отырғандығына қарамастан XX ғасырдың басында қазақ педагогикасы әлемінде де елеулі өзгерістер болды. Көркем әдебиет пен жалпы мәдениеттің қол жеткен табыстары жүйесінде мектеп оқушыларына арналған оқулықтар жасау мәселесі қолға алынып, алдыңғы кезекке қойылды. Ұлт мектептерінде ана тілін оқытуға

байланысты қолтума әліппе, хрестоматия құралдарын жасауға үлкен мән берілді. Мұғалім, әліппе, төте оқу – «жадиттік» төңірегінде, оның мәні жөнінде пікірлер айтылды. Мұның өзі педагогикалық ой-пікірге қозғау салды. Сөйтіп, қазақ тілінде әліппе жасау ісі қолға алынып, алғашқы қазақ авторлары шыға бастады. Олар алғашқы әліппе-оқулықтарды (жәдид) жаңа білім беру үлгісіне сүйеніп, усул сотие дыбыстық оқыту әдісімен құрасты [181].

Қазақ жазу таңбаларын реформалау арқылы төл тума жазуымызды қалыптастырып, оны жәдидтік оқу жүйесімен негізделіп қалыптасқан ұлттық бастауыш мектептердің педагогикалық тәжірибесіне ендіріп, қазақ халқының бала оқытудағы жұмыстарын ұлттық бағытқа бастап берген А. Байтұрсынұлының «Әліп-би» немесе «Оқу құралы» атты еңбегі 1912-1925 жылдарда 7 рет өңделіп, толықтырулармен шығып отырды және оқу-ағарту жұмысында кеңінен қолданысқа ие болды. Бұл қазақтың әліппесі қазақ жазу таңбаларының жаңа түрленген бейнесін берді және оны қазақ ұлты жанына жақын қабылдағаны тарихта анық. «Оқу құралы» тек жазу таңбаларын үйрететін сауат ашумен қатар оқушылар үшін ғылыми танымдық оқу материалдарында қазақша, парсыша күн және жыл атаулары берілген. «Оқу құралының ең ұлығы-бала оқытатұғын кітап; оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт. Тәртіпті жазу деп айтамыз: тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі /харфі/ бар болса. Осы күнгі жазуымызды дыбыс басына арналған белгіміз жоқ; бір белгіменен әлденеше түрлі дыбыстарды жазамыз», - деп айтты [182].

Жаңа жазу таңбалары негізінде әліппе оқу құралының жазылуы еліміздегі көптеген қиыншылықтарды жойды. Қазақтың жаңа алфавиті әліппесі біздің дамуымызға үлкен пайдалы ықпалын тигізетін құбылыс болды. Жаңа алфавит ұлттық мектептерінің қалыптасып дамуы жолында үлкен қадамдар жасаудың негізі болды. XX ғасырдың бас кезінен бастап қазақ балаларының ана тілінде білім алуы жүзеге асыруда араб жазу таңбасын өңдеп, қазақ жанына тартымды қылып, қазақтың төл тума алфавиттік жүйесін жасады. Бұл «Ахмет жазу» деп аталып, қазақ балаларының ана тілінде білім алуында ерекше орын алғаны оқу-ағарту жұмысындағы бір бағыт болса, екіншіден тілдік, әдістемелік негізде ғылыми жол салды. Сонымен бірге, қазақ баласының орыстануына тосқауыл болған бағыт болды.

Жәдидтік оқу жүйесі негізінде құрылған ұлттық бағыттағы жаңа мектептер ана тілінде оқытудың дыбыстық әдісін қолданып, орыс графикасы негізінде жасалған қазақша оқу құралдарынан бас тартты. Бұл қазақ бастауыш мектептерінде тәрбие мен білім беру, оқу бағдарламалары мен оқулықтарын және оқу материалдарын, оқытуды ұйымдастырудың мазмұнын жаңа әдістемелік жүйеде жүзеге асырудағы педагогикалық озық тәжірибелік үлгілері ретінде орын алды [183].

1920-1929 жылдары араб жазу таңбасы негізінде жасалған қазақтың төлтума жазуын іс қағаздарына кеңінен пайдалану және қазақ тілін енгізу көрініс алды. Дегенмен де, 1927-1940 жылдары латын әліпбиіне көшу жүзеге асырылды, 1940 жылдан бастап – кирилл алфавитін енгізілді. Халықтың көп бөлігі үшін латын әліпбиіне көшу бір уақытта оқу мен жазуды үйрету болды,

сонымен қатар латын алфавиті саяси жағынан социалистік қоғамның біртұтастығы негізінде жүзеге асырылды. Бұл патшалық Ресей кезеңінен келе жатқан орыстандыру саясатының жалғасы ретінде орын алу мен халықтар достығы ұранды сөзбен отарлауды жалғастыру. Оның негізі жоғарыда баяндалған кириллдік жазу таңбасын енгізудегі басты мақсат – орыс тілін қарым-қатынастың басты тілі ретінде мойындату және жүзеге асыру болды. КСРО Орталық Атқару Комитетінің хатшысы 1927 жылы А.С. Енукидзе: «... Қазақстанның ұлттық тілі болмаса, Қазақстанды орыс ұлтының деңгейіне көтеруге бола ма? Бұл мүмкін емес, бұл шовинизм болар еді» деген сыңаржақ пікір білдірген болатын [184].

Мәскеуде 1924 жылы Шығыстану ғылыми орталығының құрамынан түркі халықтарына негізделген латын жазу таңбасын құрастыру бірлестігі (ASLAT) құрылды және түркі конгресін өткізуді ұйымдастырды. 1926 жылы ақпанда Бакуде Кеңес үкіметінің құрамындағы түркі халықтарының - татарлар, қазақтар, өзбектер, чуваштар, Солтүстік Кавказ, Сібір, Сақа /Якут/ зиялылар бас қосқан бірінші Бүкілодақтық түркі конгресі өтті. Конгреске қатысушы делегаттар саны – 131 болды. Олар кеңес үкіметінің өкілдері мен шетелдік ғалымдар болды. Онда кеңестік қоғам құрамындағы түркілерді жаңа латын жазу таңбасындағы әліппеге көшіру басты мәселе ретінде қарастырылды. Түркі халықтар арасында латын әрпімен жазылған әліппені қоланудың /роминанизауиялаудың/ тиімсіз екендігін Әзербайжандағы тәжірибенің алға тартып айтты. Әліппені романизациялауға қарсы көзқарастағылардың пікірлерінде: «түркі халықтарын исламдық діни негіздегі мұсылмандық дүниетанымна айыру, алшақтату болып табылады. Сондай-ақ, кирилл алфавитін сақтаудың қажеттілігі жоқ, бұл алфавит тарихи түрде патшалық Ресейдің орыстандыру саясатының жалғасы» - деп түсіндірілді. Қазақстаннан және Татарстаннан келген оқымысты, білімпаздар қолданыста жүрген араб әліпбиін реформалау керектігі айтып, латын таңбасын қабылдау және әліппесін енгізуге қарсы болды. Дегенмен де, конгрес делегаттарының 101 латын әрпін енгізу жайындағы ұсынысқа қолдау білдіріп, жақтап дауыс берді [185].

1927 жылы ақпан айындағы Бүкілодақтық большевиктер коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросының «Жаңа түрік әліпбиінің Бүкілодақтық комитеті туралы» түркі халықтарының латын әліпбиіне көшіру комитет құрылды [186].

Қазақтардың қолданыстағы араб әліпбиі 1928 жылдың аяғында латын әліпбиіне ауыстырылды, бұны большевиктер партиясының өкілдері кеңес үкіметінің шығыстағы революциясы деп атады. Және социалистік жүйедегі идеологиялық бағыт ретінде қолдау тапты. Араб таңбалары негізіндегі қазақтың әліппесін қорғаушыларды байлар мен ислам дініндегі мұсылмандық дүниетанымдық уағыздаушы ұлтшылдар деп айыпталды. 1928 жылдың желтоқсанында өткен 4-ші сессиясы Қазақ АКСР-ін латын әліпбиіне толығымен көшуді заңдастырды.

Латын таңбасындағы әліппеге көшу халықты қайта сауатсыздыққа алып келді және бұрынғы хат танитындар қайта оқуға тура келді, оған уақыт қажет

болды. Түркі халықтарының жалпы сауатсыздығын жою міндеті қиындады. Бұл жұмыстарды жоспарлы жүзеге асыру үшін сауатсыздықты жоюға жаңа әліпбиге білім беру бағдарламасын және оған ұйымдастырушы-әдіскерлерді даярлау қажет болды [187].

Латын әліпбиіне ресми көшуге байланысты Қазақстандағы жаңа алфавитті қабылдауға байланысты 1927 жылы жергілікті атқару комитеттері құрылды. Жаңа алфавитті қолдайтын қоғамдар болды және олар 1928 жылы желтоқсанда жаңа әліпбиді қолдаушылардың бірінші жалпықазақ конференциясын өткізді. 1929 жылдың наурыз айының 8-ші жұлдызында араб графикасы қолданыстан шығарылды. Бірақ іс жүзінде ол сақталды. 1929 жылы 25 шілдеде Орталық Атқару Комитеті мен республика үкіметі латын әліпбиіне негізделген жаңа қазақ алфавитін бекітті [188].

1928 жылы қаңтар айының 24-ші жұлдызында латын әліппесін, «мемлекеттік әліппе» деп жариялап, көшудің уақыты анықталды. Ол барлық мемлекет, кооператив мекемелері және басқа мекемелер үшін – 1929 жылғы 1-қыркүйек; барлық газеттер, сондай-ақ, журналдар және басқа оқу орындары үшін – 1930 жылғы 1 қаңтар; мектептер және басқа оқу орындары үшін – 1931/32 оқу жылдары аралығында көшірілуі анықталды [190].

1929 жылы тамызда «КСРО араб жазуы халықтарының жаңа латын қарпіндегі алфавиті көшіру туралы» қаулы қабылдады. Латын әліпбиіне көшудің заңдылығы негізделді. Жарлыққа сәйкес түрік-татар халықтары латын әліпбиіне – екі жыл ішінде көшуге тиіс болды [191].

Әліппеге қатысты романизация үдерісінде алфавитті тілдерге байланысты икемдеу және жетілдіруді қажет етті, «әсіресе түркі халықтардың жазуын ғана емес, олардың тілдерін /емле, терминология және әдеби тілді дамытуда/» және «жаңа жазу таңбалары мен терминологияларды енгізу жұмыстарына белгілі бір жергілікті партия және кеңес ұйымдарының басшылығының жеткіліксіздігін» аталып өтілді [192].

Кеңес үкіметінің нығайу кезіндегі Сталиндік билік интернационализм ұранымен халықтарды біріктіру саясаты белең алды. Бұл өз кезегінде патшалық Ресейдің орыстандыру саясаты болды.

1. Төте жазуды латыншаға көшіру арқылы кирилл жазуына алмастыру;
2. Орыстан басқа түркі тектес ұлттардың мәдениеті мен рухани құнды мұраларын жою, социализм идеологиясына бағындыра отырып, ұлттық болмысынан айыру;
3. Аралас мектептердің санын арттыру;
4. Орыс тілін қарым-қатынас тіл ретінде пайдалана отырып, мемлекеттік тілге айналдыру.
5. Шағын ұлыстар мен ұлттарды ассимиляция.
6. Кеңес үкіметтерінің құрамына енген орыстан басқа ұлттарды бір халыққа, яғни орыстанған кеңес халқына айналдыру бағытындағы астарлы саяси мәселерді кеңестік одақтас республикалар достығын алға тарта отырып жүзеге асырды.

Кеңес үкіметінің ұстанған саяси идеяларды біртұтас кеңестер одағын құру бағытындағы іс-шаралар жүйесімен сталиндік қатаң билік өкілдері

қазақтың төлтума жазуын латын қарпінің жазу таңбасына алмастыруындағы жүргізген реформаларының бүгінгі күнге дейінгі уақытта өзіндік кері зардабын тигізіп келеді.

Жергілікті партиялық бөлімдері «романизациялау барысында бірқатар кіші ұлыстар мен ұлттық этникалық топтарға алфавиттерді жасанды түрде жасағандығын» айтып, бұл «Кеңес Одағы халықтарының өзара жақындасуға деген ұмтылысын дамыту» - деп, Бүкілресейлік Орталық Комитетіне мәліметтер берілді [193]. 1935 жылы КСРО халықтарының тілдерін кириллицаға аудару туралы мәселе көтерілді. 1935 жылы ақпан айының 10-шы жұлдызында Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті Төралқасының отырысында алғаш рет Солтүстік халықтар кириллица жазу таңбасына көшу туралы пікірлер айтылды.

1938 жылдың наурыз айының 13-ші жұлдызында КСРО Халық Коммисарлар Кеңесі мен БКП(б) Орталық Комитеті «Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» бірлескен қаулы шығарды. Ұлттық мектептер КСРО халықтарының орыс халқымен бауырластық бірлігін бұза отырып, балаларға буржуазиялық-ұлтшылдық және антисоветтік ықпалдың ошақтары ретінде танылды. Орыс тілі мен орыс мәдениетін нығайтуға бет бұру орыстың басқа этностық ерекшеліктерге қарағанда жоғарылауын білдірмеді. Биліктің орыс тіліндегі барлық нәрсені өзімен және орыстармен отарлаушы ретінде байланыстыруды болдырмауға деген ұмтылысы орыстар үшін этникадан тыс мекемелерде – әлеуметтік-таптық, халықаралық, кеңестік қоғамдық мекемелерде өзін-өзі көрсету мүмкіндігі берілгендігіне әкелді. Мансап қызығушылықтары орыс тілін оқуды ынталандырды. Жабық сессияларда, кездесулерде байланыс негізінен орыс тілінде жүрді. Қазақ басшылары мен Ресейлік басшылар әрқайсысы өз этникалық ортасында артықшылықты жағдайда болды. Бірақ орыс тілінің, әсіресе қарым-қатынаста кең таралуы жағдайы кеңестік жүйенің саяси-идеологиялық мазмұнын түсіндіру қызметтік қуатты ретінде орынға ие болды. Жазбаша қазақ тілін міндетті түрде қолдану билік пен әкімшіліктің жұмысында ұлттық теңдіктің белгісі болды. Бірақ жазу қызметіндегі нақты құлдырау тілдің жазбаша және ауызша мәдениеті арасындағы алшақтыққа біртіндеп орын ала бастады. Нәтижесінде ұлттық тілдегі сауаттылық және оның әлеуметтік жағдайы төмендеді. Басшылар арасында қазақ жазуын білу жеткіліксіз болды, міндетті әрі, басты болып орыс тілін білу жалпы қазақ мәдениетінен және тілдің беделіне кері әсерін тигізді. Құжатта орыс тілін ұлттық республикалар мен аймақтардың мектептерінде оқу пәні ретінде оқытудың қажеттілігі «орыс тілін білу КСРО халықтары арасындағы қуатты байланыс және байланыс құралы болуы керек, олардың келешектегі экономикалық және мәдени өсуіне ықпал етуі керек» деп дәлелденді [194].

«Социалистік жаңа құрылыс» – жаппай ұлттық және мәдени автономия мүмкіндіктерін күрт төмендетіп, орыстандыру негізінде бірігуді мәжбүр етті. Ұлттық ғылыми шығармашылық және оларды жасаушы оқымысты, білімпаз зиялы қауымдарға жабу арқылы оларды қуғын-сүргінге ұшыратты.

1939 жылы 8 тамызда жаңа алфавиттің жобасын «бүкілхалықтық» талқылау басталды. 1940 жылы қараша айының 10-шы жұлдызында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бесінші сессиясы «Латын таңбасындағы қазақ жазуын орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке аудару туралы» заңды мақұлдап осы жылдың қараша айының 13-ші жұлдызында «Қазақ жазуын латын жазу таңбасындағы графикадан орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке аудару туралы» заң қабылданды [195]. Кириллдік жазу таңбасына көшу қазақ тіліндегі емле мен айтылым арасындағы сәйкестікті бұзды. Қазақтың зиялылары мен билік басында отырғандар өз ана тілінде сөйлеуге және сөйлесуге басымдылық беріп отырды. Бұл кирилл жазу таңбасы негізіндегі жазба жұмысының дамуына кедергілер жасады. Кейіннен халықаралық термин сөздерін түп негізде қабылдау мен қазақ және орыс тілдеріндегі атаулық ұғымдардың біртектілігін қамтамасыз ету жүзеге асырылып, орыстың қолданысында болған кирилл алфавитін түрлендіре отырып қолдану жүзеге асырылды. Орыс тіліндегі терминдер қазақ тіліне аударылмады, орыс тілінде сөйлеу біріші орынға шықты.

Кирилл алфавитіне көшу 1939 жылы басталып, кейбір жерлерде шұғыл түрде – үш айда уақыт ішінде жүзеге асырылды. Кирилл алфавитіне көшу латын әліпбиіне қарағанда жылдам жүрді. Кириллдік жазу таңбасына өтуді аяқталғаны 1941 жылдың маусымында жарияланды. Бірақ іс жүзінде романизация 1950 жылдарға дейін созылды [196].

Кеңестік жүйедегі түркі халқына қатысты жазу таңбаларын ауыстыру саясаты социалистік қоғамдағы әлеуметтік әділеттілігі мен өзін-өзі анықтауы жөніндегі шаралар патшалық Ресей кезіндегі өткеннің тарихы ретінде орын алғаны анық болды. Әсіресе қазақтарға қатысты идеологиялық саясатында жазбаша тілі болмаған, араб жазуын қолданған деген жалған, шындыққа сай келетін өтіріктен ойлап шығарған насихаттарын жүргізіп, тарқатты. Сонымен бірге, қазақ зиялыларының арасында алауыздық туғызып, жалпы қазақтарды «коммунизм елесіне сендіріп» социалистік құрлыстың бас кезінде өзіне-өзін айдап салып, қырғанға ұшыратты.

Қазақты ұлттық мәдени мұра құндылықтарынан ажырату арқылы тексіздік пен адами қылыққа жат әрекеттер жасауына алып келетін нанымдық идеологиясын сіңірді. Жастардың араб жазу таңбалары негізінде жасалған «қазақтың төлтума жазу таңбалары» алфавитімен жазылған ғылыми және әдебиетке байланысты еңбектерден қол үздіріп, алдыңғы және келешек ұрпақтардың мәдени сабақтастығын жойды. Сондай-ақ бұл ғылыми шығармышылық еңбектерге саяси цензура мен жөнсіз талаптар күшейіп, кеңестік қоғамның жасанды мифологиялық кеңістігін құрды және бағытта адамдардың санасы мен мінез-құлықтарын шырмауықтай шатастырған идеологияны сіңірді.

Патшалық Ресей мен кейінгі құрылған кеңестік қоғамдағы қай кезеңіне қарамастан та, қазақтардың мәдени мұра құндылықтарын жоюға тұрақты және мақсаттылық түрде жүзеге асырып отырған. Оның бір бағыты ол біздің қарастырып өткен қазақ жазу таңбаларын өзгерістерге ұшырауы. Жазу жүйесін реформалау қазақ бастауыш мектептердің жойылуына алып келді.

Сондай-ақ орыстандыру саясатының жалғасы ретінде орын алып, білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі білім мазмұны, ғылыми негіздеме, оқу бағдарламалары мен дидактикалық құралдар және оқулықтардың барлығы қазақтың дүниетанымынан алшақтап, табиғатына үйлеспей қызмет атқаруының салдарынан қазақтарды рухани мұра құндылықтарынан алшақтатты.

2.3 Бастауыш мектептегі білім мазмұнын анықтауға аналған бағдарламалар мен оқулықтар жүйесі

1915-1941 жылдар аралығындағы бастауыш мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мен өткізудің тарихи тәжірибелік көріністерінің педагогикалық жүйе тұрғысынан қарастырып, талдау қажеттілігі отандық бастауыштың білім беру тарихының кейбір тұстарын толықтырып, кеңінен ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысымыздағы қарастыратын мәселеде зерттеу тақырыбының аясына енген кезеңдердегі бастауыш мектептерде қолданыс тапқан оқу бағдарламалары мен оқу кітаптары және оқу құралдарының мазмұндық құрылымдарын қарастыру. Айтылып өтілген уақыт аралығында қазақ жеріндегі ескі әдісті мұсылмандық, орыс-қазақ, жаңа әдісті мұсылмандық, қазақ ұлттық бастауыш мектебі және т.б. түрлі типтегі мектептер мен сондай-ақ, кеңестік жүйе кезіндегі бастауыш мектептерінде педагогикалық үдерістерді ұйымдастыруға негіз болған оқу бағдарламаларының және оқу құралдарының өзіндік ерекшеліктерін салыстырмалы түрде талдап, сипаттау басшылыққа алынады.

Ескі оқыту жүйедегі мұсылмандық мектептердің оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын жүргізуге қажетті оқу бағдарламалары мен оқулық, оқу құралдары және арнайы бағытта жазылған оқу кітаптары білім мен тәрбие беруді мектептің мазмұндық ерекшелігіне қарай қолданылған оқу-әдістемелік кешендер ретінде қызмет атқарды. Бұл мектептердің мазмұндық құрылымының өзі айтып тұрғандай, берілетін білім мазмұны ислам діні негізіндегі мұсылмандық дүниетанымға негізделіп, тәрбие бағыты шарияттық тәртіп негіздерін басшылыққа ала отырып тәрбиелеу болып табылған. Дегенмен де, ескі әдісті мұсылман мектептерінде бір жүйеге келтірілген ортақ оқу бағдарламаларының болмағын анық. Сондықтан бұндай типтегі әр мектеп өзінің оқу бағдарламасын өздері жасап, сол арқылы оқытатын болған, бірақ ортақ пән ретінде ислам дінінің негіздерін оқытатын пәндер жалпыға міндетті қамтылғандығы анық көріс тапқан. Дей тұрғанымен де, патшалық Ресейдің саяси ықпалының күшеюі салдарынан орыстандыру идеологиясын жүзеге асыру бағытында бұл типтегі мектептер үшін арнайы жасалған ережелер негізінде орыс тілі пәнінен сабақ өткізуді міндеттеп енгізген болатын. Егер, орыс тілі жүргілмейтін болса онда ол мектептердің жұмыстарын тоқтатылған болатын. Сондықтан да, орыс тілі пәнінің оқу бағдарламаларына енгізілген болатын.

Қазақ жерінде ескі әдісті мұсылман мектептеріндегі оқу бағдарламалары мына сипаттағы білімдер мазмұнын беруді қамтамасыз етті деуге болады: Алғашқы діни түсініктер, намаз оқу және оның шарттары, Аллаға сыйынуудағы

алғашқы дұғаларды түсіндіру және үйрету болды. Қасиетті Құран кітабы, ислам тарихы, өсиеттер, мұсылмандық діни сенімдері жайындағы білімдерді балаларға оқытты. Оқушыларды «Устадь-Авваль» оқулығымен мұсылманша жазу мен оқуға үйрету /1-ші жылы 64 сабақ/.» Устадь-Авваль» оқулығын жалғасы оқушыларды баспа әріптерімен таныстыру, кітаптан көшіріп жазуға үйрету және Құраннан – 50 сүрені оқыту /2-ші жыл/. Осы кітаппен құранның 17 ұзақ сүресін оқыту /3-ші жыл/. Ереже сәйкес оқылатын орыс тілі: орысша әріптерді тану – оқу-жазу, қысқаша әңгіме оқу, ауызша айту, тыныс белгілер, сұрақ қою, сұраққа жазбаша жауап беру, жаттығулар орындату және мысалдар мен өлеңдерді жаттату. Г. Колинин «Хрестоматияны» /орыс-қазақ мектебіне арналған/ оқыту [197]. Ташь-Ходжа-Ишан кітабымен мұсылмандық сенімдерді түсіру бөлімін өту. Арифметиканы бастау, құранды аяқтау және түрлі іске қатысты хаттарды жазып үйрену, т.б /4-ші жыл/ [198]. Арифметика: I жыл. Саусақ, таяқша, көрнекіліктерді пайдалану арқылы 10-ға дейін санау. Сандарды айту және цифрларды қағаз беріне түсіру. 100-ге дейін ілгері және кейін санау және осы сандарды екі, үш еселеп айтуға үйрету. 100-ге дейінгі сандарлы айту және цифрларды қағаз бетіне түсіру /1-ші жылда/. 100-на дейінгі сандарды ажырата білу, ауызша айту және жазу /2-ші жылда/. Сандарды толығымен ажырата білу және төрт амалды қолдана отырып есептер шығаруға үйрену /3-ші жылда/ [199].

Бағдарлама бойынша мұсылманша сауат ашу, ислам тарихын және араб тілі пәндерінде тұтас сөз (сөзді жаттау, буынға және дыбысқа бөлу, сөздің мазмұнын түсіндіру) әдістері арқылы оқу-жазуға үйрету, арабша оқу-жазу. Аллаға құлшылық етудегі намаз ережелеріне үйрену, дұға оқу, қажылық, ораза, зекет беру сонымен бірге, дәрет алу, араб әдебиетінің жинақтары /Абабь-у-Знания-Вадик/, стилистика, /Кирағат Тюрки/ түсіндірмелі оқу, үйрену, /тюрко-саффи/ түрік тілінің грамматикасы. Арифметика: 100-ге дейін санау, төрт амалды орындау тәсілін қолдану, 1000 саны және бөлшекпен есеп шығару.

Әліп-би: сауатын ашу, дыбыс пен әріп таңбаларын ажыратып, дауыстап мәнерлеп оқуға, диктант жазуға үйрену. География: карта, глобус, географиялық кесте /орыс тілінде басылған/ құралдар қолданылған [200].

Орыс-қазақ мектептің оқу жоспарлары мен бағдарламалары жергілікті халықтың балалары оқитын сыныпқа және орыс сыныбы үшін деп екі түрлі болды.

2 сыныптық ауылдық мектептерде оқылатын пәндер тізбегі мен берілетін оқу материалдары – орыс тарихы, география, арифметика және қазақшаға аудару пәнін оқу және сынақ тапсыру бағдарламасы болды. Оқу жылы бағдарламасында қазақшаға аудару пәні 2-сыныпта 1-ші, 2 бөлімі; 24-бөлім – қазақ тілінен орысшаға аудару, «Ақыл беретұғын кісіге» кітаптан сөйлемнің синтаксистік және грамматикалық талдауын оқу.

1-сынып. 4-бөлім: қазақ әліппесі мен қасиетті кітаптың бастапқы 24 тарауын қазақ тіліне аудару. 3-бөлім. Қысқаша орыс-қазақ сөздігі. Басты 30 нөмірі және 12 тәжірибелік сабақ аудармасы. 3-ші, 1-бөлім. Қысқаша орыс-қазақ сөздігі, бастапқы 18 нөмірінен аударма жасау. Қазақтарға арналған орыс

тілі оқулығы – 17 нөмірін аудару, әліппенің қазақ бөлімін оқу. Оқу бағдарламасы тіл саласының жүйесін, заңдылық емделерін оқып, білу және орыс тілін үйретуді аудармашылық жұмыстар арқылы іске асыру – әдіс, қазақ балаларына орыс тілін берік оқытуға бағытталған аударма әдісін жиі қолданылғанын көреміз. Орыс тілінен қазақ тіліне сөздерді аударуға төселту үшін, ұйымдастырылған тәжірибелік сабақтарда орыс тілін оқушылардың жас ерекшелігіне сай жете меңгеру мәселесі басшылыққа алынған. Баланың сауат ашуы орыс қарпімен жүргізіліп, әліппеде орысша және қазақша аудармалық оқу материалдарының берілуі орыс тілінің ықпалынан шығармау. Бұл балалардың мектептегі алғашқы жылда орындалатын оқу жұмыстарының түрі және 1-бөлімдегі жоғарғы сыныптың оқу бағдарламасы орыс тарихын оқыту қарастырылған.

Ауылдың екі сыныптық және жоғарғы мектебінің 1-бөлімі жоғарғы сыныбында география пәнінің оқу бағдарламасы: жер тану, жердің айналуы мен қозғалуы, жер бетіндегі құрлық және су бөліктері, материктер, әлем бөліктері, Ресейдің таулары, ауа-райы, ішкі қыраттары, мұхиттар, теңіздер, көлдер, өзендер, жасанды каналдар, Ресей құрамындағы халықтардың елді мекендері. Бұл осы мектептегі II-бөлім, жоғарғы сыныбына география пәні бағдарламасы жер бөліктері, жалпы шолу деп толықтырылған.

Арифметика пәні 1-сынып I-бөлім бағдарламасы: 100-ге дейінгі сандарды жазу және есептеу. 1-ші жүздік көлеміндегі жай есептер мен мысалдарды шешу. 2-бөлім: 4 амал бойынша 10 000-ға дейінгі есептер. 10 000 және одан жоғары сандағы жай есептерді шешу. 3-бөлім: 100000 сандар жүйесі мен 4-амалдық есептерді орындау. Құрамдас атаулы сандарға есептер, квадрат пен куб, сызықтар салу. 4-бөлім: Өткен материалдарға байланысты түрлі сандағы есептерді шығару, орындау, шешу. Құрамдас атаулы сандарға 4-амал жолымен есептер, квадрат, куб, Вишневскийдің есеп жинағындағы жай бөлшектік есептерді шығару.

2-сынып. 1-бөлім: Бүтін сандар жүйесімен есептер. Төмендегі сандардың бөліну белгілері: 2; 3; 4; 5; 6; 7; 8; 9; 10; 11; 18; 25; 100. Сандарды көп мөлшерлікке бөлу, орналастыру. Жалпы көп санға бөлінгіш пен аз санға бөлінгіш. Жай бөлінгіштермен 4-амал бойынша есептер. 2-бөлім: 1-бөлім курсың тереңдету. 4-амал бойынша ондық бөлшектер жүйесіндегі есептер. Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру және қайта айналдыру. Төрт амал бойынша ондық бөлшек пен жай бөлшек есептері. Геометриялық қатынастар және пропорциялар. Жай және күрделі үш еселенген ережелерге негізделген есептер, пайыздық ережелер жүйесіндегі жай есептер.

Ән сабағының бағдарламасы: Хормен айтылатын әндер.

Оқу бағдарламасы негізінде оқушылар сынақ тапсыратын болған. Оқушылардың білім алуын ұйымдастыратын оқу жоспары анықталып, төмендегі пәндер бойынша оқу бағдарламалары пайдаланылды. Пәндер тізбегі беріліп, мазмұндық оқу материалдары тақырыптық жүйемен анықталған. Онда: орыс тілі, арифметика, аударма және көрнекі жазу. Бұл төменгі сынып оқушылары оқитын пәндер жүйесінің бағдарламасы.

Кіші буын оқушылары оқитын пәндер және оның бағдарламасы. орыс тілі; арифметика, аударма және көркем жазу – алғашқы білім негіздерін қалыптастыру және бейімделу әрекеттері. Орта буын оқушыларына жүргізілетін пәндер және оның бағдарламасы: Орыс тілі, арифметика, аударма және көркем жазу – білімдері мен тәжірибелік машықтарын жетілдіру материалдары негізінде [201]. Бұл мектептерде бірінші жыл арифметика пәнінен 10 және 20-ға дейінгі сандар жүйесімен есеп шығаруды үрену мен 100 санына дейін санау. Екінші жылы – бүгін ондықтармен есептеу. 100-гі сандармен жеңіл есептерді шығару, 1000-ға дейін санап үйрену. Үшінші жыл – 100 және 1000 көлеміндегі есептерді қайталау, түрлі шешу. Миллионға дейін санап үйрену. Төртінші жыл – кез-келген көлемдегі сандармен тапсырманы орындау, нөмірлеу. Көбейту кестесін білу, есептерді шығару және жеңіл бөлу амалдарымен есеп шығарып меңгеру [202].

Тілді меңгеру пәндері қатысты оқуға және жазуға арналған тапсырмалар бойынша сұрақтарға толық жауап беру. Тапсырманың жауаптарын оқушылар кітаптан табуы. Оқу жылының екінші жартысында жаттығулар арқылы қатесіз және көшіріп жазу, диктантын орындау, тілдегі дыбыстардың түрлерін ажырату. Сондай-ақ, төртінші жылда – көлемді әңгімелерді оқу арқылы бейнелеп, түсінігін айту. Ресей географиясын қысқаша оқыту және қазақ өлкесінің /мектептердің орналасу аймағына қарай/ географиясынан кең білім беру; орыс тарихындағы атаулы оқиғаларын оқыту. Сауатты жазу ережелерін меңгерудегі ауызша диктант және қайталап айту. Төртінші жылдың екінші жартысы – оқыған әңгімелерге сұрақ қою және жеке мазмұндама жазу, мазмұндама желісімен бейнені суреттеу арқылы әңгіме құрастыру [203].

Оқу жоспары мен бағдарламалар болып табылған құжаттарға талдау жасағанды қазақ сыныптарындағы оқыту мазмұнында өзгерістердің бар екендігін көреміз. Оқу жоспарына негізделген бағдарламаның құрылымдық жүйесінде білім беруге негізделген оқу материалы сыныптар бөлшектеніп, яғни бірінші, екінші, үшінші, төртінші оқу жылына және тоқсандық екі жарты жылдықта оқытылатын оқу құралдарының бөлімдері мен ондағы оқу материалдарын қанша көлемде, қай жеріндегі оқу материалын меңгеру басшылыққа алынып отырған және оның игерілуі міндетті болды.

Дегенмен де, оқу бағдарламасындағы оқу пәндерін оқытуда тақырыптық жоспардың жоқтығы – мұғалімге сабаққа қойылатын дидактикалық талабындағы әдістемелік жүйе мен психологиялық заңдылықтың сақталуы логикасының ішкі тәртібінің бірлігін сақтауға, сабақтың мақсаты мен міндетін дұрыс қойылмағандықтары байқалады. Бұл сол кездегі мұғалімдердің кәсіби қызметтеріне кері әсерін тигізгендігі анық.

Қазақстанда кирилл жазу таңбасын арқылы білім алу мен оқуды ХХ ғасырдың 40-шы жылдары енгізілген деп қарастырамыз. Осы зерттеу барысында қарастырған мұрағаттық дерек көздерін басшылыққа ала отырып, орыс жазу транскрипциясының білім беру жүйесіне қолданылу және оқытудағы сауат ашу жұмыстарына эксперименттік тәжірибелер ретінде қолданылуы, ХІХ-ғасырдың екінші жартысынан басталғандығын көре аламыз.

Бұл отарлаушылық саясат аясындағы миссионерлік педагогикалық білім беру жүйесінің орысша оқыту мақсатын көздеген негізі бағыты мен жаңалығы.

Орыс және қазақ сыныптарына арналған бағдарламадағы оқу материалдарында ерекшеліктер болды. Мысалы, орыс сыныбының оқу бағдарламасындағы материалдар сол кездегі заманауи талаптарға үйлесімді болса, қазақ сыныбы оқу бағдарламасындағы материалдары баланың даму заңдылығына сәйкес емес және баланың зейінін, ықыласын тудыруға әсері төмен қарапайым үлгіде болды да, баланың білім алудағы танымдық әрекетін енжарлыққа итермеледі. Бұл орыстан басқы ұлттарға қарапайым жүйедегі білімдер беріп, тек оқу-жазу жағынан сауаттылық деңгейде болуы керек деген ұстанымы болса керек. Бұл кезеңдегі миссионерлік педагогиканың жүйесінде орын алған бастауыш білім берудің оқу бағдарламаларындағы ақтаңдақтар. Онда басты мақсат – «заманауи білім» емес, «орыстандыру» - жүзеге асырылу болды.

Кесте 3 - Патшалық ресейді орыс-қазақ және ауылдық ставкалық мектептеріне арналып жасалған жалпы оқу жоспары

Оқу пәндері	Сынып, апталық сағат саны				Барлығы
	1	2	3	4	
Дін сабағы	2	4	4	4	14
Орыс тілі	5	5	4	4	18
Қазақ тілінен аударма	2	3	3	3	11
Математика	4	4	4	4	16
Тарих	2	4	4	4	15
География	2	4	4	4	14
Табиғаттану	2	3	3	3	11
Сурет, таза жазу	2	3	4	4	13
Барлығы	21	28	30	30	112

[204].

Қандай да болмасын бұл тұрғыдағы оқу бағдарламаларының бастауыш мектептердің педагогикалық тәжірибесінде қолданылуы – заманауи білім беру мен оқыту жұмыстарымен ұлттық мүдде тұрғысынан айналысуға қазақ зиялыларына түрткі болып, кейінгі уақыттардағы қазақ жеріндегі бастауыш мектептерінің жаңа бағытта дамуына жол ашты деуге болады.

Мұсылмандық негіздегі білім беру жүйесінің жаңаша оқыту әдісіне негізделген жадидтік оқыту бағыты ескі әдісті (қадыми) мектептегі оқыту мазмұнының бағытын сынға алып, өміршең білім беру мазмұнын ұсынды. Жадидтік бағыттағы білім беру жүйесінде оқытудың мазмұнына бірінші мәселе болып – баланың ана тілінде білім алуын жүзеге асыруды басшылыққа алады. Солай бола тұрса да олар, ислам дінін негізінде мұсылмандық дүниетанымға оқытатын білдерден біржола қол үзбеді, тек оны білім алушы шәкірттердің табиғи болмысына заңдастыруды басшылыққа алды. Сонымен бірге патшалық Ресейдің мұсылман мектептерінде орыс тілін оқыту

жайындағы талыптық ережелерін орындауға тура келді. Себебі, ереже талабында жаңа ашылатын мектептердің оқу бағдарламасында орыс тілін оқыту мәселесі қарастырылмаса онда мектептің ашылуына және жұмыс жасауына рұқсат берілмеді. Мәселен, халыққа білім беру министрлігінің «Ресейдегі жоғары және төменгі мұсылмандық мектептерін (мектептер мен медреселер) қайта құру жөніндегі жазбасында»

1. Мұсылмандық мектептердің оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бір жүйеге келтіру;

2. Мұсылмандық мектептердің оқу жоспары мен оқу бағдарламаларында діни пәндермен қатар арифметика, география, табиғаттану, орыс тарихы, жалпы тарих пәндерін енгізу арқылы мектептерді қайта құру;

3. Молдаларды мұғалімдік білімі бар мамандармен алмастыру;

4. Ескі әдісті мектептердегі әріптерді қосып оқыту әдісін алып тастап, орнына дыбыстық әдісті қолдану;

5. Мектеп, медреселерді бітіргендерге сынақтар тапсырту, бітіргендігі жайында куәліктерін беріп, әскер қатарына баруға құқық беру.

6. Мектептердің жұмысын қадағалауды мұсылмандардың арасынан сайланатын, аймақтық қамқоршысына бағынышты адамдарға тапсыру.

Жаңа оқыту жүйесін ұстанғандар – мұсылмандық діни қауымдағы адамдардың мектептер мен медреселерді қадағалауына рұқсат бермеу, тоқтату. Молдаларды мұғалімдермен алмастыру, діншілдік бағыттағы кадимистердің ықпалына тосқауыл қою, шектеу жасау және тоқтату. Білім берудің мазмұндық жүйесін заманауи талаптарға сәйкес жетілдіру.

Жаңа ағартушылық бағытты ұстанған жәдидшілдер әлеуметтік ортадағы рухани тоқырауды сынға алып, оны жаңшылдық бағытта дамытуды басшылыққа алып, патшалық Ресейдің оқу-ағарту саласына енген отарлау саясатының негізі болып табылатын орыстандыруға қарсы жұмыстар жүргізді. Мұсылмандық оқудағы білім мазмұнын қайта құруды жақтады. Ескі оқу жүйедегі мектеп-медреселер халық арасындағы беделдерінен айырыла бастады, оған дін иелері «жәдидшілдік» исламдық жүйедегі мұсылмандық шарифатына қарсы әрекет деп бір жағынан қылмыс жасалса, екінші жағынан, патшалық Ресей үкіметі тарапынан да қысым көрсетілді.

Жаңа әдісті «жәдидтік» мұсылман мектебінде татар, қазақ, сарт, қалмақ т.б. мұсылман халықтарының балалары бірге оқыды. Осы бағыттағы мектептің оқу жоспары және онда оқылатын пәндер жиынтығы:

Кесте 4

№	Пән аттары	Оқу бағдарламасының мазмұны
1	Мұсылманша сауат ашу	1. Дайындық сыныбы: әліппе, математикадан бастапқы қарапайым ұғымдарды беру. /»Біздің мектеп» кітабының 1,2 бөлімі/
2	Дінтану	2. 1-ші бөлім: Құран бастамасы және /»Біздің мектеп» кітабының 3 бөлімі. Есеп. хисаб/ 1 бөлім

4- кестенің жалғасы

3	Тарих	3. 2-ші бөлім: Құдай заңы. Құран, Пайғамбарлар тарихы, / «Біздің мектеп» 4 және 7 бөлімі бойынша /. Табиғат ішінде 1,2 бөлім. Есеп /хисаб/ 2-кітап 3-бөлімі.
4	География	4. 3-ші бөлім: біздің мектеп 4,5 бөлім. Табиғат ішіндегі-2 бөлім. Есеп //хисаб 2-кітап 3-бөлім. Біздің мектеп 8-бөлім. Жағрафия, Европа және Ресей империясы, Ислам тарихы, Құран.
5	Арифметика	4-ші бөлім: Құран, Түсіндірмелі оқу. Есеп /хисаб/ 2-кітап, 4 бөлім, мәнерлеп оқу, татар грамматикасы, география - 4 бөлімі, Ислам тарихы – 2 бөлім

Бұндай алғашқы жадидтік мектептерде пән сабақтар татар тілінде жүргізілген болатын [205]. Өйткені, жадидтік оқу жүйесінің бастауы Қырым татарларынан орын алып, түркі және бүкіл мұсылман халқына тарай бастады.

Жоғарыда келтірілген мектептердің оқу бағдарламалары әр түрлі болғандығын және оқу жұмысын ұйымдастыру үшін түзілген бағдарламалар жеке пәндерге бағытталғанын айқын көреміз. Бағдарламалардың мазмұнына талдау жасағанда оқулық немесе оқу кітаптарымен жұмыс жасау бір сыныпта немесе бөлімдер арқылы шәкірттердің меңгеретін білімдер мазмұны және оқылатын мерзімдері көрсетілген.

Оқу пәндерінен берілген білім мазмұны тақырыптық деңгейде толығымен ашыламаса да, шәкірттердің қандай білім игеретіндігі толығымен қарастырылған деуге болады. Оқу бағдарламалардың жүйесіндегі ерекшеліктің бір қыры оқушыларға білім беру барысында, оқу жұмысының берік болуы үшін өлең жаттау, оқығанын айтып беру, дауыстап түсініп оқу, мәнерлеп оқу болса, жазуға деген икемділігі мен білігіне қойылатын талаптарында таза жазу, диктант, шығарма және мазмұндама жазу берілген. Тәрбиелік мәні – ислам дінінің негіздерін оқытатын пәндер арқылы мұсылмандық дүниетанымға баулу, имандылық, ізгілік пен адамгершілік тәрбиесінің негіздерін шариғаттық тәртіп жүйесімен қалыптастыру екендігі анық көрінеді.

Осы жүйедегі екінші бір мектептің оқу жоспары мен бағдарламасы төмендегідей болып келеді:

1-ші оқу жылы: грамматика /әріп тану/, дауыстап оқу /шағын шығармаларды оқу/, арифметика /1-10ға, 10-100-ге дейін санау, санды цифрлық таңбалау/, құран /ислам негіздегі мұсылмандықтың алғашқы шарттарымен танысу/.

2-ші оқу жылы: диктант /жазуға төселу, естігенін тілдік емлеге сай тәртіппен жазу/, дауыстап оқу мәнерлеп, тыныс белгілері арқылы оқуға

төселу/, грамматика /тіл заңдылықтарын теңдете оқу/, құран /құран сүрелерін жаттау/.

3-ші оқу жылы: арифметика /қосу мен азайтуды, көп немесе аз, есе немесе кем т.б./, құран /құран негіздеріндегі сүрелердің мазмұнын жете түсіну/, пайғамбарлар тарихы, жағрафия /жер, су аттарын білу, туған өлкесі жайында және жалпы жаратылыс туралы алғашқы ғылыми түсініктерді меңгеру/, шығарма жазу /оқыған еңбектерінің желісі бойынша өзіндік түсінік шығармашылыққа жұмыс жазу/.

4-ші оқу жылы: жағрафия /Жалпы жаратылыс жайындағы ғылыми дүниетанымын дамытатын білімдер жиынтығын меңгеру/, тарих /қазақтың тарихы, хандар мен бек, сұлтан, шешендер ақын-жырау және батырлар жайындағы қисса білімдер/, құран /құран кітабының негізгі мазмұндық құрылымын жетік меңгеру, сүрелер мен дұғалардың мазмұндық жүйесін толық түсіну/, Ислам тарихы /мұсылмандардың жорығы, мұсылман мемлекеттері жайындағы білімдер/, зоология /өсімдік түрлері жайындағы білімдерді алу/, арифметика /төрт амалмен есеп шығаруды толық меңгеру, бөлшектермен есеп шығару/, хадис /мазмұндық жүйесімен адам тәрбиесіне ықпал жасайтын білдерді меңгеру/, шығарма жазу /оқыған білімдерін қағаз бетіне түсіріп, білімдерін бекіту мен шыңдауда логикалық ой жүйесін дамыту мен жазу сауаттылығын арттыру/ [206].

Жадидшілдікті ұстанған зиялылардың педагогикалық мұраларындағы бастауыш мектеп жайлы ой-пікірлері сол кезеңдегі қоғамда және әлеуметтік ортада маңызды оқиғалардың бірі ретінде орын алып, қазақ ұлттық бастауыш мектебін қалыптастыру мен дамуы жайындағы жаңа мазмұнды ғылыми-педагогикалық ойлардың өркендеуіне өзек болды. Бұл заманауи ғылымдарды меңгеріп, өз заманына үйлесімді білім беруге негізделген құнды тарихи педагогикалық мұра ретінде танылған ғылыми орта және Қазақстандағы жадидшілдік негіздегі қазақтың ұлттық мүддесіне негізделген оқудың дамуына А. Байтұрсынов үлкен еңбек сіңірді деген өз зерттеулерінде [207].

Қазақ ұлттық бастауыш мектебінде педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда білім беру мен оқыту теориясы немесе дидактикалық заңдылықтарға бағындырылу, пәндерді оқыту әдістемесі және психология ғылымы салаларына арналған қазақ ғалымдардың ана тіліндегі еңбектері жазылып, мектептердің педагогикалық тәжірибесінде кеңінен қолданыла бастады. Қазақ ұлттық бастауыш мектептерде білім беру мен оқыту жұмыстарын дамытуды теориялық және ғылыми-әдістемелік бағытта дамытуға үлес қосқан қазақ білімпаздары мен ғалымдары өздерінің көп жылдық мұғалімдік қызметтегі жинаған педагогикалық тәжірибелері мен жеке ізденістік шығармашылық жұмыстарының нәтижесі екендігі анық. Мысалы, қазақ жазу таңбасын реформалаушы, қазақ ұлттық бастауыш мектебінің негізін салушылардың бірі А. Байтұрсынов. Ғалым-әдіскер, тілші ғалымның «Оқу құралы», «Әліп-би», «Баяншы», «Тіл құрал» және қазақ тілін оқытудың әдістемелік мәселелеріне байланысты жазған ғылыми-әдістемелік еңбектері. М. Жұмабаевтың «Педагогика», «Ана тілі», «Ана тілін оқыту методикасы» кейінірек латын графикасымен шыққан «Сауатты бол» т.б.

М. Дулатовтың «Есеп құралы», Х. Досмағамбетовтың «Табиғаттану», Ж. Аймауытовтың «Психология» және т.б. қазақтың білімпаз оқымыстылары мен ұлт зиялыларының өкілдерінің шығармалық негіздегі ғылыми еңбектері қазақ балаларын тәрбиелеу мен оларға ана тілінде білім беруді ұйымдастырудағы оқыту жұмыстарының жолдары және қазақ ұлттық бастауыш мектебінде білім мазмұны жайындағы мәселелерге көңіл бөлген.

Осы тұрғыдан келгенде, бастауыштағы білім беру мен оқытуды дидактикалық талаптарға сай ұйымдастыруға әрі оны негіздейтін құжат – жаңа оқу жоспар мен оқу бағдарламасын жасау күн тәртібінде тұрған өзекті және күрделі мәселелердің бірі болды. Себебі, оқу жоспары мен бағдарламаға сәйкестендіріп, жаңа мазмұндағы және жаңа педагогикалық жүйедегі оқулықтар мен оқу құралдарын жазу қажеттілігі туындады.

Оқу-ағарту саласындағы жаңа оқу жоспар мен бағдарлама мәселесіне қатысты, қазақ ғалымдары арасында ғылыми ой тартыстағы пікірлер орын алған да болатын. Дегенмен де, бұрын жазылған қазақша оқулықтар «жадидтік» оқыту жүйесіне негізделген болса, ендігі кезекте қазақ балаларына арналған ұлттық мектептің мәселесі ретінде қаралды. Қазақ білімпаздарының бірі ағартушы және ақын Т. Жомартбаев: «Әуелі қазақша оқытуға кітаптар даяр ма? Даяр болмаса ноғайша кітаптар аламыз ба? Олардың қайсысы жақсы? Ноғайлардың тәртіпті мектептерінде тұтынып жүрген программаларын сол күйінде аламыз ба? Яки, қазаққа лайықтап, ыңғайлаймыз ба?» деген сұраулы ойларға жауап табу үшін қазақ зиялыларына пікір бөлісуге шақырады. А. Байтұрсынов «Қазақта балаларды оқытатын жосықтар /программалар/ бағдарлама мен кітаптар /оқулықтар/ жоқ», - деп жаңа педагогикалық жүйеге негізделіп жазылған бағдарламалар мен оқулықтардың жоқтығын басты мәселе ретінде қарастырып, «Бұл қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі оқу құралы – кітаптар жоқ. Ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейді. Екінші, қазақ мектебіне түзілген программа жоқ, онсыз оқу жөн шықпайды. Үшінші, бала оқыту ғылымынан хабардар мұғалімдер аз» - дейді. Ноғайша жазылған оқу құралдары қазақ баласының білім алуына сәйкес келмейтіндігі және өкінішке орай сол кезде қазақ мұғалімдерінің білім беру мен оқыту жұмыстарында қолдануға ыңғайлы оқулықтар мен оқу құралдарының жоқтығында ашық айтады. Одан әрі ғалым-әдіскер «Сондықтан да қазақта оқу құралы жоқ болатын болса, ноғай кітаптарымен оқытпасқа шара жоқ. Қазақ балаларын ноғай кітаптарымен оқытуда қолайсыздық, кемшілік көп, бірақ амалсыз ол кемшіліктермен келісеміз. Ноғай кітаптарымен оқытқан соң, олардың программаларын алмасқа болмайды. Программасын қазаққа ыңғайлағанмен, қазақша құралдар сай емес, программа бір жаққа, оқу бір жаққа кетеді. Программада керек дегеннің бірі болмаса да, көбі оқу құралдарынан табылуы керек. Ноғайдың тәртіпті мектебіндегі программасын ала тұратын болған соң, оқу кітаптарын да сол тәртіпті мектептерінен алу тиіс» - дей келе, «Білімнің бас құралы кітап» - деп оны жазуға арнаулы педагогикалық білімі бар мамандар арасында конкурсын жариялау керек және сол арқылы жақсы кәсіби мамандарды оқу-ағарту саласындағы орын алған қиын мәселелерді шешуге тарту қажеттігін айтқан [208].

Қазақ ұлттық бастауыш мектебін қалыптастыру және оған қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын, білім мазмұнын анықтайтын оқу жоспары мен бағдарламаларға жазу жөнінде мәселелер төңірегінде орын алған пікірлер газет-журнал беттерінде жарияланып қазақтың білімпаз-оқымыстылары мен ғалымдары арасындағы білім ортада талқыланып, түрлі ғылыми пікірлер айтылды. Сол уақыттағы қазақ мектептерінің оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының бір жүйеге түспегендігі және қазақ тіліне негізделген әліппенің, баланың ана тілінде сауат ашуына негізделген оқу құралдары мен оқулықтардың тапшылығы сауатсыздықпен күресте өз кедергілерін келтіргені анық. Қазан қаласындағы баспалардың жергілікті ұлттар тіліндегі әдебиет, оқулықтар келіп тұрған анық, дегенмен де бұлардың барлығы сол кездегі мектептердің қажеттігін толығымен қамтамасыз ете алмады. Себебі, көпшілік оқулықтар мен оқу құралдары діни сарындағы мазмұнда болса, ал кейбір мектептерде мүлдем болмады. Мектептердегі білім беру ескі жоспарлар ескі бағдарламалар бойынша жүргізілді әрине, бұл жерде балалар ескі оқулықтармен оқуға тура келді. Бірақ, бұндай оқу жоспарлар мен бағдарламалар тиімсіз болды, өйткені, әр мектеп өзі жасайтын, ортақ жүйе болмады, көптеген келеңсіздіктерді тудырды.

Дегенмен де, қазақ жеріндегі «төте оқу» деген атқа ие болған «жадидтік» негіздегі жаңа оқытудың бағытындағы мектептердің білім беру мазмұнын ұйымдастыратын жаңашыл оқу бағдарламаларының өмір тәжірибесіне еніп, педагогикалық тәжірибеде қолданысқа ие болуы мен өмірлік сүзбеден өтуі – қазақ ұлттық бастауыш мектептерінің қалыптасып, дамуына және олардың оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіруге негіз болған педагогикалық мұралар ретінде орын алды деуге болады.

Кесте 5 - Қазақ ұлттық бастауыш мектебінің негізін салушы А. Байтұрсынұлының жасаған оқу жоспары.

№	Пән аттары мен сыныптар
1	Оқу, жазу, сауат ашу. 1-4 сынып
2	Есеп. 1-4 сынып
3	Жағрапия, жаратылыстану, ұлт тарихы. 1-4 сынып
4	Қол өнер. 1-4 сынып
5	Шаруа кәсіп. 1-4 сынып
6	Дін. 2-4сынып
7	Орысша оқу (3-сыныптан бастап) орыс тілі. 3-4 сынып
8	Ұлт тілі. 1-4 сынып

Қазақ ұлттық бастауыш мектебіне жасалған бұл тұрғыдағы оқу жоспары кейінен толықтырылып, жетілдірілді. Жәдидтік оқу жүйесіндегі төте оқу арқылы ұлттық білім беруді жүзеге асырудың ең алғашқы оқу жоспары ретінде Қазақстанның бастауыш білім беру тарихында өзіндік орынға ие болды.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ ұлттық бастауыш мектебінде педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда оқушыларға берілетін білім мазмұнының ғылыми дәрежесін басшылыққа алуды, оқытылатын пәндер бастауыш білім беру жүйесіне үйлесімді жасауды, оқу-ағарту жұмыстарын өз кезеңіндегі қоғамдық-әлеуметтік сұранысына лайықты болуын басшылыққа алып отырған. Ұлт зиялыларының оқу-ағарту жайындағы педагогикалық ой-тұжырымдары мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын қазақ баласының табиғатына үйлесімді құру, жастардың азаматтық болмысын ұлттық негізде рухани құндылықтарын жаңарту, ұрпақтың сана-сезімін қазақ салт-сана мен әдеп-ғұрыптық дәстүрде дамыту мәселесін басшылыққа алған деп қарастырамыз және бұл бүгінгі күннің де өзекті мәселесі болып отырғандығы анық.

Бастауышта білім мазмұнын әр тараптандырылып, оқушылардың ақыл-ой мен тәрбиесін дамытуда кешенділік ықпал жасау әдістерін басшылыққа алып, ғылыми білімдердің озық үлгілері мен дүниені ғылыми тұрғыдан тану жолы және ұлттың даму жолындағы тарихи білім беретін материалдарды олардың жеке болмыстық дамуының негізгі өзегінің рухани құралы ретінде қолданып, пайдалануды жүзеге асырған. Әр тараптандырылып, кешенділік әдіспен берілетін білімдер жиынтығы сол заманғы түрлі ғылымды зерттеп, тану арқылы алынған білімдерді жүйесінен сұрыптау оқушылардың жас ерекшелігіне сай берілуінде дидактикалық талаптар мен әдістемелік жүйе аясында оқушыларға физиологиялық және психологиялық даму заңдылығына үйлесімділігін негізге ала отырып, оларға түсінікті, тартымды болуы ескерілген. Қазақ ұлттық бастауыш мектебінде педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда өтілетін пәндерді саралап, олардың қатарына: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс пәндері көрсетіліп, сабақтарды ана тілінде жүргілуі керектігі айтылған [97].

XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт зиялылары қазақ ұлттық бастауыш мектебінің даму келешегін, бағдарын анықтап деуге болады. Қазіргі заманғы мектепте, бастауыш білім беру жүйесіндегі оқыту мен тәрбие беру бағытының ұлттық болмыс пен мүддеге негізделуі XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ білімпаздарының тарихи-педагогикалық мұраларының жалғасы деп айта аламыз.

XX ғасырдың бас кезінде Ресейдің орталығында мемлекеттік құрылымды өзгертуге бағытталған «қазан» төңкерісі оның құрамына енген шет аймақтарға да өз ықпалын тигізді. Бұл патшалық Ресей мемлекетінің орына келген жаңа қоғамдық құрылыстағы кеңестік үкімет еді. Осы себептер Қазақстандағы оқу-ағарту саласына да өзгерістер әкеліп, жаңа құрылысқа бағытталған социалистік қоғамның саяси-идеологиялық жүйесіне негізделген мектептерді ашу, білім беру мазмұнына жаңа сипат беру жүзеге асырыла бастады. Оқу-тәрбие мекемелері мен мектептерді жаңа идеологияға бейімі бар педагог мамандармен қамтамасыз ету, мұғалімдерді даярлау немесе қайта даярлау, оқулық, оқу құралдарымен жабдықтау мәселелері тағыда басты мәселеге айналды. Кеңестік қоғамдық жүйеге бағытталған жергілікті бастауыш мектептерде білім беруді жүргізу негізделген жаңа мазмұнды оқу

жоспарлары мен бағдарламаларын жасау қолға алынды. Жалпы мемлекеттегі өзгеріске қарай Түркістан кеңестік республикасының халық ағарту комиссариаты 1918 жылдың желтоқсан айының 16-жұлдызында Сырдария, Жетісу облыстарының ІІ-басқыш мектептерінде бірінғай оқу жоспарларын педагогикалық тәжірбеге ендіру жайындағы бұйрығын шығарды [5].

Бұл жасалған оқу жоспарлар мен бағдарламаларда ана тілінде білім беруді басшылыққа алғанымен де өкінішке орай, олар жүзеге аспай жатты. Себебі, жадидтік оқу жүйесінде құрылған қазақ ұлттық білім беру жүйесінің мазмұндық құрылымы, Кеңестік үкімет құрылысындағы социалистік идеология мазмұнына сәйкес үйлесімдік таппады. Өйткені, қазақ білімпаздары мен ғалым, зиялылары Қазақстандағы оқу-ағарту жұмысында ұлттық мүдде мәселелерін қамтып, халықтық болмысы мен тарихи дүниетанымын негізге алып, араб жазу графикасын өңдеу арқылы түзген қазақтың «төл тума жазуын» кең қолданысқа ендіріп, орыс тілінде білім алуды ығыстырып, орыс тілді мектептердің сұраныстарын төмендетуге алып келді. Осыған орай кеңес үкіметінің Ресейдегі Отарлық халық ағарту комиссариаты жаңа құрылымдағы бағдарламалар жасады. Бұл 1919 жылы «Білім беру жұмысы үшін материалдар», тоғыз жылдық мектепке арналған пәндік жүйе бойынша «үлгі» бағдарлама болды. Бұнда әдістемелік материалдар барлық пәндер үшін мүмкіндігінше қарастырылды. Жеке пәндер бағытталған бағдарлама жеке жасалды, бағдарламада орын алған кемшілік – көрсетілген оқу материалдарын толық қамту меңгеру міндетті болып табылмады. Осыған байланысты жергілікті халық ағарту бөлімдері, облыс, аудандар және жеке мектептердің орналасқан жер ерекшелігіне байланысты жеке пәндердің бағдарламаларындағы оқытылатын оқу материалдарын жүйесін құрастыру, тұрғылықты мекен аймағына бейімдеп жасауды өздері іске асырды. 1920 жылы Халық ағарту комиссариаты І және ІІ басқыш мектептерге арналған екі вариантты оқу жоспарын жасады: Бірі оқу материалдық жабдығы, мұғалімдері жетіспейтін мектептерге; екінші толық жоспар – бір қалыпты жұмыс жасайтын мектептерге. Қазақ АССР халық комиссарлар кеңесі /1920 ж. 8 қараша/ халық ағарту комиссариатына қазақ тілінде оқулықтар жазуды тапсырды.

1920 жылы Қазақстандағы халық ағарту комиссариатының әлеуметтік тәрбие бас басқармасының жанынан құрылған комиссия еңбек мектебінің үлгі жоспарын даярлауды қолға алды. Жасалған жоспарда дүниетану мен табиғаттану және қоғамтану пәндерінің оқу материалдары білім берудің өзегі болып басшылыққа алып, «негізгі» деп саналды, ал математика, ана тілі пәндері «қосалқы» деген түсінікке ие болды, яғни екінші дәрежелі формалдық пәндер қатарына жатқызып, түсіндірілді және осы қағиданың сақталуы тиіс болды [5].

Кесте 6 - 1920 жылы Кеңестік халық ағарту Комиссариатының алғашқы екі сатылы мектептердің бастауыш сыныптарына арналған оқу жоспары

Оқу пәндері	Бірінші саты
	Сыныптар

6 - кестенің жалғасы

	1	2	3	4
Табиғат тану /Биология/	1	2	3	5
Тіл, Әдебиет	5	5	5	5
Математика	5	5	5	5
Қоғамтану, тарих	-	2	3	2
Өнер (ән-күй, сурет, сызу)	2	3	3	3
Дене тәрбиесі	2	2	2	2
Барлық апталық сағат саны	15	19	21	22

1-інші сыныптағы 15 сағат пәндерге бөлінбей, сабақ комплексті /кешенді/ түрде жүргізілген [64].

Бұл оқу жоспары 1913-1915 жылдары Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық мектепте арнап жасаған оқу жоспарымен үндестік табады.

1920 жылы Халық ағарту комиссариаты 1914 жылғы оқу жоспарынан бас тартып, кеңес мектебінің оқу жоспарын жариялады. Жоспар бойынша бірінші сыныпта оқу сағаты жеке пәндерге бөлінбеді. Мұнда тіл дамыту, сауат ашу, санауға үйрету, табиғатпен таныстыру, сурет, ән-күйге, барлығына апталық 15 сағат бөлінді. Бірақ алғашқы оқу жоспарының негізгі кемшілігі – оның орындалуы міндетті емес еді. Онда:

- Аталған оқу жоспары үлгі ретінде ғана ұсынылды.
- География пәні тек 6-сыныптан бастап оқытылды.
- Шет тіліне сағат аз берілді.
- Биология мен тарих пәндері тым ерте-екінші сыныптан оқытылды.
- Қол еңбегіне арнайы уақыт берілмеді т.б.

Жаңа жоспарға байланысты сабақтың мазмұны да өзгерді. Гуманитарлық пәндер арқылы кеңестік идеология насихатталды. Дін сабағын оқыту тоқтатылды. Тарих, әдебиет, география жаңа кеңестік тұрғыдан қаралды. Математика, физика, химия сабақтарын оқыту кеңейтілді, лабораториялық жұмыстар жүргізілді, экскурсия ұйымдастырылды. Оларды оқытуда өмірмен байланыс жасалатын болды [65]. 1921 жылы Орталықтың жанынан ғылыми кеңес құрылып, онда бағдарлама даярлайтын секция ашылды. Секция даярлаған бағдарлама 1923-1924 оқу жылында жарияланды. Бағдарлама «комплексті» кешенді деп аталды. Себебі бағдарламада бірнеше пәндер топтастырылып «табиғат», «еңбек», «қоғам» деп берілді. Мысалы, бірінші тақырып бойынша физикадан, химиядан, жаратылыстанудан, астрономиядан білім берілсе, екінші тақырып бойынша өндірістің әр саласына техникадан, өндірісті ұйымдастыру, еңбек тарихынан білім берді. Үшінші тақырыпта қоғам жөнінен білім және тарихи мәлімет берілді.

Кешенді оқыту бағдарламасын құрған ғалымдар ескі бағдарламадан түгелдей бас тартты. Бұл үлкен қате еді. Сондықтан дабұл бағдарламамен

балаларға тиянақты білім берілмеді. Осы кезеңде дінге қарсы үгіт-насихат кең өріс алды. Діннің мәдениетін, оның тарихын түсіндіруден бас тартты. Қазақстандағы Әлеуметтік тәрбие бас басқармасының 1921 жылы жасаған пәндік бағдарламалары өз міндетін атқара алмады. Себебі бұл бағдарлаушы бағдарлама түрінде ұсынылған болатын. Кеңес үкіметінің орталықтан жасаған «Бірыңғай жеті жылдық еңбек мектебінің бірінші және екінші басқыштарының бағдарламаларын» алғаннан кейін Қазақ АССР халық ағарту комиссариаты осы бағдарлама жүйесімен педагогикалық жұмыстарды 1922 жылғы маусымнан бастады. Қазақстанның халық ағарту Комиссариаты жеті жылдық қазақ мектебінің үлгі оқу жоспарын бекітті [209].

Жоғарғы көрсетілген 1920 жылғы Ресейлік оқу жоспарын басшылыққа ала отырып, 1922 жылы сәуірдің басында Қазақстанның Халық ағарту Комиссариаты жеті жылдық қазақ мектебінің мынандай үлгі оқу жоспарын бекітті.

Кесте 7 - 1922 жылғы қазақ жеті жылдық мектебінің бастауыш сыныптарының оқу-жоспар үлгісі

Пәндер	Сыныптар, апталық сағат саны			
	1	2	3	4
Орыс тілі мен әдебиеті	-	-	6	6
Ана тілі мен әдебиеті	6	6	6	6
Жаңа шет тілі	-	-	-	2
Математика	5	5	4	4
Отан тану және география	-	-	2	2
Дүние тану және табиғат тану	3	3	3	3
Тарих	-	-	1	2
Қоғам тану, саяси сауат	-	-	-	1
Сурет және мүсін жасау	2	2	2	2
Дене-шынықтыру	2	2	2	2
Қол еңбегі, қолөнері	2	2	2	1
Міндетті емес факультативтік пәндер	1	1	1	1
Барлығы	21	21	31	34

[210].

Бұл оқу жоспарының артылықшылығы:

- бірінші топта сабақ өткізілетін уақыт жеке пәндерге бөлінді;
- орыс тілі мен әдебиетіне жеткілікті сағат саны берілді;
- тарих пен сызу оқу жоспарына дербес пән ретінде енгізілді;
- көркемдік тәрбие саласындағы оқу уақыты жеке пәндерге бөлінді.

Осы оқу жоспарына сай оқу бағдарламаларына, оқулықтарға конкурс жарияланды.

Бұл оқу жоспары қазақ топырағындағы алғашқы европалық үлгідегі жоспар еді. Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының халық комиссариатының академиялық орталығы 1924 жылы қазақ бастауыш

мектебіне арналған алғашқы пәндік бағдарлама жасады. Аталған құжаттар қазақ мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруға енгізілді.

Бірыңғай жеті жылдық еңбек мектебінің бірінші басқыштарының бағдарламасына талдау жасасақ, берілген пәндері жүйесі: *бірінші және екінші* сыныпта ана тілі мен әдебиеті, математика, табиғаттану және /жаратылыстану негіздері/ қазіргі дүниетану, сурет және мүсін жасау, қол еңбегі және қол өнер, ән сабағы. *Үшінші* сыныпта орыс тілі мен әдебиет, отантану және география, тарих, дене шынықтыру. *Төртінші* сыныпта қоғамтану және саясат, жаңа шет тілі сынды пәндер берілген болса, бастауыш сынып мұғалімдерінің жүктеме сағатына міндетті түрде бірінші сыныптан, аптасына бір сағаттық факультативтік пәндердің орындалуы жүктелген. Бастауыш сынып мұғалімінің апталық жүктемесі бірінші сыныпта-21, екінші сыныпта-21, үшінші сыныпта –31, төртінші сыныпта-34 болып анықталған.

Оқу жоспары бойынша өткізілетін сабаққа бөлінген сағаттар пәндердің ерекшелігіне негізделеді. Бағдарламада берілген пәндерді бес топқа топтастырғаны байқалады. Мәселен, *бірінші топқа*: Ана тілі мен әдебиеті /орыс тілі мен әдебиеті, жаңа шет тілі/ мұнда ана тілінде сөйлеп жаттығу, сөздік қорын дамыту, сөйлемді жазу, сөйлеу бағдарламасында сөздерді дұрыс айту т.б. ал екінші басқыш яғни, 5-6-7 сыныптарда әдебиет пәнін оқу; *Екінші топқа*: Математика (төрт амалды орындау, 100-ге дейін тура және кері санау, 1000-тар мен есеп шығаруға үйрену, 1000000 санын танып білу) бірінші, екінші сыныпта аптасына 5 сағаттан, ал үшінші, төртінші сыныпта аптасына 4 сағаттан сабақ өткізілді. Алған білімдерін толықтыру /5-6-7 сыныптар/ денгейінде, арифметика, геометрия, алгебра пәндерінен сабақтар енгізілген. *Үшінші топқа*: Табиғаттану /қазіргі жаратылыстану/ бастауыш 1-4 сыныптарда айналамен таныстыру, өсімдік, жан-жануар, насекомдар, ауа райының өзгеруі, физикалық құбылыстар жайында білім берілді. Бұл пәндерден берілген білімдерді толықтыру /5-6-7 сыныптарда/ физика, химия, астрономия, зоология, ботаника, метрология пәндерінен сабақтар өтілген. *Төртінші топқа*: Қоғамтану /қазіргі дүниетану/, саясат, /4 сыныпта/ отантану және география /қазіргі жаратылыстану/ /3 сыныпта/, тарих /қазіргі дүниетану/, /3 сыныпта/ пәндері оқылатын, онда қоғам ұстанған принциптер негізге алынып, саяси-идеологиялық тұстар басшылыққа алынып оқытылды, бұл пәндерден /5-6-7 сыныптарда/ дамыта оқыту орын алып, сағат саны көбейтілген. *Бесінші топқа*: Бірыңғай еңбек мектебінде әсемдік пен сұлулық /эстетикалық/ тәрбие қалыптастыратын пәндер қатарына сурет және мүсін жасау, қол еңбегі мен қол өнері, дене шынықтыру сабақтары өткізу қамтылған. Бұл пәндердің кейбіреуіне бірінші басқышта /1-4 сыныптарда/ сағат саны жетерлік болғанымен, 5-6-7 сыныптарда яғни, екінші басқышта сағат саны кемітіліп берілген. Ал, сызу оқу жоспарында дербес пән ретінде енгізіліп, оның сағат саны бірінші және екінші басқышта да еш өзгеріссіз оқытылған. Қабылданған бағдарламада пәндер жүйесі беріліп, тізбегі мен оқылудың жылдық /сыныптар арқылы бөліну/ мерзімдері және сабақ сағаты анықталса да, оқуда ғылыми негіздерінен берілетін материалдар жүйеленбегенін байқауға болады. Мәселен, бірінші басқыш мектептерінің оқу барысын

ұйымдастыру мен өткізуде көрсетілген көпшілік пәндер ортақ «Денсаулық сақтау», «Қысқа әзірлік», «Қысты күнгі өмір», «Мектеп, бала, отбасы», «күзгі күнгі өмір» т.б. тақырыптар төңірегіне шоғырландыра оқыту жеке пәндердің ғылымилық жүйесінен алыстап кетіп, пәндердің оқу материалдары ғылымдар саласынан берілетін біліми мағлұматтарды қамтылмауы төмен болды. Бұл нақты ғылымдар саласын оқыту және меңгеруден шет қалып, оларды жалпылама қарастырып, өмірдің әр алуан құбылыстарын қамтыған болатын.

Қазақстанның халық ағарту комиссариатының әлеуметтік тәрбие басқармасы жанында еңбек мектебінің үлгі бағдарламасын әзірлейтін қазақ мұғалімдерінің қатысуымен комиссия /1922 ж маусым/ құрылды. Комиссия мынандай ережені басшылыққа алды:

1) бағдарлама өндіріс саласына қатысы бар жергілікті материал негізінде жасалды;

2) Мұғалімнің атқарған жұмысы кешенді әдіске негізделді [211].

Осыған байланысты қазақ мектептерінің бірінші басқышында /1, 2, 3, 4 сыныптарда/ үш бағыттық кешенді оқыту жүзеге асырылды. Олар: «Алғашқы қадамдар», «Біздің қала», «Қала және ауыл», «Біздің аймақ». Негізгі мақсаты – табиғи байлықтар, кен орындары. Әрбір өлкенің тұрмыс-тіршілігінің ерекшелігіне қарай сауда-саттық және оның әлеуметтік-экономикалық саласының дамуына бере оқыту бастапқы ұстаным ретінде орын алды. Оқу және жазу әдісі пайдаланылды. Мысалы, «Алғашқы қадамдар» кешенінің мақсаты – мектептегі оқушылардың жеке өмірімен танысу. Өз өмірінен – бастан өткізген уақиғалар мен түрлі жағдайларды баяндап беру, алған әсерінен бақылау, мектеп пен отбасындағы қарым-қатынастардың айырмашылығын және бірлігін тауып, ұйымдастырудағы жұмыс түрлерінің ерекшелігін оңтайлы және тиімді тұрмыстық әдіс-тәсілдерді қолдануға үйретті, оған баулыды.

Бұл оқу жоспарында оқушылардың білімді ана тілінде алу мүмкіндігіне және оқу жұмысының негізі болып табылатын баланың туған тілінің құзыртеттілігін шектеу мен педагогикалық үдерістегі қызметін төмендетіп, баланың ұлттық болмысының негізі болып табылатын туған тілін керексіз ету, бағалаушылық сияқты түсініктердің орын алуына жол берген. Комиссияның жасаған оқу жоспарының кемшілігі, білім берудегі оқу материалдарын оқытуда ғана баланың ана тілін пайдалануға болатындығын және жергіліктік жерде ашылған бастауыш мектептерде оқу жұмыстарын жүргізгенде ана тілі жеке пән ретінде қарастырылмай тек, жеке пәндердің оқу материалдарын кіріктіру арқылы берілетін оқу материалдарын мазмұндық жүйесін кешенділік әдіспен оқытуда ғана қарастырылып отырған.

1924 жылы Қазақстан білімпаздарының өткен бірінші съезінде мектептердегі оқуды баланың ананың тілінде ұйымдастыру мәселесі ерекше қарастырылып, жаңа оқу жоспарына толықтырулар енгізу арқылы «ана тілі» жеке пән ретінде оқыту керектігі қабылданды [212].

Съезд шешімі бойынша жаңа оқу жоспарында ана тілі жеке пән ретінде оқытылатын болды. Бұл балалардың өз ана тілінде сауатын ашып, оқу-жазуға және жүйелі білім алуына ықпалын тигізді. Бастауыш мектептерде білім

беруді ұйымдастырудағы оқыту жұмыстарына А. Байтұрсыновтың жасаған қазақ жазуы негіздегі «Әліппе» үлкен сұранысқа ие болып, көпшіліктің қолдауын тапты. Осы жасалған қазақ жазу таңбалары негізге алынып, Қазақстан білім беру мекемелерінің ұсыныс және қолдауымен қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдары көптеп шығарылды. Ұлттық мектеп жағдайына ойластырылып жасалған оқу құралдарының мазмұнындағы оқу материалдарының жиынтық топтамасы, жаңа оқу жоспарының талаптық ережелері мен қағидалық ұстанымдарына басшылыққа алды және бағындырылды.

Қазақ АССР халық ағарту комиссариатының Білім орталығы «Республиканың халық ағарту қызметкерлеріне арналған бірінші әдістемелік хатын» (1924 ж) әзірлеп шығарды. 1924-25 оқу жылынан бастап мектептерде «Мемлекеттік ғылыми кеңес» /ГУС/ бағдарламаларына толықтырулар енгізу қарастырылды, осы себептен де мұғалімдерді аталған бағдарламаны жан-жақты талқылауға қатыстырылды. Өйткені бағдарламада жеке пәндерді – арифметика, география пәндерін жеке дара оқыту емес тұрмыстық еңбекпен кешенді байланыстыру яғни, бірінші кезекте орман-тоғайларды, даланы, базарды т.б. оқыту, үйрету болды. Оқушыны қоршаған ортасымен, табиғатпен салыстыра талдау арқылы сөйлеудің, есептеудің дағдыларын, ойлаудың негізгі тәсілдерін үйрету, дамыту болды. Бұрын «пәндер бойынша» берілетін ғылыми білімдерді кіріктіре-байланыстыра оқыту басты мақсат болып табылды.

Мектептерде «Мемлекеттік ғылыми кеңес» бағдарламасы енгізіліп, оқу кешендік әдіспен жүргізіледі. Көпшілік мектептерде еңбек тәрбиесіне баулу жұмыстары қарқынды жүрді. Кешендік әдіс пен «Мемлекеттік ғылыми кеңес» бағдарламасы бойынша білім беру мен оқытуды жүргізу жұмыстары өмірлік тәжірибеден алынып, анықталған жоспар жүзінде жүзеге асырылды.

Бағдарламаға жасалған толықтырулар мен өзгерістерді басшылыққа ала отырып, мектеп оқулықтары мен оқу құралдарының мазмұндық құрылымындағы оқу материалдарына да толықтырулар мен өзгерістер енгізу жайында мәселемен айналысатын арнайы комиссия құрылды. Комиссия оқулықтар мен оқулық және оқу кітаптарының соның ішінде, арифметика жинағының білім мазмұныны беретін оқу материалдары табиға өмір заңдылығымен үйлесімді болуын және өмірге бейімдейтін тұстарына толықтырулар енгізілуін қарастырытын болды [213]. Біз талдап, қарастырған оқу бағдарламасының мазмұндық құрылымы сол кезеңдегі қазақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің оқушыларға ана тілі мен әдебиет пәнінен білім беру арқылы олардың туған тілінде ой-өрісін қалыптастыруға, ғылыми дүниетанымын дамытуда олардың табиғатына үйлесімділік тапқандығын және басқа ғылыми пәндерді меңгерудің өзегіне айналғандықтан білеміз.

1925-26 оқу жылында халық ағарту комиссариаты жеті жылдық мектептерге және оның бірінші басқышы болағын 1-сыныптарда арналған бағдарламаны Қазақстандағы өлкелік мектептерде үлгі-тәжірибеден /эксперименттен/ өткен оқу жоспарын жаппай енгізуді басшылыққа алды [214]. Сондай-ақ, толықтырулар мен өзгертулер енгізілген жаңа жобадағы оқу

жоспарының құрамына, қазақ тілі пән ретінде 1,2,3,4 сыныптарда толық оқытуы және одан әрі жоғары сыныптарда жалғасын дамуы мәелесі қарастырылып, бекітілді. Және бұндай қарастырлу мен бекітілу математика, дене шынықтыру және ән-күй пәндеріне қатысты болды, тек жеке пәндердің оқу материалдарының құрамы мен білімділік бағыт ерекшелігіне байланысты берілетін сағаттар өзгертілді. Бұған дейінгі оқу жоспары мен оқу бағдарламасына ендірілген кейбір пәндер бастауыш сыныптарды оқытылмайтын болды. Толықтырулар мен өзгертулерге ұшырағын оқу бағдарламасы 1928 жылдан мектеп өміріндегі педагогикалық тәжірибеге енгізілген болатын. Бұл жаңа толықтырылған оқу бағдарламасы қазақ кеңес мектептерінің қайта құрудағы білім мен тәрбие беру жұмыстарында сапалық деңгейінің жақсаруына ықпал жасады.

Сонымен оқу жоспары, бағдарламасы, оқулық мазмұны заман талабына сай өзгеріп отырады. Оны төмендегі оқу жоспарларынан көреміз.

РСФСР халық ағарту комиссариаты 1927-1928 оқу жылында мектептің екінші басқышына арналған міндетті келесі жоспарын бекітті.

Онда оқулықтардың тізімі белгіленді және оны шығару ұйымдастырылды. Бірақ оқулықтардың орнына «жұмыс кітабі», «бөлшек оқулық», «газет оқулық», «журнал оқулық» сияқты көмекші құралдар пайдалану керек деген қате пікір ұсынылды. Пәнге байланысты сағаттар саны қысқарды. Оның орнына тәжірибе көбейді, коммунистік тәрбиеге, қоғамтану пәніне көп көңіл бөлінді.

1929 жылы Қазақстан орталық атқару комитеті президиумы мен Қазақ АССР халық комиссарлары кеңесінің шешімімен қазақтың қолданысты жүрген жазу таңбасын латын жазу таңбасына ауыстыру және осы латын әрпі жазуымен жасалған қазақ әліппесін бекіті. Қазақ арасында жасанды жолмен жасалған сауаттандыру орын алды. Қолдан жасалған сауатсыздықта жою жұмыстарын жүргізу, оқу жоспары мен бағдарламаларды қайта жасау, оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын социалистік құрылымдықты терең бекіту барысындағы саяси идеологиялық басымдық орын алу жүзеге асырыла бастады. Дегенмен де, осы бағдарлама жүйесі басшылыққа алынды. Бірінші сынып оқушыларының сауатын ашудағы оқу жұмыстарының жүйесі дыбыстық әдіске негізделген болатын. Бұл жағдай латын жазу таңбасында анықталған 29 алфавиттік әріпті танытуға пайдаланылды. Кейінен «тұтас сөз» әдістерінде педагогикалық тәжірибеде қолданыла бастыды.

1930 жылғы «Жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру» заңы БК(б)П Орталық комитетінің қаулысында жаңа жазу таңбасына көшу мектептің педагогикалық тәжірибесінде ұйымдастырылатын оқыту жұмыстарындағы орын алатын қиындықтарды шешу және жою мәселелеріне байланысты арнайы нұсқаулар берілді. Ана тілі пәнінің мәртебесін көтеру, оны жеке пән ретінде оқыту және жүргізу қарастырылып, ана тілі пәнінде оқытылатын оқу материалдарының сапасын жақсарту жайы басшылыққа алынды. Онда:

- жаңа оқу жоспарын іске асыруды қолға алу;

- 1930-1931 жылы кеңестер одағының барлық жерінде салаларға жаппай міндетті, тегін бастауыш білім беруді енгізу;

- 8-10 жастағы ұл мен қыз балалар бастауыш мектеп көлемінде міндетті білім алуға, мектепке тартылуының тиісті болуы;

- 1930-1931 оқу жылынан бастап 11-15 жастағы ұл-қыз балаларды бірге жаппай оқытуды белгілеу;

- 1930-1931 оқу жылынан бастап өнеркәсіпті қалаларда, фабрика-завод аудандарында және жұмысшы поселкелерінде жеті жылдық мектеп көлемінде білім беру жүйесін енгізу;

- балаларды міндетті түрде оқыту олардың ата-аналарына жүктелу міндеттелінді.

1931 жылы қыркүйек айының 5-ші жұлдызында кеңестер одағы коммунистік партия орталық комитеті «Бастауыш және орта мектеп туралы» қаулысында оқудағы, оқу жоспарын орындаудағы жетістіктермен /мектеп санының атауы, балалардың санының көбейуі/ қатар кемшіліктерін атап өтті.

Оның негізгі кемшілігі:

- оқу жоспарының дұрыс құрылмауы;

- соның нәтижесінде оқушыларға жеткілікті түрде білім бере алмауы.

Осы қаулыға байланысты одақтас республикаларда білімді жеке пәндер арқылы беру қарастырылды. Бағдарлама 1931-1932 оқу жылының екінші жартысынан бастап іске қосылды. Жаңа оқу жоспарларында орыс тілі мен ана тілі және «мематикаға уақыт көп бөлінді. Білім жеке пәндер арқылы жүйелі түрде берілетін болды [215].

1932 жылы республикада бастауыш білім беруді жүзеге асыру жөнінде жоғарыдағы сын-ескертпелерден қорытынды шығарылды.

Осы жылдары бастауыш мектептердегі оқушылар саны бірнеше есеге өсті. Мектептерде барлық ұлттардың ана тілінде оқуға көшірілу мезгілі аяқталды. Қазақ мектептері үшін ана тілінде оқулықтар даярлана бастады.

1932 жылы қыркүйек айының 25-ші жұлдызында «Бастауыш және орта мектеп оқу бағдарламалары мен режимі» атты Орталық комитетінің қаулысы қабылданды. Онда да атқарылған жетістіктерді атай отырып, көптеген кемшіліктерге тоқталады. Негізгі кемшіліктер:

- сынып аралығындағы жүйеліліктің жоқтығы;

- оқу жоспары мен бағдарламаларының дұрыс құрылмауы;

- бағдарламаның шамадан тыс күрделілігі, оның өмірден алшақтығы;

- оқушының сабақты толық қабылдай алмауы;

- пәнаралық байланыстың жоқтығы;

- кейбір пәндерді оқытуда пән ғылымылығынан ауытқудың болуы;

- оқушылардың жас ерекшеліктерінің ескерілмеуі;

- оқытушының оқушыға сабақты түсіндіруде қиналып қарапайым әңгімеге түсіп, пәннің ғылыми маңызын жоғалтып алуы;

- қоғамның дамуына байланысты пәндерде бұрмалаушылықтың кездесуі;

Аталған кемшіліктерді жою үшін оқу жоспары мен бағдарламаларын 1933 жылдың қаңтар айының 1-ші жұлдызына дейін қарап, сыныптардағы

апталық сағаттарды ретке келтіру керек болды. Және де шет тілі, еңбек сабақтарына да жеткілікті көңіл бөлу қажеттілігі көрсетілді.

Қаулыда сабақтың ұйымдастыру түріне де мән береді. Онда:

- оқытудың бригадалық-лабораториялық түрінен бас тарту;
- оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі-сабақ екенін естен шығармау;
- оны белгілі кестемен, тұрақты құрамы бар сыныппен жүргізілуі;
- оқушыларға жүйелі білім беру;
- әр оқушының білімін күнделікті, тоқсандық және жыл аяғында жеке бағалау;
- оқытушының еңбегін әділетті бағалау;
- оларды ынталандыру;
- жаңа әдіс-тәсілдерді ойлап табуға көмектесу;
- ата-аналарды оқушылардың білімін, тәртібін қадағалауға шақыру т.б.

1933 жылы ақпан айының 12-шы жұлдызында бастауыш, орта мектептерінің оқулықтарына байланысты БК(б)П орталық комитетінің шешімі шықты.

Онда:

- мектеп оқулықтарының талапқа сай еместігі қатты сынға алынып, оған кінәлі халық ағарту комиссариаты мен мемлекеттік баспа орталығы. Оқулық баспаға жіберілудің алдында талқыланып, көпшіліктің сараптамасынан өтіп барып қана, баспаға ұсынылуы тиіс. Ол талап кезінде орындалмады.

Баспадан шыққан оқулықтардың түрі, түсі, түптелуі, бояуы, шифты, суреттері, пішіні, эстетикалық безендірілуі талапқа сай емес. Келешекте халық ағарту комиссариаты, мемлекеттік баспахана осы аталған кемшіліктерден қорытынды шығаруы керек екені айтылған.

Қаулыда бірнеше жылдарға арналған тұрақты оқулықтар даярлау қажеттігі де атап көрсетіледі [215].

Қаулыға сәйкес, 1933 жылғы оқу бағдарламалары бойынша, оқулықтар даярлаудың жоспары бекітілді.

Бұл жұмысқа әр мамандықтан ғалымдар мен әдіскерлер қарастырылды.

Осының нәтижесінде 1933 жылы тек РСФСР да әр пәннен жүзден аса /жалпы тиражы 50 миллионнан астам/ оқулықтар шығарылды. Оның 10 пайызы Қазақстандықтардың үлесінде болды.

Ғалым-педагог-ұстаздар 1934-1935 және одан кейінгі жылдарында мектептің оқу жоспары мен оқу бағдарламаларды жетілдіре түсті. Осыған орай тұрақты оқулықтар жасалды. Сыныптық сабақ дамып, кабинеттік сабақ пайда болды.

Жасалған оқу жоспарын өңдеп, жетілдіру үшін және жаңа оқу құралдарын жасауға негіз болды. Оқу бағдарламаларына ішінара өзгерістер енгізіліп, жаңа оқу бағдарламасы жасалып, толықтырулар мен талаптар жүйесі анықталды. Онда:

1. Айшықты, салыстыра қарағанда өзгелерден үлкенірек көрінетін қысқа сөздерді, қысқа сөйлемдерді, қысқа мақалаларды ежіктемей, буындамай, бір сөзді екі не үш рет қайталамай оқи алуға үйрету.

2. Айшықты, салыстыра қарағанда өзгелерден үлкенірек көрінетін сөйлем ішінен сөз қалдырмай, сөз ішінен әріп қалдырмай жол тастамай оқуға үйрену.

3. Өзінің жазу дәптеріндегі қолжазба нұсқасында да дәл осылай оқи алуға үйрету.

4. Тыныс белгілерін ажырату, оқу барысында оларды басты назарға ұстау және ерекшелігін ескеріп, мән беріп оқу.

5. Әуелі мұғалім, кейіннен өздері оқып танысқан қысқа өлеңдерді жаттап алу.

6. Дауыстап оқуға бейімделу, дауыстап оқудың жыл аяғындағы нәтижесінің көрсеткіші минутына 20-25 сөз, іштей оқығанда 30-35 сөз оқи алуға жеткізу. Орындалуы міндетті талап.

7. Мұғалімнің сұрағына толық жауап беруге үйрету, оқығанының мазмұнын толық сөйлемдермен анықтап айтып бере алу.

8. Мектептегі сабақ кестесінен келесі күнгі болатын сабақтар қай пәндерден болатынының оқып білуге үйрену.

9. Мектеп шеберханасындағы, жұмыс бөлімдеріндегі, мектептегі заттардың, жазбасы бар ілінген көрнекіліктердің, сыныптағы және жалпы мектептегі балалардың тізімін оқып, түгендей алу [216]. Оқу бағдарламасының жүйесінде бірінші сынып оқушыларына қойылған білім берудің деңгейлік талаптары екінші сыныпта оқытылатын оқу материалдарының жалғасы ретінде жүйелілік тауып, ана тілі пәні негізінде мәнерлеп оқуға үйретуді дамыту басшылыққа алынған болатын. Үшінші сынып оқушыларына қазақ тілінің емлесі негізінде «тыныс белгілер» арқылы сөйлеу және сөйлемдерді нақышына келтіріп, оқыту және сөйлемнің көңіл күй туғызадығы әсерлік ықпалы мен сөйлем түрлерін тыныс белгілер арқылы ажырату мен сөйлем мәтінінің суреттеп, бейнелейтін уақиға желісіне ене отырып, айтуға немесе оқуға, сөйлеуге үйрету мен дағдыландыру төртінші сыныпта жалғасын табатындығы қарастырылған. Оқушыларға саяси-идеялық тәрбие беруге тікелей қатысы тарих, әдебиет сабақтарына көбірек көңіл бөлінді.

Қазақстандағы оқу-ағарту саласында келешекке ұмтылыс жасау іс-әрекеттері білім берудің оқу жоспарын мен оқу бағдарламаларын үнемі толықтырып, өзгерістер арқылы жетілдіріп отырды. Бұрын қабылданған оқу бағдарламаларындағы оқу материалдары жүйесінің мазмұны толықтыру жағдайы әрдайым жүргізіліп отырды. Оқу бағдарламасын толықтырулар мен жетілдірудегі ерекшеліктердің бірі – ана тілі пәні мен оқулығына жүктелетін міндеттер анықталып, негізгі пәндердің қатарына еніп, біліми және тәрбиелік мәніне арнайы көңіл бөлінгендігі болып табылады. Бағдарламада ана тілі пәнін оқытуда басты мәселе, оқушының оқу дағдысын дамыту мен мәнерлеп оқуға бірінші сыныптан көңіл бөлу керектігі берілген. Екінші және үшінші сыныптарда оны мүмкіндігінше жетілдіре түсу, оқушылар берілген оқу материалдарын терең түсініп оқуға, әрі жылдам оқуға дағдалануын жетілдіре түсуде, мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен оның педагогикалық үдерісте пайдаланытын оқытудың әдіс-тәсілдері және мұғалім өз қызметіндегі

тәжірибелік қарларын үнемі жетілдіру мен дамыту басты мәселе ретінде аталып өткенді. Мысалы, оқу бағдарламасының алғы сөзінде: «...оқушы оқығанды айтып беру, оқығанға өз тарапынан шығармашылықпен, яғни ойдан қосымша қосу мен план жасау және өлеңдер жаттау барлық төрт сыныптың оқу бағдарламасында талап ететінін аңғарамыз. Ал прозалық мәтіндердің үзінділерін оқу жұмысы 3-4 сыныптарда жүргізіледі» - айтылған [217].

Оқу бағдарламасында ана тілі пәнінен жүргізілетін сабаққа және оған қатысушы оқушыларға қойылатын талаптар жүйесін сыныптар жоғарылаған сайын күрделене түсіп, дидактикалық талаптағы жүйелілік пен бірізділік қағидалық ұстанымы қатаң сақталып отырған деуге болады. Жеке пәндер жүйесіндегі оқылатын оқу материалдарының жүйесі бала табиғатына жақын, тартымды оқушының оқуына, білімді игеру барысында еш қиындық туғызбайтын, оқу материалының баланы дамытудағы ықпал ететін, бірақ ұсынуға күрделі болмайтындығын ескеру керектігі айтылған.

1941 жылдан бастап ауыл шаруашылық негіздері оқытыла бастады.

Мектепте орыс тілін оқытуға аса көп көңіл бөлінді. Бірақ оның кемшілігі де болды. Ана тіліндегі оқулықтар болмай, орыс тіліндегі оқулықтар қазақ тіліне аударылды.

1940-1941 оқу жылында жаңа оқу жоспары енгізілді. Бұл қала және ауыл мектептеріне де бірдей міндетті алғашқы жоспар еді.

Осы жылы мектепке жаппай оқуға жататын балалардың толық есебі алынды. Олардың мектепте оқуына қатаң бақылау қойылып оқу жоспарын орындау міндеттелінді.

Оқыту ғылыми тұрғыға көшті:

- дидактикалық мәселелеріне арналған бірнеше жұмыстар жарық көрді;
- кейбір дидактикалық принциптер мойындалды.

Мәселен, саналылық, көрнекілік, жүйелілік, теорияның практикамен байланысы, беріктік, белсенділік принциптерін іске асыру қолға алынды.

Осыған орай сабақтың түрлері де белгіленді. Оқушылардың білімін күнделікті есепке алу, бағалау жүйесі мен білімін тексерудің және баға қоюдың нормасы белгіленіп, енгізілді.

Қорытындылай келе, біз қарастырып отырған кезеңдегі оқу-ағарту саласындағы білім беру мен оқыту жұмыстарын жүйелі және сол уақыттағы қоғам мен әлеуметтік ортаның дамуы мен сұраныс талаптарына сай ұйымдастыруда, мектептегі педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда басшылыққа алатын оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының мазмұндық құрылымдарын талдау жасап, қарастырдық. Біздердің қарастарған мәселеде мектептердің құрылымдық жүйесінің өзгеріске түсуі және соған негізделген білім беру мен оқытуды ұйымдастыруда оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының үнемі өзгеріске түсіп, толықтырылып және жетілдіріліп отырғандығын тарихи-педагогикалық тұрғыдан анықтап, оларға педагогика ғылымы мен ғылыми-әдістемелік тұрғыдан оң бағасын беріп, ақиқаттық пен шындық тұрғысынан сипаттамма бердік. Бұл деректік мәліметтер қазақ мектептерінің бастауыш білім беру жүйесіндегі оқу бағдарламаларды келешекте дамытуға пайдалануға боларлық және болашақ бастауыш мектеп

мұғалімдерін даярлауда педагогика тарихы курсына бастауыш мектептердің мазмұндық құрылымы жайындағы білімдерді толықтыра түседі деген сенімдеміз.

2.4 «Қазақстандағы бастауыш мектептердің тарихы» (1915-1941 ж.ж.) элективті курс пәнінің мазмұндық құрылымы

Қазақстан мемлекетінің өз алдына дербестігі және қоғамдық құрылымдар мен салаларының, соның ішіндегі білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуының тарихи жолындағы кейбір ақтаңдақ немесе әліде болса ғылыми айналымға түспеген тарихи білімдерді толықтыру, жаңа көзқарас тұрғысынан қарап, оң бағасын беруді жүзеге асыру басты міндеттердің бірі болып табылады. Біздің диссертациялық зерттеу жұмысымызда қол жеткізген нәтижелерімізге сүйене отырып және ізденушілік жұмысымызда пайдаланған деректік мәліметтерді басшылыққа алып және оның ғылымылығын негіздеу шаралары барысында педагогика тарихы курсына толықтыру үшін арнайы жасалған элективті пән – бұған дейін қазақ бастауыш мектебінің тарихына қалыптасқан көзқарастарды жаңа тұрғыдан қалыптастыру үшін жасалып, енгізілді. Мемлекет және ондағы қоғамдық құрылым мен әлеуметтік ортада жаңашыл көз қарастың қалыптасуы мен дамуына ықпал жасаушы озық ғылым мен оны негіздейтін алдыңғы қатарлы білімдер жүйесі екендігі анық. Озық білімдерді меңгеріп, ғылымдарды игеруге қабілетті болудың өзегі оқу-ағарту саласы арқылы білімдерді беретін мектептер жүйесінің атқаратын жұмыстар үлкен екендігі анық. Сондықтан да біздер, «Қазақстандағы бастауыш мектептердің тарихы» /1915-1941 ж.ж./ атты элективті курс оқытуды жүзеге асырдық. Бұл бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуының тарихи жолын, оған негіз болған педагогикалық ой-пікірлердің пайда болуы мен тәжірибе орын алуын зерттеп, түсінуге және ақиқаттық бағасын беру – тарихи-педагогикалық мұрадағы бастауыш білім беруді өз алдына жеке қарау қазіргі ұлттық мектептің құрылымындағы кемшіліктерді түзетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тарихи кезеңдегі бастауыш мектептердің типтерін, олардың педагогикалық тәжірибесінде қолданыс тапқан оқулық, оқу құралдыры мен оқу жоспарларының, бағдарламаларының мазмұндық құрылымдық жүйесін ғылыми-педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан танып, білуге, мәнін ашуға мүмкіндік жасайды. Қазақстандағы білім берудің тарихында орын алған педагогикалық тәжірибелерді жаңаша қарап зерделеуге жол ашады. Бұл қазіргі оқушылардың және болашақ мамандардың тарихтан және білім беру жүйесіндегі тарихи мәселелер бойынша жаңа көзқарастар қалыптастырып, қоғамдық сананың жаңаша жаңғыруына ықпалын тигізіп, ұлттық бағыттағы білім беру жүйесіне дамытуға негіз боларлығы анық. Бізге дейін осы бастауыш мектептердің қызметіне қатысты тарихи-педагогикалық зерттеулерде, сол кезеңдердегі орындалған педагогикалық жұмыстарға баға беруде сыңаржақтық орын алып, мәселен, бірін асыра мадақтау, екіншісін түкке тұрғысыз ғып түсіндірулер орын алғандығы негізінде сол кезеңдердегі

бастауыш мектеп түрлеріне және олардың даму тарихына байланысты шынайылық бағаның берілмей келгендігі орын алды.

Заманауи талап пен сұранысқа сай ұлттық сананы ояту, білім философиясы мен тарихына қатысты және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда педагогика тарихындағы ұлттық білім беру мәселелерін жетік түсінуде, мектептердің құрылымы мен түрлері жайында ғылыми деректік мәліметтерді игеру арқылы ұлтжандылыққа, патриотизмге тәрбиелей білу – жалпы педагогтардың және бастауыш сынып мұғалімдерінің басты міндеті. Сондықтан, «Қазақстандағы бастауыш мектептердің тарихы» (1915-1941 ж.ж.) атты элективті курс оқылды. Бұл курстың негізі 1915-1941 жылдардағы Қазақстандағы бастауыш мектептерге қатысты мұрағат деректеріне, сол кездегі баспа бетінен жарық көрген журнал, газеттер мен мектептердің қажеттілігін өтеудегі оқу құралы мен оқу кітаптардың, оқу жоспарлары мен бағдарламалардың мазмұндық құрылымына қатысты зерттеу жасаған ғалымдардың еңбектеріне сүйендік.

Отандық білім берудің тұрақты даму және әлем тәжірибелерін негізге ала отырып, оқытудың мазмұны мен құрылымын жаңартылған жүйеде – жалпы орта білім беруге көшу, оқытуды жинақтаудың кредиттік жүйесін басшылыққа ала отырып, құзырлы мұғалім мамандардың даярлаудың біртұтас моделін жүзеге асыру міндетін орындау үшін олардың тарихи-педагогикалық алғы шарттарын жетік түсіну қажет.

Қолымыздағы мұрағаттық дерек көздері болып табылатын мәліметтерге сүйене отырып, Қазақстандағы бастауыш мектептердің даму тарихын зерттеп, толықтыру арқылы оқытуды алғашқы болып ғылыми айналымға берілуі әдіснамалық, ғылыми теориялық және тәжірибелік тұрғыда құндылығы бар екендігіне дәлел болады. Сондықтан, болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін жалпы кәсіби қызметке даярлау барысында бастауыш білім беру жүйесінің тарихи жолына логикалық тұрғыдан дұрыс қарауға үйрету.

Қазіргі бастауыш білім беру педагогикасы мен бастауыш мектептің даму тарихына өзара ішкі байланысы бар жүйелілік пен сабақтастықты құрайтын біртұтастық тұрғыдан қарауды талап етеді. Яғни, педагогика ғылымының жетекші білім беру философиясының әдіснамалық және теориялық қағидаларын, бастауыш мектептегі білім мен тәрбие беру барысын ұйымдастырудағы негізгі мәселелерін қамтиды.

Сонымен, «Бастауыш білім беру педагогикасын» және «Бастауыш білім берудің тарихын» оқытуда студенттер педагогикалық тәжірибелердің мазмұнын түсінуге, осы бағытта білімдерін тереңдетуге арқылы талдауларды тарихи-педагогикалық тұрғыдан жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сондықтан да, «Педагогика тарихы» пәні курсының білім толықтыруда қосымша 5B010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы білімгерлеріне «Қазақстандағы бастауыш мектептердің тарихы» атты /1915-1941 жж./ элективті курста жасап, бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын мамандықтар бойынша өткіздік.

Элективті курстың мазмұндық құрылымы мен тарихи білім жүйесінің қамтылуына төмендегідей тұрғыда жалпылама сипаттама беруге болады.

Элективті курсты жүргізу барысында бастауыш мектептердің Қазақстанда қалыптасып, дамуы барысында жинақталған педагогикалық тәжірибелер бойынша жинақталған білімдерді құрастырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімі кәсібін меңгеретін «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандық білімгерлеріне арналған бағдарлама жасадық.

Элективті курстың мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне Қазақстандағы әр түрлі типтегі бастауыш мектептердің даму тарихындағы /1915-1941 ж.ж./ педагогикалық тәжірибелер жөнінде тарихи мұрадағы білімдерді игерту мен өткеннің тарихи-педагогикалық мұраларына баға беруге және қазіргі бастауыш білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру мен дамыту барысының бағыттарын анықтай алуға бағдар ретінде қолдана білуге үйрету. Элективті курста берілетін білім мамандық білімгерлеріне Қазақстандағы әр типтегі бастауыш мектептердің қалыптасу тарихын және олардың өздеріне тән педагогикалық жүйесі жөнінде танымдық білімдерді игеру арқылы педагогика теориясы мен тарихын және әдістемелік жүйелер жайындағы тәжірибелерді толықтыруға мүмкіндік алады.

Элективті курста педагогикалық-тарихи мұра болып табылатын Қазақстандағы 1915-1941 жылдар аралығында бастауыш мектептердің тарихнамасы, бастауыш білім берудің тарихи-әдіснамалық негізі, ХХ ғасырдың бас кезінде оқу-ағарту жұмыстары жайында орын алған көзқарастар мен бастауыш мектептің оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын салыстырмалы талдау, даму бағытын сипаттау, миссионерлік педагогика жүйесі мен ескі /қадими/ мұсылмандық бағыттағы білім беру, жаңа жәдидтік оқыту және оның негізінде құрылған қазақ ұлттық бастауыш мектептері және кеңестік жүйедегі бастауыш мектептердің құрылымдық жүйесі қарастырылады. Қазақстанда бастауыш білім беруді ана тілінде ұйымдастыру жөнінде озық пікірлер, сауат ашудағы алфавиттік жазу таңбаларының өзгермелігі, бастауыш мектептегі білім беру тәжірибелерінің бүгінгі бастауыш білім беру мен сабақтастығы қарастырылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне бағытталып жасалған элективті курстың бағдарламасында жоспарланған тақырыптарда оқу материалдарының мазмұнды шынай дерек көздерінен алынған, ақиқаттық пен шындыққа сай келеді. Бұның себептерін бұл тұрғыдағы элективті курстың оқылуын «алғашқы» деген түсінікті алға тарта отырып, педагогика тарихы курсына қамтылмаған жаңа материалдардың бірінші рет ғылыми айналымға түсуінде деп айтуға негіз болады.

5B010200 – «Бастауыш оқытудың пелагогикасы және әдістемесі» мамандығында білім алушы білімгерлерге оқытылған «Қазақстандағы бастауыш мектептердің тарихы» /1915-1941 ж.ж./ атты элективті курста берілген білімдер жүйесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін Қазақстандағы бастауыш мектептердің өзіндік даму тарихы бар екендігі жайындағы білім тарихы негізіндегі ғылыми-танымдық түсініктерін кеңейтіп, Отандық бастауыш білімнің тарихи-педагогикалық тәжірибесін жетік түсінуге мүмкіндік береді. Болашақ мамандар қазақ бастауыш мектебінің өзіндік даму

жолы жайындағы білімдерді игеріп, болашақ бастауыш білім беру жүйесінің даму бағытын анықтауға мүмкіндік беретін бағдарға ие болады.

Қазақстандағы бастауыш мектептердің даму тарихын білімгерлерге оқытуда бастауыш білім берудің тарихи-педагогикалық тәжірибесін және оның теориясының қалыптасуының табиғи заңдылығын түсініп, тарихи кезеңдегі бастауыш мектеп түрлерін, олардағы білім беру мен оқыту және тәрбие жұмыстарын жүргізудің мазмұны, ұйымдастыру формалары мен әдіс-тәсілдерін және оқу жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұнын талдап, танысу. Қазақ жеріндегі бастауыш мектептердің дамуының өзіне тән ерекшелігі және оған ықпал жасаған қоғамдық құрылымдарды саяси-идеологиялық, әлеуметтік ортадағы оқу-ағарту саласындағы жағдаяттар мен педагогикалық мұра болып табылатын көзқарастарға талдау жасау - қазіргі қоғамдық мүдде және ғылыми педагогикалық, тарихи, әдістемелік ғылымдар тұрғысынан ақиқаттық баға беру, бастауыш білім беру кезеңінің көкейтесті мәселерін шешуге мүмкіндік береді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мен бекітудегі өз мамандығының даму жайындағы білімі мен білігін, ой-өріс түсініктерінің ауқымдық аясын кеңейтуде элективті курста ұсынылған деректік мәліметтер көзінің мазмұны тарихи-педагогикалық білімдердің негізін құрайды.

Білімгерлер зерттеу тақарабы аумағына енген кезеңдердегі бастауыш мектептердің педагогикалық тәжірибелері жайындағы білімдерді меңгеріп, Қазақстандағы 1915-1941 жылдар аралығындағы оқу-ағарту саласындағы орын алған педагогикалық жүйелер мен түрлі бастауыш мектептердегі тәрбие мен білім берудегі оқыту жұмыстарының мазмұнын жайлы оқу-танымдық материалдармен танысады, білім тарихы жайындағы білімдерін толықтырады. Сондай-ақ, жүргізілетін элективті курсты педагогика тарихы пәні мен үйлесімді және сабақтастыра отырып өткеннің педагогикалық тәжірибелеріне бүгінгі ғылыми-педагогикалық тұрғыдан талдауды жүзеге асырады.

Элективті курстың бағдарламасындағы тақырыптарды игертудегі ұйымдастырылған оқыту формасы дәріс-30, БӨЖ-45, ОБӨЖ-15 болды. Ал, біздің оқытып отырған элективті курстағы оқу материалдардың көпшілігі, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты мен Өзбекстан Республикасы және Ресейдің орталық мемлекеттік мұрағаттарының деректері және сирек кездесетін мұрағат қорларынан алынған құжаттар.

Элективті курстан білім берудегі оқыту формасында бағдарламадағы қамтылған тақырыптық материалдар төңірегінде білім беруді ұйымдастырудың тарихи жолдары мен әлеуметтік педагогикалық құрылым және қоғамдық құрылыстағы мәселелер тереңнен талқыланып осы уақытқа дейінгі педагогика тарихынан берілген білім төңірегінде қалыптасқан ойлар мен бастауыш мектептердің ролі және құзырлығы атқаратын мақсат-міндеттері жайлы мәселелерді қамти отырып, білім тарихындағы көлеңкелі жақтардың бетін ашудағы әңгіме, пікірталастар өткізіліп, әр білімгер қолда бар материалдарды іздестіру арқылы толықтыра отырып баяндамалар жасап, рефераттар жазды.

Білімгерлердің элективті курста берілген білім мазмұнын игеру барысында танытқан ықыластық-ынталық және олардың танымдық іс-әрекеттері мен тарихи мұраға қызығушылық көрсеткен белсенділіктері қазіргі таңдағы жалпы білім беретін бастауыш мектептердің даму болашағын анықтауға сылтау-себептер туғызады деуге болады. Жоғарыда баяндалған жайттарды басшылыққа ала отырып «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығын игеруші студент жастарды жалпы педагогикалық даярлығы жүйесінің даму барысы жөніндегі ғылыми білімдерімен қаруландырудың қажеттілігін дәлелдей түседі.

Элективті курсты оқытудағы берілетін білімдер мазмұнын қамтитын тақырыптар және олардың апталық сағаттық мөлшерлерге бөлінуі.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Кесте 8

№	Дәріс тақырыптары және модульдің аттары	Сағат саны	апта	Сағ. саны	
